ҚЫТАЙЛЫҚ НЕКЕ ТУРАЛЫ МАҚАЛ-МӘТЕЛДЕРДЕ КӨРСЕТІЛГЕН КОНФУЦИЙШІЛДІКТІ ЗЕРТТЕУ

*Ань Лань¹

^{*1} әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, Алматы, Қазақстан
<https://orcid.org/0000-0003-3125-3636>

Андатпа. Бұл зерттеу дәстүрлі қытай мақал-мәтелдерінде көрсетілген Қытай мәдениетіндегі маңызды әлеуметтік неке институтын қарастырады. Ұрпақтан-ұрпаққа жалғасып келе жатқан қытай мақал-мәтелдері ғасырлар бойы қытай қоғамын қалыптастырған мәдени, моральдық және философиялық дәстүрлерді бейнелейді. Қытайдағы ең көрнекті дәстүрлердің бірі екі мың жылдан астам уақыт бойы қытайлықтардың ойлауы мен мінез-құлқына айтарлықтай әсер еткен конфуцийшілдік болды. Қытайлық неке туралы мақал-мәтелдер көбінесе фольклор құрған және кең таралған ауызекі тіркестер болды; олар жарқын, мәнерлі және кейде әзіл-оспақты болды, қытайлықтардың некеге деген көзқарасы мен көзқарасын көрсетті. Олар көбінесе адамдарға Некені қалай жеңуге болатындығы туралы кеңес бере алатын немесе кеңес бере алатын, сондай-ақ шынайы өмірдегі неке құбылысын бейнелейтін даналық пен тәжірибені қамтыды.

Қытайлық неке туралы мақал-мәтелдерді зерттеу үшін әдеби және сапалы талдау қолданылды. Біз қытайлық неке туралы мақал-мәтелдер қытайлықтардың некеге үлкен мән беріп, ерте некені жақтайтынын, жұбайының мінезіне баса назар аударатынын, ерлі-зайыптылардың міндеттері мен жауапкершіліктері әртүрлі деп санайтынын және

үйлесімді және тұрақты некені жақтайтынын анықтадық. Зерттеудің мақсаты-конфуцийшілдіктің қытайлық неке мақал-мәтелдеріне әсерін анықтау және қытайлық неке нанымдарын неке мақал-мәтелдерін зерттеу және олардың философиялық принциптерін талдау арқылы қалыптастыру. Бұл зерттеу қытай қоғамындағы неке тұжырымдамасын және конфуцийшілдіктің Қытай қоғамының басқа аспектілеріне қалай әсер ететінін жақсы түсіну үшін маңызды. Біз қытай қоғамындағы неке тұжырымдамасының қалыптасуы мен эволюциясына жаңа көзқарас енгізуге тырыстық және бұл зерттеу мақал-мәтелдер корпусын құруға үлгі бола алады және бра тұжырымдамаларындағы айырмашылықтарды салыстыратын мәдениетаралық зерттеулерге үлес қоса алады

Тірек сөздер: неке, қытай мақал-мәтелдері, лингвистикалық құбылыс, конфуцийшілдік, құндылықтар мен нанымдар, мәдениет, философиялық дәстүрлер, ойлау және мінез-құлық

ИССЛЕДОВАНИЕ КОНФУЦИАНСТВА, ОТРАЖЕННОГО В КИТАЙСКИХ ПОСЛОВИЦАХ О БРАКЕ

*Ань Лань¹

¹КазНУ им. аль-Фараби, Алматы, Казахстан

Аннотация. В этом исследовании рассматривается важный социальный институт брака в китайской культуре, отраженный в традиционных китайских пословицах. Китайские пословицы, передающиеся из поколения в поколение, отражают культурные, моральные и философские традиции, которые формировали китайское общество на протяжении веков. Одной из самых заметных традиций в Китае было конфуцианство, которое оказывало значительное влияние на мышление и поведение китайцев на протяжении более двух тысячелетий. Китайские пословицы о браке часто представляли собой разговорные фразы, созданные фольклором и получившие широкое распространение; они были яркими, выразительными и иногда юмористическими, отражая китайские взгляды и отношение к браку. Они часто содержали мудрость и опыт, которые могли подсказать или посоветовать людям, как справиться с браком, а также отражали феномен брака в реальной жизни.

Для изучения китайских пословиц о браке использовались литературный и качественный анализ. Мы обнаружили, что китайские пословицы о браке отражают тот факт, что китайцы придают большое значение браку и выступают за ранние браки, подчеркивают характер супруга, считают, что у мужа и жены разные обязанности и ответственность, и выступают за гармоничные и стабильные браки. Цель исследования - выявить влияние конфуцианства на китайские брачные

пословицы и формирование китайских представлений о браке путем изучения брачных пословиц и анализа заложенных в них философских принципов. Это исследование важно для лучшего понимания концепции брака в китайском обществе и того, как конфуцианство влияет на другие аспекты китайского общества. Мы попытались представить новый взгляд на формирование и эволюцию концепции брака в китайском обществе, и это исследование может послужить образцом для создания корпуса пословиц и внести вклад в кросс-культурные исследования, сравнивающие различия в концепциях брака между Китаем и Западом.

Ключевые слова: брак, китайские пословицы, лингвистический феномен, конфуцианство, ценности и верования, культура, философские традиции, мышление и поведение

Received: June 14, 2023

Information about authors:

An Lan – PhD, al-Farabi Kazakh National University, Foreign Philology, e-mail: 602926052@qq.com, <https://orcid.org/0000-0003-3125-3636>

Авторлар туралы мәлімет:

Ань Лань – PhD, әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, шетел филологиясы, e-mail: 602926052@qq.com, <https://orcid.org/0000-0003-3125-3636>

Информация об авторах:

Ань Лань – PhD, КазНУ им. аль-Фараби, иностранная филология, e-mail: 602926052@qq.com, <https://orcid.org/0000-0003-3125-3636>

ӘОЖ 81-22

ҒТАХР 16.21.51

<https://doi.org/10.48371/PHILS.2024.4.75.003>

**БІР НЕГІЗДІ ОРТАҚ ТҮБІРЛЕРДІҢ СЕМАНТИЗАЦИЯСЫ
(ҚАЗАҚ, ҚАРАҚАЛПАҚ, НОҒАЙ ТІЛДЕРІ НЕГІЗІНДЕ)**

* Асенова А.Х.¹, Салқынбай А.Б.², Сөйлемез О.³

^{1,2} әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы, Қазақстан

³ Кастамону университеті, Кастамону, Түркия

Аңдатпа. Мақалада қыпшақ тілдері бұтағындағы бір-біріне жақын қазақ, қарақалпақ, ноғай тілдеріндегі бір негізді ортақ түбірлердің семантикалық табиғаты қарастырылды. Ғалым Ә. Қайдар қарастырған бір негізді түбірлер ішінен *ақ* және *аш* түбірлері іріктеліп алынды.

Ғылыми зерттеудің мақсаты – аталған тілдердегі бір негізді ортақ түбірлерді талдай отырып мағыналық дамуын, семантизациялануын анықтау.

Жұмысымыздың негізгі бағыты – салыстырмалы тіл білімі, лексикология, семасиология секілді ғылым салаларының аясын кеңейту, мағынаның жалпы заңдылықтарын зерттеу. Біз түркі тілдері арасындағы мәдени байланысты бір негізді түбірлер семантизациясы арқылы көрсету идеясын қарастырамыз.

Зерттеу жұмысымыздың ғылыми маңыздылығы – тіл білімінде өзекті саналатын түбі бір түркіден шыққан туыстас тілдердегі ортақ түбірлер туралы терең меңгеру, семантизацияның маңызын түсіну және зерттеу тұжырымдарын қолдану мүмкіндігінде жатыр.

Зерттеу әдіснамасы ретінде алға қойған мақсат-міндеттерді шешу үшін жинақтау, салыстыру, семантикалық талдау, жүйелеу әдіс-тәсілдері қолданылды.

Семантикалық талдаудардың нәтижесінде мынадай қорытынды жасалды: бұл тілдердегі бір негізді түбірлер тарихи даму барысында біршама өзгеріске ұшыраған. Оған сол ұлттардың өмір сүру салты, әлеуметтік-тарихи жағдайы әсер еткен. Бір негізді түбір бір тілде түпкі мағынасын сақтай алса, екіншісінде негізгі мағынасымен қатар мағынаның кеңею процесі негізінде жаңа бір мағына тудырғанын немесе мүлде мағынасы күңгірттенгенін не өзге семаға айналып кеткенін байқадық. Сонымен қатар мағынаның тарылу-кеңею құбылыстарының да нәтижесін айқындадық.

Бүгінде тіл білімінің жаңа бағыттары бойынша жүргізіліп жатқан зерттеулер өте көп. Алайда ғылыми зерттеуді қажет ететін салыстырмалы тіл білімі, ноғай және қарақалпақ тілдерінің қарастырылуы және семантизация процесінің талдануы зерттеуіміздің құндылығын көрсетеді. Мақаланы жоғары оқу орындарында «Қазақ тілінің семантикасы», «Салыстырмалы тіл білімі» пәндеріне материал ретінде пайдалануға болады.

Зерттеу қорытындысының практикалық маңызы – қарақалпақ және ноғай тілін ғылыми тұрғыда дұрыс зерттеу мен меңгеруде біз жасаған семантикалық талдауды үлгі ретінде қолдана алатындығы.

Семантизациялану мәселесі – күрделі процестердің жемісі. Қазіргі жас тілші-ғалымдарымызға семантикалық зерттеу жасауды меңгерту үшін осы салада ғылыми еңбектер жазылып, жаңаша тұжырымдар ұсынылу керек.

Тірек сөздер: түркі тілдері, ноғай тілі, қарақалпақ тілі, түркілік ортақ бірліктер, бір негізді түбірлер, сема, семантизация, лексика-семантикалық тәсіл

Кіріспе

Лексикологияның сөз мағынасын және оның өзгеру себептерін қарастыратын саласы – семантика деп аталады. Тіліміздің семасиологиялық қабатын зерттеу үшін біз міндетті түрде диахрондық тұрғыда тілдің өткен тарихына, түркі тілдеріне және олардың қазақ тілімен байланысына, ортақ материалдарға назар аударамыз. Дыбыстық құрамы ұқсас бірақ мағынасы басқа немесе дыбыстық құрамы да мағынасы да бір ортақ лексемаларды семантикалық тұрғыда қарастыру түркі лексикасындағы семантизация саласының туыстас тілдердегі ерекшеліктері мен заңдылықтарын айқындауға көмектеседі.

Ортақ түбірлер туыстас түркі тілдерінің бір негізден шыққандығын дәлелдеп, тілдердің даму барысында тарихи жағдаяттар көрсеткен өзгерістерді анықтауға жол ашады. Мақалада туыстық тегі бір бірақ түрлі тарихи жолмен дамудың әсерінен өзгеріске ұшыраған қазақ-қарақалпақ-ноғай тілдеріндегі заңды ұқсастықтар қарастырылды. Тілдік ерекшеліктер қанша өзгеріске ұшыраса да оның түп негізбен ортақтығын байқауға болады. Демек туыс тілдер өз бойында дыбысталу жүйесінде, грамматикасында, лексикологиялық жүйесінде ортақ элементтерді міндетті түрде сақтайды.

Салыстырмалы лексикалық талдау жасағанда ең басты назарды біз сөз семантикасына аударамыз. Семантикалық талдау – туыс тілдердің туыстық белгісін, сәйкестігін анық көрсететін басты факторлардың бірі. Әдетте семантикалық категорияны біз тілдің төл элементтерінен және кірме сөздерін назарға ала отырып қарастырамыз.

Басты мақсат – түбірлердің о бастағы мағынасын айқындау. Содан соң ғана біз түрлі тарихи жағдайлар әсерінен өзгергенін, семантикалық аясы тарылып не кеңейгенін бағамдай аламыз.

Ә. Қайдаров пен М. Оразовтың «Түркологияға кіріспе» еңбегінде түркі тілдерін салыстырмалы бағытта зерттеуге қойылатын негізгі талаптарға жан-жақты тоқталған. Еңбекте ғалымдардың айтуы бойынша сөз мағынасының өзгеруіне қатысты мынадай тұжырым берілген: «сөз мағынасының дамуы (метафора, метонимия, тарылуы мен кеңеюі және стильдік дифференциацияға ұшырауы сияқты құбылыстар) тілдің ішкі даму заңына байланысты болса, ал сыртқы факторлар сол халықтың өмір сүрген дәуірімен, тарихымен, мәдениетімен, әдет-ғұрпымен тікелей байланысты» [1, 49 б.]. Байқағанымыздай, сөз мағынасының өзгеруіне интралингвистикалық және экстралингвистикалық факторлар әсер етеді екен.

Келесі ескеретін жайт – сөзге семантикалық талдаудың белгілі бір тәсілдер арқылы жүзеге асатыны мәлім. Зерттеушіге мағыналық талдаудың сапалы әрі нақты болуы үшін тәсіл түрін тандап алғаны жөн.

Қазақ тілінің тарихшысы Ә. Құрышжанұлы салыстырмалы-тарихи зерттеулерде сөз мағыналарын реконструкциялаудың:

- 1) салыстырылатын материалдарды сұрыптау;
- 2) олардың хронологиялық өзгеру сатыларын анықтау;
- 3) ішкі реконструкция тәсілдерін қолдану арқылы сандық, сапалық көрсеткіштерін айқындау деген тәсілдерін көрсеткен [2, 23-24 бб.].

Туыс тілдердің материалдық көрсеткіші – ортақ түбірлер мағыналарының бірдейлігі, жақындығы. Түркі лексикасындағы ортақ бір негізді түбірлердің қазақ, қарақалпақ және ноғай тілдеріндегі семантикалық байланысын табу арқылы тілдер тарихы, семантикалық ерекшеліктері жайлы ақпаратқа қол жеткіземіз.

Түркі жазба ескерткіштері мен қазіргі түркі тілдері және қазақ тілі арасындағы ортақ лексемалардың семантикасын кешенді зерттеу арқылы ғана мағыналық байланысы жақын сөздер туралы семантикалық тұжырымдар жасай аламыз.

Материалдар мен әдістердің сипаттамасы

Зерттеу мақаламызда қазақ-қарақалпақ-ноғай тілдеріндегі бір буынды ортақ түбірлерді семантикалық талдау барысында негізгі еңбек ретінде ғалым Ә. Қайдардың «Структура односложных корней и основ в казахском языке» еңбегін пайдаландық. Еңбектегі бір буынды түбірлерден бірнешеуін ала отырып, үш тілдегі семантизациясына талдау жасадық. Осы мақсатқа жету үшін біз түркі тілдеріндегі сөз мағынасына қатысты зерттеулер, «Древнетюркский словарь» еңбегін, Э. В. Севортянның этимологиялық сөздігін, М. Қашқаридың «Түркі тілдерінің сөздігін», Н. Баскаковтың «Қарақалпақский язык» еңбегін, Ә. Қайдаров пен М. Оразовтың «Түркологияға кіріспе», Б. Қалиевтің «Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі», М. Оразовтың «Қазақ тілінің семантикасы» еңбегін, Ә. Құрышжанов зерттеулерін, Б. Сағындықұлы «Қазақ тілі лексикасы дамуының этимологиялық негіздері», А. Салқынбай «Тарихи сөзжасам. Семантикалық аспект» атты докторлық диссертациясы мен қазақ-қарақалпақ-ноғай тілдеріндегі түсіндірмелі, фразеологиялық сөздік түрлерін қолдандық.

Семантикалық талдау барысында бізге жинақтау, іріктеу, лексикографиялық әдістер, сипаттау және салыстыру әдістері қажетті болды.

Талқылау және нәтижелер

Біз мақаламызды ғалым Ә. Қайдардың «Структура односложных корней» еңбегіндегі бір буынды түбірлер арқылы дәлелдеуге тырыстық. Осында түркі дүниесіне ортақ бір буынды түбір немесе негіздерді басшылыққа ала отырып кешегі және бүгінгі қазақ, қарақалпақ, ноғай тілдеріндегі семантикалық дамуын қарастырдық. Зерттеу барысында бір буынды сөздердің өзінде туыстас үш тілдерде түрлі мағыналық өзгерістер мен құбылыстар көрініс берді.

Ғалым еңбегінде бір буынды сөздер ретінде мына негіздер жіктелген: *-ай, -аз, -ақ, -ал, -ан, -ап, -ар, -ас, -ат, -ау, -аи* және *т.б.* Көрсетілген түбірлердің туыстас тілдердегі мағыналық таралуын жеке-жеке ғылыми түрде зерттеуге болады. Біз зерттеу нысанамыз ретінде осындағы екі негізді қарастырып, семантикасын талдауға тырыстық.

Олар: 1. *-ақ*; 2. *-аи* түбірлері.

Алдымен аталған түбірлердің семантикалық табиғатын ашпас бұрын, жоғарыдағы үш тілдің сөздіктері бойынша түбірлік мағыналарын көрсеткен жөн. Себебі бізге алғашқы түбірлік мағына дами келе кеңейетіні немесе тарылатыны, туынды мағына жасап, өзгеріп дамитыны, тұлғалық түрленетіні белгілі.

Біз негізге алып отырған *Ә.* Қайдар еңбегі бойынша бірінші *-ақ* түбірінің беретін мағыналарын айқындап алайық: *-ақ* түбірінің ғалым жеті түрлі мағынасын көрсеткен:

- 1) *Ақ – сын есім. ақ түсі, зат есім. ағарған яғни сүт өнімдері;*
- 2) *Ақ – имитативті: ақшыл, ақ нәрсе: ақи-ақ+ый – ашулы, қатыгездікпен қарау;*
- 3) *Ақ – етістік. ағу;*
- 4) *Ақ – жіберу, босату, ағыту;*
- 5) *Ақ – ақтар – ақ+тар;*
- 6) *Ақ – рас, кінәсіз, сөзсіз (хақ);*
- 7) *Ақ – ақта – пішілген, кастрацияланған жылқы [3, 169 б.].*

«Древнетюркский словарь» сөздігінде мынадай бес түрлі мағынасы берілген:

- 1) *Ақ [aq] – белый;*
- 2) *Ақ [aq] – презренный, достойный пренебрежения;*
- 3) *Ақ [aq] – наименование местности;*
- 4) *Ақ [aq] – хақ;*
- 5) *Ақ [aq] – ағу мағынасы [4, 48 б.].*

Түркітанушы ғалым М. Қашқаридың «Түрік тілінің сөздігі: диуани лұғат-ит-түрік» зерттеуінде де *ақ* түбірі көрсетілген: «*АҚ: 1. ақ, бір нәрсенің ағы. (оғызша). Өзге түрік ұлыстары ақбоз атты «ақ ат» дейді. 2. Ақ сақал ер – ақсақал адам, сақал-шашы ағарған адам (оғызша)» [5, 111 б.].*

Ғалым Э. Севортян өзінің сөздігінде *ақ* түбірінің түркі тілдеріндегі төрт түрлі мағынасын анықтаған: 1. Белый; 2. Чистый; 3. Прекрасный, чудесный, роскошный – хақ; 4. Течь – ағу [6, 116 б.].

Б. Қалиевтің «Қазақ тілінің түсіндірме сөздігінде» тағы бір мына мағынасы берілді: «*ақ – зат. Вет. Бұзаулы сиырда, қозылы қойда болатын жұқпалы, әрі зілді дерт. Мұндай жағдайда малдың сүті тартылып қалады. Байқағанымыздай бұл сема ағарған, сүт өнімдері мағынасының кеңеюінен шығып тұр» [7, 728 б.].*

Ғалым Б. Сағындықұлы өзінің «Қазақ тілі лексикасы дамуының

этимологиялық негіздері» атты еңбегінде бір буынды түбірлерге этимологиялық талдау жасайды. Зерттеуі бойынша түркі тілдеріне тән *-ақ* бір буынды сөзі туралы: «ақ – зат есім, сын есім, етістік, шылау бола алатын, бес түрлі ұғым беретін омоним түбір. Әсіресе, етістік ретінде туынды, ауыспалы мағыналары жан-жақты дамыған. *Ақ* етістігінен семантикалық-функционалдық трансформация (конверсия) тәсілі арқылы *ақ* сын есімі пайда болған, абстракцияланып түсі ақ заттармен тіркесе келе *ақ* мағынасын беретін зат есім туындаған» [8, 206-208 бб.]. Демек қазақ тіліндегі *ақ* сөзімен байланысты мағыналардың бәрі де әуелде етістік тұлғасының дамуы нәтижесінде пайда болған деген пікір айтуға болады.

Ғалым Н. Баскаковтың «Қарақалпақский язык» атты 1951 жылы жарық көрген еңбегінде қарақалпақ тілінде *ақ* түбірінің екі түрлі мағынада қолданылатынын көрсеткен: «акъ I – белый; акъ II - течь» [9, 319 б.].

Қарақалпақ тіліндегі бұл түбірдің семантикалық табиғатын аша түсу үшін «Қарақалпақ тілінің түсіндірме сөздігіне» жүгінсек, онда төрт түрлі мағына берілген: «Ақ – 1) аппақ, гүриштей, жақсы, таза: Йошып кеулиң шадлық артып, ақ қағазға қалам тартып (Ә. Шамуратов). 2) хақ, хадал, жаманлығы жоқ, кеулинде гирбиңи жоқ; 3) ағарған, асқатық; 4). Дақ, гирбиң, кир. Сонымен қатар қарақалпақ тілінде *ақ* тіркесімен мынадай тілдік бірліктер қолданылады: *ақ ениу – шашы ағару; ақ түсиу – дақ түсиу, кир түсиу; ақ патша* – көптеген түркі халықтары Ресей үкіметін кезінде осылай атағаны белгілі; *ақ түйе* – мойынламау, көрген-билгенин айтпау мәнісінде жумсалады [10, 56 б.].

Біз қарастырып отырған келесі тіл – ноғай тілі. Н. Баскаков редакторлығымен жарияланған ноғай тілінің сөздігінде *ақ* түбірінің үш түрлі семасы бар екенін байқаймыз: 1) ак – белый; 2) ак – истина, правда; 3) ак – плата, цена, оплата, вознаграждение: акын беруьв – платит, плата за труд [11, 32 б.].

Ноғай тілінде *ақ* сөзімен тіркесіп жасалған фразеологиялық тіркестерді көптеп кездестіруге болады. Мәселен: *ак айран болув* – ағару, сарғаю, қаны кашув. *ак балшыктай* – ағару, қорқу. *ак басув* – собыл. *Кобз авыруы табув*.

Ак бийке – мас. **Сыйлы оърметли.**

Ак билек – ноғай ұлттық күресінің бір түрі.

Ак кол – иске уйренмеген, ислеп болмайтаган киси.

Ак коьнил – суййип, янын берип этуьв.

Ак кувдай – ағару, шырайы кашув.

Ак куьн – наьсип, бакты, огыр.

Ак тузы шыгув – бек терлев.

Ак шалмалы абжидей болув – оьзин баскалардан артык, оьктем коьруьв.

Аққа қар аман язылған – ашық кепте, аныласуылы [12, 25 б.]

Ноғай халқының жақсы тілек білдіру үлгісі: *Ақ қуың тувсын – ал. Ийгилик йорав. Мәселен, келген қонақты шығарып саларда «Сав болынъыз келгенинъиз уышин, амалларым. Ақ қуың тувсын. Яхшы йол!» деп айтылады. Осы секілді ақ сөзінің тазалық, пәктік, жақсы нәрселерге телініп айтылатын байқадық. Сыйлы, жасы үлкен кісіге ақ сақал, шындық сөзге ақ соьз, акты кылыш кеспес, хан тұқымынан шыққан тектілерді ақ суьек, ақ ниетті адамды ақ коьнълли деп атауы бекер емес.*

Біз қарастырып отырған ақ түбірінің қазақ-ноғай-қарақалпақ тілдеріндегі мағынасын салыстыра келе семантикалық дамуын кесте арқылы көрсеткенді жөн көрдік.

Кесте1. «Ақ» түбірінің семалық мазмұны

Түбір сөз	Тілдік қатысы	Мағыналары	Туынды сөз	Туынды сөз мағынасы
1	2	3	4	5
Ақ	Қазақ тілінде	1) сын е., ақ (түс) 2) ақ (ауру) 3) ет., ағу (судың ағуы) 4) ет., ақтар 5) сын е., хақ 6) ақта 7) Ақ	Ағарған Ағыту	Сүт өнімдері Ауру атауы Босату, жіберу Ақтару, араластыру Шындық, таза Пішілген жылқы Жер атауы
Ақ	Қарақалпақ тілінде	1) ашпақ, гүриштей, таза 2) ағу (течь) 3) хақ 4) ағарған, асқатық 5) дақ, гирбиң, кир		хадал, жаманлығы жоқ, сүт өнімдері кеулінде гирбиңи жоқ
Ақ	Ноғай тілінде	1) ақ (түс) 2) шындық, рас (ақ) 3) баға, төлем 4) тазалық, пәктік	ақ айран акын беруьв Ақ қуың тувсын	ағарув, қаны кашув Ақысын беру Жолың болсын!

Демек, кестеге сәйкес қазақ тілінде *ақ* түбірінің семалық аясы заттану процесі арқылы кеңейе түскен. Сын есімдік және іс-әрекет ретіндегі мағынасымен қоса ауру атауы, жер атауы ретінде заттанған формада да қолданылады. Ал қарақалпақ және ноғай тілдерінде *ақ* сөзіне қатысты тілдік бірліктердің бәрі де сын есімдік ақ түс мәнінен және етістік ретіндегі ағу мағынасының кеңеюінен туындағанымен семантикалық аясы өзгеріске ұшырағанын байқадық. Мәселен ноғай тілінде *баға, төлем* мәнінде жаңа бір семаға ие болса, қарақалпақ тілінде *қарама-қарсы мәнге кір, дақ, кірбиң* семасына өзгерген.

Зерттеуіміздегі келесі бір түбір – аш түбірі. Ғалым Ә. Қайдардың зерттеуінде аш түбірінің төрт түрлі мағынасы көрсетілген:

1. *Аш – голодный;*
2. *Аш – открывать;*
3. *Аш – ащы – аш + шы – горький, острый;*
4. *Аш – аша- аш+а вилы, рогатка, розвина; [3, 172 б.].*

«Древнетюркский словарь» сөздігінде төрт түрлі мағынасы қарастырылған: 1. АС[~] (аш) – голодный; 2. АС[~] (аш) – открывать; 3. АС[~] (аш) – милость: ас[^]da ben – я в милости; 4. АС[~] (аш) – омоним нес[^] [4, 4 б.].

Түркітанушы М. Қашғаридың әйгілі зерттеуінде екі әріпті сөздер бөлімінде аш түбірі кездеседі: «АШ: «хой, хей, хай» мағыналарында қолданылатын қаратпа сөз. Аш берү кел: Аш берү кел – Хай, бері кел!

Мысалдар: 1. «Аш не иемес тоқ не темес – *Аш не жемес, тоқ не демес.* (Аш алдына келгеннің бәрін жейді, тоқ аузына келгеннің бәрін дейді).

2. Аш: аukat, ас. Ұйтқыны да (айранның ұйтқысы) солай дейді. Аяқ ашла – Аяққа ас сал» [5, 109–110 бб.].

Э. Севортянның түркі тілдерінің этимологиялық сөздігінде: аш түбірін ач-аш-ас варианттарымен қарастыра отырып түркі тілдеріндегі мағынасының өте көп екендігін көрсеткен. Солардың негізгілері – 1) голодный – аш; 2) семантический ареал «открывать», куда входят: «раскрывают», «растворяют», «отворяют» – во всех названных выше источниках; 3) кушанье, пища, еда; [6, 210 б.].

А. Салқынбай өзінің докторлық зерттеуінде: «*Аш* етістігінің мағынасындағы негізгі сема – объектінің бір бұрышының бетінің ашылуы болса, осы сема *аш* сын есімінде перифериялық өрісте сақталған. Мысалы, *аш бөрі, аш бел, есік ашу (төркіндеу), айқара ашу, аранын ашу т.б.* Келтірілген мысалдарда «аш» сөзінің әртүрлі мағыналық қырлары айқындалады, әрқайсысында жаңа денотаттық, референттік мағына туындайды. Аталған тұлға тура мағынада негізгі сема сақталып, аналогиялық мағыналық құрылым бойынша сөзжасамдық қатар түзеді», – деп көрсетеді [13, 63 б.].

Н. Баскаковтың «Қарақалпақский язык» еңбегінен қарақалпақ тілінде аш түбірінің төрт түрлі мағынада қолданылатынын байқауға болады: 1) голод, голодный; 2) зерно, хлеб; 3) открывать; 4) вешать.

Қарақалпақ тілінің түсіндірме сөздігінде көрсетілген мағыналары: 1. Ауқат ишпеген, тамақ жемеген, жарымаған, тоймаған. Аш бала тоқ бала менен ойнамайды; Тоқ бала аш баланы ойламайды. 2. Жарлы, гедей, кембағал [10, 126 б.].

Ноғай тілінде екі түрлі мағынасы бар: 1) тура мағынасында: голодный: *аш болув* – *аш кадинин ток билмес*. 2) ауыспалы мағынасында: алчный, жадный – *аш коьз* – ненасытный, алчный; [11, 54 б.].

Ноғай тілінде мынадай фразеологиялық тіркестер қолданылады: *аш коьз, аш назар, аш тамак, аш шектей, аш як, ашув алув, ашы ел, ашык яр, ашы соьз, ашык юрек т.б.*

Жинақтай келе, *аш* түбірінің қазақ-қарақалпақ-ноғай тілдеріндегі семантикалық табиғатын төмендегі кесте арқылы көрсетіп отырмыз:

Кесте 2. «Аш» түбірінің семалық мазмұны

Қазақ тілі	Қарақалпақ тілі	Ноғай тілі	Древнетюрский словарь	М. Қашғари
1	2	3	4	5
1) сын.аш 2) ет. аш 3) сын. ашы 4) аша (құрал)	1) голод, голодный - ауқат ишпеген, тамақ жемеген. 2) зерно, хлеб 3) открывать 4) вешать 5) жарлы, гедей, кембағал	1) тура мағынасында: голодный: <i>аш болув</i> ; 2) ауыспалы мағынасында: алчный, жадный – <i>аш коьз</i>	1) АС [~] (аш) – милость: ас [^] da ben – я в милости; 2) АС [~] (аш) – омоним һес [^] .	1) АШ: «хой, хей, хай» мағыналарында қолданылатын қаратпа сөз. Аш беру kel; 2) Аш: ауқат, ас.

Демек, *аш* түбірінің *аш* – тамақ жемеген сын есімдік мағынасы мен етістік түріндегі *бірдеңені ашу* мағыналары үш тілде де сақталған. Ноғай және қазақ тілдеріне қарағанда қарақалпақ тілінде *аш* түбірінің семантикалануы жақсы дамығанын байқадық. Себебі қарақалпақ тілінде: 1) ұн, нан; 2) бірденені асу; 3) кедей, жарлы секілді жаңа семаларға ие болған.

Тұжырымдай келе, біз қарастырған *ақ* және *аш* бір негізді түбірлері аталған үш тілдерде де тарихи даму барысында жойылып кетпей негізгі мағынасын, формасын сақтаған. Кейбір түркі тілінде тағы да мағынасы кеңейіп, жаңа қосымша сема арқаласа, кей тілде мағыналық аясы тарылғанын байқадық. Бұл сол тілдерге қатысты түрлі экстралингвистикалық факторлардың әсерінен болып отыр. Мағына және сөз бір-біріне сүйсіз өмір сүре алмайтыны белгілі. Түркі тілдерін салыстыра зерттеу арқылы тарихи семасиологиядағы сөз мағынасының өзгеру қалпын қарастыра отырып қазіргі түркі тілдері мен қазақ тілі арасындағы ажырамас біртектілікке, ортақтастыққа тағы да көз жеткіздік.

Қорытынды

Осылайша, жоғарыда берілген тұжырымдар негізінде түркі тілдеріндегі ортақ түбірлер семантизациясын талдау арқылы түбірдің бастапқы және кейінгі мағыналарының арасында байланыс бар деп қорытынды жасауға болады. Алайда кейбір ортақ түбірлерге экстралингвистикалық факторлардың әсер еткені де көрініс берді.

Ортақ түбірдің дыбыстық өзгеріске түскен не түспегенін анықтау үшін қазіргі түркі тілдеріндегі, көне жазба материалдардағы мағынасы жақын сөздермен салыстыру маңызды.

Сөз мағынасының өзгеруі – ұзақ процесс. Ол сөздің құрамындағы семантикалық байланыстардың әлсіреуінен немесе күшеюінен туындайды.

Қазақ, қарақалпақ және ноғай тілдеріндегі ортақ түбірлердің бастапқы, негізгі мағыналары туынды сөздерінде де сақталғанын байқадық. Түркілік ортақ лексиканың семантикалық өзгеру себептері, салдары, заңдылықтары тарихи процестің нәтижесі болып табылады.

Түйіндей келе, біз қарастырған *ақ* және *аш* бір негізді түбірлері қазіргі қазақ-қарақалпақ-ноғай тілдерінде семантикалық-грамматикалық тұрғыда дербес қызмет атқаратын тұлға ретінде де, мағыналық аясы кеңейіп туынды сөздер құрамында да активті қолданыс тапқан, төл сөздер құрамында маңызды рөлге ие болған түркі тілдеріне ортақ түбір екеніне көз жеткіздік.

ӘДЕБИЕТ

[1] Қайдаров Ә., Оразов М. Түркологияға кіріспе : оқу құралы. – Алматы: Мектеп, 1985. – 166 б.

[2] Шарапатұлы Ш. Түркі лексикасының семантикалық деривациясы : түркі жазба ескерткіштері мен қазіргі түркі тілдерінің материалдары б-ша / ҚР Білім және ғылым м-гі, Түркі акад. – Астана : Кантана-пресс, 2011. – 549 б.

[3] Кайдар А. Т. Структура односложных корней и основ в казахском языке: монография / М - во образования и науки РК, Ин-т языкознания им. А. Байтұрсынова. – Алматы : Арыс, 2005. – 295 с.

[4] Древнетюркский словарь: словарь / АН СССР, Ин-т языкознания; [редкол. В. М. Наделяев]. – Л. : Наука, 1969. – 676 с.

[5] Қашқари М. Түрік тілінің сөздігі диуани лұғат-ит-түрік: 3 томдық шығармалар жинағы. – Алматы: Хант, 1997. 1-том. – 589 б.

[6] Севортян Э. В. Этимологический словарь тюркских языков: общетюрк. и межтюрк. основы на гласные. – М.: Наука, 1974. – 767 с.

[7] Қалиев Б. Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі. – Алматы, 2014. – 728 б.

[8] Сағындықұлы Б. Қазақ тілі лексикасы дамуының этимологиялық негіздері: оқу құралы. Өнд., толықт. 2-бас. – Алматы : Қазақ ун-ті, 2005. – 257 б.

[9] Баскаков Н. А. Каракалпакский язык: учеб. Пособие / АН СССР, Ин-т языкознания. Т. 1: Материалы по диалектологии: тексты и словарь. – М. : АН СССР, 1951. – 411 с.

[10] Қарақалпақ тилинің түсіндірме сөзлігі: төрт томлық / I-том. А-В. – Нөкіс: Қарақалпақстан баспасы, 1982. – 402 б.

[11] Ногайско-русский словарь: под редакцией Н.А. Баскакова / Государственное издательство иностранных и национальных словарей. – Москва, 1963. – 560 с.

[12] Шихмурзаев Д. М. Ногайско-русский фразеологический словарь [Ногайша-орысша фразеологиялық сөзлігі]. – Махачкала: Изд-во НИИ педагогики, 2006. – 296 с.

[13] Салқынбай А. Б. Тарихи сөзжасам. Семантикалық аспект: филол. ғылымд. д-ры ғылыми дәрежесін алу үшін дайынд. дис. – Алматы, 1999. – 321 б.

REFERENCES

[1] Qaidarov Ä., Orazov M. Türkologiäğa kırıspe: oqu qūraly [Introduction to Turkology: a textbook]. – Almaty: Mektep, 1985. – 166 b. [in Kaz]

[2] Şarapatūly Ş. Türkı leksikasynyñ semantikalyq derivasiyası: türkı jazba eskertkişteri men qazırğı türkı tilderiniñ materialdary b-şa [Semantic derivation of Turkic vocabulary: based on Turkic written monuments and materials of modern Turkic languages]. / QR Bılım jäne ğylym m-gı, Türkı akad. – Astana : Kantana-pres, 2011. – 549 b. [in Kaz]

[3] Kaidar A. T. Struktura odnoslojnyh kornei i osnov v kazahskom iazyke: monografia [The structure of monosyllabic roots and bases in the Kazakh language: monograph] / M - vo obrazovania i nauki RK, İn-t iazykoznanıa im. A. Baitursynova. – Almaty : Arys, 2005. – 295 s. [in Rus]

[4] Drevnetürkski slovär [Old Turkic dictionary]. / AN SSSR, İn-t iazykoznanıa; [redkol. V. M. Nadeläev]. – L. : Nauka, 1969. – 676 s. [in Rus]

[5] Qaşqari M. Türk tılıniñ sözdığı: diuani lūġat-it-türk: 3 tomdyq şyġarmalar jinaġy [Dictionary of the Turkish language: diwani lugat-it-turkish]. / – Almaty: Hant, 1997. 1-tom. – 589 b. [in Kaz]

[6] Sevortän E. V. Etimologicheski slovär türkskih iazykov: obşetürk. i mejtürk. osnovy na glasnye [Etymological dictionary of Turkic languages: common Turk. and Mezhturk. vowel bases]. / M.: Nauka, 1974. – 767 s. [in Rus]

[7] Qaliev B. Qazaq tılıniñ tüsindirme sözdığı [Explanatory dictionary of the Kazakh language]. – Almaty, 2014. – 728 b. [in Kaz]

[8] Sağyndyqūly B. Qazaq tılı leksikasy damuynyñ etimologialyq negızderı: oqu qūraly [Etymological bases of the development of the vocabulary of the Kazakh language: a study tool]. Öñd., tolyqt. 2-bas. – Almaty: Qazaq un-tı, 2005. – 257 b. [in Kaz]

[9] Baskakov N. A. Karakalpakski iazyk: ucheb. Posobie [Karakalpak language]. / AN SSSR, İn-t iazykoznanıa. T. 1: Materialy po dialektologii: teksty i slovär. – M. : AN SSSR, 1951. – 411 s. [in Rus]

[10] Qaraqalpaq tiliniñ tüsindirme sözligi: tört tomlyk [An explanatory dictionary of the Karakalpak language: four volumes] / I-tom. A-V.– Nökis: Qaraqalpaqstan baspasy, 1982. – 402 b. [in Kaz]

[11] Nogaisko-ruski slovär: pod redaksiei N.A. Baskakova [Nogai-Russian dictionary: edited by N.A. Baskakova]. – Moskva: Gosudarstvennoe izdatelstvo inostrannyh i nasionälnyh slovarei, 1963. – 560 s. [in Rus]

[12] Şihmurzaev D.M. Nogaisko-ruskiï frazeologicheskiï slovär [Nogai-Russian phraseological dictionary]. – Mahachkala: İzd-vo Nİİ pedagogiki, 2006. – 296 s. [in Rus]

[13] Salqynbai A.B. Tarihi sözjasam. Semantikalyq aspekt [Historical phraseology. Semantic aspect]: filol. ğylymd. d-ry ğylymi дәrejesin alu üşin daiynd. dis. – Almaty, 1999. – 321 b. [in Kaz]

СЕМАНТИЗАЦИЯ ОДНООСНОВНЫХ ОБЩИХ КОРНЕЙ (НА ОСНОВЕ КАЗАХСКОГО, КАРАКАЛПАКСКОГО, НОГАЙСКОГО ЯЗЫКОВ)

*Асенова А.Х.¹, Салкынбай А. Б.², Сойлемез О.³

^{1,2}Казахский национальный университет им. Аль-Фараби
Алматы, Казахстан

³ университет Кастамону, Кастамону, Турция

Аннотация. В статье исследуется семантическая природа одноосновных общих корней в казахском, каракалпакском и ногайском языках, являющихся близкородственными в рамках кыпчакской ветви тюркских языков. Для анализа были выбраны корни «ак» и «аш» из числа одноосновных корней, изученных учёным А. Каидаром.

Цель исследования – выявить процесс семантического развития и семантизации корней путем анализа одноосновных общих корней в этих языках.

Основное направление работы – расширение сфер сравнительного языкознания, лексикологии и семасиологии, а также изучение общих закономерностей значения. Мы рассматриваем культурные связи между тюркскими языками через семантизацию корней в казахском, каракалпакском и ногайском языках.

Научная значимость заключается в углублённом изучении общих корней языков, имеющих тюркское происхождение. Это позволяет глубже понять процессы семантизации и применить полученные результаты, что представляет собой важный вклад в лингвистику.

Методология исследования включает методы обобщения, сравнения, семантического анализа и систематизации, что способствует достижению поставленных целей и решению задач.

В ходе анализа установлено, что одноосновные корни в этих языках претерпели значительные изменения в процессе исторического развития. Эти изменения были обусловлены образом жизни и социально-историческими условиями народов. Мы выяснили, что в одном языке корень может сохранить своё первоначальное значение, в то время как в другом – приобрести новое значение через расширение смысла или утратить исходное, перейдя в другую семантическую категорию. Также были выявлены явления сужения и расширения значения.

На сегодняшний день существует множество исследований в новых направлениях языкознания. Однако исследование подчеркивает важность сравнительного языкознания, изучения ногайского и каракалпакского языков, а также анализа семантизации. Статья может быть использована в качестве учебного материала для курсов «Семантика казахского языка» и «Сравнительное языкознание» в высших учебных заведениях.

Практическая значимость исследования заключается в том, что предложенный семантический анализ может служить моделью для научного изучения и освоения этих языков. Проблема семантизации является результатом сложных процессов. Для того чтобы молодые учёные могли овладеть методами семантического исследования, необходимо создавать научные работы и выдвигать новые выводы в этой области.

Ключевые слова: тюркские языки, ногайский язык, каракалпакский язык, тюркские общие единицы, одноосновные корни, сема, семантизация, лексико-семантический подход

SEMANTIZATION OF SINGLE-BASE COMMON ROOTS (BASED ON KAZAKH, KARAKALPAK, NOGAI LANGUAGES)

* Assenova A.Kh.¹, Salkynbay A. B.², Soylemez O.³

^{*1,2} al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan

³ Kastamonu University, Kastamonu, Turkey

Abstract. The article examines the semantic nature of common roots derived from the same base in the Kazakh, Karakalpak, and Nogai languages, which are closely related within the Kipchak branch of the Turkic language family. Among the single-base roots analyzed by the scholar A. Kaydar, the roots for “ак” and “аш” were selected for study.

The aim of this research is to identify the process of semantic development and semantization through the analysis of common monosyllabic roots in these languages.

The main focus of our work is to expand the scope of branches such as comparative linguistics, lexicology, semasiology, and the study of the general patterns of meaning. We aim to explore the cultural connections between the Turkic languages through the semantization of monosyllabic roots in the Kazakh, Karakalpak, and Nogai languages.

The scientific significance of our research lies in the in-depth study of common roots in these related languages of Turkic origins. This research is relevant to linguistics, enhances understanding of semantics, and demonstrates the practical application of its conclusions.

The research methodology includes methods of generalization, comparison, semantic analysis, and systematization, which help achieve the objectives and address the research tasks.

As a result of the semantic analysis, the following conclusions were drawn: monosyllabic roots in these languages have undergone changes throughout their historical development. These changes were influenced by the way of life of these peoples and the socio-historical context. It was observed that a monosyllabic root may retain its original meaning in one language, while in another, it may develop a new meaning through the process of meaning expansion, or the meaning may become obscured or evolve into a completely different sense. Additionally, the phenomena of meaning narrowing and expansion were examined and their outcomes determined.

Today, there is a great deal of ongoing research in emerging areas of linguistics. However, the study of comparative linguistics, particularly the examination of the Nogai and Karakalpak languages, as well as the analysis of the semantization process, highlights the significance of our research. This article can be used as supplementary material in higher education institutions for courses such as "Semantics of the Kazakh Language" and "Comparative Linguistics".

The practical significance of the research lies in the fact that the semantic analysis we have developed can serve as a model for the accurate scientific study and mastery of the Karakalpak and Nogai languages.

The problem of semantization is the result of complex processes. For modern young scientists and researchers to master the methods of semantic researches, it is essential to write scientific papers in these field and present new findings.

Keywords: Turkic languages, common turkic units, Nogai language, Karakalpak language, monosyllabic roots, semantics, lexico-semantic approach, sema

Авторлар туралы мәлімет:

Асенова Айгүл Халдарқызы – әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті докторанты, e-mail: asenova.1997@mail.ru

Салқынбай Анаркүл Бекмырзақызы – филология ғылымдарының докторы, профессор, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, e-mail: asalkbek@gmail.com

Сөйлемез Орхан – Кастамону университеті профессоры, e-mail: soylemezo@yahoo.com

Информация об авторах:

Асенова Айгул Халдарқызы – докторант Казахского национального университета имени аль-Фараби, e-mail: asenova.1997@mail.ru

Салқынбай Анаркул Бекмырзақызы – доктор филологических наук, профессор, Казахский национальный университет им. Аль-Фараби, e-mail: asalkbek@gmail.com

Сойлемез Орхан – профессор университета Кастамону, e-mail: soylemezo@yahoo.com

Information about authors:

Assenova Aigul Khaldarkyzy – doctoral student, al-Farabi Kazakh National University, e-mail: asenova.1997@mail.ru

Salkynbay Anarkul Bekmyrzakyzy – Doctor of Philology, professor, al-Farabi Kazakh National University, e-mail: asalkbek@gmail.com

Soylemez Orhan – professor of Kastamonu University, e-mail: soylemezo@yahoo.com

ӘОЖ 81'37

ҒТАХР 16.21.47

<https://doi.org/10.48371/PHILS.2024.4.75.004>

**АҒЫЛШЫН ЖӘНЕ ҚАЗАҚ ТІЛДЕРІНДЕГІ ТҮР-ТҮС
АТАУЛАРЫНЫҢ ДЕНОТАТИВТІ ЖӘНЕ ҚҰРЫЛЫМДЫҚ
СИПАТЫ**

* Аухадиева З.Ж.¹, Есенова Ә.М.², Кекилбаева Ж.Е.³, Нурпейсова Г.М.⁴

^{1,2,3,4} Алматы технологиялық университеті, Алматы, Қазақстан

Аңдатпа. Ұсынылып отырған ғылыми мақалада жеңіл өнеркәсіп, оның ішінде текстиль саласында қолданылатын түр-түс атауларының ағылшын, қазақ тілдеріндегі денотативті және құрылымдық ерекшеліктері

туралы зерттеудің сипаттамасы берілген. Адамзат мәдениетінде, оның ішінде кез келген ұлттың санасындағы түр-түс атауларына әрқашан ерекше көңіл бөлінген, әлемді, қоршаған ортаны физиологиялық және эстетикалық тұрғыда түйсіну, түс пен реңктік белгілерге деген қызығушылық ғылымның әртүрлі салаларындағы зерттеулерді өзекті мәселеге айналдырып, олардың қолдану аясының артуына ықпалын тигізуде. Флективті және агглютинативті тілдерге жататын ағылшын мен қазақ тілдеріндегі түр-түс атауларының құрылымдық және денотативті сипатын ғылыми тұрғыда қарастыру жұмыстың мақсатын айқындап отыр, себебі түр-түс атауларын тек қана көркем шығармаларда ғана емес, сонымен қатар психология, педагогика, философия, мәдениеттану, медицина, сурет және бейнелеу өнері, текстиль, дизайн, жеңіл өнеркәсіп, ауыл шаруашылық сияқты әр түрлі салаларға пәнаралық негіз болуды қамтитын тілдік бірліктердің қатарына жатқызуға болады. Мақалада әлемдік және отандық тіл білімі саласы өкілдерінің түр-түс атауларының символикалық және танымдық ерекшеліктері туралы жазылған ғылыми-теориялық еңбектеріне шолу жасалды. Зерттеу барысында салыстыру және салғастыру әдісі, мәтіндерде кездесетін түр-түс атауларының құрылымдық ерекшеліктеріне морфологиялық талдау жасау әдісі қолданылды.

Аталған мақаланың жаңалығы - текстиль өндірісінде елеулі маңызға ие болатын түр -түс атаулары мен олардың реңктерінің жасалу жолдарын ағылшын және қазақ тілдерінде салыстырмалы түрде қарастыру заманның ағысына қарай пайда болатын жаңа атаулардың маңызды бағыттарын негіздеу және айқындау. Ағылшын және қазақ тілдеріндегі түр-түс атауларының, олардың реңктерінің жинақталып, зерделенуі мақаланың ғылыми нәтижесі болып табылады. Ғылыми жұмыстың ғылыми-практикалық маңыздылығы зерттеу барысында алынған нәтижелерді тәжірибелік сабақ беру және дәріс оқуда, глоссарий құрастыруда, әдебиет, аударма, ғылыми баяндамалар, мақалалар, дипломдық жұмыстар, түр-түс терминдерінің қатысы бар барлық салаларда, білім саласындағы оқу бағдарламаларын дайындау барысында пайдалануға ұсынылады.

Тірек сөздер: денотативті, мағына, реңк, ерекшелік, лингвистика, морфология, символ, лексема, сөзжасам

Кіріспе

Техника мен технологияның дамыған кезеңінде тіл мен мәдениеттің тоғысуын және әрбір тілдің өзгешеліктері мен ұлттық ерекшеліктерін, табиғаттың берген сұлулығын халықтың санасына жеткізуде түр-түс компоненті бар тілдік бірліктерді салыстыра зерттеу өзекті мәселелердің біріне айналып отыр. Құрылымы әр түрлі тілдердегі

түр-түс атауларының заман ағымына қарай, өзгеріп, семантикалық және морфологиялық, стилистикалық тұрғыда түрленуі заңды табиғи нәрсе, себебі тілдер де жанды заттар сияқты дамып, тілдік қорымызды байыта түсуіне өз үлесін қосуда.

Бізді қоршаған ортадағы барлық материалдық, материалдық емес заттар түстерінің қабылдау қабілеті арқылы жүзеге асатыны сонау көне заманнан-ақ белгілі. Түстердің айырмашылығын бір-бірінен ажырата алу - адамның көру қасиетінің негізгісі болып табылады. Түр-түстерді белгілеу қоршаған орта құбылыстарымен тығыз байланысты, себебі олар бай символикасымен басқа заттардан ерекшеленіп отырады.

Адамзат өмір сүретін ортада түр-түс категориясының алатын орны ерекше, себебі түр-түс адамдардың жеке, тұлғалық эмоциясының ерекшеліктерімен байланысты, кез-келген уақытта көңіл-күйдің көтерілуіне, түсуіне, индивидумның психологиясына оң әсер етуіне көмектесіп қоймай, ақыл-ойды, сана-сезімді бақарып отыратын қасиетке ие. Қазіргі уақытта түр-түс атаулары қамтылмайтын бірде-бір сала жоқ.

Әрбір тілдің сөздік қорында халықтың ұлттық ерекшеліктерін, тұрмысы мен дәстүрлерін неғұрлым толық және айқын бейнелейтін лексикалық бірліктердің бар екенін ескеру қажет [1, 10 б.]. Мұндай лексемаларға айналамыздағы заттардың түсін анықтайтын есім сөздерді жатқызуға болады. Жеңіл өнеркәсіп саласында, оның ішінде текстиль өндірісінде түр-түс сапасын бақылау, өнімді әзірлеу және өндіру, оны жарнамалап, нарыққа шығарып сату үшін маңызды болып табылады.

Әрбір адам киім немесе мата таңдағанда ең бірінші түсіне, сосын сапасына көңіл бөледі, тіпті Европа елдерінде ауыл шаруашылығында істейтін қарапайым жұмысшылардың өзін алдымен түстерді ажырата алатын қабілетін тексергеннен кейін жұмысқа алады екен, сондықтан түстерді ажырата білудің де адам өміріндегі әлеуметтік әлеуеті де өте зор.

Материалдар мен әдістердің сипаттамасы

Жеңіл өнеркәсіп саласы, дизайн, текстиль өндірісіне арналып жазылған мәтіндердің ішінде түр-түсті белгілейтін сөздер мен сөз тіркестер, терминдер жиі кездеседі, әсіресе текстиль өндірісінде түр-түске ерекше көңіл бөлінеді. Бұл ғылыми жұмыста ағылшын және қазақ тілдеріндегі түр-түсті білдіретін сын есімдердің реңктерін салыстыру әдісі, ал олардың құрылымдық ерекшеліктерін зерттеу морфологиялық талдау әдісі арқылы, материалдарды саралап, бір жүйеге келтіру шетелдік және отандық ғалымдар Г.Гельбиг, Я.Шрёдер, А.М.Щербак, К.В.Мартынок, А.Д.Туманова, А.А.Васильева, Ж.Ж.Есеналиева, Копыленко, А.Е.Карлинский,

М.Т.Сабитова, Қ.Рысалды, С.К.Сатенова, М.М. Копыленко, Р.Е.Валиханов ұсынған әдіснамалық стратегия арқылы жүзеге асырылды. Салыстыру әдісі негізінде ағылшын және қазақ тілдеріндегі негізгі және реңкті білдіретін түс атаулары айқындалып отыр. Мақалада ағылшын және қазақ тілдеріндегі түр-түсті, реңктерді сипаттайтын сөздер J.Simpson, E.Weiner басшылығымен жасалған «The Oxford English» және Р.Ғ.Сыздықова, Қ.Ш. Хұсайн құрастырған «Қазақша-орысша» сөздіктерінен іріктеліп алынды.

Нәтижелер

Ағылшын және қазақ тілдеріндегі түр-түс атауларының денотативті және құрылымдық сипатын талдау арқылы негізгі роль атқаратын 22 (11 ағылшын тілі+11 қазақ тілі) түр-түс сөздері анықталып, олардың 240 (182-58) реңктерінің бар екені дәлелденді. Ағылшын тілінде *brown, black, red, rose*, қазақ тілінде *ақ, қара, көк, қоңыр* сияқты түс кодтары өте кең үйлесімділікке ие және түсі қажет кез келген нысандардың атауларымен көптеген тіркестерді құра ала отырып, денотативті мағыналы сөйлем мүшелерінің ролін атқаратыны белгілі болды.

Қазіргі ағылшын тіліндегі түс атауларын жіктеудің ерекшеліктері айтарлықтай тармақталуымен және күрделілігімен сипатталады, әсіресе түс реңктерінің атауларын бір жүйеге келтіру және қайсысы нақты түсті көрсетіп тұрғанын да дәлелдеудің өзі оңайға түспейтіні анық, осындай қиындықтардан құтылудың жеңіл тәсілі ретінде ағылшындар түрлі түсті заттардың бояуларына қарап шамалап болса да түстерді ажыратып және сол заттың атауын түс атауы ретінде қолданып отырған, әрине ол әрбір адамның болмысты, айналадағы құбылысты, табиғатты, материалдық құндылықтарды қалай қабылдайтынына байланысты болуы керек. Ағылшын тіліне қарағанда қазақ тілінде түс атауларын басқа заттардың түсімен салыстыра отырып қабылдау дәрежесі басқаша және аталған өзгеріс ақырындап тілімізге енуде.

Талқылау

Дүние жүзінің көптеген тілдерін зерттей отырып, лингвист ғалымдар мен этимологтар негізгі түр-түсті анықтау адамдардың нейрофизиологиялық қабылдау ерекшеліктеріне байланысты екенін дәлелдеп және олардың символикалық жүйесін дамытудағы бірқатар әмбебап белгілерді айқындап берді.

Әлемде кең таралған ағылшын тілі мен түркі тілдері ішіндегі сөздік қоры мол тілдердің бірі - қазақ тілінде жиі қолданылатын *white-ақ, green-жасыл, black-қара, blue-көк, yellow-сары, red-қызыл, grey-сұр, brown-қоңыр, purple-күлгін* атаулары нақты, яғни денотатты мәні бар лексемалар түрінде қарастырылып отыр.Талқыланатын толық

мағыналы сын есімді тіркестер топтың негізгі өзегін құрай отырып, бір-біріне тұлғалық әрі мағыналық жағынан бағына байланысып, үстеме мағынаға ие болады. Мысалы, *gray-and blue, gray-green, red-orange, yellow-and-orange, боз ала, қара қызыл, күлгін көк* сияқты тіркестерде нақты мағынасы бар сөздердің қосарлана келіп басқашалау реңкке бейімделетінін байқадық.

Адамдар тұтынатын бұйымдардың ең қажеттісі киім-кешек, мата сияқты заттарға қатысты сөздермен тіркескен түс атауларының қоғамдық-әлеуметтік мәні, салт-дәстүрімізден белгі беретін символдық атаулар ретінде белгілі. Мәселен, «*ақ орда*», «*ала жіп*», «*ақ жаулық*», «*көк ту*» т.б. ұғымдары қазақ халқы өміріндегі саяси, рухани құндылықтарды дәріптейтін ұғым, «*ақ-қара*» сияқты сын есімді тіркестер тура мағынасында қолданылып оппозициялық қатарды құрайтын тіркестер қатарына жатады.

Түстерді тануда ғылыми көзқараспен түс атауының сәйкестігі ерекше назар аударуға тұрарлық. Халықтық дәстүр деп танылған түр-түстердің атаулары «атау» деп, ал ғылыми тұрғыда оларды «термин» деп атаймыз» деп ұсынған екен белгілі ғалым Ә.Т. Қайдаров» [1, 48 б.]. Түр-түстің тіл білімі саласында ғылыми тұрғысынан қарастырылуын – Л. Уроф, А. Мэтьюз, Р. Фрумкинамен, ал түркі семьясына жататын тілдерді – А.Н. Кононов, Э.В. Севортян, А.М. Щербактың т.б. есімдерімен және зерттеулерімен байланыстырамыз. Кей, Пол и Терри Риджер «Эмбебап түстер атауы туралы мәселені шешу» атты зерттеуінде тілдер түр-түстерді бірдей жіктей ме, әлде бұл категория қоршаған ортаны қабылдауға немесе адамның танымына байланысты әр түрлі тілдерде түрліше өзгеріске түсе ме деген сұраққа жауап іздеген және түр-түсті білдіретін сөздер айтарлықтай эмбебап болып келеді деген тұжырымдамаға тоқтаған. Түс концепциясын зерттеу саласындағы тақырыптың жоғары дәрежеде дамуы философия ғылымында Г.В.Гегель, В.Ф. Шеллинг, Ф.Шлегель, А.Шопенгауэрдің еңбектерінде теоретикалық тұрғыда көрсетілген.

Delwin T. Lindsey, Angela M. Brown зерттеуінше өз ана тілінде адамдар шамамен 106 әртүрлі түстерді ажырата алады екен. Неміс ғалымы Г.Иегер түс терминдерін қарапайым және мономорфемиялық бірліктер қатарына жатқызып, олардың тіларалық эмбебаптығы мәселесін сәл басқа қырынан қарастырған.

Ал қазақ тілінің когнитивтік тіл білімі саласына келсек түр-түс атауларын символикалық және концептуалдық, танымдық тұрғыдан зерттеген Н.Н. Аитова мен Ш.Қ. Жарқынбекованың ғылыми жетістіктерін айта кету керек.

Ұ.Серікбаева, М.Нұржігітова, Ф.Ахметжанова фразеологизмдік тіркестерде кездесетін түр-түс атауларының ерекшеліктеріне зерттеу жүргізген. Қарастырылып отырған ғылыми жұмыста текстиль саласында

кездесетін мәтіндердегі денотативті, яғни тура және негізгі мағынада жиі қолданылатын түр-түсті білдіретін басты 11 сын есім және сын есімді тіркестер қарастырылды. Ағылшын тіліндегі сын есімдер А.П. Василевич жүргізген зерттеуге сәйкес 3,5 мыңнан астам түсті сын есімдер тіркелді, бірақ белсенді сөздікке тек 254 сөз кірген. Аталған 254 түс белгілерінің ішіндегі ең жиі кездесетіндері -11 сын есім: «*white, black, red, brown, green, blue, yellow, orange, rose, grey, purple*» [2, 220 б.]. Редкозубова Е.А., Пантелеева Е.А. айтулары бойынша косметика өндірісінде пайдаланылатын 83 қосалқы бояулардың ішінен тек түбір сөздерден тұратын 15 атау негізгі түс ретінде қарастырылған, оларды бірнеше тақырыптық топтарға бөліп бір жүйеге келтірген және ең үлкен топқа «гүл» атауымен байланыстырған түр-түс лексемаларын жатқызған [3,71 б.]. Р.М.Фрумкина есімді орыс тілінің маманы түрлі түстерді ажыратудың негізгі жолы олардың атаулары деп санайды. Кейбір атаулар тіпті әртүрлі мәдениеттер туралы маңызды нәрселерді көрсете алады. Кейбір адамдар сұр түсті ең маңызды түс деп санайды, ал басқалары олай емес дейді. Сондай-ақ, тек 11 түстің негізінде басқа реңктердің атаулары жасалған деп есептеледі [4, 42 б.].

Лингвистер негізгі сын есімге жатқызуға мүмкіндік беретін бірнеше жолдарын ұсынады:

- 1) жиі қолданылу процесі;
- 2) морфологиялық тәсілі бойынша түр-түс атаулы сөздер бір құрамды, екі компонентті және көп компонентті болуы;
- 3) лексемалардың контекстегі үйлесімділігі.

Берлин В., Кау Р. сияқты лингвист ғалымдар «Негізгі түс терминдері. Олардың әмбебаптығы мен эволюциясы» атты еңбегінде тілдер эволюциясы дамыған сайын қатаң белгіленген бірізділікпен жаңа түр-түсті білдіретін терминдерді жасап отыратынын анықтаған, яғни тілге кез келген кезеңдегі қолданыста болған түр-түс атаулары кіріп сөз қорын байытып отырады екен, соның арқасында негізгі роль атқаратын 11 түрлі түстің анықтамасын берген.

Ағылшын тілінде жиі кездесетін негізгі 11 түс компоненті бар сөздерді зерттей келе, олардың реңктері басқа сөздер арқылы жуықтап болса да берілетіні белгілі болды [5].

Мәселен, *brown* лексемасының реңкі 24 сөз (*beige, ecru, rust, maroon, fawn, khaki, caramel, latte, syrup, fawn, oyster, oat, granola, flaxen, mocha, pecan, wood, hickory, hazelnut, walnut, peanut, gingerbread, sandcastle, sand dollar*) арқылы беріліп отыр. “Colors that go with beige – 30 chic color combinations. She wore a beautiful maroon dress. Their kitchen cabinets are made of walnut. Pecan trees may live 300 years. Where is she now, that girl with flaxen hair?”. Ұсынылған мысалдардағы сын есімдердің барлығы *brown* сөзінің денотативті мағынасын шамалап көрсетіп отыр.

Black атауының реңкі 23 сөз (*black, ebony, crow, charcoal, pebble, lead, coin, fossil, midnight, ink, oil, grease, onyx, pitchy, soot, jade, spider, leather, sable, jet black, coal, metal*) арқылы анықталып отыр, берілген сөйлемдердегі сын есімдер дәлел бола алады. «She has a *black* jacket. A *jade* jewelry sourced from Burma. What is the meaning of *ebony* skin? The *pebble* beach was covered with tourists. A *grease* gun is a common workshop. We stood staring into the *pitchy* dark forest».

Red лексемасының реңкін 21 сөз (*red, auburn, burgundy, berry, cherry, rose, crimson, currant, spice, sangria, scarlet, ruby, yam, garnet, merlot, mahogany, blood, jam, apple, brick, wine*) көрсетіп отыр, мысалы: «The *burgundy* takes its name from the Burgundy wine in France. I like the *rose* dress. *Mahogany* furniture is very expensive. He wore a *crimson* robe. She wore a necklace with a large *garnet* pendant».

Rose лексемасының реңкін 20 (*magenta coral, raspberry, salmon, flamingo, ballet sleeper, rosewood, taffy, pink, hot pink, rose, crepe, rouge, blush, coral, peach, punch, fuscia, magenta*) сөз білдіреді, мысалдармен дәлелден көрейік. «She bought a *rosewood* chair for her living room. I found a *raspberry* dress. The coral colored ones are my favorite, though the white ones are stunning too. He wore a magenta robe tied with a silver belt».

Purple лексемасының реңкі 12 (*lilac, purple, lavender, plum, violet, amethyst, boysenberry, mauve, heather, orchid, periwinkle, iris*) сын есімді сөздер арқылы көрсетіліп тұр, мысалы: «The *lilac* bushes are in full bloom. She wore a *violet* dress to the party. She wore a *periwinkle* dress. I like a very trendy *mauve* color ».

Green лексемасының реңкін 18 (*emerald, olive, lime, fern, mint, chartreuse, juniper, sage, sea foam, shamrock, pine, pear, pickle, parakeet, moss, seaweed, crocodile*) сөз жуықтап болса да белгілеуде, мысалы: «Deep *emerald* dress is the best option for such a solemn occasion. She finished her own shopping by pushing the lid a little further off the *pickle* barrel and dipping out an enormous specimen with the tongs. Here is the recipe for old-fashioned *sea foam* candy. My daughter found a lot of *pine* cones in the forest».

Grey лексемасының реңкін 16 (*grey, silver, ashen, platinum, pewter, dove, slate, shadow, cloud, fog, anchor, graphite, flint, ash, porpoise, tortilla*) сөз дәлелдеп отыр. «She wore a *silver* necklace. We need an *anchor* pin and a trip wire. Her sophomore album is verging on triple *platinum* sales. The house has a slate roof».

White лексемасының реңкін 14 (*Ivory, cotton, pearl, eggshell, snowy, salt, alabaster, daisy, powder, rice, coconut, lace, parchment, porcelain*) сөз анықтай алады екен, мысалы: «The bride wore white with a *pearl* headdress. The *alabaster* color is a popular household shade due to its soothing qualities and easy pairing qualities for interior design layouts».

Yellow лексемасының реңкін 13 (*golden, amber, sand, saffron, cream, bumblebee, banana, blond, corn tuscan sun, butterscotch, medallion, sandstone*) сөз көрсемеді, мысалы: «Sadako looked at the golden paper crane that her best friend Chizuko had made for her. Rack of lamb I like, in a Persian restaurant, with lots of saffron rice. The sandstone colour is my choice».

Blue сөзінің реңкін 12 (*navy, turquoise, azure, aquamarine, arctic, cobalt, admiral, sapphire, sky, cerulean, teal, lapis*) сөз арқылы бере аламыз, мысалы: «She wore a turquoise necklace. She wore an azure-coloured coat. A large diamond shone on a sapphire ring».

Orange лексемасының реңкін 9 (*copper, flame, tangerine, cantaloupe, apricot, pineapple, lemon, carrot, honey*) сөз арқылы жеткізуге болады екен. «He wore a fresh light grey suit, an immaculate lemon-coloured shirt and an elegant bowler hat.. The colours are striking: honey-coloured stone against the deepest of Mediterranean blues».

Дегенмен де, түр-түстерді, олардың реңктерін анықтау - бұл өте субъективті ұғым деп есептейміз, сол себепті түстер спектрін нақты бөлуге болмайтын сияқты, бір түсті әр адам өзінше қабылдауы мүмкін.

Қазақ тілінде түстердің 70-тен астам түрлі атаулары бар екен. Негізгілері 30, ал басқалары 40-тан асады. А.Тоқтаубай бір мақаласында жылқының түсіне қатысты 300-ге жуық сөз бар екенін айтады. *Құла, шабдар, тарғыл, күрең* түстері қазақ халқы үшін өте маңызды, мағыналы деп қорытынды шығарады [6].

Кейбір ғалымдар қазақ тіліндегі түр-түске байланысты сөздердің санын анық көрсетпейді. Тіл білімінің қыр-сырын жан-жақты қарастырған ғалым Қайдаров А. қазақ тілінде түр-түс символикасына байланысты сөздердің саны мыңнан асып жығылады, бірақ олардың тек он бірі ғана негізгі түр-түстер қатарына кіреді деген пікірді ұсынады, оларға: *ақ, қара, қызыл, жасыл, сары, көк, көгілдір, күлгін, қоңыр, боз, сұр* жатады [1,108]. Ұсынылған 11 атауларды басшылыққа ала отырып, олардың реңктеріне тоқтала кетсек, *ақ* түсті білдіретін сын есімінің 9 (*ақ сары, ақ сұр, ақ ала, ақ көк, ақ боз, ақ жағал, ақ бөрте, ақ шұбар, ақ шұлан*) реңкі, *қара* сөзінің 8 (*қара көк, қара қызыл, қара күңгірт, қара қошқыл, қара күрең, қара ала, қара қоңыр, қара сұр*), *көк* сөзінің 8 (*көк ала, көк сұр, көк боз, көк жасыл, ақшыл көк, қара көк, күлгін көк, аспан көк*), *боз* сөзінің 6 (*боз ала, боз қасқа, боз шұбар, боз қоңыр, ақ боз, қылаң боз*), *сары* лексемасының 5 (*сары ала, сары жағал, сары жалқын, ақ сары, ашық сары*), *сұр* сөзінің 5 (*ақ сұр, қара сұр, күңгірт сұр, ашық сұр*) *қоңыр* сөзінің 5 (*қоңыр қошқыл, ашық қоңыр, қара қоңыр, күңгірт қоңыр, қызыл қоңыр*), *қызыл* 4 (*қызыл ала, қызыл сары, қызыл қоңыр, қызыл жасыл*), *жасыл* 4 (*көк жасыл, ашық жасыл, күңгірт жасыл, қара жасыл*), *күлгін* лексемасының 4 (*күлгін көк, күлгін қызыл, күлгін сары,*

күлгін қоңыр), көгілдір I, райхан гүл түсінің 1 ғана (алқызыл немесе қызғылт) реңкі бар екенін айқындадық, әрине бұлардың барлығы тек тура мағынасында қолданылған сын есімдер екенін айта кету керек [7, 37-738 б.].

Қарастырылған түр-түсті білдіретін сын есімдердің саны мен сапасын салыстырсақ ағылшын тіліндегі бір ғана *brown* атауын 24 жай және күрделі сөздермен сипаттауға болады, ал қазақ тіліндегі *қоңыр* сын есімінің реңкін тек қана 5 күрделі сөздер арқылы сипаттауға болатынына көз жеткіздік. «... қазақ тіліне келетін болсақ, түр-түс атауларының сан жағынан қаншама көп болғанымен, сұрыптай келгенде бір топ негізгі, тірек сөздің шеңберінде қалып қояды екен. Қалғандарының бәрі ұйытқы болып отырған осы 20 шақты түбір сөздің негізінде дамып (*көк – көгілдір, көкше, көкшіл* т.б.) туынды түбірге немесе сөз тіркесіне (*қара көк, күлгін көк, ақшыл көк* т.б.) айналған жай және күрделі атаулар болып саналады» [8, 6 б.]. Келтірілген мысалдар аталған пікірмен келісуге болатынын көрсетіп отыр.

Екі немесе одан да көп сөзден құралып бір түсті мағынаға ие сөздердің ерекшеліктерін санамызда дұрыс түйсіну үшін олардың жасалу жолдарына талдау жасауымыз керек.

Ағылшын тілінде күрделі сын есімдер болып келетін түр-түс атауларының ең көп таралған тобын олардың түбірінен пайда болған сөздер құрайды, мұндай лексемалар тіркесіп те, бірігіп те жасала береді, тіпті кейде дефис және дефиссіз де қолданыла береді. Мәселен, «He was wearing a *dark-grey* puffer jacket. Marie wore a *pale blue* dress. *Bright blue gray, navy blue* and *dark brown* are your colors this year and try to wear accessories in lily white color» сөйлемдеріндегі «*dark-grey, pale blue, dark-and light-blue, navy-blue, dark-brown*» тіркестеріндегі *dark, pale, navy* өздерінен кейін тұрған есім сөздерге қосымша реңк беріп, анықтап тұр. Мысалы: мына сөйлем осыны айқындап тұрғандай. «After five seasons of wearing *dark-and light-blue-striped* shirts, the team changed their home back to *tangerine* colours». Ағылшын тіліндегі сын есімдердің құрамына модификатор сөздерінің көмегімен пайда болатын түс белгілері кіреді. Ағылшын тілінде *pale, bright, dark, light, deep, shocking, vivid, moderate, pastel, soft, dull, dirty, mat, virulent* сияқты модификаторлар жиі қолданылады. Бұл модификаторлар, А.П.Василевичтің пікірінше, белсенді сөз бірлігі болып табылады [5]. Қазақ тілінде түр-түсті білдіретін лексемалардың мағынасын күшейтіп немесе әлсіретіп, керек кезде нақтылап тұратын модификаторлар да баршылық, мысалы *ашық, күлгін, күңгірт, аспан, шымқай, қою, өрттей, мөлдір, мұздай, айқын, солғын, қан* сөздері және кейбір контекстерде түс атауларының өздері модификатордың ролін атқара береді, *қызыл* ала, *көк* жасыл, *ақ* сары, *күлгін* қоңыр тіркестеріндегі екі сын есім де негізгі түс белгілері болып

табылады, біріншісі бояуды көрсетуде басты роль атқарады, мысалы: «...Жанына бір *шымқай* қара костюм киіп, желке шашын тықырлатып алғызған жас мырза еріп келді. Кешке арналған *күлгін* көйлекті *қою* қара жакетпен немесе керісінше киген абзал. Мектепке барлығымыз біркелкі *ашық* түсті жейде киеміз».

Жоғарыда келтірілген мысалдардың басым бөлігі есімді тіркестер болып келеді де, бірде дефис арқылы немесе дефиссіз ақ қолданыла береді, бірақ аталған ерекшелік ағылшын тілді елдердің жазу ережелеріне байланысты болуы керек [9, 25 б.].

Ағылшын тіліндегі түр-түсті білдіретін лексемалардың көбісі түбірлі сөздерге *-ish*, *-y*, *-en* сияқты әр түрлі жұрнақтардың жалғануы арқылы жасалып, тілдік қордың тұрақты дамып отыруына үлес қосып отырады. *-Ish* жұрнағынан пайда болған туынды сын есімдер негізгі түс туралы мағлұмат бермей, соған жуықтау мағынаны білдіреді. *Reddish-tending towards red*-қызылдау-қызыл түске бейім, *yellowish-somewhat yellow*-сарғыш-аздап сары, *brownish-somewhat brown*-қоңырқай -аздап қоңыр, ал *-y* және *-en* жұрнақтары бар сөздерге келсек әрқашан түстермен байланыстырылған заттардың атауларынан жасалады мысалы, *sooty-black like soot* - күйе - қара күйе тәрізді, *sandy-yellowish brown in color like sand*-құм сияқты сары-қоңыр, *leaden-having the color of appearance*- қорғасын түстес шамалы деген мағыналарды білдіреді. Аталған ерекшеліктерді мына мысалдардан байқауға болады: «A white or *reddish* dorsal stripe is usually present. It is a *yellowish* colour and quite soft. The color ranges from dark gray to a *sooty* bluish-black. The *leaden* uniform of the soldiers blended into the gray landscape».

Ағылшын тіліндегі түр-түсті білдіретін лексемалардың шырай категориясында тұрып түстерді бір-бірімен салыстырып немесе күшейтіп көрсететін ерекшеліктерін айта кету керек, «Bring me my wrangles, my *yellowiest* shoes, and the old green Hamburg. It was *blacker* than the others and *deeper*» сөйлемдеріндегі *-er* жұрнағы салыстырмалы шырайды, *-est*, *-st* күшейтпелі шырай жұрнақтарының белгісі ретінде қарастырылып отыр.

Қазақ тілінде кейбір жекелеген түр-түс атаулары туынды сын есімдер түрінде кездеседі және олар түрлене келе шырай категориясының формасына еніп, түстердің артықшылықтары мен әлсіздігін салыстыра көрсету үшін *-ша/ше*, *-шыл/шіл*, *-дау/деу*, *-ғылт/гілт*, *-қай*, *-ғыш/гіш*, *-ғылтым*, *-рақ/рек* сияқты жұрнақтарын жалғайды: көк-*ше*, ақ-*шыл*, жасыл-*дау*, қоңыр-*қай*, сар-*ғыш*, боз-*ғылтым*. «Ұзын *қоңырқай* плащ киген, басында көнетоздау *қаралау* қалпағы бар, *бозғылтым* сақал-мұртын ұқыптап бастырған кісі әлденені күле әңгімелейтін сияқты. Тұмансыз, ауаның түсі *көкшілдеу* түске боялып, ауада улы газдар тарайды. *Ағырақ* - солғын ақ түс». Түр-түс атауларының бір-бірінен

артық немесе кем екендігін білдіретін күшейтпелі буындардан тұратын сын есімдер дефистің(-) көмегімен жазылады, мысалы, *қоп-қоңыр, жап-жасыл, қып-қызыл, сап-сары, қап-қара*, алайда *ақ, көк* сөздерінен жасалған *аппақ, көкпеңбек* лексемалары қазақ тілінің жазу емлесіне сәйкес бірге жазылады, мысалы «*Жап-жасыл – жасыл түстің қанығы, сап-сары сары түстің қанығы*».

Ағылшын және қазақ тілдерінде түр-түсті атауларын жасайтын ең өнімді тәсілдерінің бірі – сөздердің бірігуі арқылы жасалатын сөздер десек қателеспейміз. Біз мысал ретінде қарастырған түс атауларының ішінде біріккен сөздер, әсіресе бірнеше түбірдің қосылуы арқылы пайда болған бір, екі және үш компонентті түс атаулы сөздерді кездестіруге болады, мәселен *skewbald-теңбіл* немесе *ала* деген мағынаны білдіріп отыр. *Gingerbread* атауына *жанжәбіл* сөзі, ал *butterscotch* лексемасына *сарыгүл* тіркесі сәйкес келіп тұр, *hazelnut* сөзі *орман жаңғағы* деп аударылады, бұндай түстерге байланысты екі компонентті сын есімді тіркестер үшкомпонентті тіркестерге қарағанда жиі кездеседі, бірақ аса көп емес.

Ағылшын тілінің тағы бір ерекшелігіне «and» жалғаулығы арқылы жасалған күрделі түс атаулы сөздері де жатады, мысалы: «*black and yellow, pink and green, red and white, brown and grey, beige and black, blue and red*» деген күрделі түс атауларын білдіретін сөз тіркестерін құрап отыр. «It is comprised of *black and yellow* tones that contrast and enhance each other. The main colors of new collection are *red and white*. The Dolorosa frequently wears a combination of *blue and red*». Берілген мысалдардан байқағанымыз адамның өз қызметінің әртүрлі салаларында түс пен реңк белгілерін белсенді қолдануы тілдегі түс категориясының тұрақты дамуында көрінеді, яғни түс атаулары бір-бірімен тіркесіп келіп, ағылшын тілінде жаңа түс категорияларын қалыптастырудың жолдарын анықтауға мүмкіндік беретінін атап өткен жөн және өзінің шекаралары мен қолдану аясын кеңейтіп отырады.

Қазіргі уақытта ағылшын тілінде табиғат байлықтарын түс атауларымен байланыстыру кең таралған тәсілдерінің бірі – әр саланың зат түсіне қарап оның атауын түр-түс ретінде пайдалану жиі кездесетін үрдістердің бірі, мысалы жеміс-жидектер атаулары: *olive lime, lemon, raspberry, mulberry, plum, pear, peach, apricot*; өсімдіктер әлемінде кездесетін гүлдер және ағаш атаулары: *orchid, lavender, lilac, rosewood, mahogany, wood*; минералды заттар мен тас атаулары: *ocher, indigo, aquamarine, desert sand, amber, emerald, jade, amethyst, silver, gold, coral, bronze, sapphire*; тағамға қатысы бар сөздер: *chocolate, sugar cookie, butter, buttermilk, shortbread*; омыртқалы жануарлар: *crocodile, tortilla*; балық түрлері: *salmon, porpoise*; табиғат құбылыстары: *cloud, fog, arctic*. Ең қызығы, келтірілген мысалдардың көбісі өсімдік және тас аттарына

байланысты пайда болған салыстырмалы түс атаулары. Мәселен, нефрит тасының түсіне қарап «jade» сөзі пайда болған, негізгі мағынасы-қызғылт, жасыл, сары қосындылары бар сарғыш немесе ақ реңкке ие болатын түс атауы және құрамы жағынан өте күрделі қоспа. «Amethyst» лексемасы аметист минералының күлгін түсіне сәйкестендірілген атау екені белгілі болды, айта кететін жайттардың бірі және ең көп қолданылатын түр-түс атаулары тобын өсімдіктер атаулары құрайды екен. Ал қазақ тілінде бұндай кең таралған үдеріс байқалмайды, біз бір нәрсені салыстыра немесе әсірелеп суреттегенде «бидай өңді», немесе «мойылдай қара көздері бар», «маржандай тістері», «алтын сары тістері» сияқты тіркестерде көкөніс, жеміс-жидек, қымбат тас атауларын қолданамыз, бірақ көп емес, *тасбақа, қолтырауын, дельфин, айран, алмұрт немесе теңіз, бұлт* түстес деп айта алмаймыз, дегенменде түсін бір қалыпта өзгертпейтін *лимон, көмір, аспан, кофе* сияқты зат есімдерге *түстес* сөзін қосып қолданысқа енгізе берсек қазақ тілінің сөздік қорын дамытар едік деген ойдамыз.

Адамзат мәдениетінде түр, түс, реңк әрқашан үлкен мәнге ие болған, әлемді философиялық және эстетикалық тұрғыда түсінуге жол ашқан. Түс пен түс белгілеріне деген қызығушылық жойылмайтындығына байланысты, осы тақырыпқа байланысты ғылымның әртүрлі салаларындағы зерттеулердің саны арта түспек.

Қорытынды

Қорыта келгенде, ағылшын тілі мен қазақ тілінде сөйлейтін және ойлайтындардың дүниетанымы мен когнитивтік көзқарастары түс атауларымен тығыз байланыста екенін байымдауға болады. Әлемнің тілдік бейнесін түзу де түс компонентінің атқаратын рөлінің кем емес екендігі аңғаруға болады. Әр ұлттың түсінігінде, дүние танымында түр-түстің таңбалануы адамдардың психологиясы мен физиологиялық ерекшеліктеріне және қабылдау түйсігіне байланысты.

Қазіргі уақыта түр-түс атауларының құрылымдық және денотативті сипатын зерттей келе, кез-келген тілдегі ерекшеліктер әр халықтың әлемді танып білуінде, түйісінуінде, табиғат пен қоршаған ортадағы заттар мен құбылысты қабылдауында деп білеміз. Өйткені түр-түсті білдіретін кез-келген лексема дүние жүзі елдерінің сөз, сөйлеу мәдениетінен ақпарат береді, тіл байлығы, сөздік қоры қаншалықты көлемді екені туралы мағлұмат береді. Ағылшын тілі мен түркі тілдес қазақ тілін салыстыра отырып, түр-түсті білдіретін сөздердің ұлттық санамызда қалай қалыптасып, тілде қандай өзгерістерге түскенін байқадық.

Осылайша құрылымы әр түрлі екі тіл мәдениетінің табиғатын ашып ең бірінші түстердің түрін атайтын сөз пайда болғаннан кейін ғана түр-түс атауларының қолданыла бастады деген пікірге келдік.

ӘДЕБИЕТ

[1] Қайдаров Ә.Т. Сырға толы түр мен түс. – Алматы: Ғылым баспасы. – 1986. – 106 б.

[2] Василевич, А.П. Цвет и его название. Развитие лексики цветообозначения в современной России. – 2005. <http://www.rffi.ru/11.10.2021>

[3] Redkozubova E.A., Pantaleeva E.A. Secondary color terms in British beauty products: structure, semantics, word-formation // Proceedings of Southern Federal University Philology. Rostov-na-Donu, 2020. – P. 67-75.

[4] Фрумкина Р.М. Цвет, смысл, сходство. – М.: Наука. 1984. – 174 с.

[5] Василевич А.П. К методике сопоставительного исследования: на примере лексики цветообозначений // Вопросы языкознания. – 1986. – №3. – С. 103-110.

[6] Токтаубай А. Тұлпарлар театры // Егемен Қазақстан газеті, 2003. Тамыз (№ 219-222)

[7] Сыздықова Р.Ф. Хұсайн Қ.Ш. Қазақша-орысша сөздік. – Алматы, 2001. – 1005 б.

[8] Айтқожа С. Ағылшын мәдениетіндегі «white» (ақ) түстің ұлттық-мәдени сипаты. // Вестник КазНПУ им. Абая. Серия «Филологические науки». – Алматы, 2011. – №2(36). – С.12-15.

[9] Власова Е.А. Символика цветообозначений в британском и американском вариантах английского языка: автореф. дисс. ... канд. филолог. наук: 10.02.04. – М., 2008. – 24 с.

REFERENCES

[1] Қайдаров Ә.Т. Syırǵa tolyı tyr men tys [Earring full of type and color.. – Almaty: Kitap, 1986. – 106 b. [in Kaz.]

[2] Vasilevich A.P. TSvet i ego nazvanie. Razvitie leksiki tsvetooboznacheniya v sovremennoy Rossii [Colour and its name. The development of the vocabulary of colour designation in modern Russia]. – 2005. <http://www.rffi.ru/11.10.2021> [in Rus.]

[3] Redkozubova E.A., Pantaleeva E.A. Secondary color terms in British beauty products: structure, semantics, word-formation // Proceedings of Southern Federal University Philology. –Rostov-na-Donu, 2020. – P. 67-75.

[4] Frumkina R.M. TSvet, smyisl, shodstvo [Color, meaning, similarity]. – М.: Nauka, 1984. – 174 s. [in Rus.]

[5] Vasilevich A.P. K metodike sopostavitelnogo issledovaniya: na primere leksiki tsvetooboznacheniy [On the methodology of comparative research: on the example of the vocabulary of color meanings] // Voprosyi yazykoznaniya. – 1986. – №3– S. 103-110. [in Rus.]

[6] Toktaubay A. Tұлпарлар театры [Tulpar theatre] // Egemen Қазақстан газеті, 2003. Тамыз (№ 219-222)

[7] Syzdykova R.F. Қ.Ш. Нұсайн. Қазақша-орысша сөздік [Khusain K. Sh. Kazakh-Russian dictionary]. – Алматы, 2001. – 1005 б. [in Kaz.]

[8] Айтқожа С. Ағылшын мәдениетіндегі «white» (ақ) түстің ұлттық-мәдени сипаты [National-cultural character of the color “white” in English culture] // Vestnik KazNPU im. Abaya. Seriya «Filologicheskie nauki». – Almaty, 2011. – №2(36). – В.12-15. [in Kaz.]

[9] Vlasova E.A. Simvolika tsvetooboznacheniy v britanskom i amerikanskom variantah angliyskogo yazyika [Symbolism of color meanings in the British and American versions of the English language]: avtoref. diss. ... kand. filolog. nauk: 10.02.04. – М., 2008. – 24 с. [in Rus.]

ДЕНОТАТИВНАЯ И СТРУКТУРНАЯ ХАРАКТЕРИСТИКА ЦВЕТОБОЗНАЧЕНИЙ В АНГЛИЙСКОМ И КАЗАХСКОМ ЯЗЫКАХ

*Аухадиева З.Ж.¹, Есенова Э.М.², Кекилбаева Ж.Е.³, Нурпейсова Г.М.⁴

^{*1,2,3,4}Алматынський технологический университет, Алматы, Казахстан

Аннотация. В представленной научной статье описано исследование денотативных и структурных особенностей цветообозначений на английском и казахском языках, используемых в легкой промышленности, в частности текстильной. В человеческой культуре, включая названия вида и цвета, в сознании любого народа всегда уделялось особое внимание восприятию мира и окружающей среды в физиологическом и эстетическом отношениях; интерес к цветовой и тоновой символике, являющейся актуальной проблемой, заставляет исследовать различные области науки, способствуя увеличению сферы их применения. Научное рассмотрение структурно-денотативной природы цветообозначений в английском и казахском языках, относящихся к флективным и агглютинативным языкам, определяет цель работы, поскольку названия цветов используются не только в произведениях искусства, но и в психологии, педагогике, философии, культурологии, медицине, живописи и могут быть отнесены к языковым единицам, включающим междисциплинарную основу для различных областей жизнедеятельности, таких, как изобразительное искусство, текстиль, дизайн, легкая промышленность, сельское хозяйство. В статье рассмотрены научно-теоретические работы представителей мирового и отечественного языкознания о символических и когнитивных особенностях цветообозначений. В ходе исследования использовались сравнительный и сопоставительный методы, метод морфологического

анализа структурных особенностей цветообозначений, встречающихся в текстах.

Новизна данной статьи состоит в том, что названия цветообозначений, имеющих большое значение в текстильном производстве, а также способы создания их оттенков рассмотрены в сопоставлении английского и казахского языков для обоснования и определения важных направлений новых названий, появляющихся с течением времени. Научный результат статьи представлен посредством сбора и анализа цветообозначений и их оттенков в английском и казахском языках. Научно-практическая значимость научной работы предполагает использование результатов, полученных в ходе исследования, в практическом обучении и преподавании лекций, составлении глоссариев, литературы, переводов, научных отчетов, статей, дипломных работ, во всех областях, связанных с терминами цветообозначений, при составлении обучающих программ в сфере образования.

Ключевые слова: денотативный, значение, оттенок, специфика, лингвистика, морфология, символ, лексема, словообразование

DENOTATIVE AND STRUCTURAL CHARACTERISTICS OF COLOR DESIGNATION IN ENGLISH AND KAZAKH LANGUAGES

* Aukhadieva Zh.¹, Esenova E.M.², Kekilbaeva J.E.³, Nurpeisova G.M.⁴

*^{1,2,3,4} Almaty Technological University, Almaty, Kazakhstan

Abstract. The proposed scientific article provides a description of the study of denotative and structural features of color names in English and Kazakh languages used in the light industry, including textiles. In human culture, including the minds of any nation, special attention has always been paid to color names, physiological and aesthetic perception of the world, the environment, interest in color and symbols make research in various fields of science and contribute to increasing the scope of their application. The scientific consideration of the structural and denotative nature of color names in English and Kazakh, which belong to inflective and agglutinative languages, determines the purpose of the work, because color names can be attributed not only to artistic works, but also to linguistic units, which include an interdisciplinary basis for various fields such as psychology, pedagogy, philosophy, cultural studies, medicine, painting and fine arts, textiles, design, light industry, agriculture. The article provides an overview of the scientific and theoretical works of representatives of the world and domestic linguistics on the symbolic and cognitive features of color names. In the course of the study, the method of comparison, the method of morphological analysis of the structural features of the names of species and colors found in the texts were used.

The novelty of this article is the comparative consideration of color names and ways of their shades in English and Kazakh, which are of significant importance in the textile industry, to justify and identify the most important directions of new names that appear with the passage of time. The scientific result of the article is the collection and study of color names in English and Kazakh, their shades. Scientific and practical significance of scientific work and the results obtained in the course of the study are recommended for use in practical training and lectures, in the compilation of glossaries, in the preparation of educational programs in the field of literature, translation, scientific reports, articles, theses, in all areas related to color terms.

Keywords: denotative, meaning, shade, specificity, linguistics, morphology, symbol, lexeme, word formation

Мақала түсті: 17 наурыз 2022

Авторлар туралы мәлімет:

Аухадиева Зауреш Жумабаевна – филология ғылымдарының кандидаты, доцент, Алматы технологиялық университеті, e-mail: zauresh.59@mail.ru

Есенова Эльмира Мингазиловна – лектор, Алматы технологиялық университеті, e-mail: yessenovaelmira@mail.ru

Кекилбаева Жазира Ембергеновна – лектор, Алматы технологиялық университеті, e-mail: nurai.79@mail.ru

Нурпеисова Гүлжахан Муратбековна – лектор, Алматы технологиялық университеті, e-mail: g-nurpeissova@mail.ru

Информация об авторах:

Аухадиева Зауреш Жумабаевна – кандидат филологических наук, доцент, Алматинский технологический университет, e-mail: zauresh.59@mail.ru

Есенова Эльмира Мингазиловна – лектор, Алматинский технологический университет, e-mail: yessenovaelmira@mail.ru

Кекилбаева Жазира Ембергеновна – лектор, Алматинский технологический университет, e-mail: nurai.79@mail.ru

Нурпеисова Гүлжахан Муратбековна – лектор, Алматинский технологический университет, e-mail: g-nurpeissova@mail.ru

Information about the authors:

Aukhadiyeva Zhauresh Zhumabaevna – Ph.D., Associate Professor, Almaty Technological University, e-mail: zauresh.59@mail.ru

Yesenova Elmira Mingazilovna – lecturer, Almaty Technological University, e-mail: yessenovaelmira@mail.ru

Kekilbayeva Zhazira Embergenovna – lecturer, Almaty Technological University, e-mail: nurai.79@mail.ru

Nurpeisova Gulzhakhan Muratbekovna⁴ – lecturer, Almaty Technological University, e-mail: g-nurpeissova@mail.ru

ӘОЖ 821.512.122

ҒТАХР 17. 07. 41

<https://doi.org/10.48371/PHILS.2024.4.75.005>

ҰЙҚАС ЖӘНЕ ОЙДЫ ТАҚПАҚТАП БЕЙНЕЛЕУ ТӘСІЛІ

Жылқыбекұлы Б.¹, Дәуітұлы Т.², Турсынали Ж.³, *Джельдыбаева Р.Б.⁴

¹Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті филология факультеті Астана, Қазақстан

²Қазақ Ұлттық Қыздар Педагогикалық Университеті, филология институты, қазақ әдебиеті кафедрасы, Алматы, Қазақстан

^{3,4}Абылай хан атындағы ҚазХҚ және ӘТУ, Алматы, Қазақстан

Аңдатпа. Өлеңтану саласында ұйқастың көркемдік мәні мен ырғақтық міндетін өлең тақырыбынан айқын ажырата алмағандығымыз себепті, өлеңді тануда көптеген қателіктер пайда болды. Ырғақ пен ұйқасқа түскен шумақтардың бәрі бірдей дарынды өлең деп есептелді. Сол негізде өлең өнерінің сыртқы құрылымдық жүйесі, атап айтқанда, буын, бунақ, ырғақ, ұйқас сынды өлеңнің сазды сарынын көрнектілендіретін ерекшеліктері баса назарға алынып, оның суреткерлік, образдылық және бүкпелеу сынды ішкі мәндік ерекшеліктері ойдан қағыс қалып отырды. Сөйтіп қазақ өлең өнерінің дамуы мен өркендеуінде сыңар жақтылы көзқарастар қалыптасты. Төрт жолдың басын ұйқастыра салып, бір шумақ өлеңді дүниеге әкелетін ақын болу үдерісі әдеби шығармашылық майданында көптен бері белең ала бастады. Ондай ақындардың шығармашылығына өлеңнің жоғары көркемдік өлшемі деңгейінде баға беріп, сын айту жоқтың қасы болды. Өйткені өлең теориясының зерттеп-зерделеу бағыты тек өлеңнің құрылымдық ерекшелігіне талдау жасаудан ары аса алмады. Тіпті, қара сөзбен жазылған эсселердің өзін прозалық өлең деушілер де күн сайын мольға түсті. Өлең мен қара сөздің ара жігін ажырата алмайтын ой-пікірлер пайда болды. Көркем әдеби шығармашылықтағы поэтикалық ерекшеліктер туралы көзқарастүсініктер солғындап, өлеңтануда қарабайыр пайымдар орын ала бастады. Ақындық өнер ретінде емес, кәсіп ретінде, өлең жазу жоғары деңгейдегі шығармашылық емес, «өндіріс» сарынында көзге түсіп отырды. Өлеңтану саласындағы осындай олқылықтарды ескере келе, нақтылы мысалдар мен фактілер негізінде өлеңтану саласына тың

өзгерістердің керек екенін ортаға қойған бұл ғылыми еңбек тақпақтар мен сарынды өлеңдердің және эсселердің ерекшеліктеріне ырғақтық негізде талдау жүргізіп, оның өлең өнерінде атқаратын рөліне баса назар аударып, ойды тақпақтап жеткізу барысындағы ырғақтың маңыздылығын бұлтартпас дәлел-фактілер арқылы айқындап береді.

Тірек сөздер: Өлең, тақпақ, ұйқас, ырғақ, сарынды өлең, дарынды өлең, лирика, ақындық тұлға, ойды бейнелеу тәсілдері

Кіріспе

Әрқандай бір заттың өзіндік түр-түсі, келбет-сипаты, пішін-бітімі болатыны секілді өлеңнің де өзіндік өлшемдері мен құрылымдық жүйесі бар екендігін нақтылы дәлел-дәйектер арқылы көрсете отырып, белгілі бір құрылымдық жүйесіз өлеңнің де дүниеге келмейтіндігін түрлі өлшемдер негізінде түрлерге айырып көрсетіледі. Осы негізде қазіргі қазақ өлең өнерінің дамуы барысында өлеңнің сыртқы өлшемдерінен гөрі, оның ішкі мәндік өлшем өрнектері мен құрылымдық жүйесі өлеңнің сапалық деңгейімен тығыз байланысты болып келетіндігі ашып айтылады. Сондай-ақ қазіргі қазақ өлең өнерінің құрылымдық, стильдік, тілдік және тұтынушылық өлшемдері төңірегінде ғылыми тұжырымдар мен пайымдаулар арқылы өлең өнерінің оқырмандардың рухани дүниесінен алатын орны мен өлеңде ой-сезімді бейнелеу тәсілдерінің түйткіл тұстарын анықтап беру бұл ғылыми еңбектің басты міндеті.

Ежелден өлең десе елендейтін қазақ қауымы үшін, өлеңсіз өмір сүру, мәнсіз өмір өткізумен бірдей болған. Қазақ халқының күнделікті қуанышы мен қайғы-қасіреті өлең өзегімен бірге өріліп, той-думандар мен жиналыс-басқосуларда өлең айтып, күй тарту ұлтымыздың ұлағатты дәстүріне айналғандығы бәрімізге аян. Тіпті тал бесікке таңылған сарыуыз сәбидің өзі де бесік жырының құлаққа құйылған құдіретімен дүние дүрмегіне көзін тырнап ашып, үңіліп, ол дүниеге аттанып бара жатқан маңғаз пенде де жоқтау өлеңнің күйзеліс күйімен аттандырылып, қара жер төсінен алған өзінің мәңгілік жайлы орнына өлең тыңдап жатып, жайғасатын болған. Халқымыздың өлеңге деген, міне, осындай ерекше құштарлығы ғасырлар бойы өзінің дәстүр жалғастығының арқасында Күлтегін сынды бірегей ойшылдар мен Асанқайғы сынды ақылгөй даналарды дүниеге келтірді. Сөйтіп қазақ өлең өнері жыраулық дәстүрмен жалғасып, қазақ хандығының мерейін асқақтата түсумен бірге, батырлық пен ерлікті, отаншылдық рух пен егеменді елдікті баса дәріштейтін алаш ақындарының арынды легін қалыптастырды. Қазақ өлең өнеріндегі бұл алаштық алып тасқын қазан төңкерісінен кейінгі қилы-қилы, құбылмалы, қитұрқы саяси ойындардың кесапатты кесірінен, өзінің арқыраған арынды ағысынан зобалаң сала келген зорлықты, билік күштің кесірінен оңай айрылып қалды. Еліміз егемендік алғаннан соң барып, қазақ өлең өнері өзінің аяғындағы шойын

тұсауын, мойнындағы мойылғы ажырғысын сыпырып тастап, жаңаша даму беталысына бет түзей бастады. Осы барыста арындап келе жатқан ақындарымыз бен кейбір әдебиеттанушыларымыз өлең өнерінің нендей өнер құбылысы екендігін меңгере алмай мең-зең болды. Әдебиет ең алдымен идеология үшін қызмет етеді деген қызыл империяның көне көзқарасы біздің талапкер жас буын ақындарымыз емес, тіпті, қолындағы қаламының ұшы қозға айналып, айналасына едәуір таныла бастаған ақындарымыздың миына бұрынғыдай көне сарынмен сіңе бастады. Сондықтан қазақ өлең өнеріне жаңаша түсінік-көзқарас орнату - алаш ақындары жетік меңгерген өлеңдік түсінігімізді таза ұлттық негізде, қайтадан қалпына келтіру қажеттілігі дәл қазіргі күнде туындап отыр. Осы қажеттілік жөнінде егжей-тегжейлі пікір айтып, көзқарас білдіру осы зерттеу жұмысының ең негізгі түйіні болмақ. Сол себепті біз бұл зерттеу жұмысының өзектілігі де дәл осында деп, кесіп айтуымызға болады.

Өлеңтану ғылымының бастау-көзі өте ерте замандардан басталса да, бірақ күні бүгінге дейін өлеңнің нендей өнер құбылысы екендігі жөнінде бір жүйеге келген, ортақ анықтамалық көзқарас әлі күнге дейін қалыптаспай отырғандығы бәрімізді қынжылтады. Өлең өнері туралы әр дәуірде, әр елде әр түрлі түсінік-көзқарастар пайда болды. Тіпті, өлең туралы анықтама беруден бойын аулақ салуға тырысқан көрнекті ақындар мен өлеңтанушылар қаншама! Сондықтан бұл зерттеу жұмысының ең негізгі ғылыми жаңалығы - жалпы қазақ қауымы арасында өлең деген түсінікті тақпақпен шатастырып жүрген жаңсақ түсінікке тойтарыс беріп, нағыз, дарынды өлең анықтамасының қандай деңгейде қалыптасып отырғандығын айқын көрсетуді қарастыру. Қазақ өлең өнерін басқа танымдық салалармен жан-жақтылы салыстыра отырып, ондағы өлең емес ұғымдарды анықтап шығу, сонымен бірге қазақ өлең өнерінің өзекті өлшемдерін айқындау арқылы, өлеңге қойылатын талап пен талғамды теориялық жақтан бір жүйеге түсіру және қазақ өлең өнеріне жаңаша бір жасампаздық леп пен лек әкелудің ұтымды жолдарын іздеу дәл осы біз тілге тиек етіп отырған ойды тақпақтап бейнелеу тәсілін нағыз өлең шығармашылығынан айырып қарастырумен тікелей байланысты. Сол арқылы өлең деген киелі өнердің ішкі сиқырлы сыры мен мәнді мәйегіне терең бойлау арқылы, қазақ өлең өнерінде өлең деген ұғымның анықтамасының қалыптасу жағын жан-жақтылы қарастыру бұл зерттеу жұмысының басты жаңалығы болмақ.

Материалар мен әдістердің сиппатамасы

Қазақ өлең өнерін зерттеп-зерделеу барысында өлең теориясының негізгі қағидалары мен заңдылықтарынсыз әрқандай бір өлеңнің болмысына баға беру қиынға түсетіні белгілі. Бұл мақала да әне сондай қазақ өлең өнерін өлең теориясы тұрғысынан зерттеу әдісін

қолданды. Мақалада өлеңнің түр-пішіні мен мән-мағынасы жақта өлең шумақтарында қолданылған ырғақ пен ұйқасқа қатысты материалдар негізінде өлең теориясында өлең туралы кейбір жаңсақ түсініктердің пайда болу жағы қарастырылып, қазақ ақындарының маңдайалды жырлары мен тақпақ сипатты өлең-жырлары талдап-іріктеліп, олардан мысалдар алынды. Ахмет Байтұрсынұлының «Әдебиет танытқыш» атты еңбегінен бастап өлең теориясын зерттеп-зерделеген ғылыми еңбектердегі өлең туралы ой-пікірлер сарапқа салынды. Сонымен бірге өлең теориясына қатысты ғылыми еңбектер жазған А. Байтұрсынов, Ж. Аймауытов Қ. Жұмалиев, Е. Ысмайылов, М. Қаратаев, З. Ахметов, З. Қабдолов, Р. Нұрғалиев, М. Мырзахметов, С. Негимов, К. Мырза Әли және Т. Шапаев қатарлы көрнекті әдебиеттанушы ғалымдарымызбен бірге В. Г. Белинскийдің және қытайдың көрнекті өлеңтанушы оқымыстылары У Сыжиң, Хуаң Гаң қатарлылардың поэзия туралы жазылған іргелі еңбектері мен жүйелі ой-пікірлері ғылыми еңбегімізге теориялық және методологиялық негіз болды. Сондай-ақ қытай тілінде жарық көрген өлең өнері туралы дерек көздері мен қытай қазақтарының ақындары және еліміздегі әр деңгейлі ақындардың мерзімді басылымдарда жарияланған өлеңдері мен жыр жинақтары бұл ғылыми еңбегіміздің дерек көзіне айналды. Мақаланы жазу барысында кешенді зерттеу, мәтіндік талдау, ақындық стильді салыстыру және өлең өнерінің мәндік ерекшеліктеріне сипаттама беру қазақ ақындарының өлең ырғағы мен ұйқасты қолдану жағына қарай отырып, олардың қазақ поэзиясындағы шығармашылық орнын белгілеу жағы да бұл зерттеу еңбегінде қарастырылды.

Зерттеу жұмысында баяндау, талдау әдістерімен қоса, салыстыру әдісі де қолданылды. Әсіресе қазақ поэзия жанрын аталмыш тақырып аясында зерттеудің маңыздылығы ақынның эстетикалық талғамы, стильдік даралығы, оқырмандардың өлеңнен ләззаттану жақтағы белсенділігі шығармашылықта ерекше орын алатындығы жөнінде нақтылы тұжырым жасалды. Зерттеу барысында өлең эстетикасының көркемдік көкжиегі тарихына ден қойылып, өлең өнерінің міндеттері мен оқырман алдындағы жауапкершілігі де сөз болды. Өлеңдегі ұйқас пен ырғақтың өлең шумақтарында қолданылуы және олардың түршілдік тұрғыда көзге түсу жағы да назарға алынды. Бүгінгі таңда өлең шумақтарындағы ұйқас пен ырғақтың өлеңде қолданылуын жаңаша көзқараспен танып, эстетикалық тұрғыда заманауи қажеттіліктер арқылы сипаттап, қазақ руханиятының құндылықтарын тереңірек сезіну қажет болып отырғаны белгілі. Сондықтан сарынды өлең емес, дарынды өлең өнері бойындағы эстетикалық көзқарас ерекшеліктерін оқырманға түсіндіру қажеттілігі туындап отыр. Сөйтіп бұрынғы өлеңтанушылар мен зерттеушілер жағынан назарға алынбаған кейбір теориялық түйіндерді бұл ғылыми еңбектің бойынан байқауға болады. Өйткені қазіргі заманда

өлеңтанудың жаңаша қабылдау түйсігін қалыптастыру жағы басым орынға шығып келе жатқандығы бәрімізге белгілі.

Талқылау мен нәтижелер

«Сөзге қанат байлап ұшыратын, оның салмағын сездіретін әрі сездірмейтін де – ұйқас» [1, 142 б.] екендігі рас. Алайда ұйқас өлеңнің сазды ырғағын күшейтіп, өлеңдегі сезім мен ойдың шоғырлы бейнеленіп, түйінделуіне өте зор көмегін тигізеді. Бірақ ол өлеңнің кем болса болмайтын бірден-бір, ең негізгі ерекшелігі бола алмайды. Өйткені қытай ақыны Дай Яншу: «Өлеңде ұйқас пен өлең қалыбына түсетін сөз-сөйлемдерге бас ұру, өлеңнің табиғи сезім ағысын бөгеп, оның келбетті бет-бейнесін қалыпсыздандырады» [2, 12 б.] деген көзқарасты, қытайдың бір қалыптан бір сүйем ауытқымайтын «төрт бұрышты» көне өлең түрін қирату мақсатында алға қойған болатын. Осы орайда, әлемге әйгілі бірқатар өлеңдердің де ұйқассыз-ақ дүниеге келгендігін айта кету артық болмас. Мысалы, Американың әйгілі ақыны Уолт Уитменның «Жапырақтар» атты өлеңдер жинағы мен қытайдың көрнекті ақыны Ай Шиңнің «Даяң өзені - менің анам» [2, 12 б.] атты дастаны бүкілдей ұйқассыз жазылған жырлар екендігі бізге мәлім. Ал қазіргі қазақ өлең өрісінде ұйқассыз өлеңдер «Ақ өлең» деген атпен аталып жүргендігі көпке жария жайдың бірі. Бұл ойымызға дәлел ретінде талантты ақын Ұлықбек Есдәулетовтің «Ақкеруен» жинағындағы мына бір өлең шумақтарын көлденең тартуға болады.

Өшіріп жатыр суретші
Қағазға түскен кескіннің
Көңілге кеміс көрінген
Керексіз, құнсыз тұстарын.
Өшіріп жатыр бет жүзін
Күлгені үшін өтірік,
Өшіріп жатыр көздерін
Қарағаны үшін қастықпен.
Немесе:
Сусамырды суарған
Шөлейттегі шыңырау.
Сырты аппақ, іші саз
Менің жаным секілді [3, 77 бб.].

Бұл үш шумақ өлеңнің бойынан ұйқас тұрмақ оның көлеңкесін де кездестіре алмағанымызбен, олар оқырмандарын образды ойнақылығымен баурап, өзінің әдемі өлең екендігін әйгілеп тұр. Оның себебі ақын онда өлеңнің ұйқастық қағидасына сүйенбей-ақ, өзінің ішкі жан дүниесін өлеңнің тұңғыық құрылымына суша сіндіріп жіберген. Өйткені «қазақтың көне поэзиясында дәл бүгінгі мағынадағы ұйқас шамалы, күдіретті Қазтуған, Шалкиіз туындыларын ішкі ұйқас, басқы

ұйқас, сан алуан бояуларын ой ұстап тұр. Батырлар жырын, билер толғауын, термелерді алыңыз, дәл осы құбылыстар қайталаанады. Ендеше қазақ поэзиясына ақ өлең сырттан келген кірме емес, өз топырағында бар, ежелден келе жатқан қазына» [4, 129]. Сондықтан бұл шумақтарды ұйқассыздығына қарап өлең емес деуге болмайды. Оның керісінше мына бір шумақты өлең деуге бола ма, жоқ?!

Анадан алдың қанша жол.

Мынадан алдың қанша бет.

Онан да санын қамтып мол

Кассада ала салсаң ед [5, 292 б.].

Бұл шумақты «жол» мен «мол», «қанша бет» пен «салсаң ед» деген сияқты шымыр ұйқастар, оны сыртқы түр жақтан өлең қатарына қосып тұрғанымен, өлеңнің ішкі мәні суыққол бір ақынға ана ақыннан қанша жол, мына ақыннан қанша бет өлең ұрладың? Өйтіп күн көргенше, өлеңді кассада молырақ сатып алсаң болмас па еді?! - деп, ол ақынның дегдар кейпіне ескерту жасайды. Бұл «өлең» ой-сезім мен елестен, бүкпелеу мен ақындық тұлғадан әрі образды да ойнақы, суретті тілден мүлде алшақ. Тіпті, ондағы «Өлеңді кассада ала салсаң болар еді» деген секілді ешбір ақылға сыймайтын қисынсыздықты көргенде төбе шашың тік тұрады. Бұл жайт С. Торайғыровтың «Қазақ тіліндегі өлең кітаптары жайында» деген мақаласында Абай мен А. Байтұрсынұлының және М. Дулатовтың көңілге қонымды өлең шумақтары мен жолдарына сүйіне келіп: «Күндікке ізденіп, өзіңше ойыңнан ұйқасыңқырап шыққан керекті, керексіз сөзді «өлең» деп қуанып жаза беру - дерті жоқ кісінің ыңқылдағаны, толғағы жоқ қатынның бебеулегені қандай жексұрын болса, бұл да сондай жексұрын болады. «Қисынсыз қышқырған неткен тантиқ» деп Абай айтқанның кебіне ұшырап жүргендер көп» [6, 142 б.] деген жүйелі пікірін еске түсіреді. Сондықтан бұл шумақтың ұйқасы қанша шымыр әрі мінсіз болғанымен, оған қарап, оны өлең деп айтуға ауыз бармайды. Өйткені ұйқас суреттеу мен бүкпелеуден және лирикалық жан сезімнен айырылып қалатын болса, онда ол жалаң ойды ғана бейнелейтін баяндау сипатындағы бейнелеу тәсіліне айналып қалады.

Әдебиеттанушы Әбділда Тәжібаевтың: «Ұйқас - ақынның өзі, оның ойы, сезімінің жанды толқыны, ауыр еңбектің жемісі» [7, 303 б.] дегені секілді ұйқас ақынның «жеңілдің астымен, ауырдың үстімен» жүруін көтермейтін, өлеңнің ішкі жан дүниесімен тікелей байланысып жататын күрделі құрылым. Академик Зейнолла Қабдолов айтқандай: «Ұйқас - өлеңнің сыртқы түріне ғана емес, ішкі сырына тікелей қатысты нәрсе, яғни өлеңнің сыртқы сұлулығы үшін ғана емес, ішкі жылуы, қызуы үшін де ауадай қажет нәрсе» [8, 278 б.]. Сол себепті ұйқасқа түскеннің бәрін бірдей өлең санайтын қарабайыр көзқарастың дұрыс емес екендігін, «ұйқасқа түсіріліп, буын саны түгелденіп, бір ырғақта

оқылатын дүниенің бәрі өлең емес» [9] деген пікірді тағы бір рет дәлелдейді. Сондықтан біз өлең ұйқасына өлең анықтамасы тұрғысынан емес, қайта өлеңнің өзекті ерекшеліктерін құрайтын сан қырлы көркемдегіш құралдардың тек біреуі ғана деп қарауымыз керек. Сол тұрғыда қазіргі қазақ өлеңіндегі ұйқас туралы жаңсақ түсінікке өзгеріс енгізу қажет болып отыр. Яғни біз ұйқасты баяндау, пайымдау, суреттеу, лирика секілді ойды ойға жеткізудің бір тәсілі ретінде қарастырғанымыз жөн секілді. Бұған мысал ретінде ұйқаспен жымдасып келетін мақал-мәтелдер мен жұмбақтарды және тақпақтарды, сонымен бірге тақпақтың айналасында жүрген сарынды өлеңдерді көлденең тартуға болады.

Ынтымақсыз елді ұрысы билейді.

Ынтымақты елді дұрысы билейді.

Тірлік басқа болса да, тілек бір.

Бармақ басқа болса да, білек бір.

Итпен ит ырылдасса, тамағының тоқтығы.

Жігітпен жігіт қырындасса, ынтымағының жоқтығы.

Жері азған елде тоқшылық болмайды.

Ері ынтымақты елде жоқшылық болмайды - деген секілді мақалдардағы ұйқастар ойды белгілі дәрежеде тақпақтап бейнелеуге жетелеп тұр. Егер бұл мақалдардағы ұйқастарды алып тастайтын болсақ, онда мақалдар өзінің өміршеңдігінен айрылылады. Тіпті, олар пайымдау сипатындағы құрмалас сөйлемге өзгеріп, оқырманға немесе тыңдарманға ешқандай әсер ете қоймайды. Сөзіміз дәлелді болу үшін мына бір мақалдың ұйқасын өзіне мәндес сөздермен алмастырып, одан соң оқып көрейік.

Ынтымақсыз елді ұры-қары билейді.

Ынтымақты елді адамгершілігі мол, білімді адам билейді.- дейтін болсақ, онда бұл мақал мақал емес, екінің бірі айта білетін әдеттегі пайымдауға айналып қалады. Сондықтан бұл арадағы ұйқас ойды ойға тақпақтау арқылы жеткізіп тұрған тасымалдаушы тәсіл екендігін аңғарамыз. Сол секілді мына бір жұмбақта да ұйқас ойды тақпақтап бейнелеуші тәсіл ретінде көзге түседі.

Күндіз жатып, түнде ұшып,

Жерден тышқан аулайды.

Болмаса ғой біз тұмсық,

Мысықтан бір аумайды (үкі) [10, 215 б.].

Бұл жұмбақтағы «түнде ұшып, біз тұмсық немесе аулайды, аумайды» қатарлы ұйқастарды алып тастап, оны қара сөзге айналдыратын болсақ, онда ол баяндау тәсіліндегі сөйлемдер тізбегіне айналып қалады да, оның мазмұнында ешқандай өзгеріс болмайды. Тек тақпақтық қасиеті жоғалады. Ойды ойға тақпақтап жеткізу тәсілінен баяндау тәсіліне ауысады. Сол секілді

Асың, асың, асыңа,
Береке берсін басыңа!
Бөденедей жорғалап,
Қырғауылдай қорғалап,
Қыдыр келсін қасыңа!
Сенен байлық өтпесін,
Тәңірі берген берекең
Тепкілесе кетпесін.
Желіңнің екі шетіне,

Тай шаптырса жетпесін! – деп келетін бұл батаны да ұйқастан айырып тастасақ, «асыңа береке берсін, Қыдыр ата қасыңа келсін, байлық сені айналып өтіп кетпесін, Тәңір берген берекең біреу зорлық көрсетсе де, сенен алыстамасын, биебауыңның желісі ұзын болсын, құлын-тайың көп болсын» деп келетін ниет пен тілекті білдіретін дастархан басындағы тілек немесе тост сипатындағы қарасөз шоғырына айналып қалады да, баталық беделін жоғалтады. Сөйтіп бұл батаның да ұйқастың тақпақтау тағылымымен қатысты екендігін аңғарамыз.

Келеді ұшып бір топ қаз,
Суалып көлі болып саз.
Ескі жерге оралмақ,
Мұны білмей жалғыз қаз.
Есенсіз бе, жүз қаз,

Деді келіп бір қаз.
Мойнын бұрып бастаушы,
Білдірді оған былай наз.
- Топқа тағы осындай
Жетпей түр ғой қосылмай.
Оның және ширегі,
Болсын жарты керегі.
Өзің жалғыз кезіккен,
Қосыларын сезіп пе ем?!
Бәрін бірге жинайық,
«Жүз» атауын сайлайық,
Қанша едік баста біз?
Деп Сізді де қинайық.

«Жүз қаз» есебі деп аталатын, жауабы 36 қаз болып шығатын қазақтың бұл қара есебі де былай қарағанда өлең. Алайда оның мазмұны ой жүгіртіп, есептеуді талап ететін кәдімгі есеп. Оның пішініндегі ұйқас, ырғақтарына қарап, бұл әдемі өлең десек дұрыс бола ма? Әрине, дұрыс болмайды. Өйткені бұл есептік «өлеңде» бейнеленген мазмұн басты орында тұр. Өлең түрі сол мазмұнды бейнелеп көрсету үшін қызмет атқарып отырғандығы анық. Сондықтан «Жүз қаз» есебі атты

бұл халық туындысы ойды бейнелеу барысында баяндау сипатында емес, тақпақтау тәсілін пайдаланып отырғандығы белгілі деуге болады.

Енді «Күшігім» деп аталатын балаларға арналған мына бір тақпақты оқып көрейік:

Есті менің күшігім,
Жатырқауды білмейді.
Мазасын ап кісінің
Құр бекерге үрмейді.

Тыныш жат деп орнында,
Қойғам оған тапсырып.
Ал бұзақы болдың ба,
Күтпе одан жақсылық [10, 200 б.].

«Жатырқауды білмейтін менің ақылды күшігім елдің мазасын алып бекерден-бекер үрмейді. Мен оған үйшігінде тыныш жат деп тапсырма беріп қойғанмын. Егер сен бұзақылық істесең, ол сені қауып алады» – деген ойды ойға жеткізіп тұрған екі шумақ тақпақты барлық ұйқасынан айыратын болсақ, онда бір шоғыр қарасөз қатары туындайды да, бұл тақпақ тақпақ емес, әңгіме желісіне айналып қалады. Сөйтіп тақпақтау құрылымды ойды ойға жеткізу пішіні баяндау тәсілімен әңгімеге айналады. Жылпы «балалар поэзиясындағы өлең – балаларға арнап жазылатындықтан идеясы тәрбиелік мақсатқа негізделетін, поэзиялық формадағы көркем шығарма. Балаларға арналған өлең лирикалық мазмұнмен ғана шектелмейді, қажет болған жағдайда эпикалық, драмалық сипаттарда еркін қолданыла береді. Негізгі ерекшелігі – поэзиялық формада берілген көркемдік мазмұнның қандайда бір тәрбиелік мақсатқа қызмет етуі» [11, 90 б.]. Сол себепті балаларға арнап жазылған өлеңдердің денін тәлім-тәрбиелік мәні бар тақпақтар құрайды. Ал тақпақ дегеніміз ырғақ пен ұйқасты ойды бейнелеу тәсілі негізінде пайдаланатын әрі көркемдік амал ретінде қолданатын «поэзиялық форма» екендігі бізге жасырын емес.

Бұл ойымызды одан ары дәлелдеу үшін Тоқтарәлі Таңжарықтың «Мазасыз түн» атты мына бір өлеңіне назар аударып көрейік.

Шошимын түсіме еніп,
Дәруіштердің сараң ғұмыры.
Ұйықтайды жанарымның ішіне еніп,
Әлемнің бар қараңғылығы.
Қиялдың жүйрік атымен
Барып кеп балашағыма.
Түнеріп тағы да отырам
Бал ашып болашағыма.
Бастайды мені ойға сан
Батқан құндыз – күн.

Тағдыры жайлы толғатам
Аққан жұлдыздың.
Қашан бір осы тұманнан
Айығар алап.
Жетім жер үшін мұңаям,
Айыма қарап...
Сиқырлы самал өсегін
Таратқан лезде.
Талықсып қалғып кетемін
Таң атқан кезде [12, 20-21 бб.].

Бұл өлеңдегі лирикалық меннің түсіне дәруіштердің сараң ғұмыры кіріп, әлемнің бар қараңғылығы жанарының ішіне ұялап, ұйқыға басып, қиялдың жүйрік атына мініп, балалық шағына барып-келіп жүреді де, болашақ өмірі үшін өзіне өзі бал ашып, түнеріп отырады. Батқан күн терең ойға жетелеп, аққан жұлдыздың тағдыры жайлы ой толғап, қиял қызығына еріп, толғатып отыратын лирикалық мен айналам тұманнан қашан айығады екен деп, аспандағы Айға қарап, жетім жердің тағдыры үшін мұңайып отырып, таңғы самал өсек айтып, өрлі-қырлы шақпылаған кезде барып талықсып, қалғып кетеді. Аталмыш өлеңдегі ұйқастарды алып тастап, қарасөзге айналдырған кезде де, ол өзінің өлеңдік қасиетін жоғалтпай тұрғандығы бізді таңдандырмай қоймайды. Ондағы «Дәруіштердің сараң ғұмыры», «Әлемнің бар қараңғылығының ақын жанарының ішіне еніп ұйықтауы», «Қиялдың жүйрік атымен балалық шағына саяхаттап, барып келуі», «Болшағына бал ашып, түнеріп отыруы», «Батқан Күн мен аққан Жұлдыз тағдырының лирикалық менді ой-толғам иіріміне бастауы», «Жетім жер тағдыры үшін Айға қарап, мұңаюмен бірге айналаны бүркеген қалың тұманнан қашан құтылатындығы жайлы енжарлығы», «Сиқырлы самалдың өсек таратуы» сынды жан дүниенің ойран-топыр арпалысынан соңғы «Лирикалық меннің қалғып кетуі» қатарлы суретті де көркем образды көріністердің бәрі де бұл өлеңнің тек ұйқас құдіретімен кеуде керіп тұратын тақпақ немесе сарынды өлең еместігін айқын дәлелдеп тұр. Өйткені өлеңнің тұтас тұлғасында «түсіме еніп, ішіне еніп, сараң ғұмыры, қараңғылығы» деген секілді ұйқастардан тыс эпитет, кейіптеу сынды ойды ойға көркемдеп жеткізетін көркемдеу амалдары нақтылап айтқанда стилистикалық бойнаулар барынша ұтымды қолданылған. Бұдан тыс өлең құрылымының логикалық қисындылығы мен лирикалық меннің айтар ойын төте айтпай, суретті елестердің емеуріні арқылы бүкпелеп жеткізуі де оқырманның ойынан шығып отыр. Бұл өлеңнің сыртқы кескін-келбетінің ырғақты бояуы болған ұйқас қана емес, ішкі иірімі аясындағы өзара жымдасқан ойды көркемдеп жеткізудің көп жақтылы амалдары да жұдырықтай жұмылып, өлеңнің дарынды өлең болуына қолғабыс еткендігі белгілі болып отыр. Сөйтіп өлең бір

ғана ұйқас емес, көп жақтылы көркемдеуіш амалдардың туындысы екендігін ойға салып тұрғандай түйсік береді. Сондықтан өлең өнерін тек ұйқастың уысына ғана тастап беру көркем әдебиеттегі түршілдіктен басқа еш нәрсе емес деп айтуға болады.

Қазіргі қазақ өлең өнерінде түршілдік белең алып отырған бүгінгі күнде дарынды өлең мен сарынды өлеңнің аражігін ажырата білу өлеңтанудың ең басты түйіндерінің бірі болып отырғаны бізге жасырын емес. Өйткені «ақынның суреткерлік дәрежесі мен сөз қолдану мәдениеті де, оның шығармаларының көремдік сипаты да қолданылған сөздердің жалаң сандық молдығынан емес, ішкі ой сұлулығын бедерлік үйлесімді сөз асылын сұрыптап, талғап қолдана білуі арқылы танылады» [13, 170 б.]. Сол себепті жоғарыда біз тілге тиек етіп отырған өлең дарынды өлеңге тән өзіндік қағидаларды сақтамаған болса, онда ұйқастарынан айырылған кезде-ақ ол сарынды өлеңге айналып шыға келген болар еді.

Әпкетайым, әкемнің қарындасы,
Ерке ініңнің сәлемін қабылдашы.
Көп болды, - деп, - ат ізін салмағалы,
Отырсың ба үйінде балыңды ашып?

Furthermore, in the process of our research we applied observation analysis, where we could observe and analyze pragmatic intentions of the adolescents' communication. With componential analysis, we also figured out the reason of their choosing a certain word. Interpretative analysis assisted us how the adolescents attempted to influence their interlocutors. Contextual analysis served well enough in defining the sphere of their communication.

Results

As the outcome of observing the adolescents' Facebook communication we detected that mostly "wordplays" served as impetus for delivering their pragmatic intentions. As "wordplay" we convey online interlocutors speech behavior based on a conscious deviation of language norms, destruction of speech norms. Destructing these norms, they create non-canonical language forms and structures, which as a result acquire expressive meaning and evoke aesthetic and stylistic effects on their interlocutors. In the result of observing the adolescents' virtual communication on Facebook we detected the following wordplays on different levels of language:

For example in the fragment «*Все будет кока-кола, вот увидишь (Vse budet coca-cola, vot uvidish')*» a VLP follows pragmatic intention of calming down his interlocutor, wishing his interlocutor not worry about something. He uses actively advertised on TV target as a source for his wordplay.

In the «*Ты был в контр-страйке в классе вчера? (Ty byl v kontr-*

straike v klasse vchera)» a slang “контр-страйк” meaning “conflict situation” originates from popular among adolescents online play “Counter Strike”. Using this slang in his wordplay VLP pursues pragmatic intention of attracting attention.

The same pragmatic attention is pursued in «*Запомни, завидуй молча* (*Zapomni, zavidui molcha*)» quoting a popular film among teenagers.

Pragmatic intention of evaluating his counterpart’s case is present in the fragment “*Все, ты лузер* (*Vse, ty luser*)”, where “лузер” in the meaning “concede a game” is derived from English “to lose”.

In the fragment «*Слышь, зарядись по полной* (*Slysh', saryadis' popolnoi*)» an adolescent is not only playing with words meaning “having his mobile phone charged fully” but also pragmatically attracts the addressee to the advertisements of fitness centers or Papa Grill Crisps which are understood as being capable to energize a person fully.

Pragmatic intentions of VLP are featured in brevity of linguistic means with help of different shortened and diffused words, as in «*Чел, убегай от меня* (*Chel, ubegai ot menya*)», «*Ты ходишь в теслу и пенету?* (*Ty chodish v teslu or repetu*)», «*Как дела? – Нормас.* – (*Kak dela? – Normas*)» and «*Бро, будешь играть Роблекс?* (*Bro. budesh' igrat' Roblex*)». In these examples “чел” stands for “человек – a man”, “пенет” for “пенетитор – a tutor”, «normas» is diffused form of *normalno - ok* and “bro” is shortened form of “brother”.

In the following sentence «*Не тормози, сникерсни!* – *Ne tormози, snickersni!*» the author pragmatically calls his addressee not to retard in something but have a bite of a candy Snickers in order to energize himself/herself. Pragmatic intention is expressed with help of well-known advertisement in order to stimulate his addressee.

More interesting pragmatic intention is revealed in «*Это было просто краш.* – *Eto bylo prosto crash*, where “crash” differing from its original negative meaning “collapse, failure” acquires a positive meaning of resulting something on “superb, perfect” level according to the author’s pragmatic intention to impact his interlocutor emotionally.

Discussion

The outline of the above-scrutinized theoretical review and the pragmatic and structural analyses of extracts from virtual discourse texts allow us to draw the following assumptions:

- Virtual discourse should be studied in the triangle “Online discourse – Text - VLP”, where one should first highlight differing features of online discourse from other types of discourse, secondly text of online discourse also demands subtle view as is a debatable topic and thirdly VLP requires to be imparted underlining linguistic online competencies;

- Discourse attracting more interests can be grouped into several kinds, among which virtual discourse being the most relevant and promising direction in modern pragmalinguistics;
- Virtual discourse is becoming very popular among adolescents where the younger generations socio- and pragmatic strategies are clearly seen;
- Adolescent discourse reflects innovative, pragmalinguistic and sociocultural changes in society, education and culture, which can be studied through expressions of their intentions;
- The younger generations' choice of vocabulary can be characterized by informality, language brevity, emotional coloring and deviations of language norms;
- Lexemes of younger generations analysed from the point of pragmalinguistics indicate favoring informal, emotional expressed, deviated from the norm and shortened words are resulted from such *pragma-linguistic strategies* of VLP as
 - to attract and interest their interlocutors;
 - endeavoring the communicants;
 - striving aesthetic impact online environment, etc.

Conclusion

Communication online is an important challenge for investigation in contemporary linguistics. Although study of discourse is one of the most actively developing areas of modern linguistics, but many questions remain debatable regarding the essence of this phenomenon and its types, in particular virtual discourse.

Summing up we can state that our attempt to investigate the adolescent virtual discourse from the point of pragma-linguistics clearly indicated pragmatic strategies of the interlocutors expressing their pragmatic intentions. Moreover, the achieved goal of this study has convinced us that VLP's linguistic competencies is worth enough to draw scholars' attention deeper, as adolescent VLP's language competencies appear to be alarming due to the fact expressing pragmatic intentions they are linguistically limited appealing to informal words, slangs in general.

Linguistic limitations of adolescent VLP applying mostly slangs addressing their pragmatic intentions cause some risk for literacy of the whole society, as the adolescents are future of the society.

Further, this study is eager to be continued in the framework of investigating pragmatic strategies of other kinds of discourses, as educational discourse, political discourse, scientific discourse, etc.

REFERENCES

- [1] Kojina M.N. Razmyshlenia nad voprosom o sootnošenii funkcionälnoi stilistiki i diskursnyh issledovani (s rechevedcheskih pozisi) [Reflections on

the issue of the relationship between functional stylistics and discourse studies (from speech science perspective)]. *Stylistyka XIV, Stylistyka i Kozyna*. – Opole, 2005. – S. 61–75. [in Rus]

[2] Chernjavskaia V.E. Ot analiza teksta k analizu diskursa: nemeckaja shkola diskursivnogo analiza [From text analysis to discourse analysis: German school of discourse analysis] // *Filologicheskie nauki*, – Moscow, 2003. – 267 s. [in Rus]

[3] Gijomu Zh. O novykh priemah interpretacii [About new methods of interpretation] / Zh. Gijomu, D. Mal'did'e // *Kvadratura smysla: Francuzskaja shkola analiza diskursa*. – Moscow: «Progress», 1999. – S. 124–136. [in Rus]

[4] Teun A.V.D. *Critical Discourse Analysis*. <https://doi.org/10.1002/9781118584194.ch22>

[5] Patjukova R.V. Raznoaspektnaja korreljacija kategorial'nyh oblastej diskursa i kommunikacii [Multidimensional correlation of categorical areas of discourse and communication] // *Filologicheskie nauki. Voprosy teorii i praktiki*. 2011. – № 2 (9). – S. 129–132 [in Rus]

[6] Karasik V.V. *Jazykovoj krug: lichnost', koncepty, diskurs* [Language circle: personality, concepts, discourse]. – M.: GNOZIS, 2004. – 389 s. [in Rus]

[7] Ivanova S.V. *Politicheskij media-diskurs v fokuse lingvokul'turologii* [Political media discourse in the focus of cultural linguistics] // *Politicheskaja lingvistika*. – 2008. – № 1 (24). – S. 29–33. [in Rus]

[8] Shpetnyj K.I. *Pragmaticheskie parametry professional'nogo diskursa (na materiale BBC News* [Pragmatic parameters of professional discourse (based on BBC News] / *News Front Page*) // *Vestnik MGLU*. – 2010. – № 596. – S. 214–234. [in Rus]

[9] Kazbekova M.K. *Genres of Virtual discourse // azykove obrazovanie v Kazahstane i v mire: Voprosy kachestva i ocenivaniya: Sbornik materialov X mezhdunarodnogo nauchno-metodicheskogo seminaru*. – Astana: IP «Bulatov A.Zh», 2023. – P. 156–161. [in Engl.]

ВИРТУАЛДЫ ДИСКУРСТЫҢ ПРАГМАТИКАЛЫҚ СТРАТЕГИЯЛАРЫ

Казбекова М.К.¹, *Султанбекова С.А.²

^{1,2} Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті
Астана, Қазақстан

Аңдатпа. Интернет-дискурс әлем ғалымдарының қызығушылығымен туғызғанмен, салыстырмалы түрде жаңа зерттеу саласы болып саналады. Онлайн дискурстың ерекше назар аударуды қажет ететіндігі даусыз. Осы себептен бұл мақала виртуалды дискурстың маңыздылығын саралауға бағытталған. Жасөспірімдер виртуалды

дискурсының прагматикалық стратегияларын нақтылау біздің онлайн дискурсқа деген қызығушылығымызға себеп болды.

Бұл зерттеудің басты мақсаты виртуалды дискурстағы прагматикалық стратегияларды анықтау. Аталған мақсатқа қол жеткізу үшін виртуалды тілдік тұлғаның болмысын ашу, дискурсты саралау, оның түрлеріне тоқталу және виртуалды дискурс коммуниканттарының прагматикалық стратегияларына талдау жасау сияқты міндеттер жүзеге асырылды. Виртуалды дискурстың прагматикалық стратегияларын анықтау үшін мақала авторлары орыстілді жасөспірімдердің виртуалды дискурстағы мәтіндерінің үзінділеріне жан-жақты лингвопрагматикалық талдау жасады.

Зерттеу сипаттамалық әдіс, контекстік талдау, компоненттік талдау, интерпретациялық талдау әдістері сияқты лингвистикада қалыптасқан дәстүрлі әдістер арқылы жүзеге асты. Бақылау тәсілі онлайн мәтіндерді прагмалингвистика тұрғысынан қарастыруда қолданылса, сипаттамалық әдіс онлайн мәтіндердегі коммуниканттардың прагматикалық ниеттерін сипаттауға мүмкіндік берді. Контекстік талдау әдісі арқылы біз қарым-қатынас аясын анықтап, компоненттік әдіс арқылы таңдалған тілдік құралдарды компоненттерге бөліп қарастырдық. Коммуниканттардың прагматикалық стратегияларын нақтылау үшін интерпретациялық талдау әдісіне жүгіндік.

Мақаланың басты нәтижесі - жас жеткіншектердің қысқы демалыс уақытындағы виртуалды дискурстың бір жанры ретінде Facebook желісіндегі қарым-қатынас мәтіндеріндегі прагматикалық стратегияларының анықталуы болды.

Мақаланың ғылыми нәтижесі ретінде жас жеткіншектердің виртуалды дискурстағы прагматикалық стратегияларының анықталуы зерттеудің практикалық маңыздылығын құрай отырып, дискурс саласындағы зерттеулерге қызығушылық танытатын студенттерге, жас ғалымдарға көмекші құрал бола алады.

Тірек сөздер: дискурс, виртуалды дискурс, прагмалингвистика, антропоцентристік парадигма, виртуалды тілдік тұлға, коммуникация, Facebook, сөз құбылысы, прагматикалық стратегиялар

ПРАГМАТИЧЕСКИЕ СТРАТЕГИИ ВИРТУАЛЬНОГО ДИСКУРСА

Казбекова М.К.¹, *Султанбекова С.А.²

^{1,2} Евразийский национальный университет
имени Л.Н.Гумилева, Астана, Казахстан

Аннотация. Анализ онлайн-дискурса считается относительно новой областью исследования, хотя он привлекает внимание ученых со

всего мира. Очевидно, что онлайн-дискурс заслуживает особого внимания. Следовательно, данная статья посвящена важности виртуального дискурса. Наш интерес к онлайн-дискурсу был стимулирован прагматическими стратегиями подросткового виртуального общения.

Таким образом, данное исследование направлено на выявление прагматических стратегий виртуального дискурса. Для достижения этой цели были предприняты попытки рассмотрения дискурса, его видов и прагматических намерений участников виртуального дискурса, а также выявление феномена виртуальной языковой личности в некоторой степени. Для определения прагматических стратегий виртуального дискурса авторы обратились к выдержкам из текстов онлайн-общения русскоязычных подростков.

Методология исследования основана на традиционных лингвистических методах, таких как метод наблюдения, который позволил нам рассматривать онлайн-тексты с прагмалингвистической точки зрения, описательный метод, который был полезен для описания прагматических намерений участников общения, контекстуальный метод, благодаря которому мы могли видеть сферу коммуникации, компонентный анализ, который облегчил анализ выбранных лингвистических средств, интерпретативный анализ, который позволил выделить прагматические стратегии и так далее.

Результаты настоящей статьи, выявляющие прагматические стратегии подросткового виртуального дискурса на основе анализа выдержек из Facebook как одного из жанров виртуального общения в период зимних каникул, имеют практическое значение как вспомогательный инструмент для студентов и молодых исследователей, интересующихся исследованиями дискурса.

Ключевые слова: дискурс, виртуальный дискурс, прагмалингвистика, антропоцентрическая парадигма, виртуальная языковая личность, коммуникация, Facebook, игра слов, прагматические стратегии

Received: January 23, 2024

Information about authors:

Kazbekova Meruyert Kazbekovna – PhD student, L.N.Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan e-mail: malikaaa.80@mail.ru

Sultanbekova Sagima Abdigaparovna – PhD, L.N.Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan e-mail: sagima2007@mail.ru

Авторлар туралы мәлімет:

Қазбекова Меруерт Қазбековна – PhD докторант, Л.Н.Гумилев

атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана, Қазақстан e-mail: malikaaa.80@mail.ru

Сұлтанбекова Сағима Абдигапаровна – PhD, Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана, Қазақстан e-mail: sagima2007@mail.ru

Информация об авторах:

Казбекова Меруерт Казбековна – PhD докторант, Евразийский национальный университет имени Л.Н.Гумилева, Астана, Казахстан e-mail: malikaaa.80@mail.ru

Султанбекова Сағима Абдигапаровна – PhD, Евразийский национальный университет имени Л.Н.Гумилева, Астана, Казахстан e-mail: sagima2007@mail.ru

ӘОЖ 81

ҒТАХР 16.21.33

<https://doi.org/10.48371/PHILS.2024.4.75.009>

**«ҚАЗАҚ ХАЛҚЫ» КОНЦЕПТІСІНІҢ КОГНИТИВТІК МОДЕЛІ
(Ш. МҰРТАЗА ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫ БОЙЫНША)**

***Кембаева А.Т.¹, Жұбай О.С.²**

***^{1,2}әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті,
Алматы, Қазақстан**

Аңдатпа. Кез келген халықтың ішкі рухани әлемі мен ұлттық ерекшелігі оның тілдік сипатында көрініс табады. Демек ұлттық сипатты білдіретін ұғымдарды зерттеу арқылы сол халықтың тарихы мен дүниетанымын, мәдениетін танимыз. *Қазақ халқы* концептісін зерттеу барысында ұлтымыздың психологиялық ерекшелігін көрсететін, халқымызға тән дүниетанымдық көзқарастар мен ұстанымдар тізбегін және концепттің когнитивтік моделін анықтау мақсаты қойылды. Назарға алынған *қазақ халқы* концептісінің мән-мазмұнын ашу үшін когнитивтік бағытта ұлттың түп санасындағы танымы мен этностық айшықтарынан хабар беретін, менталитеті мен мәдениетінен сыр шертетін мазмұнды ұғымдары бар шығармалардың мәтінін талдау жұмысы жүргізілді. Дәлірек айтқанда, зерттеу жұмысының негізгі идеясына сай *қазақ халқы* концептісінің когнитивтік моделі жазушы Шерхан Мұртазаның шығармашылығы негізінде анықталды.

Зерттеу барысында нақты мысалдарға жүгіну міндеті қойылып, мәтін тармақтарын іріктеу, лексикалық талдау, жинақтау, түсіндіру әдістері қолданылды. Зерттеу нысанына айналған концепт қаламгер

шығармасында түрлі типті формада көрініс тапты. Сондықтан ұғым мәнін ашатын стереотиптік, ассоциативтік, семантикалық таңбалар мен символдар мәтін ішінен іріктеліп, өзара ұқсастықтары мен артқан мағыналық-мазмұндық сипатында талданды.

Қазақ халқына тән мінез-құлық, салт-сана, дүниетанымдық көзқарас, этностық ерекшеліктер, тіпті ұлтқа тән дәстүрлі әдет-ғұрып, келбет, тарих, қазақ танымындағы өмір туралы түсінік – барлығы бір ғана *қазақ халқы* концептісінде көрініс табады. Зерттеу жұмысында санада бейнеленген ой суреттерді көркем шығарманың әр тармағынан жүйелі іріктеп алу, оның формасын табу, талдау үдерістері жүргізілді. Бұл негізгі нәтижені, яғни *қазақ халқы* концептісінің когнитивтік моделін нақты мысалдар негізінде тану мүмкіндігін айқындады. Зерттеу жұмысының қорытындысында Шерхан Мұртаза шығармасының мәтіні негізінде *қазақ халқы* концептісінің когнитивтік моделі анықталды және оның атқаратын қызметі талданды. Қазақы танымды білдіретін мәтін тармақтары таңбалық, семантикалық сипатта сараланды. Зерттеу барысында жүргізілген практикалық талдау – жұмыстың тіл білімі саласындағы құндылығын айқындады.

Зерттеу жұмысының қорытындысы, яғни *қазақ халқы* концептісінің когнитивтік моделін көркем шығарманың тілдік бірліктері негізінде анықтау, автордың астарлы ой суреттерінің және қазақы көзқарасының, дүниетанымдық ұстанымының мәтін ішінде берілген ұғымдық сипатын түсіндіру, мысалдарды іріктеп алу, талдау, мазмұндық, ұғымдық ерекшеліктерін ашу – оның ғылыми және практикалық маңызын нақтылады.

Тірек сөздер: концепт, когнитивтік модель, қазақ халқы, ұлт, фрейм, лексикалық бірлік, когнитивті лингвистика, ұлттық таным, концепт типі

Кіріспе

Когнитивтік ғылымның қамтитын басты ұғымдары ретінде *әлемнің ұлттық және тілдік бейнесін* және *әлемнің концептуалды бейнесін* қарастыратын болсақ, кез келген халықтың этномәдени ерекшелігі мен ұлттық танымына сай концептілер тізбегін де осы салада қарастыру маңызды. Ұғымның пайда болуын санадағы құбылыс деп танимыз. Демек, *қазақ халқы* концептісінің когнитивтік моделін анықтау үшін оны концептілік жүйе мен концептілік құрылымдардың санада бейнеленуінің формалары негізінде қарастырамыз. Концептінің мәнін ашу үшін және оған тән семантикалық, стереотиптік, ассоциативтік таңбалардың, ойсуреттің тілдік ерекшелігіндегі нақты мысалын анықтау үшін көркем әдебиетке жүгінеміз. Қазақ дүниетанымына сай санадағы бейне суреті тілдік ұғымдар арқылы оның когнитивтік моделін құрауда қызмет атқарады. *Қазақ халқы* концептісінің когнитивтік моделін анықтауда автордың

көркем туындыда қолданған тілдік құрылымдары мен ойсуреттерінің таңбалық көрінісі қолданылады. Ол шығарма сюжетіндегі әрекеттермен, кейіпкерлер бейнесімен, олардың портреттерімен, тілдік сипатымен, автордың астарлы ой жетегімен, символдар және таңбалар тізбегімен айшықталады. Бір ғана атау, концептінің ішкі семантикалық, лексикалық мазмұнының, этникалық табиғатының кеңдігін тілдік бірліктер негізінде анықтау когнитивті лингвистика саласы үшін маңызы зор құбылыс.

Зерттеу барысында *қазақ халқы* концептісінің когнитивтік моделі ұлттық таным негізінде қарастырылып, шындық өмірден көркем шығармаға алмасқан оқиғалар мен кейіпкерлердің образды жиынтығы талданды. Ұлтқа тән тілдік ерекшелік пен санадағы бейненің айқын көрініс табатын тұсы осы көркем шығармалар екенін білеміз. Сондықтан Шерхан Мұртазаның «Қызыл жебе» романының бірнеше томында қамтылған қазаққа тән түп тамыр дәстүр жігі, қазақы мінезді жоғалтпаған кейіпкерлердің прототипі, оқиға желісінде суреттелген ұлттық салт-дәстүр мен ұлтымыздың ертеден бойында жинақталған рухани түсінігін айқындай түсетін тармақтар когнитивтік модель тұрғысында зерттеліп отырған концепт мәнін мазмұнды сипаттайды, толық ашады.

Концептінің когнитивтік моделін анықтау үшін мысалға алынған шығармадағы ұлт ұстанымын артқан әр тармақ, таңба, тіркес халқымыздың санасындағы суретті түсінігін, дүниені танудағы айшығын дөп басып көрсетеді. Зерттеу нәтижесі *қазақ халқы* концептісінің мазмұнын оның этникалық таным-түсінігімен қатар алып қарастыру арқылы өзекті ұғымдық бейнелердің тізбегін де анықтап берді.

Қазақ халқы концептісінің көркем шығарманың тілдік сипатында танылуы және оның берілу формаларының алуандығы тікелей туынды авторының тілдік қолданысына байланысты екені ескерілді. Сондықтан автордың қазақ дүниетанымын ашудағы шеберлігі оның ұлтты тануындағы, шындық бейнені суретті тілдік өрнекпен беруіндегі ұстанымы зерделенді.

Адамзатқа тән концептілік ұғымдардың ішінде ұлттық концептілердің жиі байқалатынын білеміз. Себебі жалпы адамзат мәдениеті ұлттың мәдени бояуымен астасып жатады. Адамның ақиқат дүниеге қатынасын тілдік құралдар негізінде беру, сол бойынша қалыптасқан ақпарат жүйесін анықтау әлем бейнесін тануға жол ашады. Сондықтан көркем шығарма тілін концептілік талдау сол шығарманы тудырған халықтың ғана емес, әлемнің тілдік бейнесі туралы білімді анықтау үшін де қажетті. Көркем шығарма тілінде халықтың танымын кең ауқымда танытатын концептілер және когнитивтік модель жүйесі айқын көрініс табады. Кез келген шығарманы поэтикалық немесе лингвистикалық талдаумен ғана шектеуге болмайды. Ондай талдауда қаламгердің шығармашылық шеберлігі мен шындық дүниені тану ерекшелігі, ұлттық таным-түсінігі, көзқарасы анық байқалмайды. Себебі

басты назар шығарманың көркемдік сипатына ауып кетеді. Демек белгілі бір қаламгер шығармашылығы бойынша концептілік талдау жасау жазушының дүниетанымын танытатын тілдік құрал қызметін атқарады.

Адамның әрдайым әлемді тану үдерісінде жүретінін ескерсек, оның сол әлемдік бейнеде өз орнын қалыптастыру жолында қызмет ететін де түсінеміз. Осы үдерісті жүзеге асыруда ұлттың тілі – сөйлеушінің дүниетанымындағы қалыптасқан ерекшеліктері мен айшықты құбылыстарын бейнелейтін құрал қызметінде танылады. Сондай-ақ тіл адам санасының бейнелі көрсеткіші. Яғни этнос пен оның мәдениетінің көрінісін тілдік бірліктер арқылы толығырақ танимыз. Этномәдени сана суретін де осы тіл арқылы анықтауға болады. Себебі халық үшін мәні бар таным мен білім жиынтығы сол халықтың ұлттық тілі арқылы көрініс табады, сақталады. Тілді қолданатын адам сол ұлттың мәдениетін жеткізуші әрі тасымалдаушы болса, тілдік таңбадағы мәдени ерекшеліктер сан ғасырлар бойы жинақталған салт-дәстүр, білім-біліктер, дағдылар мен ойлау айшықтары сол ұлтқа, яғни мәдени қауымдастыққа тиесілі сипатқа енеді. Соның негізінде ұлттың санасында қалыптасқан танымын суреттейтін тілдік бірліктер, концептілер пайда болады.

Әр халыққа, ұлтқа тән қоршаған ортасы мен шындық құбылысты тану тәсілдері, оның әлемді тануы, тілдік ерекшелігі мен менталитеті, ұлттық ұстанымы мен салт-дәстүрі, мәдени ерекшелігі – барлығы оған тән атаулар негізінде анықталады. Белгілі бір атаудың астарлы мән-мағынасы мен шығу тегі ұлттың таным-түсінігіне, мінез-құлқына тән жүзеге асатын тілдік құбылыстар жігіне қосылады. Ал тіл ойды білдіретін негізгі құрал, әрі таным үдерісін көрсетеді. Ертеден-ақ зерттеліп келе жатқан, бүгін де өзектілігін жоймаған тіл мен мәдениет арасындағы өзара әрекет мәселесі, атаулардың когнитивтік модельдерін тану, зерттеу тіл біліміндегі мәні үстем мәселелердің бірі. Себебі әр ұлтқа тән тілдің әмбебап ерекшеліктерін тану арқылы сол ұлтқа тән терең мәдени ұстанымдарды анықтауға жол ашылмақ. Бұл бағыттағы зерттеуді – когнитивті лингвистика ғылымы жүзеге асырып келеді.

Зерттеу тақырыбындағы *қазақ халқы* концептісі де өз бойында ұлтымызға тән түсініктер мен ұстанымдарды қамтиды. Когнитивті лингвистика терминологиясында *қазақ халқы* концептісінің лингвомәдени мазмұны қазақ халқына тән тікелей және жанама танымдық, этникалық таңбаларды қамтиды. Мінез-құлық пен ертеден қалыптасқан түсінік, дәстүр ерекшелігін де осы концепт мазмұнынан байқаймыз.

Қазақ халқы концептісінің мәнін шектемей, кең мағынасында зерттеу үшін Шерхан Мұртазаның көркем туындылары негізге алынды. Өйткені туындыгердің әр шығармасынан ұлттық мүдде, халқымыздың рухани және ұлттық ерекшеліктері, ұлттық мәдениеттің тілдік көріністері айқын байқалады. Зерттеу мақсатына сай шығармада көрініс тапқан

қазақ халқы концептісінің ұлттық-мәдени үлгісі талданып, оның тілдік сипаты мен шығарма мазмұнына сай берілу ерекшелігі жазушының шығармашылық шеберлігі негізінде, тілдік қолданысы мен қазақ халқына тән этникалық әрі мәдени сипатын ашудағы ерекшелігі тұрғысынан қарастырылды. Мұндай белгілі бір халықтың ұлттық психологиясы мен табиғатынан хабар беретін ұғымдар мен ой таңбалардың когнитивтік моделін анықтау *әлемнің ұлттық және тілдік бейнесін* тануға жол ашпақ.

Материалдар мен әдістердің сипаттамасы

Ұлттың ұстанымы мен мәдени ерекшелігінен, танымынан хабар алу үшін оған тән концептілердің когнитивтік моделін анықтау қажеттілігі туады. Концепттің бойында әлем туралы ақпарат қамтылған. Белгілі бір халықтың жеке адамының да ойы мен ішкі жан-дүниесін көрсетеді, ұлттық образ бен ұғымды, құндылық сипаттарын, күрделі символдарды да білдіреді. Бүгінге дейін және қазіргі тіл білімінде де концепт түрлері мен когнитивті лингвистика саласында зерттеу жұмыстарын жүргізген ғалым-зерттеушілердің еңбектерін назарда ұстаған жөн. Мәселен, Г.А. Брутян [1, 108 б.], М.А. Пименова [2, 127 б.], J. Lakoff [3], И.О. Окунева [4, 62 б.], В.В. Воробьев [5, 44 б.], А.Б. Салқынбай [6, 95 б.], А. Ислам [7, 72 б.] т.б. зерттеулерін атап өтсек болады. Зерттеу міндеттерін жүзеге асыру кезінде аталмыш ғалым-зерттеушілердің еңбектерін қарастыра отырып, концепттің және оның когнитивтік моделінің, концептілік жүйелердің тіл білімінде зерттелуі мәселесімен, жаңа тұжырымдармен танысып, нақты концептті талдауға қажетті тәжірибелік әдіс-тәсілдер қарастырылды. Соның негізінде *қазақ халқы* концептісінің когнитивтік моделін анықтауға бағытталған талдау жасалды. Көркем шығарма құрамынан ұлттық бейнені беретін әр тармақ нақты мысал ретінде таңдап алынды.

И.Ю. Никишина өз еңбегінде «концепт» ұғымына былай анықтама береді: Концепт – лингвистикалық белгілердің астарындағы ой бейнелері, олар лингвистикалық белгілерді білдіреді әрі лингвисттердің назарын өзіне аударды. Когнитологиядан шыққан концепт ұғымы тілді үйрену үшін маңызды және қажет, әрі когнитивті лингвистиканың негізін қалады. Концепттерден белгілі бір тілдің семантикалық кеңістігі жасалады, ал семантикалық кеңістіктен олардың нақты ұлттық танымдағы білім құрылымдарын бағалауға болады [8, 5 б.]. Демек концепт негізінде белгілі бір ұлтқа тән тілдің семантикалық кеңістігін тануға, ұлттық дүниетанымын түсінуге зор мүмкіндік ашылады. Бір ғана атаудың бойында ғасыр тарихын қамтитын ұлттың жүріп өткен жолы мен күллі дәстүрі көрініс таба алады.

Маңызды ұғымдар тілде кодталады. Адам психикасы үшін ортақ ұғымдар тілдердің грамматикасында көрініс табады және бұл концептілік

жүйені, лексикалық түрде көрсетілген барлық концептілік материалды таратуға арналған шеңберді жасайтын грамматикалық категория ретінде қарастырылады. Осы ұстанымдарды назарға алып, зерттеу жұмысында Шерхан Мұртаза шығармалары негізінде *қазақ халқы* концептісінің когнитивтік моделін анықтау мақсатында семантикалық интерпретация, жинақтау, түсіндіру, лексикалық талдау, сипаттамалы-аналитикалық тәсілдер қолданылды. Жазушының *қазақ халқы* концептісін көпшілікке ұсынуындағы ерекшеліктері мен ұлтымызға тән, *қазақ* атауының астарында жатқан алуан мінез-құлықтық және танымдық үдерістерді анықтау үшін концептуалды талдау әдісі жүзеге асырылды. *Қазақ халқы* концептісінің когнитивтік моделін құрайтын концепт типінің формаларын анықтау мақсатында көркем шығармадан нақты үзінділер мысалға алынды. Жеке фреймдермен қатар, сценарий, яғни оқиғалы форма типтерін анықтау үшін, лексикалық бірліктерді жүйелеу үшін шығарма мәтінінің тармақтарын жаппай іріктеу әдісі қолданылды. *Қазақ халқы* концептісінің когнитивтік моделін анықтау барысында қаламгердің «Қызыл жебе» романының үш бөліміндегі көркем мәтіндер тізбегі пайдаланылды. Мәтін тармақтары негізінде концептілік құрылымның түрлі формалары, мазмұнды беру амал-тәсілдері, қазақ халқының түпкі танымындағы этникалық ерекшеліктері ой таңбалары мен лексикалық бірліктер негізінде анықталды. Шерхан Мұртаза шығармашылығында ұлттық келбеттің астарлы ой суреттері мен қазаққа тән күллі сипат көрінісі айшықты берілген. Сондықтан *қазақ халқы* концептісінің мазмұны автордың шығармасындағы кейіпкерлер арасындағы диалогтардан, автордың кейіпкерлердің портреттерін сипаттауындағы тілдік бірліктерді қолдануынан, ұлтымызға тән әдеттердің түрлі сюжет жетегінде берілуінен, қазақтың мінез көрінісі мен оның әлеуметтік жағдайынан, тұрмысы мен тарихынан хабар беретін алуан тұтас бейне-символдардың ұшырасуынан анықталып, дәлелді тұжырым жасалды. Зерттеу жұмысында *қазақ халқы* концептісінің когнитивтік моделін анықтау мақсатында мәтін ішіндегі заттық ұғымдар мен халық дүниетанымын айқындайтын жүйелі сөз қолданыстары талданды.

Нәтижелер

Шерхан Мұртаза туындыларындағы *қазақ халқы* концептісінің санада бейнеленуі концептілік құрылымдардың тізбегіне сай түрлі формада кездеседі. *Қазақ халқы* концептісінің мәнін ашатын ұғымдарды да, мазмұнын ашатын тіркестерді де жолықтырамыз. *Қазақ* концептісі дара тұрып макроконцептті құрайтыны белгілі. Сондықтан *қазақ халқы* концептісінің мазмұндық мәні де терең әрі сан-салалы болмақ. Шерхан Мұртаза шығармаларында бұл концепттің когнитивтік моделі ұлттық танымды білдіретін этномаркерлер негізінде сипатталады.

Қазақ халқы концептісі ұлттық дүниетанымда өз тереңінде бар

болмысы мен мәдениетін артып тұрған, ертеден-ақ көшпелі халықтың сипатын ашатын, өз діні мен ділі, менталитеті, ата дәстүрі мен ғасырлық тарихы бар, әлем өркениетінен өз орнын ойып алған халықтың сипатын беретін феномен ретінде де құнды. Бұл концепт ұлттық мәдениетіміздің дамуын, ақиқат дүниедегі алатын орнын анықтауға жол ашты. Аталмыш ұғыммен қатар аталатын қаншама этномәдени концепттерді зерделегенімізбен, оның барлығы да осы бір макроконцепт ішінде қарастырылады. Себебі бізге белгілі *шаңырақ* немесе *батыр*, *отбасы* немесе *қонақжайлылық*, тіпті *қазақ әйелі* концептілері де аталмыш макроконцепт жүйесіне жинақталады. Сондықтан қаламгер шығармасы бойынша *қазақ халқы* концептісінің когнитивтік моделін анықтаудың шеңбері кеңейіп, ұлт бойында жинақталған бүкіл қасиетті, оның тіршілігіндегі әдеттері, тарих кезеңдерінде қанына сіңген ерекшеліктері нақты мысалдар арқылы талданды. Шығармадағы ұлттық мінезді, бойына сіңген дәстүрді суреттеп тұрған кейіпкерді жиынтық образ деп танып, оның бойындағы мінез-құбылысты бүкіл қазақтың танымы мен бір ұлттың бойында болып жатқан құбылыстар деп тану орынды. Кейіпкерлер еске алатын қазақ басынан өткен оқиғалар суреті мен қазаққа теліген сипаттама атаулары, қазақ тұрмысының өзіндік айшықты ерекшеліктері және оны авторлық астарлы символ бейнелермен беруі концептінің когнитивтік моделін анықтап беруімен қатар, мазмұнын түсіндіруге бағытталған. Зерттеу жұмысының нәтижелілігі – мәтін негізіндегі нақты тармақтарды талдау арқылы *қазақ халқы* концептісінің когнитивтік моделін танытуы, сондай-ақ бүгінде заманауи қазақтың танымынан жойылып бара жатқан ұлттық дүниетанымның тілдік бірліктеріне мазмұнды талдау жасауы, түсіндіруі.

Талқылау

Шерхан Мұртазаның «Қызыл жебе» романындағы «*Қанша кедей болса да судан балық сүзуді кәсіп қылмаған қазаққа бұл балашағаның қылығындай көрінді*» [9, 15 б.], – деген үзіндіде *балық сүзуді кәсіп қылмаған қазақ* деген тіркесі *қазақ халқы* концептісіне жақын сема және ассоциативтік таңба арқылы сипатталып тұр. Себебі қазақ халқының балық сүзуді кәсіп қылмағаны әрі оның отырықшы емес, әуелден көшпенді халық болғаны тарихтан да белгілі. Қазақ атқа мініп, мал бағып, кең далада өмір сүрген еркін халық. Қарапайым фрейм формасында берілген бұл концепт типі арқылы автор оқырманына *қазақ халқының* өмір сүру салты мен тарихынан хабар беріп отырғандай. Тіпті балық сүзуді кәсіп қылмауы, қазақ халқының жиі мекендеген орнына да байланысты ақпаратты беріп тұр. Жазда жайлауға, күзде күзеуге көшіп жүрген халық, әрине, көлге қармақ тастап отырмағаны белгілі. Көшпелі болса да, отырықшылықтан ада болмаған қазақ халқы балық аулауды әуелден кәсіп санамаған еді. *Қанша кедей болса да..., ...бала-*

шағаның қылығындай көрінді, – деген сипаттамасында қазақтың балық аулау кәсібiне әдеттенбегенiнен тағы бiр хабар бередi. Автор мұнда кедейлiктiң азабын тартса да басын төмен қаратып, көрiнгенге iлесе қоймас қазақтың ер мiнезi сол кәсiптi игерудi жатсынғанын айтады. *Құдай мал бермеген соң жер емiн қазақ жарыған емес* [9, 132 б.] немесе *Шөбi шүйгiн, суы бал, өрiсi мол жер iздептi зой мал баққан қазаққа* [9, 159 б.] – деген тармақтардан да ертеден-ақ қазақ халқының мал өсiруге машықтанған халық екенiн дәлелдейдi. Шүйгiндi шөбi мен мол өрiс қашан да қазақ даласының суретiн санамызда сайратып тұрады. Қазақ халқының мекенi мен даласының санада бейнеленген суретiн тану үшiн кейде осындай қарапайым бiр ұғым да жеткiлiктi. Ондай малға жайлы қонысты iздеуi дегенi халықтың жайлау, көктеу, күзеу, қыстауға жыл он екi ай көшiп жүретiнiн, қазақ мекен еткен даланың мол өрiсiн суреттейдi. Қазақ халқы үшiн жанынан қымбат мекен, туған жердiң, ата қонысының табиғаты қашан да өз атымен қатар аталады.

Мұндай фрейм формасында берiлген танымдық тармақтарды аталмыш шығармадан жиi кездестiреміз. Мысалы: *Бұл өзi Шiлмембет руынан шыққан қарапайым қазақ едi* [9, 15 б.], – деп автор халқымызға тән ең жиi байқалатын мiнез-құлықты сипаттаса, екiншi мәнi ретiнде *қарапайым қазақ* деп сол кезеңдегi халық арасындағы әлеуметтiк және қоғамдық жағдайды, шығу тегiн танытады. Қазақ халқының қарапайымдылығы әсiресе шығармадағы ауыл адамдарының келбетiнен көрiнедi. Сондай-ақ: *Қара шаруа болса да, рухы күштi, қайраты мол, қажырлы қазақ* [9, 15 б.], – деген сөйлемде ұлтымызға тән стереотиптiк таңбалар, яғни *рухы күштi, қайраты мол, қажырлы қазақ* секiлдi ұғымдар негiзiнде *қазақ халқы* концептiсiнiң когнитивтiк моделiн құрады. *Мынау қаһарлы қазақ түрмеден екiншi рет қашып шығуды армандайды* [9, 55 б.], – автордың бұл тармақта *қаһарлы қазақ* деген тiркестi қолдануын қарапайым сипаттауға жатқыза алмаймыз. Себебi *қазақ халқының* ертеден-ақ қанына сiңген рухы мен елi, жерi үшiн жанын беретiн қасиетi, жауының алдында қаһарлы мiнез танытқаны белгiлi. Қанша кезең өтсе де ұлттың түпкi санасы мен қанында сол мiнездiң сақталып келе жатқанын қаламгер өз кейiпкерiнiң мiнез-құлықтық сипатына телу арқылы көрсетедi. *Жан-жақтан ағылып келiп жатқан шәкiрттердiң арасынан ара-тұра қара домалақ қазақ балалары да кездесiп қалады* [9, 119 б.], – деген тармақтағы *қара домалақ қазақ балалары* деген тiркес *қазақ халқы* концептiсiнiң мәнiн ашатын танымдық элемент қызметiн атқарады. *Қара домалақ* атауының өзi *қазақ* атауымен ассоциативтiк таңба жiгiнде қатар аталады. Қазақ халқының танымында *қара* ұғымы *қара бала, қара қазан, қара домбыра* секiлдi ұлтқа тән символдық мәнi бар iшкi концепт тiзбегiн құрайды.

Рысқұлдың кiм екенiн танып қалған, қой қораға қамап қойсаң, абақты осы екен деп, тырп етпей жата беретiн аңқау қазақ болмай

шыққанына көздері жеткен [9, 107 б.], – тармақта автордың *аңқау қазақ* деп беруі, қазаққа тән аңғал және ақкөңіл, аңқау мінез-құлқының суретін бергені. «...қой қораға қамап қойсаң...» дегені, қазақтың жазы-қысы мал бағумен айналысқан халық болғанынан хабар береді әрі қойдың момын жануар екенін ескерсек, қазаққа тән момындықты айтқаны. Әрі бұл ұғым төңірегінде тыныштық пен бейбітшілік мазмұнын беретін *қой үстіне бозторғай жұмыртқалау* секілді тұрақты тіркесті еске түсірген жөн.

Қазақта не көп, арқан көп, әп-сәтте Рысқұлдың аяқ-қолы сіресіп қыл арқанмен байланды да қалды [9, 34 б.]. Шерхан Мұртазаның бұл тармақтағы *қазақта не көп, арқан көп* дегенінен *қазақ халқының* жылқы малын көп өсіргенін, сондықтан қазақта арқанның көп болатындығын түсінеміз. Бұған дәлел аталмыш туындыдағы мына тармақтар: *Қазақ жылқы алса, ісіне татитындай етіп молынан алады және алыстан алады* [9, 36 б.].

Туындыгердің атылмыш шығармасынан оқиғалы форма, яғни фреймдер төңірегінде жағдаяттар мен оқиғаларды жинақтау арқылы жасалған *қазақ халқы* концептісінің когнитивтік моделін танытатын скрипттер мен ойсурет үлгілерін де жиі кездестіреміз. Концептті мұндай мазмұндық формалар негізінде талдау оның құрылымының санада бейнеленуін, түрлі формада көрініс табуын анықтауға мүмкіндік береді.

Қаламгер шығармасындағы: *Қатшагүл ұшып барып ескі кебеженің артында тұрған қалақша қара домбыраны алып берді* [9, 132 б.], – деген тармағындағы сипаттауынан қазақ халқымен қатар аталатын қара домбыраның санадағы көрінісі де *қазақ халқы* концептісінің мәнін ашуда қызмет етіп тұр. *Атқа мінсе есіріп кететін қайран қазақ қиқулап ылдига шаба жөнелген* [9, 149 б.], бұл тармақтан *қайран қазақ* деп қарапайым фрейммен берілген концепт типімен қатар, жинақталған жүйелі ұғым, қазақтың ат үстінде күн кешкен халық екені және ат үстіндегі әрекеті мен мінезі ашылған. Ал қазақ халқының *қайран* сөзімен қатар тіркесуі, халықтың басынан өткерген алуан тарихи кезеңдер мен қиын-қыстау заманды еске салады. *Қазақ халқы* концептісінің когнитивтік моделі оның түпті этникалық және лексикалық мәнінің кодталған ақпараты болғандықтан, ол ұғым мен мазмұнды қатар қамтып, көркем шығармада түрлі формада көрініс тауып отыр. Шерхан Мұртаза өзінің «Қызыл жебе» романында қазақ халқына тән мінез-құлқы, рухани танымды, салт-сананы, әдеттерді, дүниетаным мен көзқарастарды және т.б. кейіпкерлердің ішкі психологиясын ашу арқылы, олардың мінез-құлқын сипаттау арқылы және деректі заттар мен іс-әрекеттер, символдар, лексикалық бірліктер негізінде оқырманға ұсынған.

Романның екінші бөлімінде: *Қақтаған күміспен қапталған қазақы ер тоқымның үстінде көрпеше жоқ, құйрыққа қатқыл тиеді екен* [10, 34 б.], – деп, автор *ер тоқымның* мәнін *қазақ халқы* концептісінің ұғымы ретінде ұсынып отыр. Өйткені ер тоқымын күміспен қаптаған

қазақ халқының бұл әдеті ертеден бүгінге дейін сақталып келе жатқан ата дәстүр, ұлттық сипаттың мәнін ұғындыратын деректі символдың түп санамыздағы көрінісі. *Қазақ халқы* үшін ер тоқым тек ат әбзелдері қатарындағы зат емес, ұлттың ғасырлар бойы жүріп өткен жолының, сол жолда пайда болған түрлі әдет-ғұрпының астарлы мәні іспетті. Ер тоқымды күміспен қаптаудың өзі оның қасиетті зат екенін аңғартады. Оны автор былай береді: *Бұл ердің үсті ұлы істер туралы жар салатын, сан мың қолды аузына қарататын дуалы сөздердің қасиетті мінбері іспетті* [10, 34 б.]. Демек ер тоқым қазақ халқының тарихы мен ұлттың ерік-жігерін білдіретін қасиетті астарлы мұрасы, сонымен қатар қасиетті мінбері де. Туындыгердің ұлттың этномәдени ерекшелігін көрсетуде қолданған мұндай танымдық элементтерін *қазақ халқы* концептісінен бөліп қарастыруға болмайды. Тармақтан *ер* концептісін жеке бөліп қарасақ та, ол *қазақ халқы* концептісінің мәнін толықтыратын тілдік бірлік қызметін атқарып тұр.

Шығармадағы: *Әне, ана жерде қобыз тартқан соқыр дуана отыр. Қобыз үні қайғылы, қабырғаңды сөгіп, соның арасынан жүрегіңді суырып әкелердей зарлы әуен* [10, 35 б.], – деген тармақтарындағы *қобыз тартқан соқыр дуана* немесе *қайғылы, қабағыңды сөгетін, зарлы үні* күрделі формада санада бейнеленетін ұлттың табиғатына тән *қобыз, дуана* ұғымдары арқылы *қазақ халқы* концептісінің мәнін ашады. Себебі бұл ұғымдарды да *қазақтан* бөліп қарастыру мүмкін емес. Мұндай деректі заттардың санада бейнеленуі қазақ халқына тән ұлттық түсініктерден сыр шертеді.

– *Міне, бұл біздің қазақтың кәсібі, – деді Ақкөз Тұрардың иығынан сипалап тұрып. – Ноғай айна-тарақ сатады: сарт қауын сатады; қазақ жоғалған жылқысын іздеп хан базарда жар салады* [10, 41 б.], – мұнда автордың *қазақ жоғалған жылқысын іздеп хан базарда жар салады* дегені алдыңғы тармақтағы өзге ұлттың кәсібінен қазақтың кәсібінің өзгешелігін танытқаны. Шерхан Мұртазаның бұл туындысындағы мысалға алынған әр тармақ *қазақ халқы* концептісінің семантикалық астарын әрі когнитивтік моделін құрайтыны анық. Сол арқылы бұл концептінің ең жақын семаларын және стереотиптік таңбаларын танимыз. Мысалы, *Қазақ той дегенде қу бас домалар деп шақырылмаса да бара береді* [10, 62 б.], – дейді автор. Қу басы той десе домалайтын қазақтың мінезі, әдеті ерте кезеңнен-ақ қалыптасқан. Сондай-ақ ол бүгін де халық менталитетінде сақталып келеді. Туындыгер осылайша қазақ халқының этномәдени танымы мен тынысын шығармада өз оқырманына паш етеді. Қазақтың той десе қу басы домалайтыны, қуанышты бөлісуге асығатыны, тіпті онда айтатын өлең-жырының формасы мен мазмұнын да қазықтай қалыптастырғаны ұлттық фольклорымыздан да белгілі.

Байтақ қазақ даласының топырағында тугандардан аштықтың дәмін менен артық татқан адам бар ма екен? [10, 39 б.], *қазақ* атауымен

қатар үнемі оның кең жазирасы мен кең байтақ даласы қатар елестейтіні анық. *Байтақ қазақ даласы* қазақ халқының қасиет-белгілерінің, деректі заттың дерексізденуінен туған ойсуреттерін білдіреді. Автор шығармасынан мұндай ойша түсірілген суреттерді нақты ұғымдар негізінде суреттеу жиі кездеседі. *Қазақ халқы* концептісінің мәні осы ұғымдар арқылы шығарма сюжетінде ашылып отырады. Мәселен, *Мұрты салбырап, езуінен төмен түскен, шоң мұрын, қыртыс маңдай, ірі тұлғалы егде қазақ екен, ләм деместен қайтадан бойын түзеп, ұзын қамшыны асықпай жоғары көтеріп, мылтық атқандай шарт еткізді* [10, 94 б.], – деген тармақтағы қазаққа тән түр сипатындағы *шоң мұрын, ірі тұлғалы қазақ* немесе *ұзын қамшы «қазақ халқы»* концептісі негізінде ойша бейнеленген қасиеттердің және ұлтқа тән символдық таңбаның айрықша көрінісі. Себебі қамшы *қазақ халқы* концептісінің когнитивтік мәнін ашатын таңба ретінде де, дара тұрып, концепт ретінде де қызмет атқара алады.

Қиялы жүйрік қазақтың шыны екені, өтірігі екені беймәлім [10, 96 б.], бұл тармақтан *қиялы жүйрік қазақ* фреймінің төңірегінде жағдаят жүйесі сценарий формасына ауысып, *қазақ халқы* концептісінің мазмұнын аша түскен. Осындай үлгіні *«Патшаның айтқанына көніп, айдауында жүре беретін момын қазақ бұл жолы өзгеше мінез танытып, атырылып атқа қоныпты»* [10, 108 б.], – деп берілген тармақтағы *момын қазақ* фреймінің айналасында топтасқан оқиға арқылы дамып, *атырылып атқа қонатын* батыр қазақтың келбетін қоса танытып тұрғандай.

Романның үшінші бөлімінде: *Аруақты сыйлаған қазақ, Қорабек бабаларды ауызға алғанда кәдімгідей босаңсыды* [11, 79 б.], – деген тармағындағы *аруақты сыйлаған қазақ* дегенінен қазақ халқының салт-санасы мен нанымын білдіретін мазмұнды көреміз. Қазақ халқы қашан да аруағына құран бағыштап, оларды пір тұтып отыратын болған. Мұндай мазмұнды келесі тармақтан да байқаймыз: *Сондықтан ол қазақ дәстүрі бойынша аттан түсіп амандаспай, кіріптар болмаса, ат үстінде тұрып қол ұсынатын* [11, 81 б.]. Қазақ халқының дәстүрлі танымындағы іс-әрекеттердің ұлттық әдетке айналуындағы көрінісін байқаймыз. Аттан түсіп амандасу, қазақ халқының өз ішіндегі және өзге де халыққа сыйластығы мен құрметінен хабар береді. Қазақ халқымен қатар аталатын ілтипат пен өзіне тән биязы мінезін қаламгер былай да сипаттайды: *Табиғи қазақ ондай озбырлыққа бармайды* [11, 168 б.]. *Қазақ халқы* концептісіндегі *табиғи қазақ* атауының мәні оның дүниетанымы мен рухани ұстанымы тұрғысында танылады. Сондықтан автор ұлтқа тән емес кері мінезден ада қазақтың келбетін көрсету мақсатында осы ұғымды пайдаланады.

Шерхан Мұртаза бұл шығармасында қазақ халқына тән ішкі психологиялық характерді, келбет сипаттарын, тарихын, мәдениетін

таныту мақсатында алуан сюжет арасында концептің санадағы суретін айқындайтын таңбаларды тармақтарда қолданып отырған. Ол бірде арнайы сол мақсатта қолданылса, бірде бейсаналы түрде қаламгердің ұлттық сана танымынан туған құбылыс деп түсінгеніміз оң. Мысалы кейіпкердің мына сөзінен де осы құбылысты көреміз: *Қазақ жоралғысы бойынша, мен баруым керек! Өйткені оның әкесі Молдабек қайтыс болған. Мен көңіл айтқан жоқпын* [11, 168 б.]. Қазақ халқының дәстүріндегі көңіл айту жоралғысының маңызын автор осылай суреттейді. Мұндай салт-дәстүрлер легі *қазақ халқы* концептісіндегі тілдік бірлік мазмұнын когнитивтік сипатта бейнелейді. *Ескі ауылдың қазақбайшылығы, топ құрып, жік жасақтап жүретіні жаман. Ер мінезді тіктігі, шіркін, ауыл жақтықтан арылса зой* [11, 233 б.], – дейді шығарма кейіпкері Рысқұлов. Мұндағы *қазақбайшылық* дегені қазақ халқына тән жақсы-жаман әдеттерін еске алуы. Автор оны осы фрейм аясындағы *ер мінезді, тіктігі, тор құратын* асау мінезі тұрғысында түсіндіреді. Қазақ халқы өзінің қалыптасу тарихында ат үстінде күн кешкен батылдығымен, жерін қорғап, жауға шапқан ер мінезді батырлығымен де ерекшеленген. Ал мұндағы *ауыл жақтықтан арылуы* әуелде қазақ қоғамының ауылды мекенде қалыптасып, дамығанынан, киіз үйлі, қора-қора қойлы, үйірлі жылқылы тіршілігінен, дәстүрінен арылмаған қарапайым қоғам санасы туралы айтқаны.

Туған жеріңнің топырағы, туған аспаныңның ай-жұлдызы, қазақтың қара бесігі Қаратаудың киесі жебесін сені [11, 271 б.], – мұнда *туған жер, туған аспан, қазақтың қара бесігі Қаратаудың киесі* ұғымдары *қазақ халқы* концептісінің когнитивтік моделіндегі лексикалық мағынаның, яғни этникалық мәдениетті танытудағы қызметінің тереңдігін көрсетеді. Мұндай мысалды «...құндыз бөрік, шибарқыт камзол, шоқайма көк етік киген бір қазақ қонышын қамшылай шығып...» [11, 350 б.], – деген тармақтан нақты көреміз. *Қазақ* немесе *қазақ халқы* концептісін сол күйінде бермей, қазақ халқының ассоциативтік таңбасын білдіретін *шибарқыт камзол, құндыз бөрік, шоқайма етік* секілді ұлттық киім атауларын сипаттау негізінде де анықтайды. Берілген тармақтағы *туған жер топырағы* тіркесі де қазақ халқының когнитивтік моделін құрайтын мазмұн жігін қамтиды. Себебі бұл ұғым тек Шерхан Мұртаза емес, өзге де қазақ қаламгерлерінің шығармаларында жиі кездесіп отырады. Бұл ұғым қазақ халқының туған жер туралы суретті танымынан, сағынышынан, махаббатынан хабар береді. Шығарманың үш бөлімінде де мұндай семантикалық таңбалар жүйесін жиі кездестіруге болады.

Халықтың сары уайым мен ащы запыраны шығар [11, 9 б.], – деп берілген автор сипаттауында *сары уайым* ұғымы қазақтың ертеден келе жатқан ұлттық танымының бір сипаты іспетті. Қазақ халқына тән *сары уайым, сары қайғы* ұғымдары халықтың бастан өткерген әр кезеңіндегі

ауыртпалықтан сыр шертіп тұр. *Қазақ халқы* концептісінің мазмұнында бұл модель халықтың көңіл-күйін білдіретін таңба ретінде қызмет атқарады.

Әсіресе мал бағып күн көрген халық қатты қаусап тұр [11, 43 б.], мұнда қазақ атауы берілмесе де *халық* дегені қазақты айтқаны екенін ойсуретінен ұғамыз. Себебі қаламгердің қосымша *мал бағып күн көрген* деген анықтамасы сөзсіз біздің танымымызға таныс суретті ақпаратты беріп тұр.

Түндіктің түстік жақ қиығынан қиялап, сол жақ керегеге сәуле түсіп тұр. Құлан жаққа қараған үйдің есігінен етектегі ел алақандағыдай түгел көрінеді [11, 206 б.], тармақтағы *түндік, кереге, құлан жаққа қараған үй «қазақ халқы»* концептісінің деректі әрі суретті тарихи санадағы бейнесін көрсетеді. Олай дейтініміз, мұнда аталған заттық деректер қазақ халқының киіз үйінің детальдары, яғни осы ұғымдар негізінде автордың кімді және қай халықты сипаттап отырғанын түсінеміз. Ал *етектегі елдің алақандағыдай көрінуі* халықтың жайлап жатқан мекенін, ондағы қоғамын көрсетеді. Көркем шығармадан концептті және оның типтік формаларын анықтау, халық туралы түсінікті қалыптастыруға септік болатын бірден-бір қағида екені осы тұста дәлелденді.

Халыққаласа, оны қастерлеп өңдеп, әрлеп, әрі қарай алып кете береді [11, 209 б.], шығарманың бұл тармағынан да *қазақ халқы* концептісінің когнитивтік моделін ойсурет типі арқылы танимыз. Автор мұнда кейіпкердің аузына салған сөзі, әуелден қазақ тарихы мен әдебиетінде кез келген ақпараттың, өнердің, мәдениеттің сақталу формасын жеткізіп отыр. Халық танымындағы бұл қасиет есебінде ұлтымыздың талай өнері мен ертеде туған шығармашылық мұраларының сақталып келгені бізге белгілі. Демек, көркем шығармада берілген тармақ, мазмұнды ойлардың жиындығы *қазақ халқы* концептісінің тамырлы мәнін, бейнелі суретін қалыптастыра алады.

Қаламгер шығармасындағы *қазақ халқы* концептісінің когнитивтік моделі түрлі формада кездесетіндегіне көз жеткіздік. Аталған ұғымдар мен мазмұн, лексикалық бірліктер, концепт жүйесінің формалары, барлығы да аталмыш концепттің мәнін ашатынын дәлелдедік. Яғни *қазақ халқы* концептісінің когнитивтік моделі оған тән барлық ұлттық құбылыс пен таным аясында құрылатыны анықталды.

Қорытынды

Когнитивті лингвистика саласының басты категориясы «концептілердің» атқаратын қызметі тіл мен сананың байланысы десек, сананың тілдегі көрінісін айқындап беретін концептінің тілдік бірлік ретінде маңызы зор. Халыққа тән болмыс пен танымды түсіну, ұғу нәтижесінде жүйеленген ақпараттың барлығы тілде көрініс табатыны

айқындалды. Әлемнің тілдік бейнесі субъективті, дегенмен қазақ халқы концептісінің когнитивтік моделі жеке адамның дүниетанымын емес, қазақ халқына ортақ дүниетаным категорияларын қамтиды. Қаламгер шығармасының әр тармағында берілген ұғымдық, танымдық, мазмұндық сипаттағы концепт жүйесі ортақ кодты құрап, қазақ халқының этномәдени танымын көрсетеді. Автор шығармасында кездесетін кейіпкерлердің, ондағы мезгіл мен мекендік арақатынастардың өзгеріп отыруынан, бір емес бірнеше халық өкілдерінің арасындағы әңгіме негізінде қазақ халқы концептісінің мазмұны ашыла түсті. Бұл тілдік бірліктердің алуан сипатта берілу жиілігін арттырды. Сондықтан шығармадан қазаққа тән мінез-құлық пен дүниеге көзқарасын қарулы көз оқырман да тез ұға алады.

Зерттеу жұмысына өзек болған қазақ халқы концептісінің когнитивтік моделін анықтауда жеке адамның емес, күллі халықтың, ұлттың рухани табиғатын, дүниетанымын, ойлау ерекшелігін, санада қалыптасқан әдеттері мен заңдылықтарын тануға мүмкіндік алдық. Қазақ халқының дүниетаным құндылықтарынан хабар беретін санада қалыптасқан тілдік күрделі бірліктер негізінде қазақ атауы аталмай-ақ, оның семантикалық мәнімен астасып жатқан ұғымдар мен таңбалар арқылы санада көрініс табуын Шерхан Мұртаза шығармасынан дәлелді аңғардық. Демек мұндай тілдік бірліктерді анықтау және зерттеу жұмыстарында ұлттық тынысты арқалаған осындай қаламгерлердің шығармаларына жүгінген жөн. Ауызекі тілде кездесе қоймайтын мұндай танымдық әрекеттердің нәтижесін объективті бейнелейтін модельдерді анықтау – тіл білімі саласы үшін ғылыми әрі практикалық мәні зор ізденіс. Себебі халқымыздың түп тамырында жатқан дәстүрлі құбылыстарды, ұлттық сананы сақтау және жаңғырту сол санадағы ойдың сөзбен тұлғалануын жіті бақылау және талдау арқылы жүзеге асады.

Сонымен когнитивтік тіл білімі арқылы санада қалыптасқан әлем туралы ақпараттарды жинақтауға әрі концептілеуге мүмкіндік туды. Халықтың этномәдени ерекшеліктерінен хабар беретін мұндай концептілерді бір жүйеге келтіру, топтастыру, талдау мәселесі өзектілігін жоймайды.

ӘДЕБИЕТ

[1] Брутян Г.А. Язык и картина мира // Философские науки. – №1. – 1973. – С. 108–110.

[2] Пименова М. В. Концепты внутреннего мира человека (русско-английские соответствия): дис...д-ра филол. наук: 10.02.01 / М. В. Пименова. – СПб., 2001. – 497 с.

[3] Lakoff, J. Women, Fire and Dangerous Things. What categories reveal about the mind / J. Lakoff. – Chicago: L.: The University of Chicago Press, 1987. – 614 p.

[4] Окунева И. О. Когнитивные модели концепта «красота» в русском и английском языках. // Мир науки, культуры, образования. – №3. – 2008. – С. 61–64.

[5] Воробьев В. В. Лингвокультурология (теория и методы). – М.: РУДН, 2008. – 340 с.

[6] Салқынбай А.Б. Әлемнің когнитивтік бейнесі: қазақ тіліндегі ұлттық кодтар. Күретамыр: монография. – Алматы: Қазақ университеті, 2021. – 456 б.

[7] Ислам А. Тіл мен ойлаудың екіжақты бірлігі танымдық ғылымында. – Алматы: Тілтаным, 2003. – Б. 15-25.

[8] Сборник статей / Отв.ред. В.В. Красных, А.И. Изотов. – М.: МАКС Пресс, 2002. – Вып. 21. – 184 с.

[9] Мұртаза Ш. Қызыл жебе. Бірінші кітап. <https://kitaptar.azurewebsites.net/k38-Қызыл-жебе-Бірінші-кітап> 20.09.2024

[10] Мұртаза Ш. Қызыл жебе. Екінші кітап. <https://kitaptar.azurewebsites.net/k39-Қызыл-жебе-Екінші-кітап> 20.09.2024

[11] Мұртаза Ш. Қызыл жебе. Үшінші кітап. <https://kitaptar.azurewebsites.net/k53-Қызыл-жебе-Үшінші-кітап> 20.09.2024

REFERENCES

[1] Brütjan G.A. Jazyk i kartina mira [Language and the world picture] // Filosofskie nauki. – № 1. – 1973. – S. 108-110. [in Rus.]

[2] Pimenova M.V. Koncepty vnutrennego mira cheloveka (russko-anglijskie sootvetstvija) [Concepts of the human inner world (Russian-English correspondences)]: dis.... d-ra filol. nauk: 10.02.01 / M.V. Pimenova. – SPb., 2001. – 497 s. [in Rus.]

[3] Lakoff, J. Women, Fire and Dangerous Things. What categories reveal about the mind / J. Lakoff. – Chicago: L.: The University of Chicago Press, 1987. – 614 p.

[4] Okuneva I.O. Kognitivnye modeli koncepta «krasota» v russkom i anglijskom jazykah [Cognitive models of the concept 'beauty' in Russian and English languages] // Mir nauki, kul'tury, obrazovaniya. – 2008. – № 3. – S. 61–64. [in Rus.]

[5] Vorob'ev V. V. Lingvokul'turologiya (teoriya i metody) [Linguoculturology (theory and methods)]. – M.: RUDN, 2008. – 340 s.

[6] Salqynbai A.B. Älemniñ kognitivтік beinesі: qazaq tılındegі ülttyq kodtar [Cognitive picture of the world: national codes in the Kazakh language]. Küretamyр: monografiya. – Almaty: Qazaq universiteti, 2021. – 456 b. [in Kaz.]

[7] İslam A. Tıl men oilaudyñ ekijaqty birligі tanymdyq ğylymynda [The bilateral unity of language and thought in cognitive science]. – Almaty: Tiltanym, 2003. – B. 15-25. [in Kaz.]

[8] Sbornik statej (Collection of articles)/Otv.red. V.V. Krasnyh, A.I. Izotov. – M.: MAKS Press, 2002. – Vyp. 21. – 184 s. [in Rus.]

[9] Mūrtaza Ş. Qyzyl jebe [Red Arrow]. Bırınşı kıtıp. URL: <https://kitaptar.azurewebsites.net/k38-Qyzyl-jebe-Bırınşı-kıtıp> 20.09.2024 [in Kaz.]

[10] Mūrtaza Ş. Qyzyl jebe [Red Arrow]. Ekinşı kıtıp. <https://kitaptar.azurewebsites.net/k39-Qyzyl-jebe-Ekinşı-kıtıp> 20.09.2024 [in Kaz.]

[11] Mūrtaza Ş. Qyzyl jebe [Red Arrow]. Üşinşı kıtıp. Elektronıdy resurs. <https://kitaptar.azurewebsites.net/k53-Qyzyl-jebe-Üşinşı-kıtıp> 20.09.2024 [in Kaz.]

КОГНИТИВНАЯ МОДЕЛЬ КОНЦЕПТА «КАЗАХСКИЙ НАРОД» (ПО ТВОРЧЕСТВУ Ш. МУРТАЗЫ)

*Кембаева А. Т.¹, Жубай О.С.²

^{*1,2} КазНУ имени аль-Фараби, Алматы, Казахстан

Аннотация. Внутренний духовный мир и национальная идентичность любого народа отражаются в его языковом характере. Следовательно, изучая понятия национального характера, мы познаем историю, мировоззрение, культуру этого народа. В ходе изучения концепта *казахский народ* была поставлена цель определить последовательность мировоззренческих установок и позиций, характерных для нашего народа, и когнитивную модель концепта, отражающую психологическую специфику нашей нации. Для раскрытия содержания концепции *казахский народ* была проведена работа по анализу текстов произведений, содержательных понятий, отражающих менталитет и культуру, выражающих этнические стереотипы и познания нации в когнитивном направлении. В частности, в соответствии с основной идеей исследовательской работы, когнитивная модель концепции «казахский народ» была определена на основе творчества писателя Шерхана Муртазы.

В ходе исследования была поставлена задача обратиться к конкретным примерам, применены методы подбора, лексического анализа, обобщения, толкования пунктов текста. Концепция, ставшая объектом исследования, нашла отражение в произведении писателя в различных типовых формах. Поэтому стереотипные, ассоциативные, семантические знаки и символы, раскрывающие смысл концепта, были отобраны из текста и проанализированы в контекстно-содержательном характере взаимоувязки и нарастания.

Характерные для казахского народа поведения, обычаи, мировоззренческие взгляды, этнические особенности, даже традиционные для нации обычаи, образ, история, представление о жизни в казахском познании – все это отражается в одном концепте «казахский народ». В исследовательской работе проводились процессы систематического отбора мыслительных рисунков из каждой ветви

художественного произведения, нахождения его формы, анализа. Это определило возможность признания основного результата, то есть когнитивной модели концепции *казахский народ* на конкретных примерах. По итогам исследования на основе текста произведения Шерхана Муртазы была определена когнитивная модель концепта *казахский народ* и проанализированы его функции. Текстовые пункты, обозначающие казахское познание, дифференцированы в символическом, семантическом характере. Проведенный в ходе исследования практический анализ выявил ценность работы в области языкознания.

Итоги исследовательской работы, то есть определение когнитивной модели концепта «казахский народ» на основе языковых единиц художественного произведения, разъяснение концептуального характера изложенных в тексте картин авторской мысли и казахской точки зрения, мировоззренческой позиции, отбор, анализ примеров, разъяснение содержательных, концептуальных особенностей, уточнили его научно-практическое значение.

Ключевые слова: концепт, когнитивная модель, казахский народ, нация, фрейм, лексическая единица, когнитивная лингвистика, национальное познание, тип концепта

COGNITIVE MODEL OF THE CONCEPT ‘KAZAKH PEOPLE’ (BASED ON THE WORKS OF SH. MURTAZA)

*Kembayeva A.T.¹, Zhubai O.S.²

^{*1,2} Al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan

Abstract. The inner spiritual world and national identity of any nation are reflected in its linguistic character. Consequently, studying the concepts of national character, we learn the history, worldview, culture of this nation. In the course of studying the concept *Kazakh people* the aim was set to determine the sequence of world outlook attitudes and positions characteristic of our people and the cognitive model of the concept reflecting the psychological specificity of our nation. In order to reveal the content of the concept *Kazakh people* the work on analysing the texts of works, content concepts reflecting mentality and culture, expressing ethnic stereotypes and cognition of the nation in the cognitive direction was carried out. In particular, in accordance with the main idea of the research work, the cognitive model of the concept *Kazakh people* was determined on the basis of the works of the writer Sherkhan Murtaza.

In the course of the research, the task was set to address specific examples, methods of selection, lexical analysis, generalisation, interpretation of text points were applied. The concept, which became the object of the research, was reflected in the writer’s work in various typical forms. Therefore, stereotypical, associative, semantic signs and symbols revealing the meaning

of the concept were selected from the text and analysed in contextual and content character of interconnection and accretion.

The Kazakh people's characteristic behaviours, customs, worldviews, ethnic features, even traditional customs of the nation, image, history, and the idea of life in Kazakh cognition are all reflected in one concept *Kazakh people*. The research work carried out the processes of systematic selection of thought drawings from each branch of the artwork, finding its form, analysing it. This determined the possibility of recognising the main result, i.e. the cognitive model of the concept *Kazakh people* on specific examples. According to the results of the study, on the basis of the text of Sherkhan Murtaza's work, the cognitive model of the concept *Kazakh people* was determined, and its functions were analysed. Textual items denoting Kazakh cognition are differentiated in symbolic, semantic character. The practical analysis carried out during the research revealed the value of the work in the field of linguistics.

The results of the research work, i.e. determination of the cognitive model of the concept *Kazakh people* on the basis of linguistic units of the artwork, clarification of the conceptual character of the author's thought pictures and Kazakh point of view, world outlook position stated in the text, selection, analysis of examples, clarification of substantial, conceptual features, clarified its scientific and practical value.

Keywords: concept, cognitive model, Kazakh people, nation, frame, lexical unit, cognitive linguistics, national cognition, concept type

Мақала түсті: 23 қыркүйек 2024

Авторлар туралы мәлімет:

Кембаева Айнұр Тұрарқызы – әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің PhD докторанты, e-mail: kembaeva_ainur@mail.ru

Жұбай Орынай Сағынғалиқызы – филология ғылымдарының докторы, профессор м.а., әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, e-mail: aim-ornai@mail.ru

Информация об авторах:

Кембаева Айнур Тураровна – PhD докторант Казахского национального университета имени аль-Фараби, e-mail: kembaeva_ainur@mail.ru

Жубай Орынай Сагынғалиевна – доктор филологических наук, и.о.профессора, КазНУ имени аль-Фараби, e-mail: aim-ornai@mail.ru

Information about the authors:

Kembayeva Aynur Turarovna – PhD doctoral student, al-Farabi Kazakh National University, e-mail: kembaeva_ainur@mail.ru

Zhubai Orynai Sagyngaliyevna – Doctor of Philological Sciences, acting Professor, al-Farabi Kazakh National University, e-mail: aim-ornai@mail.ru

ӘОЖ 8'80'800

ҒТАХР 16.01.33

<https://doi.org/10.48371/PHILS.2024.4.75.010>

**ИНВЕКТИВТІ ЛЕКСИКА ТІЛДІК АГРЕССИЯНЫ БІЛДІРУ
ҚҰРАЛЫ РЕТІНДЕ
(Ш.МҰРТАЗАНЫҢ «ҚЫЗЫЛ ЖЕБЕ» РОМАНЫ НЕГІЗІНДЕ)**

*Меттибаева С.А.¹, Досымбекова Р.²

^{*1,2} әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы, Қазақстан

Аңдатпа. Инвективті лексика – адамның ар-намысын таптау, қорлау мақсатында жұмсалатын тілдік бірліктер. Мақалада тілдік агрессияны білдіретін инвективті лексикаға лингвистикалық сипаттама берілді. Мақаланың мақсаты, негізгі бағыттары мен идеяларына – осы мақалада берілген мысалдарды талдау барысында инвективті лексиканың агрессиялық бояуын қазақ романдарындағы тілдік бірліктер арқылы дәлелдеп көрсету. Инвективті лексиканың ашу-ыза үстінде айтылатын және мақсатты түрде адресантқа бағытталған түрлері бар. Мақалада инвективті лексиканың зерттелу тарихы мен оның қазіргі зерттелу аймағы анықталды. Тілдік агрессия дегеніміз – дұшпандықты, өшпенділікті білдіру үшін тілдік құралдарды қолдану, біреудің мақтанышын, қадір-қасиетін қорлайтын сөйлеу тәсілі, сондай-ақ адресаттың агрессивті әрекеттерге тікелей шақыруын білдіру, сұхбаттасушының агрессивті тонусын сақтау және сөйлеу құрылымы.

Мәтіндегі инвективті қарапайым экспрессиядан ажырату үшін, қорлау әрдайым адресатқа немесе үшінші тұлғаға бағытталған екенін есте ұстаған жөн. Сонымен қатар, тіл деңгейіндегі айыптау сөзінің белгілеріне мыналар жатады: сөйлеушінің ашулы үні, бұйрық (күшейту), жеке есімдіктерді қолдану. Зерттеудің теориялық және практикалық маңыздылығына инвективті лексикаға қатысты отандық зерттеулердің қатарын толықтырып, талданған инвективтер негізінде олардың мән-мағынасы мен қолдану аясына қатысты түсінік пайда болады. Зерттеу әдіснамасының негізіне отандық ғалымдардың тұжырымдамалары мен теориялары алынған.

Инвективтерді талдау үшін Ш.Мұртазаның «Қызыл жебе» романы алынды. Романда тап тартысы мен түрлі саяси-әлеуметтік қақтығыстар

баяндалған. Берілген мысалдарға лингвоконцептуалдық талдау жасалды. Қазақ тілінде жиі қолданылатын ақымақ, иттің баласы, ит, атаңа нәлет, атауыңды іш, шірік, қақбас, сорлы, т.б. инвективтердің түпкі мәнін анықтап, оның экспрессиясы сараланды. Әдетте, инвективтер ашу, ыза, кек, өшпенділік, қорлау, менсінбеу, келемеждеу, намысына тию, ашындыру, т.б. мақсатында қолданылады. Зерттеудің нәтижесінде қазақ тіліндегі инвективтердің мағыналық топтары ажыратылды, агрессиялық күші талданды.

Тірек сөздер: инвективті лексика, тіл мәдениеті, лингвомәдениеттану, бейәдеп сөздер, тілдік агрессия, тілдік құбылыс, лингвоконцептуалдық талдау, сөйлеу құбылысы

Кіріспе

Бүгінгі таңда агрессия адамның түрлі салаларындағы өзара іс-қимылына елеулі әсер ете отырып, олардың мінез-құлқының маңызды аспектілерінің бірі болып табылады. Агрессия көріністерін зерттеу тек психология мен социология үшін ғана емес, ғылымның басқа да көптеген салалары үшін өзекті тақырып болып табылады.

Инвективті сөздер Ш.Мұртазаның «Қызыл жебе» романында көп қырлы рөл атқарады. Олар тек қана қанағаттанбаушылықты білдіріп қана қоймай, сонымен қатар таптық күресті бейнелейді, әлеуметтік қайшылықтарды көрсетеді, оқырманға кейіпкерлердің ішкі әлемін тереңірек түсінуге көмектеседі. Лингвоконцептуалдық талдау сөздің әртүрлі әлеуметтік топтар арасындағы қарым-қатынас динамикасын жақсырақ түсінуге мүмкіндік беретін тарихи және мәдени контекстке ие екенін көрсетеді.

Бұл мақалада біз адамда агрессияның түрлі аспектілерін, оның түрлерін, пайда болу себептерін, салдарын және басқару тәсілдерін қарастырамыз. Агрессивті мінез-құлыққа әсер ететін мінез-құлық үлгілерін, әлеуметтік-мәдени факторларды талдау және көп қырлы құбылысты тереңірек түсінуге мүмкіндік береді.

Бүгінгі таңда инвективті лексика мәселесі отандық және шетелдік зерттеушілердің назарын аударуда. Инвективті лексиканың еркін қолданудың артуы барған сайын байқалады, өйткені олар күнделікті өмірде ғана емес, көркем әдебиет пен публицистикада да жиі қолданылады. Бұл стильдердің құлдырауы мен араласуының жалпы тенденциясына ықпал етеді.

Тіл – қарым-қатынас құралы ғана емес, сонымен қатар халық дүниетанымын, менталитетін, тарихын, тұтас бір дүниенің суретін бере алатын әлеуеті бары айтылып жүр. Бұл тілдің коммуниктивтік қызметінен бөлек, когнитивтік, прагматикалық, дискурсивтік т.б. аспектісін айқындайды. Тіл – күрделі құбылыс. Ғасырлар бойы

жинақталған, сұрыпталған тілдік бірліктерді өз орнында жұмсау, мағынасына сай қолдану тілдік ортада қалыптасқан нормаларға сай жүреді. Тіл бір қоғамның айнасы десек, қоғамдағы ой тазалығы, сөз тазалығы тіл тазалығына байланысты өрбиді.

Тіл мәдениеті арқылы адамдар арасындағы коммуникацияның жоғары дәрежеде өтуі, толеранттылықты сақтауы өз кезегінде әр ұлттың дүниетанымынан хабардар болуын қажет етеді. Осы орайда әлемдік жаһанданудың тілдік, менталитеттік, мәдени шекараларды ашып, қарым-қатынастың жеңілдей түскенін айта аламыз. Халықты терең түсіну үшін оның сөйлеу тілін зерттеу қажет. Күнделікті қолданыстағы тілдік бірліктер арқылы сол халықтың әлемнің тілдік бейнесін тани аламыз.

Кез келген коммуникация сөйлеу актісі арқылы өтетіні белгілі. Адресат пен адресанттың арасындағы коммуникацияның иллокутивті әсері коммуниканттар таңдап алған тілдік бірліктерге байланысты болады. Қазақ тілінде эмоционалды-экспрессивті лексикаға жаргон сөздер, диалектизмдер, тұрмыстық лексика, варваризмдер, вульгаризмдер, жалпы қолданыстағы лексика кіреді.

Зерттеушілер үндеу мен қорлаудың нақты шеңберін анықтауға қатысты көптеген сұрақтар әлі де бар екенін атап өтті. Осы құбылыстардың тілдік жағын нақтылау мақсатында «инвектив» ұғымы енгізілді. Ғалымдардың пікірінше, бұл лингвистикаға заң саласынан енген. Шетелдік сөздердің сөздігіне сәйкес, Н.С. Араповтың редакциясымен инвектив «бір адамға, не затқа қатысты ар-намысқа тиетін сөзге қарсы сөйлеу» деп түсіндірілген [1, 93 б.].

Инвектив сөз – «бір объектке балағат сөз айту, қорлау, дөрекі сөйлеу, қытығына тию» қайнар көзі латын тілінен шыққан: *invective oratio* – балағат сөйлеу [2, 35 б.]. Мәтіндегі инвективті қарапайым экспрессиядан ажырату үшін, қорлау әрдайым адресатқа немесе үшінші тұлғаға бағытталған екенін есте ұстаған жөн. Сонымен қатар, тіл деңгейіндегі айыптау сөзінің белгілеріне мыналар жатады: сөйлеушінің ашулы үні, бұйрық (күшейту), жеке есімдіктерді қолдану.

Зерттеудің құндылығы және маңыздылығы инвективтік құбылыстың жеткіліксіз зерттелуіне, сондай-ақ инвективтік тілдік құбылысты зерттеу қажеттілігіне байланысты отандық ғылым материалдарының қатарын толықтыруға мүмкіндік береді.

Мақаланың мақсаты инвективтік лексиканың тілдік агрессияны білдіретінін анықтау және оны көркем шығармадан мысал келтіре отырып дәлелдеу.

Материалдар мен әдістердің сипаттамасы

Инвективтік лексиканы талдау үшін зерттеуімізде Шерхан

Мұртазаның «Қызыл жебе» романын негізге алдық. Романда алаш қайраткері Тұрар Рысқұловтың тұлға боп қалыптасу жолындағы түрлі тап тартысы мен саяси-әлеуметтік қақтығыстар баяндалады. Қазақ қоғамындағы тарихи оқиғалар олардың тілдік қолданыстарына да әсер еткен. Инвективті лексика ұрыс, дау-жанжал, саяси ойындарда жиі қолданатыны айтылды. Жазушы инвективтерді кейіпкерлерінің мінез-құлқын ашуда, оқиғаны шынайы суреттеу кезінде ұтымды қолдана білген. Әсіресе, қазаққа тән боқтық сөздер мен ар-намысқа тиетін сөздердің біраз түрін түрлі құрылымда жұмсаған. Мақалада инвективті лексиканы лингвоконцептуалдық зерттеу әдісі қолданылды. Берілген мысалдардан ұлттық дүниетаным мен пайымды тануға тырыстық.

Зерттеу материалдары: инвектива бойынша зерттелген ғылыми еңбектер, мақалалар талданып, мысалдармен дәйектелді.

Нәтижелер

Соңғы онжылдықта лингвистер инвективті лексиканы зерттеуге ерекше назар аударды. Бұл мәселенің себебін В.В. Посиделова стильдік қолданыстың төмендеуінен, яғни инвективті лексиканың тек ауызша сөйлеу тілінде ғана емес, публицистика мен көркем әдебиетте де жиі кездесетінін атап өткен [3, 13 б]. Байқағанымыздай, тілдік нормадан уәжсіз ауытқудың салдарынан сөйлеу этикетінде де ереже бұзылып жатады. Тілші-ғалым А. Алдаш тілдік стильдердің араласып келуінен түрлі лексикалық ауытқулардың орын алып жатқанынын айтқан болатын. Жалпы айтқанда тіл тазалығы адамдар арасындағы қарым-қатынасқа, толеранттылыққа әсер ететіні анық.

Инвективті лексиканы лингвомәдениеттану, психология, криминалистика, әлеуметтану т.б. аралық пәндер зерттейді. Инвективті лексика тілдік бірлік арқылы танылғандықтан лингвистикада жан-жақты қарастырылған зерттеулер баршылық. Атап өтсек В.И. Карасиктің еңбегінде адамның әлеуметтік дәрежесіне лингвистикалық зерттеу жасаған [4, 256 б.].

Тіл білімінде инвективті көптеген зерттеушілер басқаша түсіндіреді. Сонымен, XX ғасырдың 90-шы жылдарының соңында В.И. Желвис инвективті сөйлеу құбылысына «қорлаушы коммуникация» анықтамасын береді, оны жаман сөздермен синоним деп атайды [5, 349 б.]. Ғалым инвективті мәлімдеменің күші сөйлеушінің күйзеліс дәрежесіне тікелей байланысты екенін айтты. Бұл катарсис және тікелей айыптау болуы мүмкін. Алайда, В.И. Желвисте инвективті және оны қолдану жүйесін нақты ажырату жоқ.

Г.В. Кусковтың еңбегінде инвективті лексика және фразеологизмдер келтірілген. Зерттеушінің пікірінше, қорлайтын сөздің негізін тезаурус құрайды. Ол оларды 3-ке бөледі: тентек әдеби, ауызекі сөйлеу және

жалпы, кітап лексикасына қатысты [6, 27 б.]. А.Ю. Позолотин оның алдындағы толқын сияқты, сөйлеудің инвективті түрінен қарғыс түрін көреді. Ғалым айыптау сөздерінің семантикасына баса назар аударып, олардың тікелей және метафоралық мағынаға ие болуы мүмкін екенін атап өткен [7, 36 б.].

А.В.Курьянович лингвистикалық инвективтегі контекстің маңыздылығын атай отырып «бұл сөз олардың қасиеттерін қабылдауға қабілетті бейтарап, эмоционалды түсті басқа лексемалармен қоршалған» деп қорытындылайды [8, 109].

Н.Д. Голевтің еңбектерінде «инвектив» термині жанжалдың сөйлеу жанрының синонимі ретінде қарастырылады. Мысал ретінде В.М. Шукшиннің стилі көрсетілген. Оның шығармаларындағы кейіпкерлердің тілін зерттеу авторы кейіпкерлердің сөйлеуін көркемдік жобалау мәселесін шешу тәсілі ретінде қарастырады. Олардың барлық әңгімелері қарапайым және сонымен бірге сенімді [9, 159 б.].

Инвектив - кейінгі уақытта енген термин. Осы уақытқа дейін табуланған лексика, бейәдеп сөздер, нормаға түспеген лексика, т.б. деген атауларға ие болып келді. Г. Мамаева «Ерлер мен әйелдердің сөз қолданыстарындағы тілдік ерекшеліктер» атты диссертациясында инвективті лексикаға қатысты қазақ тілінде ерлер де, әйелдер де инвективтердің белгілі бір жиынтығын таңдайтынын, ал инвективті лексика - ерлер мен әйелдердің қолдануында-инвективтерге бөлінетінін айтады. Ер адамдар ашуланғанда, өшіккенде, ренжігенде, инвективтерден тұратын сөздік қорын пайдаланады немесе қол көтереді. Мұндай жағдайда әйелдер балағат сөздер мен қарғыс сөздерді айтуды жөн көретінін жазады. [10, 150 б.].

Зерттеуші Р.А. Төреханова, У.Г. Анесова «Қазіргі қазақ қоғамындағы ер-жігіттің рөлі мен бейнесі» атты мақаласында ерлердің сөйлеу тіліндегі инвективті лексикаға тоқталған. Осы зерттеуде инвективті лексиканың ұлттық бояуы бары айтылады. Яғни бір ұлтта теріс мағынада қабылданатын сөз басқа ұлттың дүниетанымында мүлдем басқаша қабылданады екен. Осындан келіп, ұлттық ерекшелікті танытатын тілдік бірліктер қатарына инвективті лексиканы жатқызуға болатынын көреміз [11, 74 б.].

Инвективті лексиканы тілдік агрессияның құралы ретінде тану лингвокриминалистика бағыты бойынша жіті зерттеліп жүр. Тілдік агрессия – бұл «ренішті сөз айту, жағымсыз көңіл-күй, сезім немесе ниеттің сол сөйлеу жағдаятында ерсі, дөрекі, анайы тілдік қалыпта білдірілуі». Зерттеушілер тілдік агрессияның екі түрін ажыратады: бірі - адамның эмоциясын, оның ішінде ашу-ыза, өкпе-реніш, кек, т.б. сияқты жағымсыз күйді таныту мақсатында болса, екіншісі адресантқа бағытталған кемсіту мен қорлау коннотациясы бар инвективтер.

«Қорлау және жала жабу: сарапшының көзқарасы» оқу құралында А.Қ. Таусоғарова инвективтердің екінші қызметіне қатысты «айырықша ниет» деген атау берген.

Тілдік агрессия дегеніміз-дұшпандықты, өшпенділікті білдіру үшін тілдік құралдарды қолдану, біреудің мақтанышын, қадір-қасиетін қорлайтын сөйлеу тәсілі, сондай-ақ адресаттың агрессивті әрекеттерге тікелей шақыруын білдіру, сұхбаттасушының (оқырманның, тыңдаушының) агрессивті тонусын сақтау және сөйлеу құрылымы. Сөйлеу агрессиясы жанжалды және өзін фатикалық және публицистикалық дискурс жанрларында ашады. Ғалымдардың пікірінше, сөйлеу агрессиясы қазіргі қоғамда интолерантты функцияны орындайды, сөйлеу мінез-құлқының үйлесімді түрін бұзады. Тілдік агрессияда да, тілдік зорлық-зомбылықта да біз тілдік (ауызша) құбылысқа тап боламыз.

Бұл инвективті лексиканы тікелей қарым-қатынаста, көркем әдебиетте де, бұқаралық ақпарат құралдарында да белсенді қолдануда көрінеді. Көптеген зерттеуші қазіргі тұлғааралық қарым-қатынас кеңістігіндегі қарым-қатынасқа қатысушылар арасындағы дұшпандық, агрессивтілік қатынастарын күшейтуге назар аударады. Г.В. Кожевникова тілдік агрессия деп «этникалық және конфессиялық топтарға немесе олардың өкілдеріне қатысты кез келген қате мәлімдемелерді» түсінеді [12, 95 б.].

Талқылау

Ш. Мұртазаның «Қызыл жебе» романы, 1-томында Тұрардың әкесі Рысқұл жайында баяндалады. Рысқұлдың арпалысқа түскен өмірі мен бала Тұрардың сергелдеңге түскен балалық шағы оқырманды бейжай қалдырмайды. Ауыл кедейі Рысқұлдың кім екендігі егжей-тегжейлі ашылып, оның тап тартысына деген көзқарасының оянар кезеңі сәтті суреттелген. Оқиға XIX ғасырда болған.

Қазақта «тіл тас жарады, тас жармаса бас жарады» деген мақал бар. Сөздің құдіретін, киесін, түп төркінін жастайынан жете меңгерген адам тілдік коммуникацияда сөзді өз орнында қолдануға дағдыланған. Романнан инвективтерді адамның ар-намысын таптау, қорлау, келемеждеу, мүсіркеу, қарғау, т.б. мәнде қолданған. Әсіресе, ит сөзіне қатысты бірнеше түрін келтірген.

- *О, маңқа ит, мен осал болғанда, сен пысық болып не бітірдің?*

- *Қап, маңқа ит, сені ме! -болыстың оң қолы боржық Таубай Шыныбекті жалаңбастан тартып кеп жібергенде, Қорған ұста шыдай алмай, шабарманның қолынан жұлып алып, күмістеген тобылғы сабын шырпы сындырғандай қақ бөліп, аулаққа лақытырып жіберді.*

- *Әй, қалтырауық ит, көрмеймісің, төре баладан жауап алып тұр*

зой. кет былай!- деп Таубай старшын Үсіпті кеудесінен итеріп-итеріп жіберді.

- Ажалы жоқ екен иттің күшігінің,- деп кіжінді болыстар тобына сырттан қосылған Таубай.

- Көзіңе қара! Немене ит көрген ешкідей ежірейе қалдыңдар

- Иттің баласы! Тұмсығыңмен тазала мына жерді!

- Өй, Қодар ит, - деп бағанадан бері үндемей тұрған Рысқұл сөзге араласты. [13, 160 б.]

- Әне!- деді Таубай старшын қамшымен Тұрарды кезеп. -Бөрінің бөлтірігі, иттің күшігі сол. Ұста,Мақаш. Тарт иттің баласын! Далаға шығарып бауыздап жібер! Мына күңді де алып шық!

Ит – қазақ ұғымында жеті қазынаның бірі. Алайда итті тек белгілі бір мақсатпен ғана ұстау керек: аң аулауға, бақташылыққа, үй қоруға. Олай болмаған жағдайда мұсылман адамның жиған сауабы күн сайын кеми береді. Иттің сілекейі тиген ыдысты бір рет құммен тазалап, жеті рет сумен жуған. Осындай шарифат заңға сәйкес ұлттық санада жасаған ісі ұнамсыз болғанда «ит екенсің» деген теңеу қалыптасқан.

Маңқа ит - адресантты менсінбеу, кемсіту мағынасында жұмсалып тұрған инвектив. Маңқа - бірінші мағынасында жылқы малында кездесетін ауру түрі. Сонымен қатар, қырғыздардың «маңқа қазақ» деп атайтыны бар екен. Маңқа сөзінің ар-намысқа тиетіні туралы «Маңқа қазақ» деген сөз тіркесі үшін журналист сотқа тартылды» мақаласында айтылған. Байқағанымыздай, ит сөзі өзі ғана жұмсалмай маңқамен тіркесіп инвективтің экспрессиялық-бағалауыштық күшін арттырып тұр. Маңқа деп мұрнымен сөйлейтін адамдарға қатысты да айтады. Бұл тілдік қолданыста да адамды кемсіту, келемеждеу, төмен санау, сынау жатыр. Маңқа ит инвективін қолдану арқылы инвектор адресанттың өзіне деген сенімділігін өшіруді көздеп тұр.

Қалтырауық ит - адресанттың әлсіздігін сынау үшін жұмсалған инвектив. «Бай байыған сайын қалтырауық келеді», «Жыланға түк біткен сайын қалтырауық келеді» деген мақалдың мағынасында бай байыған сайын байлығы үшін қорқады, қалтырап, дірілдеп үнемі үрейде жүреді дегенге саяды. «Ит» сөзінің өзі инвектив бола тұра оған қалтырауық сөзін тіркеп сөздің коннотативтік бояуын қалыңдатаып тұр.

Қодар ит - адресанттың жауыздығын әшкерелеп тұрған инвектив. Қазақ әдебиетінде біз білетін екі Қодар бар: бірі - келінімен жақындасты деп айыпталған Қодар, екіншісі - Қозы мен Баянның арасына түскен Қодар. Екі образдың да қазақ дүниетанымында жағымсыз бағалауыштық мән беретіні анық. Романда Рысқұл Сақа палуан деген кісіге қарата *Қодар ит* инвективін қолданған. Бұл өз руластарына қарсы шыққан Сақаның көргенсіздігін, ақымақтығын әшкерелеп, сөзбен мысын басу үшін жұмсалып тұр. Сақа палуан -күші мықты болғанмен, ақылы таяз

кейіпкер. Жазушы кейіпкердің осы бір ұятты қылығын «Қодар ит» деген бір теңеумен дәл суреттеген.

Қазіргі заманда да жиі қолданылатын «иттің баласы», «иттің күшігі» деген инвективтердің түп тамырын иттің ислам дініндегі статусына қатысты пайымдауға болады. «Ит» ұғымы кейде «арам» деген мәнге интерпретацияланады. Яғни, ит ішкен су арамдалады, сілекейі тиген ыдыс арам болады, иттің етін жеу де арам болып саналады. Осындай жағымсыз мәнде Рысқұлдың баласы Тұрарға иттің баласы, иттің күшігі, бөрінің бөлтірігі деген инвективтерді қарата айтқан. Бұл атаулардың астында тұқымына тартқан бала, әкесі қандай болса, баласы да сондай деген жек көру сезімімен қатар, сүйсіну де қатар жатыр. Алайда түсінген адамға өзін адам емес, арам итке балағаны намысқа тиетіні анық.

Бөрінің бөлтірігі - адамды төрт аяқтыға теңеген инвектив. «Қазақ әдеби тілінің анықтамалығында»: адамға байланысты қолданылатын «иттің күшігі» және «бөрінің бөлтірігі» деген метафоралық тіркестердің беретін эмоционалды-экспрессивті реңкі әртүрлі. Халқымыздың онтологиялық нормасына сәйкес иттің күшігі тіркесі жағымсыз сипат берсе, бөрінің бөлтірігі метафоралық тіркесі өжеттік, қайсарлық, бірбеткейлік қасиеттерді байқатады». Жазушы Ш.Мұртаза Тұрардың қайсарлығы әкесі Рысқұлға ұқсағанын осы сөзбен білдіргісі келген. Инвектор адресанттың ар-намысын таптау үшін қолданып тұрса да, астарында сүйсіну, таңдану бар сияқты.

- Ей, шірік, энеукүні көкпарда сені масқара етіп кеткен осы емес пе еді?

Шірік - кемсіту мағынасында қолданылған инвектив. Қазақ әдеби тілінің сөздігінде шірік - сын. ауыс. Еш нәрсеге жарамсыз, жасық, ез, былжыр (адам). – Өй, жасық туған шірік! Сенің өкімет болған неңді алды. Тұр әрі сүміреймей! [13, 123].

- Әй, шірік томар, о бастан-ақ осал едің.

Мына мысал бастан-аяқ ар-намысқа тиетін сөздерден құралған. жазушы екі сөзді біріктіріп, өзі шірік, өзі томар адамды көз алдымызға әкеледі. Томар - кесілген ағаштың кепкен түбірі. Томарды жасы келген, қартайған, дәрменсіз, қазына емес, базына айтатын қартаң кісіге қатысты да қолданған.

-Кәне, қақбас, інің қайда, қаніпезер, қашқынініңді қайдап тығып қойдың!?- деп алқымынан алғаны батып кетті.

Қақбас - қазіргі уақытта жасы келген адамға айтылатын құрметсіздікті танытатын инвектив. Түсіндірме сөздікте екі түрлі мағынада келеді: баласыз жалғыз адам; жалмауыз, сұмырай. Қақбас сөзіне қатысты Жетісу газетінде мынадай түсініктеме берілген. «Қақбас» сөзін қақ жарып көрсен, еш артық әріпсіз «Қақ+бас» болып бөлінетіні анық. Бұл ретте соңғы «бас» сөзінің мәні аян болғасын, алдыңғы «қақ»

сөзіне көңіл бөліп көрелік. Қақ – ол моңғол тілінде «жалғыз» деген мағынаны білдіреді. Яки, «қақбас» сөзі «қубас», «жалғыз бас» деген мағына берген бұрын. Осыдан барып «қақбас» сөзі біздің қазаққа ең жаман боқтық сөзінің бірі ретінде ауызекі тілде тарап кеткен. Алайда бұл ашу үстінде айтылғанмен, көбіне-көп біз айтқандай айтылушысын тура тапса, іштей опық жегізіп тынатын «қарғыс» сөз есебінде қаралған. «Ой, қақбас» деу – «жалғыз қалғыр», «қу басы сопайғыр» деп келетін қарғыс сөздермен мәндеседі. Романда кейіпкер ауылдың сыйлы ақсақалы Ахатқа қарата осы сөзді қолданған. Бұл құрметсіздіктің шыңы деуге болады.

- О, дәу, жараған бурадай бұрқырап неғып отырсың?

Инвектор бір емес, екі инвективті қолдана отырып, адресанттың қылығын келемеждеп, намысына тиіп тұр. Дәу - үлкен, ірі деген мағынаны білдіретін диалект сөз. Оқиға оңтүстік өңірде болғандықтан жазушы осы сөзді мақсатты түрде қолданды десек те, дәу деген сөздің адамның дене болмысына қатысты сыни тұрғыда жұмсалғаны анық аңғарылады. Жараған бурадай тіркесі бураның табиғат заңына сай физиологиялық күйін суреттейді. Бура - түйенің еркегі. Бұл кезеңде бура өте ашушаң болып келеді. Ал бура қаңтар айында жарайды, яғни ұрпақ жалғастыруға дайындалады. Аузынан ақ көбігі бұрқырып, тістері сықырлап, тіптен адамға шабатындары да бар. Адамның қатты ашу үстінде отырғанын суреттеу үшін жараған бурадай тіркесі қолданылады.

Шіріген жұмыртқасың да сен, намысы жоқ...

Шіріген жұмыртқа - үмітті ақтамаған ұрпаққа қатысты айтылатын инвектив. Қазақтың ру-руға бөлініп, бір-бірімен талай қақтығыс болғанын тарихтан да, көркем әдебиеттен де оқып біліп отырмыз. Рулар арасындағы бөлініс, жақтырмау, кемсіту, мазақ қылу қазіргі қазақ қоғамында өкінішке орай әлі де бар. Романда кейіпкер өз руластарын қарсы келген ағайынға шіріген жұмыртқасың деді. Бұл - түсінген адамға өте ауыр сөз.

- Атаңа нәлет, ақымақтар! - деді Сақан палуан орнынан қамшының сабына сүйеніп тұра беріп. - Сіңірі шыққан кілең қу сирақ! Ел дейді мұны, ел болмай ебелек болып ұшып кеткір. Күміс ер сенің не теңің, өңшең сорлы. Қу ағашын құшақтап жатыңдар. Қап, бәлем! Тұра тұр! Аяғыма ертең өздерің келіп жығыласыңдар. Жығылтар болыс. Жақсылықты білмеген өңшең тобыр. Қарақойыннан айдап шықса, қаңғып кетерсің, түге! [13, 145 б.]

Инвективті лексика мағынасына қатысты қазіргі зерттеушілердің еңбектерінде кең мағынасында, адамның жеккөрушілік сезімі мен агрессияның мүмкіндігінше қорлау ретінде қабылданатын кез келген тілдік көрінісі (біреуге қатты сөз айту ғана емес және тар мағынасында, кодталмаған (тыйым салынған) құралдармен адамды қорлайтын атау

деген тұжырым бар. Жоғарыда келтірілген мысалда қорлау да, жек көру де, қарғыс та, өшпенділік, т.б. сезімдер араласып келген. Осы мысалдағы «атаңа нәлет» тіркесіне тоқтала кетейік. Қазақта лағынет деген сөз бар, мағынасы «Жек көрген адамға, жауына айтылатын жаман тілек; қарғыс». Атаңа лағынет тілесен, қарғысы оның жеті ұрпағына кетеді, демек, «Атаңа нәлет» тіркесінің түпкі мәні - ата-анаң Алланың мейірімінен жырақтап қалсын, ата-бабаң Алланың мейірімі түспесін деген жаман мағынаны білдіреді», деп пайымдаған. Атаңа нәлет инвективі - қарғыс мәнді ауыр сөз.

Ақымақ сөзі қазақ тілінің кірме сөздер сөздігінде жөн білмейтін ессіз, ақылы аз. Ой-өрісі нашар, ақылға көнбейтін, ұнамды қасиеттерден жұрдай, жөн білмейтін адамға қарата айтылатын сөз деп түсініктеме берілген. Ақымақ - араб тілінен енген сөз. Қазақ әдеби тілінің сөздігінде ессіз, жөн білмейтін, парықсыз адам; сана-сезімі жұтаң, ақылы аз адам деп берілген. Ересек адамның намысына тию үшін айтылатын бұл сөздің қазір салмағы жеңілдеп кеткен сияқты көрінеді. Романда ел ағасы боп қалған бір ауылдың атқамінерлеріне қарата айтылып тұр. Автор осы инвектив арқылы инвектордың ашынған күйін көрсеткісі келген. Сонымен қатар, сіңірі шыққан кілең қу сирақ, өңшең сорлы, өңшең тобыр инвективтері менсінбеу, кемсіту мағынасында айтылып тұр. Кілең, өңшең жинақтау мәндегі сөздер бір топқа қарата айтылғанда қолданылады. Мысалы, - *Өңшең сорлы, - деді ол түрегеліп есін жиган соң өз туыстарына кекесін зілмен көз тастап:- Ажалды қарға өңшең.*

Қазақта «Кереңді же де, атауыңды іш» деген өте ауыр сөз бар. Қазақ дәстүрлі мәдениетінің энциклопедиялық сөздігінде «атау - адамның жаны шығар алдында ішкен ең соңғы суы; атау-кере деп жазылған. Яғни адамға «атауыңды ал, бұл соңғы асың болуы мүмкін» деп үрей мен қорқыныш ұялататын тілдік агрессияның бірі ретінде келіп тұр.

- *Мә, мына атауыңды ал! -деген зекіме дауыс естілді [13, 154 б.].*

Ас - адамның арқауы болса, атау-кере - соңғы дәм-тұзы. Жоғарыда келтірілген мысалдар бір немесе бірнеше адамдарға қарата айтылған қаратпа сөздер ретінде келсе, атауыңды іш инвективінде іс-әрекетті жасату арқылы адамды қорлау бар.

Қорытынды

Эмоционалды-экспрессивті лексикаға жеке-жеке тоқталған Ш.Нұрғожина: «халықтың ауызекі сөйлеу тіліндегі қарапайым сөздердің экспрессиясы күшті болып келеді. Сондықтан олар ешбір өзгеріссіз сол қалпында кейіпкерлер тілінде беріледі» деген болатын [14, 145 б.]. Біз де зерттеуімізде қарапайым халықтың сөйлеу тіліндегі тілдік бірліктерде инвективті Лексиканың үлгілерін ала отырып, олардың қызметтерін саралауға тырыстық. Ш. Мұртаза шығармасынан таңдап алынған

инвективтердің ашу-ыза үстінде айтылған сөзден бөлек, мақсатты түрде тыңдаушыға бағытталған ар-намысына тиетін тілдік бірліктерді жиі қолданғанын байқауға болады. Өйткені оқиға қақтығысқа құрылған деген тұжырым жасаймыз.

Осылайша, біз инвективті адресатты қорлау, ренжіту мақсатында қолданылатын лексикалық бірлік ретінде анықтаймыз. Инвективте коммуникативті әрекеттің бұзылуының белгісі бар екені анық, олар жағымсыз сезімдерді вербализациялауға ықпал етеді, кейіннен адресаттың қорлауына, ренішіне және қорлауына айналады.

Алғыс айту

Авторлар осы мақаланы жазуға көмектескен Әулие Климент Охридский атындағы София университетіне және профессор Г.Петковаға алғыстарын білдіреді. Жоба атауы: SUMMIT София университеті Инновациялар мен технологиялық трансферттің серпінін белгілеу: 3.3 Халықаралық қызмет.

ӘДЕБИЕТ

[1] Словарь иностранных слов / Под ред. Н. С. Арапова, Р. С. Кимягарова и др. – М., 1999. – 93 с.

[2] Қорлау және жала жабу: сарапшының көзқарасы. / Жауапты ред. Г.Х. Әженова. – Алматы: «Әділ сөз», 2013 – 152 б.

[3] Посиделова В.В. Лингвистический и правовой аспекты инвективной лексики русского языка// Философия права. – 2016. – №2. – С.13–18.

[4] Карасик В. И. Язык социального статуса. –М., 1992.–256с.

[5] Жельвис, В. И. Поле брани. Сквернословие как социальная проблема / В. И. Жельвис. – 2-е изд. доп. – М.: Ладомир, 2001. – 349 с.

[6] Кусков Г. В. Оскорбление как иллюкутивныйлингвокультурный концепт: автореф. дис. ... канд. филол. наук: 10.05.04 / Кубанский гос. технологич. ун-т. – Волгоград, 2004. – 27 с.

[7] Позолотин А. Ю. Инвективные обозначения человека как лингвокультурный феномен (на материале немецкого языка): автореф. дис. ... канд. филол. наук: 30.06.05. – Волгоград: Волгоградский гос. пед. ун-т., 2005. – 36 с.

[8] Курьянович А. В. Инвективные речевые жанры в пространстве современной межличностной коммуникации / А. В. Курьянович // Вестник Томского государственного педагогического университета: сборник науч. ст. Серия: «Гуманитарные науки. Филология». – Томск: Изд-во ТПУ, 2005. – №3(4). – С. 106–112.

[9] Голев Н. Д., Лебедева, Н. Б. Речевой жанр ссоры и конфликтные сценарии в рассказах В.М. Шукшина [Текст] / Н. Д. Голев, Н. Б. Лебедева

// Юрислингвистика-2: русский язык в его естественном и юридическом бытии: межвузовский сборник науч. ст. – Барнаул: Изд-во Алтайского гос. ун-та, 2000. – №2. – С. 158–171.

[10] Мамаева Г.Б. Ерлер мен әйелдердің сөз қолданысындағы ерекшеліктер [гендерлік зерттеулер]: филология ғылымдарының кандидаты дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация. – Алматы, 2003. – 150 б.

[11] Төреханова Р.А., Анесова У.Г. Қазіргі қазақ қоғамындағы ер-жігіттің рөлі мен бейнесі // Хабаршы. Филология сериясы.–2021. – №2(182). – Б.74–80.

[12] Кожевникова Г. В. Язык вражды: Типология ошибок журналиста // Прикладная конфликтология для журналистов. – М., 2006. – С. 95-98.

[13] Мұртаза Ш. Таңдамалы шығармалар жинағы. 1-кітап: ҚЫЗЫЛ жебе. Рысқұл. – Алматы, 2012. –224 б.

[14] Нұрғожина Ш.И. Эмоционально-экспрессивная лексика казахского разговорного языка: дисс. на соискание уч. степ. канд. филол. наук. – Алматы, 1989. – 145 с.

REFERENCES

[1] Arapova N. S., Kimyagarova R. S., i dr [Eds.]. Slovar' inostrannyh slov [Dictionary of Foreign Words]. – Moskva, 1999. – 93 s. [in Rus.]

[2] A'zhenova G. H. [Ed.] Qorlau zhane zhala zhabu: sarapshynyn kozqarasy [Insults and slander: the expert's point of view]. – Almaty: Adil soz, 2013. – 152 b. [in Kaz.]

[3] Posidelova V.V. Lingvisticheskij i pravovoj aspekty invektivnoj leksiki russkogo yazyka [Linguistic and legal aspects of the invective vocabulary of the Russian language] // Filosofiya prava. – 2016. – №2. – S. 13-18. [in Rus.]

[4] Karasik V. I. Yazyk social'nogo statusa [Language of social status]. – Moskva, 1992. – 256 s. [in Rus.]

[5] Zhel'vis V. I. Pole brani. Skvernoslovie kak social'naya problema [The battlefield. Profanity as a social problem]. – M.: Ladomir, 2001. – 349 s. [in Rus.]

[6] Kuskov G. V. Oskorblenie kak illokutivnyj lingvokul'turnyj koncept [Insult as an illocutionary linguocultural concept]: avtoref. dis. ... kand. filol. nauk: 10.05.04. – Volgograd: Kubanskij gos. tekhnologich. un-t, 2004. – 27 s. [in Rus.]

[7] Pozolotin A. Y. Invektivnye oboznacheniya cheloveka kak lingvokul'turnyj fenomen [na materiale nemeckogo yazyka [Investive designations of a person as a linguocultural phenomenon (based on the material of the German language)]: avtoref. dis. ... – Volgograd: Volgogradskij gos. ped. un-t., 2005. – 36 s. [in Rus.]

[8] Kur'yanovich A. V. Invektivnye rechevye zhanry v prostranstve sovremennoj mezhlíčnostnoj kommunikacii [Invective speech genres in the space of modern interpersonal communication] // Vestnik Tomskogo gosudarstvennogo pedagogicheskogo universiteta: sbornik nauch. st. Seriya: «Gumanitarnye nauki. Filologiya». – Tomsk: Izd-vo TPGU. – 2005. – №3(47). – S. 106-112. [in Rus.]

[9] Golev N. D., Lebedeva N. B. Rechevoj zhanr ssory i konfliktnye scenarii v rasskazah V.M. SHukshina [The speech genre of quarrels and conflict scenarios in the stories of V.M. Shukshin] // Yurilingvistika-2: russkij yazyk v ego estestvennom i yuridicheskom bytii: mezhvuzovskij sbornik nauch. st.. – Barnaul: Izd-vo Altajskogo gos. un-ta, 2000. – №2. – S. 158-171. [in Rus.]

[10] Mamaeva G.B. Erler men ajelderdin soz qoldanysyndagy erekshelikter (genderlik zertteuler) [Features in the word usage of men and Women (Gender Studies)]: filologiya gylymdarynyn kandidaty darezhesin alu ushin dajyndalghan dissertaciya. – Almaty, 2003. – 150 b. [in Kaz.]

[11] Terekhanova R.A., Anesova U.G. Qazirgi qazaq qogamyndagy erzhygittin roli men bejnisi [The role and image of a man in modern Kazakh society] // Habarshy. Filologiya seriyasy. – 2021. – №2[182]. – B. 74-80. [in Kaz.]

[12] Kozhevnikova G. V. Yazyk vrazhdy: Tipologiya oshibok zhurnalista [The language of enmity: Typology of journalist's mistakes] / Prikladnaya konfliktologiya dlya zhurnalistov. – M., 2006. – S. 95-98. [in Rus.]

[13] Murtaza Sh. Tandamaly shygarmalar zhinagy [Collection of Selected Works] / 1-kitap: Qyzylzhebe. Rysqul. – Almaty, 2012. – 224 b. [in Kaz.]

[14] Nurgozhina Sh.I. Emocional'no-ekspressivnaya leksika kazahskogo razgovornogo yazyka [Emotional-expressive vocabulary of the Kazakh colloquial language]: diss. na soiskanie uch. step. kand. filol. nauk. – Almaty, 1989. – 145 s. [in Rus.]

ИНВЕКТИВНАЯ ЛЕКСИКА КАК СРЕДСТВО ВЫРАЖЕНИЯ ЯЗЫКОВОЙ АГРЕССИИ (НА МАТЕРИАЛЕ РОМАНА Ш. МУРТАЗЫ «ҚЫЗЫЛ ЖЕБЕ»)

* Меттибаева С.А.¹, Досымбекова Р.²

^{*1,2}Казахский национальный университет имени аль-Фараби,
Алматы, Казахстан

Аннотация. Инвективная лексика - языковые единицы, используемые с целью растоптать, унижить человеческое достоинство. В статье дана лингвистическая характеристика инвективной лексики, выражающая языковую агрессию. Научная цель, основные направления и идеи исследования – в ходе анализа приведенных примеров, обосновали

важность в казахских романах агрессивной окраски инвективной лексики. Существуют виды инвективной лексики, которые выражаются в гневе и целенаправленно нацелены на адресата. В статье определены история изучения инвективной лексики и область ее применения в настоящее время. Языковая агрессия - это использование языковых средств для выражения враждебности, ненависти, способ высказывания, оскорбляющий чужую гордость, достоинство, а также выражение прямого призыва адресата к агрессивным действиям, поддержание агрессивного тона собеседника и структуры речи.

Чтобы отличить инвективу в тексте от простого выражения, важно помнить, что оскорбление всегда адресовано адресату или третьему лицу. Кроме того, признаки обвинительного слова на уровне языка включают: гневный тон говорящего, приказ, использование личных местоимений. Научная и практическая значимость исследования заключается в дополнении ряда отечественных исследований в отношении инвективной лексики, а также понимание сущности и сферы применения анализируемых инвектив. В основу методологии исследования положены концепции и теории отечественных ученых.

Для анализа инвективных слов при написании статьи был взят за основу роман Ш.Муртазы «Қызыл жебе» («Красная стрела»). В романе описаны классовая борьба и различные политико-социальные конфликты. Был проведен лингвоконцептуальный анализ приведенных примеров. Таким образом, были получены такие результаты: в казахском языке часто употреблялись слова: «глупый», «собачий», «будь ты проклят», «гнилой», «жалкий» и т.д., которые определяли конечную сущность инвектив, дифференцировали их выражение и экспрессию. Как правило, инвективы используются с целью гнева, мести, ненависти, унижения, презрения, насмешек. В результате исследования выделены смысловые группы инвектив в казахском языке, а также проанализирована агрессивная сила.

Ключевые слова: инвективная лексика, языковая культура, лингвокультурология, ненормативная лексика, языковая агрессия, языковой феномен, лингвоконцептуальный анализ, речевой феномен

INVECTIVE VOCABULARY AS A MEANS OF EXPRESSING LINGUISTIC AGGRESSION (BASED ON THE NOVEL BY SH. MURTAZA «KYZYL ZHEBE»)

*Mettibayeva S.A.¹, Dossymbekova R.²

^{*1,2} al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan

Abstract. Invective vocabulary – linguistic units used to trample, humiliate human dignity. The article gives a linguistic characteristic of invective vocabulary, expressing linguistic aggression. The scientific goal, the

main directions and ideas of the study - in the course of analyzing the examples given, substantiated the importance of aggressive coloring of invective vocabulary in Kazakh novels. There are types of invective vocabulary that express themselves in anger and purposefully target the addressee. The article defines the history of the study of invective vocabulary and the scope of its application at the present time. Language aggression is the use of linguistic means to express hostility, hatred, a way of speaking that offends someone else's pride, dignity, as well as the expression of a direct call of the addressee to aggressive actions, maintaining the aggressive tone of the interlocutor and the structure of speech.

To distinguish an invective in a text from a simple expression, it is important to remember that the insult is always directed at the addressee or a third party. In addition, language-level indictments include: the speaker's angry tone, the order, the use of personal pronouns. The scientific and practical significance of the study lies in the addition of a number of domestic studies in relation to invective vocabulary, as well as an understanding of the essence and scope of the analyzed invectives. The research methodology is based on the concepts and theories of domestic scientists.

To analyze invective words when writing an article, S. Murtaza's novel «Kyzyl zhebe» («Red Arrow») was taken as a basis. The novel describes class struggle and various political and social conflicts. A linguoconceptual analysis of the examples was performed. Thus, the following results were obtained: in the Kazakh language, the words were often used: «stupid», «bitch», «damn you», «rotten», «pathetic» etc., which determined the final essence of invectives, differentiated their expression and expression. As a rule, invectives are used for the purpose of anger, revenge, hatred, humiliation, contempt, ridicule. As a result of the study, semantic invective groups in the Kazakh language were identified, and aggressive force was analyzed.

Keywords: invective vocabulary, language culture, linguoculturology, profanity, language aggression, linguistic phenomenon, linguoconceptual analysis, speech phenomenon

Мақала түсті: 4 ақпан 2024

Авторлар туралы мәлімет:

Меттибаева Сандугаш Абдикаликовна – докторант, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті қытайтану кафедрасының оқытушысы, e-mail: sandugashm2015@inbox.ru

Досымбекова Рауан Өрікбайқызы – PhD, аға оқытушы, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, e-mail: rauan-d@mail.ru, orcid: <https://orcid.org/0000-0001-9556-0403>

Информация об авторах:

Меттибаева Сандугаш Абдикаликовна – докторант, преподаватель кафедры китаеведения, факультета востоковедения, Казахского национального университета имени аль-Фараби, e-mail: sandugashm2015@inbox.ru

Досымбекова Рауан Орикбаевна – PhD, старший преподаватель, Казахский национальный университет имени аль-Фараби, e-mail: rauan-d@mail.ru, orcid: <https://orcid.org/0000-0001-9556-0403>

Information about the authors:

Mettibayeva Sandugash Abdikalikovna – doctoral student, lecturer of the Department of Sinology, Faculty of Oriental Studies, al-Farabi Kazakh National University, e-mail: sandugashm2015@inbox.ru

Dossymbekova Rauan Orikbayevna – PhD, senior lecturer, al-Farabi Kazakh National University, e-mail: rauan-d@mail.ru, orcid: <https://orcid.org/0000-0001-9556-0403>

UDC 81-139

IRSTI 16.21.21

<https://doi.org/10.48371/PHILS.2024.4.75.011>

**METAPHORICAL CONCEPTUALIZATION OF THE UNITY
(BASED ON THE NATION ADDRESSES OF THE PRESIDENT
OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN KASSYM-JOMART
TOKAYEV)**

*Nauryzbayev Zh.A.¹, Seidenova S.D.²

*^{1,2} al-Farabi Kazakh National University
Almaty, Kazakhstan

Abstract. This research delves into the intricacies of metaphorical conceptualization, focusing on the linguistic and cognitive dimensions within political discourse, with a specific emphasis on President Kassym-Jomart Tokayev's recurring theme of "UNITY" in his Nation Addresses. The study navigates the evolution of metaphor theory from its rhetorical origins to the cognitive approach, particularly within the framework of Lakoff and Johnson. It explores how metaphor, as a cognitive tool, structures abstract concepts and shapes our understanding of the world.

The primary aim is to scrutinize the metaphorical conceptualization of "UNITY" in the Nation Addresses, discerning structural-semantic and functional attributes. The research sheds light on metaphorical models such as "UNITY IS STRENGTH OR POWER," "UNITY IS A SOLID

FOUNDATION,” and others, unravelling their linguistic expressions and pragmatic significance. The chosen corpus comprises six Nation Addresses, each providing a unique perspective on the President’s vision and policy articulation.

The study employs a descriptive methodology, combining contextual analysis and continuous sampling to identify metaphorical expressions linked with the concept of “UNITY.” Lingua-cognitive and quantitative analyses unveil coherent metaphorical models, contributing to the theoretical understanding of conceptual metaphor theory. The metaphorical modelling method by Lakoff and Johnson, refined by scholars like Baranov and Fouconnier, is applied to categorize and examine the most frequently utilized metaphorical model, “NATION IS A FAMILY.”

The capacity to engage in a range of relationships is known as psychological competence. and carry out tasks using a structured system of human information both individually and collectively.

Optimal use of information technology for culturally relevant and useful work, play, and communication is called digital competence. Concepts such as «retrieve, evaluate, store, produce, manufacture, produce, present and share information, and communicate and participate in collaborative networks via the Internet» are also included in the definition of digital competence [15, p. 173].

The most important competence of the linguistic personality-strategist is strategic competence based on strategic thinking or the ability to solve communication problems using non-traditional means.

Conclusion

Signs and environmental phenomena recognition as a value depends on the cognitive abilities of the linguistic personality, such as perception and understanding of reality, knowledge of its good and bad sides, ability to distinguish between benefit and harm. With the ability to judge and evaluate through cognitive abilities, the linguistic personality contributes to determining the meaning of value according to his or her own views. Among them, the views and opinions of public, social, economic and spiritual meaning will be the basis for discovering the meaning of value. If we explain it according to the results of the survey, we will see that the highly valued object in the knowledge of modern youth is «family relations». At the same time, we consider the recognition of ethnicity, culture, traditions and customs as very important values to be a good indicator. During the experiment it was proved that young people are able to distinguish between positive (positive) and negative (negative) sides of the object in order to reveal the essence of ethno-cultural values. The experience of ethno-cultural etudes has shown this. Considering that the spiritual and material dimensions of the national language differ in their significance for society, social, cultural and national context, we can say that the following results were obtained in determining its manifestation by associative experience:

- in the axiological dimensions of language, spiritual values are always at a high level of well-being, the direction in which it should be achieved should be continued;

- in axiological dimensions of great importance for respondents have self-consciousness, freedom of speech, freedom, beauty, so it is very important to consider value as a measure of evaluation;

- in language ethnos, culture, traditions, customs, are merged by a monolithic wall.

And this is a very important issue, so it is relevant to make extensive use of actions that recognize them as valuable and allow them to be evaluated in life experience;

- an effective way of preserving the axiological features of the language and promoting them in school and adapting the education system to national knowledge, organizing national educational activities, studying the customs, traditions, literature and history of the nation are bound to bring results.

Such efforts to protect national heritage, modify it for modern society, and introduce it to other nations enable people to become more acquainted with them. It is well known that both domestic and international studies have

given this topic a great deal of thought and attention. Consequently, it was discovered that there are differences between the idea of value's level of relevance and complexity. Today, however, we must define values at multiple levels, including individual, national, and global values, and recognize that each member of society plays a role in preserving these values and passing them down from one generation to the next. In addition, it serves as the foundation for the growth of human intellectual capacities like worldview and fundamental.

Information about grant funding

The article was written within the scope of the scientific project of the Abai Kazakh National Pedagogical University in cooperation with foreign partner higher educational institutions (28.05.2024 No. 05-04/377) «Methodology of meta-disciplinary text analysis for students of grades 10-11: the aspect of national values».

REFERENCES

[1] Junusova T., Ryspaeva D. Vyiavlenie sovremennykh tendetsii v vospriatii poniatia «cennost» v kazakhstanskom prostranstve (Identification of modern trends in the perception of the concept of «value» in the Kazakhstan space) // Izvestia Kazakhskogo universiteta mejdunarodnykh otnoshenii i mirovych iazykov imeni Abylai khana. – Almaty: Polilingva. – 2024. Tom 73 №2. – 415 s. [in Rus.]

[2] Yazyk i kultura: fakty i cennosti: k 70-letiy S. Stepanova (Language and culture: facts and values: on the 70th anniversary of S. Stepanov). – M.: Slavianskie yazyki, 2001. – 600 s. [in Rus.]

[3] Melnikova G.P. Sistemnaya tipologiya yazykov: Principy, metody, modeli (Systemic typology of languages: Principles, methods, models). – M.: Nauka, 2003. – 396 s. [in Rus.]

[4] Krasnyh V.V. «Svoi» sredi «chужih»: Mif ili realnost? (“Ours” among “strangers”: Myth or reality?). – M.: Gnozis, 2003. – 355 s. [in Rus.]

[5] Karasik V.I. Iazykovoï krug: lichnost, koncepty, diskurs (Language circle: personality, concepts, discourse). – M.: Gnozis, 2004. – 243 s. [in Rus.]

[6] Leontovich O.A. Vvedenie v mejkulturnuyu kommunikaciyu (Introduction to Intercultural Communication). Uchebnoe posobie. – M.: Gnozis, 2007. – 262 s. [in Rus.]

[7] Serebrinnikova E.F. Etnosemiometriya kak sposob lingvisticheskogo aksiologicheskogo analiza // Etnosemiometriya cennostnykh smyslov (Ethnosemiometry as a method of linguistic axiological analysis // Ethnosemiometry of value meanings). – Irkutsk: Iglu, 2008. – 203 s. [in Rus.]

[8] Jaqyp B.O. Tötenshe jağdailar jäne azamattyq qorğаныs: Enciklopedialyq anyqtamaly // (Emergency situations and civil defense:

Encyclopedic handbook). – Almaty: «Qazaq enciklopediasy», 2011. – 640 b. [in Kaz.]

[9] Bazarbekov B.M. Tileuberdiev B.M. A. Seidimbek eñbekterindegi moraldyq-etikalıq qalyptarynyñ reprezenttelu erekshelikteri (Moral and ethical in the works of A. Seidimbek features of representation of forms) // A. Baitursynúly atyndaǵy til bilimi institutynyñ «Tiltanym» jurnaly. №1(2024). – 196 b. [in Kaz.]

[10] Qazaq ádebi tiliniñ sózdigi (Dictionary of the Kazakh literary language). On bes tomdyq. 10-tom. / Qúr. M. Malbaqov, N. Oñǵarbaeva, A. Üderbaev – Almaty, 2011. – 752 b. [in Kaz.]

[11] Tolkovyi slovar russkogo iazyka (Explanatory dictionary of the Russian language). Tom 4. T. 52. pod. red. D.N. Uchakova. – M.: OOO «Izdatelstvo AST», 2000. – 752 s. [in Rus.]

[12] Qazaqtyñ etnografialyq kategorialar, üǵymdar men ataulardyñ dástúrlı júiesi. Enciklopedia [Kazakh traditional system of ethnographic categories, concepts and names. Encyclopedia]. 1-tom. – Almaty, DPS, 2011. – (illuistracialanǵan) – 736 b. [in Kaz.]

[13] Volf E.M. Funkcionalnaya semantika ocenki (Functional semantics of evaluation). – M.: Editorial URSS, 2002. – 280 s. [in Rus.]

[14] Pavlov S.G. Lingvoaksiologicheskaya model cheloveka: nauchno-metodicheskii aspekt (Linguoaxiological model of man: scientific and methodological aspect) // Vestnik Mininskogo universiteta. – 2013. – № 2. – S. 12 [in Rus.]

[15] Yelubay Y. Dzhussubaliyeva D. Moldagali B. Suleimenova A. Akimbekova S. Developing future teachers' digital competence via massive open online courses (MOOCs) // Journal of Social Studies Education Research. – 2022. – Vol.13 (2). – P.170-195. <https://jsser.org/index.php/jsser/article/view/4197/568> [in Eng.]

ҰЛТТЫҚ ТІЛДІҢ АКСИОЛОГИЯЛЫҚ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

*Тайжанов У.О.¹, Ильясова Н.А.²

*^{1,2} Абай атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы, Қазақстан

Аңдатпа. Аталған мақаланың мақсаты – лингвомәдениеттегі ұлттық тілдің аксиологиялық ерекшеліктерін ашу, әлеуметтік топтағы (1-4 курс студенттері) «құндылық» және «бағалау» ұғымына байланысты әртүрлі анықтамалар бойынша зерттеулер жүргізу.

Зерттеудің міндеті – тілдің аксиологиялық ерекшеліктерін лингвистикалық механизмдері арқылы қалыптасуын көрсету болып табылады. Олар тілдің құндылықтық сипаттамаларын құрылымдайтын операционалдық механизмдер болғандықтан, конвергенция мен дивергенция механизмдерін де қатар қарастырылады. Құндылық

мәндерінің субъектіаралық тәжірибелері арқылы симметрия мен ассиметрия механизмдері негізделеді. Аталған механизмдер арқылы құндылықтардың тілдік жүйесінде аксиологемалар мен аксиологиялық мағыналар тұрғысынан жіктелу нүктесі көрсетіледі.

Зерттеудің барысында аталған ұғымның танымдағы бағыты мен орнын айқындауда үздіксіз іріктеу және ассоциативті тәжірибе әдістері қолданылды. Қорытындылар тілдік тұлғаны қалыптастыру мақсатын құрайтын бірқатар құзыреттіліктерді жалпылауға негізделді. Ол үшін бес құзыреттілік қарастырылып, жіктелді.

Зерттеудің ғылыми маңыздылығына – этномәдени құндылықтардың аспектілерін этномәдени этюдтегі мәдени құндылық мәндерінің дәрежесі, аксиологиялық мәндердің орны және бағалау сияқты критериілер арқылы талдау жатады

Зерттеудің нәтижесі тілдің аксиологиялық ерекшеліктерінің қалыптасуын көрсететін модель ұсынылады. Модельде құндылық пен бағалауды байланыстыратын механизмдер көрсетіледі. Аталған модельді құндылықтарды лингвоаксиологиялық талдаудың үлгісі ретінде пайдалануға да болады.

Жұмыстың практикалық маңыздылығы тілдің құрамдас бөліктері мен сөйленімдердегі аксиологияның терминдерін зерттеу арқылы мүлде жаңа перспективалар мен теорияны жаңаша мазмұнмен және қорытынды проблематикамен жабдықтауға болатындығында. Сонымен қатар, бұл зерттеуімізді оқу орындарында қосымша оқу материалдары ретінде «Жоғары оқу орнынан кейінгі білім» циклы бойынша «Аксиологиялық лингвистика» курсына пайдаланылуы мүмкін.

Тірек сөздер: аксиологиялық лингвистика, тілдік тұлға, сөйленім иллокуциялары, құндылықтық мағына, құзыреттілік, құндылық, баға, ұлттық тіл, этномәдени этюд

АКСИОЛОГИЧЕСКИЕ ОСОБЕННОСТИ НАЦИОНАЛЬНОГО ЯЗЫКА

*Тайжанов У.О.¹, Ильясова Н.А.²

*^{1,2} Казахский национальный педагогический университет имени Абая
Алматы, Казахстан

Аннотация. Цель данной статьи – раскрыть аксиологические особенности национального языка в лингвокультуре и провести исследования различных определений, связанных с понятием «ценность» и «оценка» в социальной группе (студенты 1-4 курсов).

Задача исследования – продемонстрировать формирование аксиологических особенностей языка через лингвистические механизмы. Так как эти механизмы операциональные, структурирующие ценностные

особенности языка, параллельно рассматриваются механизмы конвергенции и дивергенции. Фундируются механизмы симметрии и ассиметрии через интересубъективные переживания ценностных смыслов. Через эти механизмы была показана точка категоризации в языковой системе ценностей в терминах аксиологем и аксиологических смыслов.

В ходе исследования используется метод непрерывного отбора и ассоциативного эксперимента для определения места, направления и тенденций указанного понятия в познании. Выводы основываются на обобщении ряда компетентностей, образующих цели для формирования языковой личности. Для этого рассматриваются и классифицируются пять компетентностей.

Научная значимость исследования заключается в анализе аспектов этнокультурных ценностей через такие критерии, как: степень культурологических ценностных смыслов, место аксиологических смыслов и оценки в этнокультурном этюде.

Результатом исследования является модель, в которой показаны формирования аксиологических особенностей языка. Модель демонстрирует механизмы, связывающие ценность и оценку. Эту модель можно использовать как модель лингвоаксиологического анализа ценностей.

Практическая значимость работы состоит в исследовании составляющей языка и речи в терминах аксиологии, которые открывают совершенно новые перспективы для оснащения теории новым содержанием и заключительной проблематикой. Кроме того, данное исследование может быть использовано как дополнительный учебный материал по курсу «Аксиологическая лингвистика» в учебных заведениях по циклу «Послевузовское образование».

Ключевые слова: аксиологическая лингвистика, языковая личность, речевые иллокуции, ценностные смыслы, компетенции, ценность, оценка, национальный язык, этнокультурный этюд

Received: July 6, 2024

Information about authors:

Taizhanov Ulan Orynbayevich – Senior Lecturer, Master of Pedagogical Sciences, Abai Kazakh National Pedagogical University, e-mail: ulan.tayzhanov@mail.ru, <https://orcid.org/0009-0009-2273-2759>

Ilyassova Nagima Abzelbekovna – Doctor of Philological Sciences, Professor, Abai Kazakh National Pedagogical University, e-mail: nagima68@mail.ru, <https://orcid.org/0000-0002-0027-2706>

Авторлар туралы мәлімет:

Тайжанов Улан Орынбаевич – педагогика ғылымдарының магистрі, аға оқытушы, Абай атындағы Қазақ ұлттық университеті, e-mail: ulan.tayzhanov@mail.ru , <https://orcid.org/0009-0009-2273-2759>

Ильясова Нагима Абзелбековна филология ғылымдарының докторы, профессор, Абай атындағы Қазақ ұлттық университеті, e-mail: nagima68@mail.ru , <https://orcid.org/0000-0002-0027-2706>

Информация об авторах:

Тайжанов Улан Орынбаевич – магистр педагогических наук, старший преподаватель, Казахский национальный педагогический университет имени Абая, e-mail: ulan.tayzhanov@mail.ru , <https://orcid.org/0009-0009-2273-2759>

Ильясова Нагима Абзелбековна – доктор филологических наук, профессор, Казахский национальный педагогический университет имени Абая, e-mail: nagima68@mail.ru , <https://orcid.org/0000-0002-0027-2706>

ӘОЖ 81'42 (075.8)

МРНТИ 16.21.61

<https://doi.org/10.48371/PHILS.2024.4.75.018>

**КӘСІБИ ДИСКУРС АЯСЫНДАҒЫ СӨЗ ӘРЕКЕТІНІҢ
ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ**

Шалшықбаева Г.О.¹, *Бактиярова Р.М.²

^{1,*2}Абылай хан атындағы ҚазХҚ және ӘТУ, Алматы, Қазақстан

Аңдатпа. Қазіргі таңда кәсіби іс-әрекет адам өмірінің негізгі бір бөлігі болып табылады. Кәсіби іс-әрекеттің күрделілігі мен көп қырлы сипаты сөз қатысымының айтарлықтай өзгермелілігіне алып келеді, себебі қазіргі таңда бұл сала үнемі даму үстінде. Мақаланың басты мақсаты - кәсіби дискурс аясындағы сөз әрекетінің аспектілерін зерттеу арқылы кәсіби дискурс трансформациясының тенденцияларын анықтау болып табылады.

Кәсіби іс-әрекет барысындағы қатысым жалпы сөз әрекетінің маңызды бөлігін құрайды, сондықтан да кәсіби іс-әрекеттегі дискурстың сөз ерекшеліктерін зерттеу ғылыми және практикалық маңызға ие.

Қазіргі тіл білімінде кәсіби дискурсты зерттеудің басты бағыттарына кәсіби тілдердің сипаты, олардың қолданылу аясы, мәтіннің лингвистикалық, когнитивтік ерекшеліктері жатады. Кәсіби

қарым-қатынас тілдерін зерттеу барысында кәсіби дискурстың негізгі мақсаттарының жүзеге асуы кәсіби қарым-қатынастағы сөз әрекетінің құрылу ерекшеліктеріне, танымдық сипатына байланысты болатыны анықталады.

Мақалада кәсіби дискурсқа когнитивтік лингвистика әдіснамасы тұрғысынан зерттеу жасалады. Дискурсты лингвокогнитивтік тұрғыдан қарастыру арқылы мәнмәтін мен алғышарт қамтылған сөз әрекетінің когнитивтік қабатын анықтау, талдау жасалады. Когнитивтік-дискурсивтік талдау сөз әрекетінің мән-жайларын талдауды қамтиды, себебі контекстік орта лингвистикалық құралдарды таңдауға әсер етеді.

Қазіргі лингвистикада кәсіби қарым-қатынастың негізгі ұғымдарын, фреймдік құрылымын, концепт саласын, менталдық құрылымын, әлемнің кәсіби бейнесін зерттеуге маңызды орын беріледі. Мақалада кәсіби қарым-қатынастың негізгі ұғымдарын және олардың фреймдік құрылымын анықтау мен талдау, кәсіби менталдық кеңістікті зерттеу жасалады. Кәсіби қарым-қатынасты іске асыру сөз серіктестерінің кәсіби қатысымға өзара бейімделуін қажет етеді, сонымен қатар тілдік құралдарын барабар таңдау және оларды дұрыс қолдана алу қажет, тек осындай жағдайда ғана тілдік қатысым өз мақсаттарын, міндеттерін толық түрде жүзеге асыра алады.

Мақаладағы зерттеу жұмысының теориялық және практикалық құндылығы - кәсіби қарым-қатынастың дискурсивті аспектілерін қарастыру арқылы кәсіби қатысымға әсер ететін және оның ағымын анықтайтын факторлар сипатталады, кәсіби дискурс аясындағы қатысымды оңтайлы құрылымдау мүмкіндіктері айқындалады.

Кәсіби дискурстың қалыптасуы мен дамуына байланысты теориялық және практикалық аспектілерін зерттеу кәсіби қатысым мәселелерін шешу үшін өзекті, әрі маңызды болып табылады. Яғни, кәсіби сөз әрекетін және оның ерекшеліктерін лингвокогнитивтік тұрғыдан зерттеу арқылы дискурс теориясын жаңа қырынан зерттеу, сонымен қатар заманауи өзгерістерге орай кәсіби қатысым үрдісіндегі сөз ерекшеліктерін анықтау жүзеге асады.

Тірек сөздер: когнитивтік лингвистика, кәсіби дискурс, лингвокогнитивтік зерттеулер, кәсіби қарым-қатынас, фрейм, менталдық кеңістік, мәнмәтін, таным

Кіріспе

Жаһандануға байланысты қоғамдағы кәсіби қарым-қатынастың өркендей түсуі кәсіби сөз әрекетінің маңыздылығын арттыра түседі. Тілдегі өзгерістер, атап айтсақ, кәсіби тілдегі өзгерістер кәсіби қатысымды зерттеу қажеттілігін туындатады. Кәсіби тіл белгілі бір қызмет саласын, іс-әрекеттер аясын қамтиды, яғни бұл белгілі бір кәсіп

саласындағы адамдардың институционалдық қарым-қатынасы болып табылады. Кәсіби қарым-қатынас әлеуметтік тәжірибе ретінде әрбір адамның өмірінде ерекше орын алады, яғни кәсіби тілдік қатысым жалпы сөз әрекетінің маңызды бөлігін құрайды. Қажетті деңгейде қатысым жасай алу, сөз актілерін кәсіби түрде жүзеге асыра алу кез-келген сала маманы үшін қажет болып табылады.

Кәсіби қызметке байланысты барлық қарым-қатынас түрлерін, оның жазбаша немесе ауызша түрлерін, ресми немесе бейресми жағдайлардағы сипаттарын, ерекшеліктерін білу және меңгеру арқылы тиісті деңгейде кәсіби дискурс құру мүмкін болады.

Адам үнемі өзгеріп отыратын әлемде өмір сүреді, осы әлемді тану барысында қоршаған дүниемен қарым-қатынас жасайды, ал бұл негізінен тілдің көмегімен жүзеге асады. Л.Витгенштейн: «*Менің тілімнің шекарасы, менің әлемімнің шекарасын білдіреді*», - деп жазды [1, 80-б.]. Осыған сәйкес адамның дүниедегі негізгі іс-әрекеті тілмен байланысты.

Қазіргі жаһандану заманында кәсіби тіл маңызды қарым-қатынас құралына айналып отыр. Кәсіби тілдегі мәтіндерді, дискурсты құрудың ерекшеліктерін зерттеу халықаралық деңгейде кәсіби барабар қатысым жасау үшін аса маңызды болып табылады. Күнделікті өмірдегі қажеттілігіне байланысты кәсіби дискурс бүгінгі таңда қызығушылық туындап отырған зерттеу саласы болып табылады.

Кәсіби қарым-қатынастың дискурсивті аспектілері Л.С.Бейлинсон (2009), Е.И.Голованова (2013), А.П.Наумова (2013), А.Кондамин (2014), Е.Левсук (2019) және де басқа ғалымдар еңбектерінде зерттелді. Аталған ғалымдар зерттеулерінде кәсіби дискурс кәсіби қауымдастықтың жазбаша, ауызша түрлердегі сөз әрекеті ретінде қарастырылады. Сонымен қатар кәсіби дискурстың тілдік, әлеуметтік, когнитивтік және лингвомәдени аспектілері зерттелді.

Қазақстандық ғалымдар Г.Т.Абикенова, Б.Ж.Абилмажинова, Ш.К.Жаркынбекова, А.И.Ахметжанова, Г.Г.Буркитбаева, Н.И.Ерғазиева, С.К.Ережепова, Ж.Макешова, М.К.Мамбетова, А.Т.Шонайбаева, Б.Е.Карибаева іскерлік тіл мәселелерін, іскерлік тілге лингвистикалық талдау жасау мәселелерін қарастырды.

Қазіргі тіл білімінде когнитивтік лингвистиканың жетістіктерін ескере отыра, кәсіби дискурс аясындағы сөз әрекетінің ерекшеліктерін лингвокогнитивтік тұрғыдан зерттеу өзекті болып отыр.

Когнитивтік лингвистика саласында көптеген қазақстандық ғалымдар еңбектері, зерттеулері жарық көрді. Олар тіл мен ақыл-ой қатысын, когнитивтік үрдістерді жан-жақты қарастырды. М.Копыленко, Р.Сыздық, Е.Жанпейісов, Ж.Манкеева, Қ.Жаманбаева, Г.Г.Ғиздатов, Э.Сүлейменова, Н.Шаймерденова, Б. Момынова, А.Әмірбекова,

Б.С.Жұмағұлова, З.К.Сабитова, Ш.Жарқынбекова, А.Ислам, Ж.Манкеева және де басқа ғалымдар тіл біліміндегі осы жаңашыл бағытта зерттеулер жасады.

Бұл мақалада көзделген басты мақсат лингвокогнитивтік әдіснама тұрғысынан кәсіби қарым-қатынастың лингвистикалық және когнитивтік аспектілерін зерттеу арқылы кәсіби дискурс ерекшеліктерін анықтау болып табылады.

Мақалада сөз әрекетінің мән-жайлары, сипаты талданады, себебі контекстік орта лингвистикалық құралдарды таңдауға тікелей әсер етеді. Сондай-ақ когнитивтік құрылымдар, олардың сипаты, мазмұны, ерекшеліктері анықталады, бұл аспектілерді қарастыру тіл білімі теориясы мен тәжірибесін дамыту үшін теориялық және практикалық тұрғылардан маңызды болып табылады.

Кәсіби дискурстың бір түрі ретінде авиация дискурсының негізгі фреймдері мен менталдық кеңістіктері қарастырылады. Бұл сала кәсіби дискурс аясындағы тың зерттеу аймағы болып табылады.

Сонымен, кәсіби дискурс белгілі бір кәсіп саласында тиімді тілдік қатысым жасай алу болса және ол үнемі өзгермелі, динамикалы сипатта болса, аталмыш дискурс түрін зерттеу әрқашан да өзекті және заман талабына сай болмақ. Сондай-ақ қазіргі тіл ғылымы адам факторына, адам дүниетанымына және таным барысындағы тіл рөліне басты назар аударып отырғанын атап өткен жөн, сондықтан когнитивтік лингвистика тұрғысынан зерттеу жасау аса маңызды зерттеу бағыты болып табылады.

Материалдар мен әдістердің сипаттамасы

Өртүрлі салалардағы кәсіби қарым-қатынастың дискурсивтік аспектілерін, кәсіби қарым-қатынастың нақты үдерісін зерттеу мамандықтың тілі мен терминологиясының өзгерістерін болжауға; бұрын сипатталмаған кәсіби коммуникация жанрларын ашуға, зерттеуге; кәсіби дискурс даму тенденцияларын анықтауға; заманауи компьютерлік автоматтандырылған талдау алгоритмдерін құруға мүмкіндік береді.

Қазіргі кезде кәсіби дискурсты когнитивтік-дискурсивтік парадигма аясында зерттеу кеңінен қолданыс табуда. Мұндай зерттеулерде дискурс үш бағытта қарастырылады:

– біріншіден, дискурс тілдің қолданысы болғандықтан, оны зерттеу мәтінді жан-жақты лингвистикалық талдау болып табылады және де тілдің морфология, синтаксис, лексика, семантика, фонетика сияқты өртүрлі салаларын жан-жақты талдау болып табылады;

– екіншіден, дискурстық формалар, мәтіндердің туындауы мен жағдаяттарын талдауды қажет етеді;

– үшіншіден, дискурс әлеуметтік топтар мен индивидтердің өзара әрекеті ретінде белгілі бір қоғамның әлеуметтік құрылымдары мәнмәтіні

аясында зерттелуі керек. Мәнмәтіндік талдауға уақыт, орын, оқиға, әрекет, қатысушылар, қатысушылардың рөлдері әлеуметтік қатынастар, қатысушылардың когнитивтік ерекшеліктерін анықтау жатады.

Мақалада кәсіби дискурстағы сөз әрекетіне когнитивтік-дискурсивтік парадигма аясында когнитивтік-дискурсивтік талдау жүргізу, яғни сөз әрекетінің мән-жайларын сипаттау жасалады. Мұндай талдауда ең басты орында мәнмәтіндік орта қарастырылады, себебі ол лингвистикалық құралдарды таңдауға әсер етеді. Мәнмәтін сөз әрекетін әмбебап танымдық процестермен байланыстырып қана қоймайды, сондай-ақ сөз әрекетіндегі коммуникативтік міндеттер мен прагматикалық мақсаттарды анықтауға, мағыналық тұжырым жасауға негіз болады.

Мақалада зерттеу дереккөздері ретінде француз тіліндегі авиация саласының арнайы кәсіби журналдары: «Le journal de l'aviation», «Airjournal», «Avion Pilote», «Air et Cosmos», «Le Fana de l'Aviation» және олардың электрондық нұсқалары алынды.

Нәтижелер және талқылау

Кәсіби саланың кәсіби қатысым материалдарын талдау арқылы дискурс тілдік үдеріс және интерактивті қатысым нәтижесі ретінде қарастырылады. Осыған байланысты дискурс сөз әрекетінің өнімі ретінде мәтінге қарама-қарсы қойылады. Мәтін белгілі бір формальды конструкция ретінде түсініледі, ал дискурс экстралингвистикалық факторлармен бірге қарастырылатын оның актуалдануының түрлері болып табылады, яғни дискурс *лингвистикалық және экстралингвистикалық параметрлермен шартталған ақпараттың толық қалыптасқан бірлігі* [2].

Сөз әрекеті және дискурсивті тәжірибелер әлеуметтік белсенділіктің нәтижесі болып табылатыны бірқатар еңбектерде көрсетілген (Т.А. Ван Дейк, Л.С. Бейлинсон, Е.И. Голованова, А.П. Наумова, Г.Г. Буркитбаева).

Дискурс кәсіби әлеуметтенуде маңызды рөл атқарады, бұл үрдіс арқылы адамдар өздерінің кәсіби рөлдерін тиімді орындау үшін қажетті арнайы білімдерді, дағдыларды, көзқарастарды, нормалар мен қызығушылықтарды жинақтайды.

Кәсіби дискурстың ең кең түсінігін Т.А. Ван Дейк береді, ол кәсіби дискурсты үш категорияға бөлуге болады деп тұжырымдайды.

1) кәсіби ішілік дискурс немесе белгілі бір кәсіп аясындағы дискурс, мысалы, ғалымдар арасындағы қарым-қатынасты атауға болады;

2) жеке адамдар немесе әртүрлі кәсіп өкілдері арасындағы кәсіпаралық дискурс, мысалы дәрігерлер мен фармацевтикалық препараттарды сататын адамдар арасында немесе бухгалтерлер мен инженерлер арасында;

3) адвокаттар мен олардың клиенттері арасындағы немесе жарнама берушілер мен олардың клиенттері арасындағы қарым-қатынас сияқты кәсіби тілдік дискурс [3, 154 б.].

Е.И. Голованова «Кәсіби дискурс – вербалдық құралдар арқылы жүзеге асатын, кәсіби сала субъектілері өзара іс-әрекеттер жасайтын, белгілі бір ойлау және мінез-құлық нормалары мен стереотиптері қалыптасқан институционалдық немесе әлеуметтік бағдарланған дискурстың бір түрі» деп анықтама берді [4, 32 б.].

Осы тұжырымдарға сәйкес, шынайы кәсіби дискурс мамандар арасындағы және кәсіби тақырыптағы қарым-қатынаста болатыны анық. Сонымен қатар, кәсіби дискурс белгілі бір нормалар, шектеулер, ережелер аясында және көптеген жағдайларда стереотипті жағдайларда іске асады.

Сондай-ақ зерттеушілер Albertini, Helfner-тің тұжырымдамасы бойынша *La communication professionnelle peut être définie en tant que l'ensemble des informations, des messages, des signaux de toute nature que l'entreprise émet en direction de ses publics cibles ... , et le verbe communiquer en tant qu'action de transmission de ces informations dans le but d'obtenir de la part du destinataire une modification de comportement ou d'attitude* (Кәсіби коммуникацияны **компания аудиторияға жіберетін барлық ақпараттар, хабарламалар, сигналдар жиынтығы** ретінде анықтауға болады..., ал *қатысым жасау* етістігі реципиенттің мінез-құлық немесе көзқарастарын өзгерту үшін осы ақпаратты мақсатты түрде жіберу әрекеті ретінде анықталуы мүмкін) [5, 276.]. Француз ғалымы Boutet пайымдауынша: *Les mots ont une grande puissance dans le travail, de sorte qu'aujourd'hui, il n'existe presque pas de métier où la communication ne joue pas un rôle important* (Сөз атаулының маңызы зор, сондықтан бүгінгі күні тілдік қарым-қатынас маңызды рөл атқармайтын кәсіп жоқтың қасы) [6].

Л.С. Бейлинсон функционалды көзқарас негізінде кәсіби дискурсты мамандардың бір-бірімен немесе оларға кеңес беретіндер, кәсіби көмек сұрайтындардың қарым-қатынасы деп анықтайды. Кәсіби дискурстың мәртебесін талқылай отырып, Л.С. Бейлинсон мынадай тұжырым жасайды: *кәсіби дискурс белгілі бір дәрежеде институционалдық дискурс пен үйлеседі, бірақ өте жиі кездесетін жағдай мамандар бір-бірін жақсы біледі және бейресми түрде сөйлесуі де мүмкін, соған қарамастан кәсіби тақырыпта сөйлеседі*. Қарым-қатынастың формальдылығы немесе бейресмилігі кәсіби дискурстың сапасы мен сипаттамаларына әсер ететін тағы бір даусыз фактор болып табылады. Кәсіби мамандар қатаң ресми жағдаятта емес, кәсіби тақырыпта бейресми жағдаятта сөйлесе де, сөз әрекетінің сипаты өзгереді. Ресми жағдайларда, кейбір кездерде бейресми жағдайларда

да кәсіби қарым-қатынаста нақты ережелерді, этикеттік нормаларды білу маңызды, өйткені белгілі бір әлеуметтік және кәсіби рөлді орындау қажет болады, белгілі бір сөз стилін пайдалану қажет етіледі. Сондай-ақ, кәсіби коммуникацияның негізгі өзгешеліктерінің бірі қатысушылардың ерекше рөлдеріне тәуелділігі; статустық-рөлдік принцип (бастық – бағынушы, әріптес – әріптес және т.б.) сөз әрекетінің қандай болатынын көп жағдайда анықтайды[7].

Сонымен, ғылыми әдебиеттерді талдау барысында зерттеушілердің көпшілігі кәсіби дискурс түсінігін кәсіби мамандардың сөз ерекшеліктері ретінде қарастырады және де кәсіби қоғамдастық шеңберінде туындаған мәтіндер жиынтығымен байланыстырады деген тұжырым жасауға болады. Кәсіби қоғамдастық немесе қауымдастық институционалдық формация ретінде анықталады. Кәсіби дискурс ұғымын анықтауда көптеген анықтамалардың болуын және оны сипаттауда біркелкі өлшемдердің болмауын байқауға болады. Біздің пайымдауымызша, кәсіби дискурс белгілі бір мамандық шеңберінде жүзеге асырылады және де кәсіби дискурс – дискурс субъектілері мен объектілері арасындағы кәсіби қарым-қатынасқа жатады.

Кәсіби дискурстың негізгі сипаттарына тоқталсақ, Бейлинсон кәсіби сөз әрекетінің келесі басты параметрлерін анықтайды:

- 1) кәсіби мәнді пәндік аймақ болуы;
- 2) кәсіби салаға тән коммуникативтік стратегиялар болуы;
- 5) кәсіби іс-әрекет білімдері, іскерліктері мен дағдылары болуы [7,145б.].

Яғни, кәсіби дискурс белгілі бір тақырыптық аймаққа бағдарлануымен анықталады және де бір кәсіптік дискурс аясында көптеген жанрлар орын алуы мүмкін.

Бірқатар зерттеушілер кәсіби дискурстың жүйелік параметрлерін былайша анықтайды (Е.И.Голованова, А.П.Наумова, Ю.С. Елагина, Г.Г.Буркитбаева):

- қарым-қатынас мақсаты: өзара тиімді кәсіби қызмет, кәсіби іс-әрекеттерді жүзеге асыру;
- қатысушылар: кәсіби сала мамандары, клиенттер т.б.;
- әлеуметтік хронотоп: қазіргі заманғы кәсіби қызмет қауымдастығы;
- құндылықтар: кәсіпті жүргізу, кәсіптік іс-әрекет атқару, кәсіби нәтижелерге жету, жетістіктерге жету және т.б.;
- кәсіби дискурс стратегиялары: хабар алмасу, диалогтар, келіссөздер, сұхбаттар, тренингтер және т.б.;
- дүниенің жалпы бейнесі: кәсіби тұлғаға тән идеялар, көзқарастар, ұстанымдар т.б.;
- мәтіндердің сипаттамалары: ақпараттық мазмұн, мақсаттылық,

диалогқа икемділік, әлеуметтік индекстер мәртебесі, шектеулер т.б.

Л.С.Бейлинсонның пайымдауынша, прагмалингвистикалық аспектіде кәсіби дискурстың ең маңызды құраушы белгісі – мақсаты болып табылады.

Әрі қарай осы кәсіби дискурстың негізгі функцияларына тоқталсақ :

- орындаушылық (әлеуметтік тәжірибе);
- нормативтік (институттың нормалары мен құндылықтарын қолдау);
- презентациялық (стереотиптік қалыптасқан бейнелер болуы);
- парольдер (институт агенттері мен клиенттерінің арасындағы шекараны сақтау).

Демек, кәсіби қарым-қатынас тілдерін зерттеу барысында кәсіби дискурстың жоғарыда аталған негізгі функцияларының жүзеге асуы кәсіби қарым-қатынас шеңберіндегі сөз әрекетінің құрылу ерекшеліктеріне, танымдық сипатына байланысты болады.

Дәстүрлі түрде отандық және шетелдік лингвистикада тілдің екі негізгі – танымдық және коммуникативтік қызмет атқаратыны жалпы қабылданған. Дискурстың таным құралы ретінде қарастырылуы антикалық теорияларда қалыптасты. Фома Аквинский *дискурсивті интеллект – бір заттың екінші бір заттың көмегімен танылуы* деп есептеген. В.В.Красных бойынша *ұжымдық когнитивтік кеңістік белгілі бір әлеуметтік ортада әр адамда болатын білім мен идеялардың құрылымдық жиынтығы ретінде қарастырылады* [8, 164б.]. Яғни, дискурс – бұл жаңа білім туып, қалыптасып, тұжырымдалатын мақсатты сөз әрекеті.

Көптеген ғалымдар еңбектерінде дискурс күрделі коммуникативтік құбылыс ретінде, сөйлеушінің дүниені тануын, түсінуін және реципиенттің дүниенің тілдік бейнесін көрсететін коммуниканттардың сөз және когнитивтік әрекеттерінің жиынтығы ретінде беріледі.

Қазіргі кәсіби салалар өзара әрекеттестіктің басқа салаларындай ойлауда, тілде тікелей көрініс табатын белгілі бір ерекшеліктерге ие. Жеке және арнайы қоғамдастықта кәсіби қарым-қатынас әрекетінде әмбебап, арнайы білімдер қажет болады. Арнайы бір сала қоғамдастығының кәсіби тезаурусы өзара байланысты нысандардан, құбылыстардан құралған және біршама тұрақты, өзіндік құрамға ие, нақты бір саланың, аймақтың тілдік аналогы болып табылады.

Сондықтан да, қазіргі кезде тілдік қарым-қатынасты лингвокогнитивтік тұрғыдан зерттеу маңызды, өйткені тілдің лингвистикалық ғана емес, сонымен қатар когнитивтік аспектілерін талдау қамтылады. Осы тұрғыдан қарым-қатынастың екі негізгі бөлігін анықтауға және талдауға болады: 1) жалпы лингвистикалық

аспект (кез келген қарым-қатынас, кез келген дискурс); 2) ұлттық детерминацияланған танымдық аспект (ұлттық дискурсқа қатысты, ұлттық танымдық ерекшелігін анықтау).

Басқаша айтқанда, бұл тәсіл, бір жағынан, коммуникациядағы әмбебап аспектілерді талдауға, коммуникацияға әсер ететін және оның ағымын анықтайтын барлық факторларды ескере отырып, жан-жақты талдау мен коммуникацияны оңтайлы құрылымдауға мүмкіндік береді, ал екінші жағынан, қарым-қатынастағы ұлттық сипатты зерттеу, қарым-қатынастың ұлттық-спецификалық компоненттерін анықтау және сипаттау, өйткені ол ұлттық психикалық-тілдік кешеннің негізгі белгілерін көрсететін құбылыстарды анықтауға және зерттеуге мүмкіндік береді, демек, қарым-қатынастың дүниетанымындағы ұлттық ерекшелігін анықтайды. Тілдік қарым-қатынасты лингвокогнитивтік тұрғыдан қарастыру барысында сананың ұлттық ерекшеліктеріне тікелей қатысы бар нәрсені анықтауға, талдауға және құрылымдауға болады, атап айтқанда, контекст пен алғышарт қамтылған тілдік қарым-қатынастың когнитивтік қабатын анықтау, талдау іске асады.

Дискурс коммуникация ретінде мәтінді де, мәнмәтінді де қамтиды (референция, пресуппозиция, импликауралар, қорытындылар), жағдаят, тақырып, ақпараттық құрылым, когезия мен когеренция, дүниені тану, білу (фреймдер, сценарийлер, сызбалар, ментальды үлгілер, менталдық кеңістіктер) қарастырылады [9, 266.].

Менталдық-тілдік кешеннің ұлттық ерекшелігі когнитивтік бірлік болып табылатын сананың фреймдік құрылымы сияқты бірлік көмегімен құрылымдалады. Фреймдік құрылымдар когнитивтік құрылымдар арқылы қалыптасады.

Қазіргі лингвистикада кәсіби қарым-қатынас ұғымдарын және олардың фреймдік құрылымын анықтау мен талдауға, концептуалды модельдерді талдауға, концепт саласының немесе пәндік аймақтың құрылымын сипаттауға, менталдық кеңістікті, әлемнің кәсіби бейнесін зерттеуге маңызды орын беріледі.

Ең алдымен фреймге тоқталсақ, бұл категория білім саласына жатады, белгілі бір білім құрылымы болып табылады. Н.Н.Болдыревтің түсінігінде, фрейм *мәдени тұрғыдан анықталған, канонизацияланған білімнің үлгісі* [10, 626.]. Бұл білім қоғам үшін, ең болмағанда қоғамның бір бөлігі үшін ортақ болуы басты шарт. Бұл адам өмірінің кез келген саласындағы білім құрылымы болып табылады, яғни стереотиптік, тақырыптық біртұтас жағдай. Сонымен, фрейм белгілі бір қоғам мүшелерінің көпшілігіне белгілі білімді бейнелейтін, қоғамның кез келген мүшесі оңай және жылдам тани алатын тұрақты, шартты белгілерді қамтитын білім түрі ретінде анықталады.

Фреймнің біртұтас, икемді және қозғалмалы сипаты да анықталып

отыр. Фреймнің айрықша белгісі ретінде категориялау, тұжырымдау үрдістерімен байланыстылығы көрсетілуде. Фреймдер ақпаратты ұйымдастыруға, есте сақтауға және талдауға мүмкіндік береді. Олар біліміміз бен тәжірибемізді қамтитын белгілі бір құрылымды білдіреді. Фреймдерге негізгі ұғымдар, олардың арасындағы байланыстар кіреді. Фреймдер жаңа ақпаратты тез және тиімді түсінуге және түсіндіруге көмектеседі. Өйткені біз оны бар фреймдермен байланыстыра аламыз және жаңа ақпаратты талдау үшін бұрынғы біліміміз бен тәжірибемізді пайдалана аламыз. Бұл ақпаратты неғұрлым ыңғайлы және жүйеленген түрде, құрылым түрінде ұйымдастыруға мүмкіндік береді. Олар иерархиялық түрде құрылады, мұнда кейбір фреймдер басқа фреймдердің ішкі жақтаулары болып табылады. Жалпы алғанда, фрейм функциялары белгілі бір объект немесе ұғым туралы білімді жақсырақ түсінуге және жүйелеуге, бұл ақпаратты тапсырмалар мен мәселелерді шешу үшін пайдалануға және білімді неғұрлым тиімді және жүйелі түрде басқаруға көмектеседі.

Сонымен қатар, ғылыми сипаттамаларда фрейм құрылымы жиі иерархиялық түрде беріледі: жоғарғы деңгейден төменгі, терең деңгейге қарай бағытталған және тұжырымдама өзегі мен перифериясы бар үлгі түрінде көбірек сипатталған. Сонымен, фрейм ретінде жоғары дәрежелі когнитивтік құрылым, ұғымдар арасындағы өзара әрекеттесу түрі, менталдық кеңістікті ұйымдастыру түрі қабылдануда.

Фреймдік құрылымдар түрінде прецедентті құбылыстар, стереотиптер, репрезентациялар т.б. санада сақталады. Прецеденттік құбылыстарға прецеденттік жағдай, прецеденттік мәтін, прецеденттік атау және прецеденттік мәлімдемелер т.б. жатады. Прецеденттік құбылыстар өзегі сананың фреймдік құрылымы түрінде кристалданады, ал перифериясы мәдени маңызды жақтауды және ұлттық мәдени кеңістікті қамтиды.

Кәсіби дискурстағы кәсіби қауымдастықтың іс-әрекетінің жалпы бейнесін ауқымды фреймдер көрсете алады, мұндай фреймдер ең алдымен кәсіби саланың арнайы мақсаттарын, содан кейін арнайы қатысушыларын және арнайы хронотопты қамтиды. Мысалға авиация саласын алсақ, әрине, ең алдымен жинақ ұғымдар ретінде ұшу, жеткізу, ұшақ, ұшқыш, жолаушы, әуе кеңістігі, аэропорт т.б. фреймдер қарастырылады. Мұндай фреймдер бүкіл менталдық кеңістікті құрушы материал болып табылады.

Аталған фреймдік құрылымдар менталдық кеңістік құрады. *Менталдық кеңістік* термині, сондай-ақ менталдық кеңістік теориясын 1980 жылдары Дж. Фоконье ұсынған [11]. Фоконьенің пікірінше, сөз әрекеті немесе оқу үрдісінде адам жеке тұлға ретінде өз ойында өзі өңдейтін ақпаратты уақытша орналастыруға арналған *кеңістіктер*

құрайды. Бұл менталдық кеңістіктер дискурсивті әрекет кезінде нақты уақыт режимінде құрылады және диалогқа қатысушылардың жедел жадында сақталатын түрлендіріліп отыратын когнитивтік құрылымдар болып табылады. Фоконье, бұл кеңістікті *сахна сыртындағы таным* аймақтары деп атады, әдетте бұлар жалпы сценарийлер негізінде жасалатын менталдық құрылымдар. Формальды түрде менталдық кеңістіктер (a, b, c...) элементтері және олардың арасындағы (R 1 ab, R 2 ad, R 3 cbf...) қатынастар бар реттелген жиындар ретінде анықталады, жаңа элементтерді қосуға ашық қатынастар ретінде қарастырылады [12]. Мазмұндық аспектіде менталдық кеңістіктер жағдаяттардың (нақты немесе гипотетикалық) модельдерін адамға түсінікті формада көрсетеді. Менталдық кеңістіктердің мысалдары:

- қазіргі жағдай ;
- гипотетикалық жағдайлар, өткен және болашаққа қатысты жағдайлар (біз оларды түсінетін немесе елестететін жағдайлар),
- ойдан шығарылған жағдайлар (мысалы, көркем және кинематографиялық көріністер);
- пәндік салалар (мысалы, экономика, саясат, математика және т.б.) [13].

Адамның қарым-қатынасының сәттілігі әңгімелесушілер құрастырған кеңістік конфигурацияларының ұқсастық дәрежесіне байланысты. Бұл ұқсастық түсінудің тілдік аспектілерімен ғана анықталмайды, өйткені лингвистикалық аспектілерден басқа, менталдық кеңістіктердің құрылысына көптеген экстралингвистикалық факторлар әсер етеді (фондық білім, қол жетімді схемалар, прагматикалық ақпарат және т.б.). Осылайша, Фоконье үшін тіл мен дүние арасындағы байланыс әрқашан адамның ойлауымен жүзеге асады, өйткені біз әдетте *шындық* деп атайтын нәрсе шын мәнінде сөйлеушінің шындықты ойша бейнелеуі болып табылады.

Дискурс барысында менталдық кеңістіктер арасында көптеген байланыстар орнатылады – уақыттық, кеңістіктік, гипотетикалық т.б. Кәсіпке қатысты менталдық кеңістіктерді қарастырсақ, мұнда барлық фреймдер бірігеді және де олар икемді конфигурацияларға біріге отыра, кез келген уақытта қажетті өзгерістерді енгізу мүмкіндігін қамтамасыз ете алады, сондай-ақ барлық менталдық кеңістіктерге еркін қол жеткізуді қамтамасыз етеді. Менталдық кеңістіктер көп жағынан дәстүрлі когнитивтік үлгілерге (кадрлар, сценарийлер) ұқсас: екеуі де нақты немесе ойдан шығарылған әлемнің әртүрлі салаларына сәйкес келеді. Менталдық кеңістіктер фреймдер арқылы құрылымдала отырып (мысалы, кәсіп фреймі, құзыреттілік фреймі, тәжірибе фреймі, кәсібилік фреймі т.б.) дискурста объектілердің нақты рөлдерімен және сипаттарымен толтырылады. Менталдық кеңістік басқа когнитивтік

құрылымдар сияқты фондық білімге негізделгеніне қарамастан, олар біздің санамызға дайын құрылымдар түрінде енбей, дискурсты тудыру барысында жаңадан пайда болады, жаңадан құрылады. Менталдық кеңістіктерді біріктіру нәтижесінде *гибридтік* немесе біріктірілген кеңістіктер пайда болуы мүмкін, олар бірнеше бастапқы кеңістіктерден рөлдер мен сипаттарды иемденіп, өзіндік құрылымға және жаңа сипаттарға ие болады.

Кәсіпке байланысты фреймдер біріге, толыға отырып жеке менталдық кеңістік құрайды. Әр кәсіп саласы өз менталдық кеңістіктерімен ерекшеленеді, мысалға алсақ, авиация кәсібінің фреймдері өз салалық менталдық кеңістіктерін құрайды: ұшу қауіпсіздігі (ұшқыш, кәсіби құзыреттілік, ұшу ережелері, ұшақ жағдайы, техникалық паспорт, кеден қызметі...); ИКАО (авиация, әуе тасымалы, халықаралық ұйым, ережелер, ұшу қауіпсіздігі, ережелерді ұстану, талаптар, нормалар, стандарттар, өлшем бірліктер...); әуе қатынасы (ұшқыш, әуе көлігі, кәсіби құзыреттілік, ұшу ережелері, ұшақ жағдайы, ұшу қауіпсіздігі...); әуе көлігі (ұшақ, аэродинамика, аэронавигация, аэропорт, аэродром...).

Менталдық кеңістіктердің негізгі қызметін қарастырсақ, бұл тақырыпқа қатысты ақпаратты, сондай-ақ сөз әрекеті барысында ақпараттың түрленуінің нәтижелерін уақытша сақтау болып табылады.

Менталдық кеңістіктер динамикалық және өзгермелі, сондықтан тұрақсыз. Ең бастысы, менталдық кеңістіктер шынайы әлемді көрсетуге арналмаған, ойша құрылған субъективті құрылымдар болып табылады. Дегенмен, когнитивтік лингвист ретінде Фоконье, шынайы әлем диалогқа қатысушылардың менталдық кеңістіктерінің құрылымына конструктивті әсер ете алатынына назар аударды (Fauconnier, 1994). Менталдық кеңістікті құру үшін шынайы кеңістікпен қарым-қатынас тәжірибесінен алынған *кеңістіктік тіл* қолданылады, яғни сөз әрекеті барысында сөз серіктестерінің менталдық әлемінде құрылған менталдық кеңістіктің құрылымы табиғи вербалды тілді ұйымдастыру және сөз құру ерекшеліктерімен анықталады. Ал әр тілде көптеген жүздеген ұрпақтар арқылы қалыптасқан ақпарат легі бар. Бұл ақпарат легі адамның менталдық әлемінде орын алған және де бұл менталдық кеңістік динамикалы, өзгермелі, толықтырылып, түрленіп отырады, онсыз сөз мазмұны дұрыс түсінілмейді. Сондықтан, тіл, сыртқы әлемге тиесілі және субъектінің менталдық әлеміне жататын менталдық кеңістіктің құрылысын анықтайды. Осылайша, сыртқы дүние ішкі, психикалық әлемде жасалған оқиғаларға бақылаушы әсер етуді жалғастырады.

Жекелеген әлеуметтік-кәсіптік топтардың менталдық кеңістігі бүкіл тілдік қауымдастық менталдық кеңістігінен айтарлықтай өзгеше болады (мысалы, авиация саласына қатысты аумақ). Кез келген мамандық қолданатын тіл – жеке тұлғаларды стереотиптеуге және

эртүрлі туындаған міндеттерді шешуге бейім жалпыланған және тарихи жіктелген өнім. Белгілі бір кәсіби орта жалпы қоғамда танылған ұғымдар, түсініктер, идеяларды т.б. қабылдайды, бірақ оларды өз кәсіби ортасына ғана тән өзіндік ерекшеліктерімен толықтырады (мысалы, авиацияда өз ұшу, әуе тасымалы қауіпсіздігі, ережелері, нормалары, стандарттары т.б. қарастырылған).

Сонымен қатар, авиацияда осы сала қызметкерлері үшін ғана түсінікті, ортақ сөздер, сөз тіркестері, сөйлемдер, фразеология қалыптасқан. Авиация халықаралық тілі ағылшын тілі болғандықтан, авиацияда ағылшын тіліндегі аббревиатуралар кеңінен қолданылады және де осы аббревиатуралар сала қызметкерлері үшін түсінікті, қолданыста ыңғайлы, қысқа болып табылады, бірнеше мысалдар келтірсек: POB (Persons on Board) – әуе кемесі бортындағы жолаушылар, ATA (Actual Time of - Arrival) – нақты келу уақыты, NOSIG (No Significant Changes) – маңызды өзгерістер болмауы, PROB (Probably) – мүмкін, ықтимал, ATC (Air Traffic Control) - Әуе қозғалысын басқару және т.б.

Әуе-әуежай радиоалмасуында мынадай қысқа да, нұсқа фразалар қолданылады:

ADVISE –Хабарлаңыз.

APPROVED – Рұқсат етіледі, яғни белгілі бір іс-әрекетке рұқсат беріледі.

«BREAK» – мәтін бөліктері арасында нақтылау үшін үзіліс жасау қажет болған кезде қолданылады.

CANCEL - Бұрын берілген рұқсат жойылады.

«CHECK» – бұл «Жүйе жұмысын тексеріңіз» деген мағынада ғана қолданылады.

«MAYDAY» - апат туралы хабарлама, апат жағдайында «MAYDAY» үш рет айтылуы тиіс.

NEGATIVE – Жоқ немесе Рұқсат етілмейді.

“PAN PAN” – әдетте, жедел (қауіпті) жағдаятта үш рет айтылады

«ROGER» – Түсінікті, «Ия» не «Жоқ» жауаптары күтілген кездерде бұл сөзді қолдануға болмайды.

SAY AGAIN – Қайталаңыз.

STANDBY – абонент мұндай жағдайда қайта телефон соғуы тиіс, өйткені STANDBY, бұл растау(мақұлдау) да емес, бас тарту (қайтару) да емес, күтіңіз деген директива.

«UNABLE» – мүмкін емес, яғни белгілі бір себептерге, нақты жағдаятқа байланысты айтылады.

Мұндай кәсіби сөздер мен фразеология кәсіби дискурстың арнайы дискурс ретіндегі ерекше сипатын айқындайды, тіл қолданысының қозғалмалы, өзгермелі қабаты болып табылатынын көрсетеді, өйткені кәсіби сала қоғамдағы қажеттіліктерге қарай үнемі дамып, өзгеріп отыр.

Сондай-ақ, авиалайнерлерде қызметкерлер арасында кәсіби ортаға белгілі жасырын сөздер, сөйлемдер, жаргондар, белгілер, ым-ишаралар қолданылады. Осындай амалдар арқылы қызметкерлер белгілі бір туындаған мәселелерді өзара талқылай алады, шешім жолдарын қарастырады, әуе кемесінде дүрбелең, қорқыныш туындамауын және тәртіп сақталуын қамтамасыз етеді.

Бірнеше мысалдарды қарастырсақ:

· Стюардесса Францияда 5 күн өткізетіні туралы айтып жатса, бұл сөйлемде мүлде демалыс туралы емес, ұшақтағы 5F орындықтағы белгілі бір жолаушы туралы сөз болып жатыр.

· Әуе кемесіндегі жолсеріктер «Көк шырын» туралы сөз қозғаса, бұл дәретханадағы ақау туындауына қатысты мәселе қарастырылып жатыр.

· Mayday! Mayday! Mayday! Ағылшын тілінен аударғанда «Мамыр күні» деп аударылады, бірақ негізінде бұл фраза француз тіліндегі venez m'aider («маған көмектесіңдер») сөзінің ағылшынша қысқаша транскрипциясы, яғни қауіпті, қатерлі жағдаятты, көмек сұрауды білдіреді.

Мынадай сан белгілері 7500 – ұшақтың басып алынғанын, 7 600 - жерүсті қызметтерімен байланыс үзілгенін, 7700 – төтенше жағдаят орын алғанын білдіреді.

Сонымен, жоғарыда келтірілген тұжырымдамалар мен мысалдарға сәйкес, тілдегі кәсіби сөздер, сөз тіркестері, фреймдер қауымдастықтағы ортақ мақсатты көздейтін өзара әрекеттесу нәтижесінде туындайды және де ортақ репертуарлар жиынтығынан тұрады, ортақ менталдық кеңістік, қауымдастық құрайды.

Яғни, дискурс кәсіби әлеуметтенуде маңызды рөл атқарады, бұл процесс арқылы индивидтер өздерінің кәсіби рөлдерін тиімді орындау үшін қажетті арнайы білімдерді, дағдыларды, көзқарастарды, шарттар, нормалар мен қызығушылықтарды игереді.

Демек, дискурс ортақ репертуардың бір түрі ретінде өзара қатысым мен бірлескен іс-әрекет нәтижесі болып табылады. Кәсіби маманның тілдік қатысымының белгілі бір сипатта болуы, әлеуметтік тәжірибенің, қоғам дамуының, ілгерілеуінің, өзгерістерге ұшырауының нәтижесі болып табылады. Осындай факторлар себептерінен белгілі бір фреймдер, кәсіп атаулары, кәсіпке байланысты ұғымдар, сөздер пайда болады немесе қолданыстан шығады. Яғни кәсіби дискурсты талдай отыра мұндағы өзгерістерді, даму бағыттарын айқындай аламыз, кәсіби дискурсты қажетті деңгейде, әрі талапқа сай құра аламыз.

Кәсіби қарым-қатынасты іске асыру сөз серіктестерінің қатысымға өзара бейімделуін қажет етеді, мұнда сөз стратегиялары мен тактикаларын, тілдік құралдарын барабар таңдау және оларды

дұрыс қолдана алу қажет, тек осындай жағдайда ғана тілдік қатысым өз мақсаттарын, интенцияларын толық түрде жүзеге асыра алады.

Қорытынды

Сонымен, қорытындылай кетсек, зерттеу барысында кәсіби дискурс аясындағы сөз әрекеті когнитивтік лингвистика парадигмасы тұрғысынан қарастырылды. Лингвокогнитивтік зерттеулер антропоцентристік тұрғыдан жүзеге асырылады, бұл ғылыми объектілердің адам өміріндегі атқаратын рөліне байланысты зерттелетінін, зерделеу объектісі мен пәні қандай болса да, назардың адамға бағытталғанын білдіреді.

Кәсіби дискурс кәсіби мамандардың сөз ерекшеліктері және де кәсіби топ мәтіндерінің жиынтығы болып табылады деген қорытынды жасауға болады. Яғни, кәсіби дискурс белгілі бір мамандық аясында жүзеге асырылады, ал кәсіби топ немесе қоғамдастық институционалдық құрылым ретінде анықталады.

Кәсіби салалардағы өзара тілдік әрекеттестік барысында арнайы білімдер, кәсіби тезаурус қажет. Кәсіби тілдік қатысым біршама тұрақты, өзіндік құрамға ие, нақты бір саланың, аймақтың тілдік үлгісі болып табылады. Осындай қатысым барысындағы сөз әрекетінің сәттілігі сөз серіктестерінің құрастырған кеңістік конфигурацияларының ұқсастық дәрежесіне байланысты. Бұл ұқсастық түсінудің тілдік аспектілерімен ғана анықталмайды, өйткені лингвистикалық аспектілерден басқа, менталдық кеңістіктердің құрылымы да маңызды болып табылады.

Кәсіби іс-әрекеттегі қатысымды лингвокогнитивтік тұрғыдан қарастыру, концептуалды құрылымдар ретінде фреймдерді, менталдық кеңістікті қарастыру қазіргі лингвистикадағы өзекті бағыттардың бірі, өйткені бұл зерттеу саласы әлі де терең зерттеу мен талдауды қажет етеді.

Когнитивтік лингвистиканың жетістіктерін ескере отырып, кәсіби дискурс аясындағы сөз әрекетінің ерекшеліктерін, теориялық негіздерін зерттеу және практикалық мәселелерді шешу үшін осы саладағы ізденістер өзекті бола бермек.

ӘДЕБИЕТ

[1] Витгенштейн Л. Логикалық-философиялық трактат. – Москва, 1958. – 160 б.

[2] Арутюнова Н.Д. Дискурс // Языкознание: Большой энциклопедический словарь. – Москва: Большая российская энциклопедия, 1998. – С.136-137.

[3] Ван Дейк Т.А. Язык. Познание. Коммуникация. – Москва: Прогресс, 1989. – 312 с.

[4] Голованова Е.И. Профессиональный дискурс, субдискурс,

жанр профессиональной коммуникации: Соотношение понятий // Вестник Челябинского государственного университета. Филология. Искусствоведение. Выпуск 73. – 2013. – № 1 (292). – С. 32–35.

[5] Albertini T., Helfer J.-P. et Orsoni J., Dictionnaire de marketing. – Paris, 2001. – 200 p.

[6] Boutet J. Le pouvoir des mots. – Paris, 2010. – 193 p.

[7] Бейлинсон Л.С. Профессиональный дискурс: признаки, функции, нормы: дис. ... д-ра филол. наук. – Волгоград, 2009. – 325 с.

[8] Красных В.В. Основы психолингвистики и теории коммуникации: курс лекций. – Москва, 2001. – 270 с.

[9] Сусов И.П. История языкознания. – Москва: Восток - Запад, 2006. – 295 с.

[10] Болдырев Н.Н. Концептуальная основа языка // Когнитивные исследования языка. Выпуск IV. Концептуализация мира в языке: коллективная монография. – Москва: Ин-т языкознания РАН; Тамбов: Издательский дом ТГУ им. Г.Р.Державина. – 2009. – С. 25-77.

[11] Fauconnier G., Turner M. The way we think: Conceptual blending and the mind's hidden complexities. – NY: Basic Books, 2003. – 464 p.

[12] Fauconnier G. Mental spaces: Aspects of meaning construction in natural language. – Cambridge: Cambridge University Press, 1994. – 190 p.

[13] Лакофф Дж. Когнитивное моделирование. Язык и интеллект. – Москва: Прогресс, 1996. – С. 143-182.

REFERENCES

[1] Vitgenshtejn L. Logikalyқ-filosofijalyқ traktat [Logical-philosophical treatise]. – Moskva, 1958. – 160 b. [in Kaz.]

[2] Arutjunova N.D. Diskurs // Jazykoznanie: Bol'shoj jenciklopedicheskiy slovar' [Discourse]. – Moskva: Bol'shaja rossijskaja jenciklopedija, 1998. – S.136-137. [in Rus.]

[3] Van Dejk T.A. Jazyk. Poznanie. Kommunikacija [Language. Cognition. Communication]. – Moskva: Progress, 1989. – 312 s. [in Rus.]

[4] Golovanova E.I. Professional'nyj diskurs, subdiskurs, zhanr professional'noj kommunikacii: Sootnoshenie ponjatij [Professional discourse, subdiscourse, genres of professional communication: the interrelation of notions] // Vestnik Cheljabinskogo gosudarstvennogo universiteta. Filologija. Iskusstvovedenie. Vypusk 73. – 2013. – № 1 (292). – S. 32–35. [in Rus.]

[5] Albertini T., Helfer J.-P. et Orsoni J., Dictionnaire de marketing. – Paris, 2001. – 200 p.

[6] Boutet J., Le pouvoir des mots. – Paris, 2010. – 193 p.

[7] Bejlinson L.S. Professional'nyj diskurs: priznaki, funkicii, normy: dis. ... d-ra filol. nauk. [Professional discourse: characteristics, functions and norms]. – Volgograd, 2009. – 325 s. [in Rus.]

[8] Krasnyh V.V. Osnovy psiholingvistiki i teorii kommunikacii: kurs lekcij [Basics of psycholinguistics and the theory of communication: lecture course]. – Moskva, 2001. – 270 s. [In Russian]

[9] Susov I.P. Istorija jazykoznanija [The history of language studies]. – Moskva: Vostok - Zapad, 2006. – 295 s. [in Rus.]

[10] Boldyrev N.N. Konceptual'naja osnova jazyka [Conceptual base of language] // Kognitivnye issledovanija jazyka. Vypusk IV. Konceptualizacija mira v jazyke: kollektivnaja monografija. – Moskva: In-t jazykoznanija RAN; Tambov: Izdatel'skij dom TGU im. G.R.Derzhavina. – 2009. – S. 25-77. [in Rus.]

[11] Fauconnier G., Turner M. The way we think: Conceptual blending and the mind's hidden complexities. – NY: Basic Books, 2003. – 464 p.

[12] Fauconnier G. Mental spaces: Aspects of meaning construction in natural language. – Cambridge: Cambridge University Press, 1994. – 190 p.

[13] Lakoff Dzh. Kognitivnoe modelirovanie. Jazyk i intellekt [Cognitive language studies. Language and intelligence]. – Moskva: Progress, 1996. – S. 143-182. [in Rus.]

РЕЧЕВЫЕ ОСОБЕННОСТИ ПРОФЕССИОНАЛЬНОГО ДИСКУРСА

Шалшыкбаева Г.О.¹, *Бактиярова Р.М.²

^{1,*2} КазУМОиМЯ имени Абылай хана, Алматы, Казахстан

Аннотация. В наши дни профессиональная деятельность является важной частью жизни человека. Сложность и многогранность профессиональной деятельности приводит к значительной вариативности речи, поскольку сегодня эта область постоянно развивается. Основная цель статьи – определить тенденции трансформации профессионального дискурса путем изучения аспектов речевой деятельности в рамках профессионального дискурса. Коммуникация в процессе профессиональной деятельности составляет важную часть речевой деятельности в целом, поэтому изучение речевых особенностей в профессиональной деятельности имеет научное и практическое значение. К основным направлениям исследования профессионального дискурса в современной лингвистике относятся природа профессиональных языков, лингвистические и когнитивные особенности текста. В ходе изучения языков профессионального общения определено, что реализация основных целей профессионального дискурса зависит от особенностей речевого акта и когнитивного характера в профессиональном общении профессиональной языковой среды.

В статье рассматриваются аспекты профессионального дискурса с позиций методологии когнитивной лингвистики, то есть дискурс

рассматривается как целенаправленный речевой акт, новые знания которого формулируются в процессе познания мира. Рассматривая дискурс с лингвокогнитивной точки зрения, определяется и анализируется когнитивный слой языкового общения, включающий в себя контекст и предпосылку. Когнитивно-дискурсивный анализ включает в себя анализ обстоятельств речевого акта, поскольку контекстуальная среда влияет на выбор языковых средств при коммуникации.

В статье определяются и анализируются основные понятия профессиональной коммуникации и когнитивные структуры, как фреймы и ментальные пространства. Осуществление профессионального общения требует взаимной адаптации речевых партнеров к общению, при этом необходимо выбирать адекватные языковые средства и уметь правильно ими пользоваться, только в этом случае языковое общение сможет в полной мере реализовать свои цели и задачи.

Теоретическая и практическая ценность исследования в том, что определяются возможности оптимального структурирования коммуникации профессионального дискурса с учетом всех факторов влияющих на профессиональную коммуникацию. Исследование теоретических и практических аспектов, связанных с формированием и развитием профессионального дискурса, актуально и важно для решения проблем профессиональной коммуникации. То есть, анализируя профессиональный речевой акт и его особенности с лингвокогнитивной точки зрения, можно под новым ракурсом изучить теорию дискурса, а также определить особенности профессиональной речи в процессе профессиональной коммуникации.

Ключевые слова: когнитивная лингвистика, профессиональный дискурс, лингвокогнитивное исследование, профессиональная коммуникация, фрейм, ментальное пространство, контекст, познание

SPEECH FEATURES OF PROFESSIONAL DISCOURSE

Shalshykbaeva G.O.^{1,*}, Baktiyarova R.M.²

^{1,*2} Kazakh Ablai Khan University of International Relations and World Languages, Almaty, Kazakhstan

Abstract. Nowadays, professional activity is an important part of human life. The complexity and versatility of professional activity leads to significant variability in the use of words, since this area is currently constantly evolving. The main goal of the article is to determine the trends in the transformation of professional discourse by studying the aspects of speech activity within the framework of professional discourse.

Communication in the process of professional activity is an important part of speech activity in general, therefore, the study of speech features

has theoretical and practical significance. The main areas of research of professional discourse in modern linguistics include the nature of professional languages, linguistic and cognitive features of the text. In the course of studying the languages of professional communication, it was determined that the implementation of the main goals of professional discourse depends on the features of the formation of the speech act in professional communication, and cognitive nature.

The article considers aspects of professional discourse from the standpoint of the methodology of cognitive linguistics. Discourse is a purposeful speech act in which new knowledge is established and formulated in the process of learning the world. In the process of examining discourse from a linguacognitive point of view, the cognitive layer of language communication is defined and analyzed, including the context and premise. Cognitive-discursive analysis includes the analysis of the circumstances of the speech act, since the contextual environment affects the choice of language means. The implementation of professional communication requires mutual adaptation of speech partners to communication. Therefore, it is necessary to choose adequate language means and to be able to use them correctly. Only in this case language communication can fully realize its goals and objectives.

The theoretical and practical value of this study lies in the fact that the article examines the possibilities of optimal and effective communication in professional discourse, taking into account all the factors influencing professional communication.

The study of theoretical and practical aspects related to the development of professional discourse is relevant and important for solving the problems of professional speech activity.

Keywords: cognitive linguistics, professional discourse, linguistic-cognitive research, professional communication, frame, mental space, context, cognition

Мақала түсті: 24 мамыр 2024

Авторлар туралы мәлімет:

Шалшыкбаева Гулбахыт Оспанбаевна – 2 курс докторанты, 8D02322-Шетел филологиясы мамандығы, Абылай хан атындағы ҚазХҚ және ӘТУ, e-mail: gulbakhit_69@mail.ru, <https://orcid.org/0000-0001-7829-4895>

Бактиярова Райгуль Муратовна – PhD, қауымдастырылған профессор, Абылай хан атындағы ҚазХҚ және ӘТУ, e-mail: rai_bah@mail.ru, <https://orcid.org/0000-0003-1041-8331>

Информация об авторах:

Шалшыкбаева Гулбахыт Оспанбаевна – докторант 2го года

обучения, КазУМОиМЯ имени Абылай хана, e-mail: gulbakhit_69@mail.ru, <https://orcid.org/0000-0001-7829-4895>

Бактиярова Райгуль Муратовна – PhD, ассоциированный профессор, КазУМОиМЯ имени Абылай хана, e-mail: rai_bah@mail.ru, <https://orcid.org/0000-0003-1041-8331>

Information about the authors:

Shalshykbayeva Gulbakhyt – Teacher, Kazakh Ablai Khan University of International Relations and World Languages, e-mail: gulbakhit_69@mail.ru, <https://orcid.org/0000-0001-7829-4895>

Baktiyarova Raigul – PhD, Associate Professor, Kazakh Ablai Khan University of International Relations and World Languages, e-mail: rai_bah@mail.ru, <https://orcid.org/0000-0003-1041-8331>

ӘОЖ 81

ҒТАХР 16.21.51

<https://doi.org/10.48371/PHILS.2024.4.75.019>

**«ҚЫЗ» ГЕНДЕРЛІК КОНЦЕПТІСІНІҢ ЭТНОМӘДЕНИ
ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ (ҚАЗАҚ, БАШҚҰРТ, ТАТАР ТІЛДЕРІ
МАТЕРИАЛДАРЫ НЕГІЗІНДЕ)**

Шоқым Г.Т.¹, * Буранкулова Э.Т.², Мұратбек Б.Қ.³

^{1,* 2,3}Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті,
Ақтөбе, Қазақстан

Аңдатпа. Гендерлік лингвистикадағы қазіргі таңда зерттеуді қажет ететін тақырыптардың бірі «қыз» концептісі. Мақаланың мақсаты - қыздардың қоғам өміріндегі, ұлттық мәдениеттегі рөлі мен орнын, оны сипаттайтын тілдік деректерді лингвомәдени бағытта айқындау, «қыз» концептісінің лексика-семантикалық, концептуалдық мазмұнын аялық білім деңгейі тұрғысында түсіндіру және қазақ, башқұрт, татар тілдеріндегі «қыз» гендерлік концептісін зерделеу, үш тілге ортақ бірліктерді анықтау. Тілді зерттеудің антропоэзектік бағыты тіл біліміндегі адамның тілдік факторы, тілдің адамға қызмет ету мәселесі, тіл арқылы адамның табиғатын ашумен тікелей байланысты екені мәлім. Ұсынылып отырған мақалада «қыз» гендерлік концептісі және осы мәселеге қатысты қалыптасқан тұжырымдар талданады. Мақаланың ғылыми маңыздылығы «қыз» гендерлік концептісіне қатысты теориялық тұжырымдарды өзара салыстырып, практикалық деңгейде деректерді талдау арқылы негіздеуінен көрінеді. Мақалада көтерілген

мәселелерді талдауда ресейлік, қазақстандық ғалымдар зерттеулері мен тұжырымдарына сүйенілді. Зерттеу мәтінді лингвистикалық талдау әдісі арқылы, диахронды-синхронды тұрғыдан сипаттама, семантикалық, этнолингвистикалық, когнитивтік талдау, жүйелеу, топтастыру әдістері арқылы жүргізілді. Мақаланың негізгі қорытындысында «қыз» гендерлік концептісін нақты мысалмен түсіндірілді.

Мақаланың құндылығы мазмұны мен негізгі тұжырымдарының гендерлік лингвистика бағытындағы зерттеулерге материал бола алатындығымен анықталады. Практикалық маңыздылығы талдау үлгілерінің көрсетілуімен, татар, башқұрт, қазақ тіліне ортақ бірліктерді анықтаумен байланысты. Мақалада татар, қазақ, башқұрт тілдерінде «қыз» концептісіне қатысты қолданылатын фразеологизмдер мен мақал-мәтелдер жинақталып, олардың ұлттық танымға қатысы талданды.

Тірек сөздер: ұлттық таным, концепт, ғаламның тілдік бейнесі, гендерлік лингвистика, фразеологизм, макроконцепті, микроконцепт, антропоэзектік

Кіріспе

Антропоэзектік парадигмадағы гендерлік лингвистика қоғамдағы гендерлік рөлдермен астасып, ұлттық-мәдени ерекшеліктермен, халықтың әдет-ғұрпы, салт-дәстүрі, наным-сенімдерімен тығыз байланыста қарастырылуды қажет етеді. Осы аталған ұғымдардың барлығы гендерлік таптаурындарда, ал гендерлік таптаурындар мақал-мәтелдерде, фразеологизмдерде, теңеулерде, туыстық атауларда көрініс табады.

Қазақ тіл білімінде соңғы кездері антропоэзектік бағыттағы зерттеулердің арасында тіл мәселелерін гендерлік лингвистика аясында қарастырған еңбектер көбейген. Оларға Б.Хасанұлы, Г.Мамаева, Қ.Жанатаев, Г.Шоқым, М.Ешимовтің т.б. зерттеулерін, ал Ресей және шетелдік ғалымдар қатарына А.В.Кирилина, Е.И.Горошко, И.И.Халеева, Дж.Коатс, Х.Коттхофф, Д.Камерон, Д.Таннен, Б.Барон, К.Уэст, Д. Зиммерман және т.б. ғалымдарды жатқызуға болады.

Концепт – ұлттық болмысқа негізделген ұжымдық және тұлғалық санадағы ақпараттар бірлігі ретінде танымдық лингвистиканың басты ұғымы болып табылады. Ол зерттеудің түрлі қырларына қарай лингвомәдениеттану, психолінгвистика және когнитивті лингвистикада жан-жақты қарастырылуда. Қазақ тіл білімінде концепт теориясы мен құрылымдары біршама зерттелді. Концепт теориясы қазақ тілі лингвистикасында Г.Снасапова, Ш.Елемесова, М. Күштаева, С. Жапақов, А. Әмірбекова т.б. зерттеушілердің еңбектерінде жан жақты қарастырылған. Түрік тілтанымында фразеологизмдер лексико-грамматикалық, семантикалық тұрғыдан зерттеудің объектісі болды,

алайда гендерлік таптаурынның лингвомәдени тұрғыдағы терең зерттеулерді әлі де қажет етеді. Аталған мәселе бойынша А.В. Кириллина, Е.С. Бадмаева, В.С. Самарина, Д.А. Турдиева, О.Ю. Суралева, М.Н. Мукова, М.Н. Варикаш секілді ғалымдардың бірқатар жұмыстары бар.

Кез келген қоғамда әйел мәселесі өзекті тақырыптардың бірі болып саналады. Әйел мәселесі қоғамдық ғылымдардың арасында, негізінен, қазақ әдебиеттануында көркем шығармалардағы әйел бейнесіне қатысты біраз зерттелген. Біз мақаламызда түркі тілдес халықтардың әлемдік тілдік бейнесіндегі «қыз» концептісін салыстырмалы түрде қарастырдық.

Материалдар мен әдістердің сипаттамасы

Зерттеу барысында диахронды-синхронды тұрғыдан сипаттама, семантикалық, этнолингвистикалық, когнитивтік талдау, жүйелеу, топтастыру әдістері қолданылды. Зерттеу аясында тарихи-мәдени материалдар жинақталып, этимологиялық түсіндірулер, этнолингвистикалық талдаулар жүргізілді. Қазақ, башқұрт, татар тілдерін салыстыру арқылы олардың тілдік тарихтағы, мәдениетіндегі ұқсас тұстары салыстыру және салғастыру әдістері арқылы көрсетілді.

Нәтижелер және талқылау

А.Байғұтованың “Қазақ әйелі” концептісінің этномәдени сипаты деген еңбегінде ұлттың болмыс-бітімі, дүниеге көзқарасы мен рухани-мәдени құндылықтарына сәйкес әйелдің өзіндік табиғатын, қоғамдағы, отбасындағы әлеуметтік қызметімен сабақтас анықтау мәселесін ұлттық таным қорында тіл арқылы жинақталған әйел концептісі арқылы дәлелдеуге талпыныс жасалған. Ол *“қазақ әйелі” макроконцептісін бірнеше микроконцептілерге бөліп қарастырады, оның ішінде “Қыз” концептісін [1]:*

Қылышы өткір ұлыстың қызы да өткір,

Сүймейді сені алдымен жылатып алмай (Ж.Жақыпбаев);

Құдықтай тұнық суы тартылмаған Торғын да торғын шаштары тобық көметін Тоты қыздарға деуші едік, шіркін, үйленсек;

Қыздың беті - қызарып піскен алма,

Күннің нұрын уылжып ішкен ол да;

Қыз дегенің - өмірдің қызғалдағы,

Қылықтылар аз ба екен қыздандағы?.. (И. Сапарбай), деген өлең жолдары арқылы көрсетеді.

«Әйел» концептісінен бөлек қазақ қоғамындағы қыз баланың дүниеге келуінен бастап, бойжеткенге дейінгі өмірін «қыз» концептісі төңірегінде басқа түркі тілдерімен салыстыра отыра зерттеу мақаланың ерекшелігін айқындайды.

Қай халықтың болмасын қыз балаға қатысты барлық салты тілде әр түрлі номинативті атаулардан, әсіресе фразеологизмдерден, мақал-мәтелдерден және теңеулерден көрініс тапқан. Қазақ тілінің фразеологиялық сөздігінде кездесетін тұрақты тіркестерді пайдалана отырып, біз әр тұрақты тіркеске анықтама беріп, талдау жасадық. Бірінші, біз *қыз* сөзінің шығу төркіні мен мағынасына тоқталдық.

Қазақ тілінің, жалпы түркі тілдерінің түп-тамырын VI-VIII ғасырларда жазылған тастағы таңбалардан іздейтініміз хақ. Орхон-енисей ескерткіштерінде «қыз» сөзі осы күнгі мағынасында, түркі тілінде «giz» (қыз) болып кездеседі. Махмұд Қашқари еңбегіне де көңіл аудардық. Үш кітаптан тұратын «Түркі тілінің сөздігі» («Диуани лұғат ат-түрік») атты ғылыми мұрасында ғұлама Орта Азия мен Қазақстанға қатысты мағлұматтарды түгелдей теріп көрсеткен. Диуани лұғат ат-түрік» XI ғасырда Қарахан дәуірінде жазылған мұра. Бұл еңбекте «қыз» сөзіне байланысты мынадай мағыналар қамтылған: қыз – қымбат (1, 315-9; ар. 274-4); қыз – қызметші әйел (1, 315-11; ар. 274-6); қыз – қыз. (1. 315-12,277-27; ар.274.235-13). Осының өзінен «қыз» сөзінің бірнеше мағынаны білдіргені көрініп тұр [2]. Осы сөздікте «ана», «балдыз» сияқты қазақ тіліндегі нұсқасы берілген.

М.Қашқари сөздігінде *қыз* сөзіне «менің қызым, ев қызы (үй қызы, үйде отырған қыз), иінішке қыз (бойжеткен қыз)» сөздерін мысалға алып, «бұл сөз басы азат қыздарға қолданылған секілді, сатып алынған күң қыздарға да қолданылады. Әсілінде, бойжеткен, әйтсе де тұрмысқа шықпаған, жат жұрттық болмаған қыз дегенді білдіреді» [1, 385 б.].

Көне түркі тілінен мысалдар: *Өруң күмүс қыз-құдыз егіртебі ағы буңсыз келурті* деген ақ күміс қыз-қырқын бағалы қымбат мүліктер есепсіз келіп жатты дегенді білдіреді.

Қазақ тілінде *қыз* сөзі «әйел бала, сәби, күйеуге тимеген бойжеткен, жігіттің көңіл қосқан, жүріп жүрген адамы, қалыңдық» мағыналарында қолданылады [2, 225 б.].

Ал, Ә.Ибатов зерттеуіндегі XIII-XIV ғ.ғ. жазылған Құтыбтың «Хұсрау уа Шірін» поэмасының сөздігінде «қыз» сөзі – кездеседі [3]. Ғалым Ә.Құрышжановтың еңбегінде, орта ғасырдағы «Китаби – меджумчи» жазба ескерткіштерінің сөздігін жасай отырып, «қыз» сөзін осы жазба жәдігерлікте кездестіреді. Одан қыз – дочь,девушка; қыз оғлан – девушка; қыз-қарындаш - сестра мағынасында, яғни қазіргі қазақ тіліндегі «қыз» сөзінің мағынасының өзгермеген қалпында пайдаланғанын көруге болады [4].

Қазақ әдеби тілінің сөздігінде «қыз» – 1.Ұрғашы жынысты сәби. әйел бала. Әйелтапты. 2.Балиғатқа толған қыз бала; бойжеткен. «Қыз» сөзінің этимологиясын әрі қарай қарастырсақ, «Қытай тарихнамаларындағы қазаққа қатысты деректер» атты тарихи еңбекте

«Қыз» (гиасы) – «ханша» дегеннің орнына қолданылатын сөз. Ежелден хан-патша, тегі-тектілердің қыздары «қыз» деп аталып, қара халықтың қыздары «қырқын» делінген» – деп анықтама береді [7].

Қыз сөзінің көне түркі және қазіргі көптеген түркі тілдеріндегі сипаты қыз, қыз қолданыстарымен қоса гыз (әзербайжан, түрікмен), киз (өзбек, ұйғыр), кыс (алтай, гагауз, тува), кыыс (якут), хыс (хақас), хер (чуваш) түрінде кездеседі.

Мысалы: *Сиз ханның қол-қанаты (ноғай) - эки канатын эки увылына береді деген мағынаны білдіреді. Сіздер ханның қолғанаты екі қанатын екі ұлына берді деген мағынаны білдіреді. Сиз ханның эки аягы, - деп эки кызына эки аягын береді. Сіздер - ханның екі аягы деген екі кызына екі сирағын берді дегенді білдіреді. Маторлы балық аулау кемелерин көбейту үшін хаял-қызларды оқытажақбыз (қарақ.). Эргя кайтарылырэд бурунгу кыз (қарайым) күйеуге үлкен қыз шығады.*

Чуваш тіліндегі *қыз* сөзінің *хер* түріндегі мағынасы басқа түркі тілдеріндегі *з* дыбысының орнына аталған тілде *р* дыбысының қолданылуы. Себебі чуваш тілінің басқа түркі тілдерінен ерекшелетін сәйкестіктер ретінде түркітанушылар *ш, с-л, з-р* сәйкестіктерін айтады және бұл мәселе бұлғар тобының басқа тілдерден айыратын критерий сипатында да қолданылады. Бұлған басқа түркі тілдеріндегі *буз/муз/боз* сөздерінің чуваш тілінде *пар, қадың/қазың/қайың* сөздерінің *хуран, қыс/қыш* сөздерінің*хел, есік/ешик* сөздерінің *алак, бес/беш* сөздерінің *бел* түрінде қолданылуы мысал бола алады.

Қыз сөзінің барлық түркі тілдерінде мағынасы бірдей болғанымен, тува тілінде «ұрғашы» мағынасында қолданылады да, мағынасы *уруу* сөзі арқылы беріледі. *Уруу* сөзі көне түркілік *уруғ* (род, племя, родство) сөзімен төркіндес [5, 17-18 б.].

Гендерлік асимметриялардың осы тәріздес үлгілерін башқұрт тілінен де кездестіреміз. Халық санасында қыздың жасы мен күйеуге шығып, тұрмыс құру кезеңдерін қамтитын әр түрлі аталымдар қалыптасқан: *ускэн қыз* – кәмелет жасына келген қыз, *еткэн қыз* – толысқан, *бойжеткен қыз*, *кейэугэ бирерлек қыз* – күйеуге шығатын қыз. Кәмелетке жетіп, толысқан шағында қыз тұрмыс құрмаса онда қарт қыз, ултырып қыз (отырып қалған қыз) категориясына жатқызады. Күйеуге шыққаннан кейінгі ересек шағын қатын (әйел, жұбай, зайып), қартайған кезін эбей, қарсық атауларымен білдірген [6, 348 б.].

Татар мақал-мәтелдерінде қыз термині екі мағынада қолданылады: 1) қыз бала, 2) жас қыз және кәрі қыз (қарт (утырған) қыз). «Уналтыда қыз — солтан, унцидэдэ қыз - чулпан, егермедэ - голбостан» (татар тілінде) (*Оналтыда қыз – сұлтан, он үште - шолпан, жиырмада - гүлстан*) (қазақ тілінде) деп қыздарды патшайымға, жұлдыздарға, гүл бағына теңейді. Ал кәрі қыздарға деген шетін қарым-қатынасты қазақ

тілінде де кездесетін «Отырған қыз орнын табар» мақалының татар тіліндегі баламасы «Утырған қыз урынлы булыр» мақалынан көруге болады.

Қыз тәрбиесі

Қазақ халқы дүниеге бір перзент келсе, тек сол перзент келген отбасы ғана емес, бүкіл ауыл, ел-жұрт, туыс-туған түгел мәре-сәре қуанып, шашу апарып, «бауы берік болсын» айтуды кісілік парызы санайды.

Дүниеге келген ұл болса:

– Айдарын жел есіп,

Ат ойнатар ер болсын.

Маңдайынан күн сүйіп, Ақыл-ойы мол болсын! –

деп жақсы мінез, жарасымды қасиеттер даурын тілейді.

Ал, дүниеге келген перзент қыз болса, онда:

– Жүзі Айдай жарқырап,

Ауылға болсын өнеге.

Болып елге шамшырақ, Жетік болсын өнерге! - деп оның ақылды, білімді, көрікті, өнерлі болуын тілейді. Бұл – өмірге жаңа ұрпақ әкелген ана мен өмір есігін алғаш ашқан перзентке деген құрмет пен игі тілек. Сондай-ақ, адамдар арасындағы достық пен береке-бірлікті артыратын өнеге [7, 3 б.].

Татар мақалдарында ер баланы ұрпақ жалғастырушы, мұрагер, үйдің иесі ретінде қыз баладан жоғары қояды. Ир бала унбиштә (ғей хужасы/

Он үш жас – отау иесі;/ Қыз тапқанға ай туган, ұл тапқанға қен туган /

Қыз туғанда – түн туады, ұл туғанда – күн туады/).

Татар халқында ұл балаға қарағанда қыз баланың ата-анасына жақын болатындығын мына мақалдан байқауға болады: Мысалы: «Уллы кеше - урта бай, қызы кеше - қызыл бай» (татар тілінде) (Ұлды кісі – орта бай, қызды кісі – қызыл бай) (қазақ тілінде).

Енді осы бөліністердегі қыз бейнесінен бастасақ. Қыз – нәзік те қайратты, алғыр, салмақты да ширақ, төзімді жан. «*Қыз тәрбиелей отырып, ұлтты тәрбиелейміз*» деген қанатты сөздің өзі қыз бала тәрбиесі тұтас ұлтқа әсерін тигізетінін айтады. «*Қызға қырық үйден тию*» деген мақалдың астарында қыз абыройы, өскен ортасының абыройы деген мән жатыр.

«*Атадан ұл қалғаны - өзі қалғаны, қыз қалса - ізі қалғаны*» деп айтпақшы қазақ халқы болашақ жар, ана болатын қыз тәрбиесіне көп көңіл бөлген. Оны алдын ала жеке өмірге дайындап, тұрмысқа бейімдеп тәрбиелеген. Тұрмысқа шығарда қызға арнап әр түрлі әдет-ғұрыптарды, салт-дәстүрлерді ұстап отырған. Сол салт-дәстүрлер ана тілімізде

тіркестер арқылы сөздік қорымызды байытып отыр. Халықтың қыз балаға қатысты барлық салты тілде әр түрлі номинативті атаулардан, әсіресе фразеологизмдерден көрініс тапқан.

Қыз – тұрмысқа шықпаған, әке үйінде оң жақта отырған бойжеткен. Қазақ тұрмысында бойжетіп, кәмелетке толғанға дейін де қызды *қыз бала*, *қыз* деп атай береді. Тіпті қартайған шағында да дәстүр бойынша төркін жұртына келген әйелдің *қыз* аты қалмайды.

Әке үйінде жүрген *қыз* – *қонақ* деп, оны жарасты киіндіріп, күйеуге ұзатылғанша төрге таман оң жақтан орын береді. Ауыл арасындағы жиын тойға барса, қасында қыз жеңгелері болып, көзден таса қылмайды.

Әдетте әйелі босанған үйден ауылдастары «ұл» ма, «қыз» ба деп сұрайды. Қыз болса, тұспал сөзбен «*кесте төгер*», ал ұл болса, «*ат ұстар*» дейді. Ондайда этикеттік норма бойынша *қыз өріс*, *өрістерің кеңейсін*, *бауы берік*, *жасы ұзақ болсын* деп, түзу тілегін білдіреді.

Қыз әуелде ана бауырында отбасы тәрбиесінде болады. Оған ұлдан өзгеше тәрбие береді. Киімі де, ойнайтын ойыны да, ұлдан өзгешелеу болады. Қыз көбіне қуыршақпен ойнағанды тәуір көреді, анасына еліктейді. Сөйлеген сөзі де, қылығы да ұлдан басқашалау көрінеді. Сөйтіп, ана бауырында үй тәрбиесінде жүрген қыз әлеуметтене бастайды да, гендерлік жақтан өзгешеліктері ойын баласы кезінен-ақ айқындала түседі. Қазақ халқы «*қызын қызыл гүлім*» деп еркелеткен. Қуыршақ ойнай жүріп, қыз бала ине-жіпке, кесте тігу, шілтер тоқуға үйір болады, ара-тұра бөпесін ойнату, су әкелу, дастархан жаю сияқты жеңіл-желпі жұмыстарға араласып, үй шаруасына қажетті дағдылары мен икемділігін арттыра береді, дегенмен халықтық тәрбиеде ешуақытта қызды ертеден кешке дейін шаруаға салып қоймайды. Қазақ халқы қыз баланың тәрбиесіне ерекше көңіл бөледі. Қыз бала кішкене кезінен әйел затына қатысты этикалық нормалар мен ырым-тғыйымдармен танысып, қоғам талабына сай тәрбиеленеді. Үй шаруасына араласып, үлкендерге еліктеу арқылы еңбекке баулынады. Киіз басу, киім тігу, кілем-өрмек тоқу, тері-жүнді жарату, құрт қайнату, май шайқау, сақар қайнату сияқты жұмыстарға жасайтынын тартылып, қолқабыс жасау арқылы бойжеткенді арнайы дайындықты қажет ететін осындай шаруашылық түрлерін толықтай игеретін. Көптеген түркі халықтарына ортақ «*Әке көрген оқ жонар*, *Шеше көрген тон пішер*»... мәтелі осы бала тәрбиесіне қатысты айтылған. Қыз қой сауу, арқан есе білу, кілем тоқып, кесте тігу, қонаққа шай құю т.б. үй шаруасына үйреніп, жарасты сөзге, ашық-жарқын жүруге, әдемі әзілге де үйренеді. Қазақ өлкесін алғаш зерттеушілерінің бірі А.И.Левшин қазақтардың қыз бала тәрбиесіне ерекше көңіл бөлетінін айта келіп, қазақтардың қыздарды оқытуға, түрлі қол өнерін үйретуге, ою-өрнек, шілтер тоқуға, ас даярлауға жастайынан бейімдейтінін атап көрсетеді [8].

«Қызым, саған айтам, келінім сен тыңда / кызым, сиңә әйтәм, киленем, син тыңла» татар халқына ортақ мына мақалда түркі халықтарының қыз тәрбиесінде ұқсас қағидаттарды ұстанатындығын байқауға болады.

Қазақ халқында қыздар арасында яғни қыз бойжетіп кәмелетке жасқа толып 13 жасқа келгенде өзінің тәрбиелілігін, білімділігін, өнерлілігін, іскерлігін көрсету мақсатында қыздар арасында қыз сыны байқауларына қатысқан. «Ақылды, білімді қыз» деп жақсы-жаман істердің барлығын ақыл-біліммен жөнге салып, айбарлы жау, күрделі дауларды, дүлей күштерді ақылмен ауыздықтап, біліммен бұғаулап, ақыл-парасаты мен білімін жалпақ жұртқа танытып, өз қадір-қасиеті мен ар-намысын ешкімге таптатпайтын, ана-тілін ардақтап, салт-дәстүрін қастерлейтін, береке-бірліктің ұйтқысы, ауыл-аймақтың көркі, ел-жұрттың мақтанышы болатын қыздарды айтады. Ондай қыздарға ауылдағы барша қыз еліктеп, олардан үлгі-өнеге алуға талпынады.

Бойжеткен – кәмелетке толған, ержеткен қыз. Қыз бойжеткенде жаңа әлеуметтік сатыға көтеріліп, ересектер санатына қосылады, осыған орай оған деген талап, міндеттер де өзгеше болады. Бойжеткеннің киім киісінде, жүріс тұрысында жыныстық белгілер (гендерлік ерекшеліктер) айқындалып өзгереді.

Қазақтар үйде қыз өсіп бой жеткенде оларға ерекше сыймен қараған. Қазақы ортада жеңгелері қайын сіңілілеріне «ерқайым», «боташым», «шашбаулым», «күлімкөз» деп еркелетіп жанама ат қойып өмірдің қыр сыры мен адам аралық қатынастардың ерекшеліктерін түсіндіріп болашақ тұрмыстық өмірге дайындайтын. Сонымен қатар, қазақ қыздарына Сұлушан, Алтыншаш, Қарашаш, Айсулу, Нұрсулу деген ерекше есімдерді қоя білген. Осындай есімдермен атау себебі қыздарды, сұлу болсын, көркем болсын, ай және күнмен теңестірген.

Сайып келгенде, бойжеткен болашақ ана, отбасының ұйытқысы тіпті рулы елдің анасы болатындықтан оның тәлім-тәрбиесі, адами парқы, жан сұлулығы, шаруаға икемділігі оның ортасына, ата-анасына үлкен міндет артатын парыз болды. Әлбетте мұндай жағдайда, елі мәпелеген қызының мінез-құлқының қыз балаға тән болуына, пәктігіне ерекше көңіл бөліп, тәрбиелейтін. Құда түсетін жақ та «ұяда не көрсе, ұшқанда соны алады», «шешесін көр де қызын ал» деп бойжеткеннің шыққан ортасына үлкен мән беретін болған.

Сонымен, бойжеткен дегеніміз ерке мінезді, оң-солын білетін, инабатты, жібек мінезді, үлкен кішіні сыйлайтын балиғатқа толған қыз бала.

Байырғы қазақ қоғамында қыз бала бір ғана шаңырақтың қызы ғана емес, туыстығы өте жақын бірнеше әулеттің, ауылдың қызы болып өседі. Осыған байланысты қыз тәрбиесі бір ғана шаңырақ тәрбиесі

шеңберінде емес, әулеттің, ауылдың тәрбиесін көріп өседі. Ұлға қарағанда қызды аялап, мәпелеп ұстайды, еркін өсіреді. Ана бауырында ойын баласы болып өсіп келе жатқан қыз уақыт өте келе жеңгелерінің ішінде әсіресе біреуіне жақын жүреді. Бой жете келе өзін жақын тартқан қадірлі жеңгесімен сырлас та болып кетеді. Бой жетіп келе жатқан қызды туыс-туғандары, аға-жеңгелері ауылдас ағайын туыстары көзден де, көңілден де таса қылмайды. Қызды құрметтей отырып, әдеп жолдарын үйретеді. Әулет болып әлпештеп өсірген қыз сол елдің мақтанышы, абыройы болып, *қыз өссе елдің көркі* саналады.

Қыз сұлулығы

Қыз өссе, елдің көркі, гүл – өссе, жердің көркі» дегендей сырт қарағанда алдымен қыз ажары көзге бірден шалынады. Сұлулыққа, әсемдік, әдемілікке құштарлық адам баласының әуелдегі табиғи болмысына, табиғатына тән ерекшелік.

Халықтаң басынан өткен, өмір шындығына сай туған, талай дәуірден елес беретін тіл қазынасы фразеологизмдерде қыз сұлулығын бейнелейтін гендерлік образды тіркестер мол қамтылған [9].

Қызға әдетте сұлулық пен әсемдік тән. Тұрақты сөз тіркестерінің басым көпшілігі қыздың сұлулығын, жан-дүние, сезім-күй, мінез-құлық әдептілігін дәріптеген: *күлім көз, құралай көз, қалам қас, қиғаш қас, қаймақ ауыз, оймақ ауыз, алма бет, ақша маңдай, қолаң шаш, ақ тамақ, бұраң бел, ауызға үріп салғандай, жамалына көз алмасты, атқан таңдай, хор қызындай, айдай сұлу, айдай таза, күндей нұрлы, кірпік астынан көз тастады, көзін сүздісалиқалы қыз, он екі де бір гүлі ашылмаған, наз көрсетті*, т.б. *Ашық жүз, ақша маңдай, күлім көз, оймақ ауыз, қиғаш қас, кербез кеуде, қос алма күлім көз, жұмыр мойын, алма мойын, ақ тамақ, тік иық, қыпша бел, нәзік бел, қолаң шаш, бұраң бел, білектей бұрым* т.б. қыз сұлулығына қатысты халықтың эстетикалық танымындағы тұрақты нанымдар да жиі кездеседі. Сондай-ақ қыз сұлулығының ерекше бір қыры майда тіл, сөз әдебімен, майдай мінезімен, жайдары көңілімен, ашық мінезімен, епті сөзімен т.б. сапаларымен бағаланады. Бұл нышандар халық санасындағы қыз сұлулығының ішкі әлемінің, жан дүниесінің ажары.

Гендерлік фразеологизмдердің келесі бір тобы қызды **бойжеткен, қалыңдық** (*жігіттің көңіл қосқан сүйген адамы, жүріп жүрген қызы*) бейнесінде дараландырған. Мысалы: *айттырған қыз, ақ шымылдық (жас ару мүлкі), жат жұрттыққа жаралған, күйеуге тиді, қалың мал, қыз жасауы, қыз енші, қыз көші, қыз танысу, қыз ояту, қыз қашар, сыңсу, тұрмысқа шықты, тесік моншақ жерде қалмас, оң жақ, шаш сипар*, т.б.

Қыз – әке-шешенің, елінің еркесі, ауыл көркі. Қазақ қызын әлпештеп, сәндеп, еркелетіп, еркін өсірген және сан түрлі өнерге

баулыған. Сондықтан гендерлік мақал-мәтелдерде қыз тәрбиесіне үлкен мән берілген. Мысалы: *Қыз әкесіне – жұлдыз, шешесіне – күн; Гүл өссе – жердің көркі, қыз өссе – елдің көркі; Келінім саған айтам, қызым сен тыңда; Қызға қырық үйден тиым, қырық үйден қарауыл; Қызды ауыл – көңілді; Өсектен сау сонау қыз, шайқалмаған сары уыз; Сытайы қыз сұлу көрінер* сияқты мақал-мәтелдерден қыздың сүйкімді, сұлу, сыпайы бейнесіне қанық боламыз, әрі ұлттық тәлім-тәрбие берудің гендерлік қырларын тани түсеміз.

Қазақ халқында сұлу қызға, әйелге қатысты *қарға аунаған түлкідей, балға ашытқан қымыздай, қысыр емген тайдай, ақ бөкеннің құралайындай, оттай ойнақшыған, сұқсырдай сыланған, үлбіреген қырдың қызғалдағына ұқсап, аришыған жұмыртқадай, қамыстай әдемі тұлғасы, ай мен күндей әлемге бірдей, ақ маралдай керілген, шомылып көлге шыққан құдай, аққудың көгілдіріндей* т.б. теңеулер кездеседі [10]. Жоғарыда келтірілген теңеулердің барлығы қазақ халқының дүниетанымын, өмірге көзқарасын, сұлулық туралы талғамын көрсетеді. Әйелдің сұлулығын қазақ халқы күнделікті тұрмыс-тіршілігі, өмір сүру салтымен байланысты түрлі зат, құбылыстармен ассоциациялану, соларға ұқсату нәтижесінде жасалады.

Татар халқы да өз қыздарының сұлулығын табиғатпен салыстырады. Мысалы, қыздың жүзі ай нұрындай (ай нуры), күн нұрындай (қояш нуры), алма жүзі (алма бит); қара бұйра шаштары (бвдрэ чэч), қарлығаштың қанатындай қастары (қыйгач каш; кашы-кузе кыелган; каракаш), сүліктей сұлу (су свлегедэй зифа буйлы), жіңішке бел (нечкэ бил); кәмпиттей тәтті (суырып йотарлык гузэл). Сонымен қатар татар тілінде де қыз сұлулығын көрсету үшін аузы оймақтай (авызы уймак кебек), маржандай тістері (теше энжедэй), шиедей еріндері (ирене чиядэй), тал шыбықтай (буе зифа яшь тал кебек) секілді теңеулер қолданылады.

«Қыздың көркі-шаш, шаштың көркі-шаштеңге» демекші, қазақ халқы шашты сұлулық пен мәдениеттілік белгісі ғана емес, әйелдер қауымына берілген Алланың айрықша сыйы деп ерекше қарап, құрметтеген. «Ақ үйден бір қыз шықты көзі күлген, шаштарын он күн тарап, бес күн өрген», – деп жырға қосқан. Одан қалса, данагөй ата-бабаларымыз «шаштың киесі бар» деп қыз-келіншектерді жалаңбас жүргізбеген және шашының бір талын да кез келген жерге тастамаған. Сол сияқты татар халқында да «Хатыннарның зиннәте – чәчләре» (Әйел көркі – шаш) мақал бар. Татар мақалдарында қыздың сыртқы сұлулығымен қоса, ішкі жан-дүниесінің сұлулығы да қозғалады. Татар тілдік танымында әдемілік әйелдің адамгершілік қасиеттерімен өлшенеді. Сыртқы сұлулық табиғаттың берген сыйы, ал ішкі жан-дүниенің сұлулығында терең мән жатыр: Хатын-кызны бизэктэн дә бигрэк

эдәп-нәзакәт бизи (Қыздың көркі қымбат әшекей емес, тәрбиелілігі).

Башқұрт әдебиетіндегі сұлу қыз қара қою қасты («Салимакай»), ұзын кірпікті («Кусбика»), сұңғақ бойлы («Пустил егет стрелу»), белден төмен түсетін бұрымды («Аргаяш»). Қыздың дене бітімін қамыс сабағына теңеп, «саусақтары қамыстай, тырнақтары күмістей» («Бибиқайнур») секілді теңеулер келтіріледі.

«Буялған қызын - алған қыз якши» (башқұрт тілінде) башқұрт мақалында әдемі қыздан тәрбиелі қыз жақсы екендігін көрсетеді. Башқұрт халқының танымында қыздың сұлулығы басқа да маңызды қасиеттермен байланыстырылады. Қыз үшін ең басты қасиеттердің бірі ақыл (ақыл). «Матур қыз – күз өсөн, ақыллы қыз – йөрәк өсөн» (Әдемі қыз көзге ғана, ақылды қыз жанға дауа).

Қыз – жат жұрттық, Қыз – қонақ деп келген қазақ халқы қыз бала дүниеге келгеннен бастап, жасауын жинап, алдын-ала айттырып, қызды ұзатуға, отау иесі болуға дайындайды. Тіліміздегі қызға байланысты мақал-мәтелдердің біразы **қыз – қалыңдық** гендерлік бейнесін сабақтайды. Айталық, *Қыз бала – өріс; Күйеу келсе, қыз тұрмас; Қызды таныс алады, таныс алмаса қоныс алады; Ата даңқымен қыз өтер, мата даңқымен бөз өтер; Қыз жігіттікі, қымыз көптікі; Қалыңсыз қыз болса да, кәдесіз қыз болмайды.* Келтірілген мысалдардан байқағанымыздай, халық ұғымында қалыптасқан тұрақты сөз тіркестерінен қыздың өзгелерден ерекше гендерлік бейнесін **қыз – ару, қыз – бойжеткен, қыз – қалыңдық** деп саралауға болады.

Қорытынды

«Ұл туса - ұрпағымның өскені, қыз туса - ұлтымның өскені» деп халық даналығында айтылғандай, қоғамдағы әйелдер орны айрықша зерттеп, зерделеуді керек ететін өзекті тақырып екені даусыз. Қазіргі әлемдік қауымдастықта әйелдердің қоғамдағы рөлі мен орны туралы мәселелер зерттеушілер тарапынан әрдайым қызығушылық тудырып отырады. Қазақ қыздары мен аналары өз жүрегінің жалынымен, мейірім шапағатымен қазақ халқының ұлттық сезім-түйсігін, мәдени-рухани біртұтастығын елеусіз ғана шыңдап отырған» деп қазақ әйелдерінің отбасындағы және қоғамдағы орнына баға берген болатын. «Ұлтты қыз сақтайды» деген аталы сөзді басшылыққа ала отырып, мемлекетіміздің негізін құраушы халықтың қыз балаға ерекше қамқорлықпен қараған дәстүрлі тағылымына орай, қазақ тіліндігі «қыз» концептісінің басқа түркі тілдерімен салыстыра отырып мақал-мәтелдер арқылы табиғатын ашуға тырыстық. Талқылау бөлімінде «қыз» концептін қыз тәрбиесі, қыздың сұлулығы және қыз бейнесі арқылы ашып, мақал-мәтелдер сараланды.

ӘДЕБИЕТ

[1] Қашқари М. Түрік сөздігі/ М.Қашқари. – Алматы: Хант, 1997. – 590 б.

[2] Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі. – Алматы: Ғылым, 1986. – 560 б.

[3] Сарыбекова Ж.Т. Бүгінгі күн тұрғысындағы қыз тәрбиесімен ежелгі қыз тәрбиесінің сабақтастығы. Ұлы дала аруларының Еуразия тарихындағы рөлі: халықаралық ғылыми конференциясының жинағы (5-сәуір, 2019 жыл). – Атырау: «Инфорсервис» Баспа орталығы, 2019. – Б.4-9.

[4] Губанова Э. С., Юнусова Г. М. Хабибуллина А. И., Минахметов А. А. Сопоставительный анализ концепта «красота» в английском, русском и башкирском языках // Молодой ученый. – 2015. – №3. – С. 24-28. <http://yun.moluch.ru/archive/3/155/24.07.2019>

[5] Историческое развитие лексики тюркских языков. – М.: Изд-во АН СССР, 1961. – 466 с.

[6] Фатыхова Ф.Ф. Гендерный аспект возрастных категорий в башкирском языке // Гендер: язык, культура и коммуникация: доклады первой международной конференции (Gender: language, culture and communication: reports of the first international conference). – М.: 2001. – С. 347-351

[7] Нүсіпоқасұлы А. Тал бесіктен жер бесікке дейін. // «ӨНЕР 21 ғасыр» қоғамдық қоры, 2014. – 592б. 3б. Бұрымды қыз... <https://massaget.kz/blogs/16047/>

[8] Левшин А. И. «Қырғыз-қайсақ және Қырғыз-қазақ ордалары мен даласын сипаттау» (Академик М.К. Козыбаевтың жалпы редакциясымен). – Алматы, «Санат», 1996. – 656 б. <https://e-history.kz/kz/contents/view/1654> © e-history.kz

[9] Кеңесбаев І. Қазақ тілінің фразеологиялық сөздігі. – Алматы: Ғылым, 1977. – 712б.

[10] Қоңыров Т. Қазақ тілінің тұрақты теңеулер сөздігі. – Алматы: Ғылым, 1990. – 320 б.

REFERENCES

[1] Qaşqari M. Türk sözdığı [Turkish dictionary]. – Almaty: Hant, 1997. – 590 b. [in Kaz.]

[2] Qazaq tiliniñ tüsındırme sözdığı [Explanatory Dictionary of the Kazakh language]. – Almaty: Ğylym, 1986. – 560 b. [in Kaz.]

[3] Sarybekova J.T. Bügingi күn түrgysyndaғы qyz tärbiesimen ejelgi qyz tärbiesiniñ sabaqtastyғы. Üly dala arularynyñ Eurazia tarihyndaғы röli: halyqaralyq ğylymi konferensiasynyñ jinaғы [The continuity of ancient girl education with girl education in the context of today. The role of the Great

Steppe beauties in the history of Eurasia: collection of the international scientific conference) (5-säuir, 2019 jyl]. – Atyrau: «İnforservis» Baspa ortalyǵy, 2019. – 4-9 b. [in Kaz.]

[4] Gubanova E. S., İnusova, G. M., Habibullina, A. İ., Miniahmetov, A. A. Sopostavitelnyi analiz konsepta «krasota» v angliskom, russkom i başkirskom iazykah [Comparative analysis of the concept of “beauty” in English, Russian and Bashkir languages] // Molodoi uchenyi. – 2015. – №3. – S.24-28. <http://yun.moluch.ru/archive/3/155/> 24.07.2019[in Rus.]

[5] İstoricheskoe razvitie leksiki türkskih iazykov [Historical development of the vocabulary of the Turkic languages]. – M.: İzd-vo AN SSSR, 1961. – 466 s. [in Rus.]

[6] Fatyhova F.F. Gendernyi aspekt vozrastnyh kategori v başkirskom iazyke [The gender aspect of age categories in the Bashkir language] // Gender: iazyk, kùltura i kommunikasiya: doklady pervoi mejdunarodnoi konferensii. – M., 2001. – S. 347-351. [in Rus.]

[7] Nüsipoqasũly A. Tal besikten jer besikke dein [From the willow cradle to the Earth cradle] // «ÖNER 21 ğasyr» qoǵamdyq qory, 2014. – 592b. 3b.Bũrymdy qyz...<https://massaget.kz/blogs/16047/> [in Kaz.]

[8] Levşin A. İ. Qyrǵyz-qaisaq jãne Qyrǵyz-qazaq ordalary men dalasyn sipattau [Description of the Kyrgyz-kaisak and Kyrgyz-Kazakh hordes and steppes]. (Akademik M.K. Kozybaevtyñ jalpy redaksiasymen). – Almaty, “Sanat”, 1996, – 656 b. <https://e-history.kz/kz/contents/view/1654> © e-history.kz [in Kaz.]

[9] Keñesbaev I. Qazaq tılınıñ frazeologialyq sözdıǵı [Phraseological Dictionary of the Kazakh language]. – Almaty: Ğylym, 1977. – 712b. [in Kaz.]

[10] Qoñyrov T. Qazaq tılınıñ tũraqty teñeuler sözdıǵı [Dictionary of regular parables of the Kazakh language]. – Almaty: Ğylym, 1990. – 320 b. [in Kaz.]

ЭТНОКУЛЬТУРНЫЕ ОСОБЕННОСТИ ГЕНДЕРНОГО КОНЦЕПТА «КЫЗ» (НА МАТЕРИАЛЕ КАЗАХСКОГО, БАШКИРСКОГО, ТАТАРСКОГО ЯЗЫКОВ)

Шоқым Г.Т.^{1,*}, Буранкулова Э.Т.², Муратбек Б.К.³

^{1,*2,3} Ақтөбинский региональный университет им. К. Жубанова
Ақтобе, Қазақстан

Аннотация. Одной из тем гендерной лингвистики, которая сегодня нуждается в изучении, является концепт «девушка». Цель статьи – определить роль и место девочек в жизни общества, национальной культуре, характеризующие ее языковые данные в лингвокультурном направлении, объяснить лексико-семантическое, концептуальное

содержание концепта «девушка» в контексте предметного уровня знаний и изучение гендерного концепта «кыз» на казахском, башкирском, татарском языках, выявление общих единиц для трех языков. Известно, что антропогенная направленность изучения языка напрямую связана с лингвистическим фактором человека в языкознании, с проблемой функционирования языка человеку, с раскрытием природы человека через язык. В предлагаемой статье анализируется гендерный концепт «девушка» и сформулированы выводы по данному вопросу. Научная значимость статьи выражается в взаимном сопоставлении теоретических выводов, относящихся к гендерному понятию «кыз» и обосновании на практическом уровне путем анализа данных. В анализе проблем, поднятых в статье, опирались на исследования и выводы российских, казахстанских ученых. Исследование проводилось методом лингвистического анализа текста, методами описательного, семантического, этнолингвистического, когнитивного анализа, систематизации, группировки с диахронно-синхронной точки зрения. В основном заключении статьи был объяснен конкретный пример гендерного концепта «девушка».

Ценность статьи определяется тем, что содержание и основные выводы статьи могут служить материалом для исследований в области гендерной лингвистики. Практическая значимость связана с демонстрацией образцов анализа, выявлением общих единиц татарского, башкирского, казахского языков. В статье обобщены фразеологизмы и пословицы, используемые в татарском, казахском, башкирском языках, относящиеся к понятию «Кыз», проанализировано их отношение к национальному познанию.

Ключевые слова: национальное познание, концепт, языковая картина мира, гендерная лингвистика, фразеология, макроконцепт, микроконцепт, антропогенный

ETHNOCULTURAL FEATURES OF THE GENDER CONCEPT “KYZ” (BASED ON THE KAZAKH, BASHKIR, TATAR LANGUAGES)

Shokym G.T.¹, * Burankulova E. T.², Muratbek B.K.³

^{1, * 2, 3} K. Zhubanov Aktobe Regional University, Aktobe, Kazakhstan

Abstract. One of the topics of gender linguistics that needs to be studied today is the concept of “kyz”. The purpose of the article is to determine the role and place of girls in the life of society, national culture, the linguistic data characterizing it in the linguocultural direction, to explain the lexico-semantic, conceptual content of the concept “kyz” in the context of the subject level of knowledge. It is known that the anthropogenic orientation of language learning is directly related to the linguistic factor of a person in

linguistics, with the problem of language functioning to a person, with the disclosure of human nature through language. The proposed article analyzes the gender concept of "kыз" and the formed conclusions on this issue. The purpose of the article is to study the gender concept of "kыз" in Kazakh, Bashkir, Tatar languages, to identify common units for three languages. The scientific significance of the article is expressed in the mutual comparison of theoretical conclusions related to the gender concept of "kыз" and justification at the practical level by analyzing data. The analysis of the problems raised in the article was based on the research and conclusions of Russian and Kazakh scientists. The research was carried out by the method of linguistic analysis of the text, methods of descriptive, semantic, ethnolinguistic, cognitive analysis, systematization, grouping from a diachronic-synchronous point of view. In the main conclusion of the article, a specific example of the gender concept of "kыз" was explained.

The value of the article is determined by the fact that the content and main conclusions of the article can serve as material for research in the field of gender linguistics. Practical significance is associated with the demonstration of samples of analysis, the identification of common units of the Tatar, Bashkir, Kazakh languages. The article summarizes phraseological units and proverbs used in the Tatar, Kazakh, Bashkir languages related to the concept of "kыз", analyzes their attitude to national cognition.

Keywords: national cognition, concept, linguistic picture of the world, gender linguistics, phraseology, macroconcept, microconcept, anthropogenic

Мақала түсті: 13 қаңтар 2023

Авторлар туралы мәлімет:

Шоқым Гүлжан Тыныштықбайқызы – филология ғылымдарының докторы, АӨУ профессоры, Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті, e-mail: shokum@mail.ru

Буранкулова Эльмира Темирбаевна – PhD, аға оқытушы Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті, e-mail: elmira.burankulova@inbox.ru

Муратбек Багила Курманбекқызы – филология ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор, Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті, e-mail: baglash@mail.ru

Информация об авторах:

Шоқым Гүлжан Тыныштықбаевна – доктор филологических наук, профессор, Актюбинский региональный университет им. К. Жубанова, e-mail: shokum@mail.ru

Буранкулова Эльмира Темирбаевна – PhD, старший преподаватель,

Актюбинский региональный университет им. К. Жубанова, e-mail: elmira.burankulova@inbox.ru

Муратбек Багила Курманбековна – кандидат филологических наук, ассоциированный профессор, Актюбинский региональный университет им. К. Жубанова, e-mail: baglash@mail.ru

Information about the authors:

Shokym Gulzhan Tynyshtykbaikyzy – Doctor of Philological Sciences, Professor, K. Zhubanov Aktobe Regional University, e-mail: shokum@mail.ru

Burankulova Elmira Temirbayevna – PhD, senior lecturer, K. Zhubanov Aktobe Regional University, e-mail: elmira.burankulova@inbox.ru

Muratbek Bagila Kurmanbekkyzy – Candidate of Philological Sciences, Associate Professor, K. Zhubanov Aktobe Regional University, e-mail: baglash@mail.ru

UDC 398.91

IRSTI 16.01.09

<https://doi.org/10.48371/PHILS.2024.4.75.020>

ABOUT COMPARATIVE ANALYSIS OF PHRASEOLOGICAL EXPRESSIONS BETWEEN KAZAKH AND ENGLISH LANGUAGES

*Yerekhanova F.T.¹, Zhusubalina Zh.M.², Nurekeshova G.R.³,
Zhorabekova A.N.⁴

^{*1} Central Asian Innovation University, Shymkent, Kazakhstan

^{2,4} M.Auezov South Kazakhstan University, Shymkent, Kazakhstan

³ Abai Kazakh National Pedagogical University, Almaty, Kazakhstan

Abstract. This scholarly inquiry delves into the intricate realm of phraseological expressions within the contemporary linguistic landscape, addressing their prominent status as a focal point of discussion among scholars. Esteemed researchers across the linguistic spectrum recognize phraseological units as significant lexical constructs, wherein the meaning of the entire expression surpasses the sum of its individual components. Considering the limited research in this area, the paper aims to find out the challenges in comparing phraseological units based on some proverbs and sayings between English and Kazakh languages, emphasizing the need for a nuanced and contextually sensitive approach to enhance cross-cultural communication.

This research undertakes the descriptive and comparative analysis of phraseological expressions in both English and Kazakh languages. By

or district in the tsarist era' [7, с. 35], что, несомненно, приведет к большему пониманию исторической реальности, описываемой в произведении, и еще раз подтверждает наше предположение о положительном эффекте стратегии пояснительного перевода.

Как было отмечено, одной из главных тем романа С.Елубая – это тема *Ашаршылық (Голодомор)*. В тексте само понятие не упоминается прямо, но в сюжетных линиях тема прослеживается довольно ясно. Например, описывается, как вводили коллективизацию в аулах через принуждение к оседлости: *көшпелі аулдарды отырықшыландыруды І аптаның ішінде аяқтаймыз* [5, с.88], где мы встречаем историзм *отырықшылық – оседлость*, на английский язык оно переведено через модуляцию как *were no longer nomads* либо *transfer nomad auls to settlements* [7, с.160].

Еще один из историзмов, ставших указателем тех сложных и трагических времен–массовые откочевки казахских аулов из-за насильственной коллективизации. В романе описывается сюжет, как представители Советской власти возвращают беглецов в коллективы, и один из героев использует в своей речи искаженную форму этого слова: *Астановит откошевки приказібайт табарыш Сталин*. В английский язык это слово также транслитерировано: *Comrade Stalin himself ordered to stop otkoshevki* [7, с. 143] с кратким пояснением, не раскрывающим суть печального феномена в казахской степи: *nomadic wanderings*, обратный перевод которого представлен как *кочевые странствия*. По нашему мнению, следовало сопроводить историзм пояснительной сноской. Мы предлагаем следующий вариант пояснения: *massive and forced migration of Kazakh nomadic settlements because of violent actions from the side of the Soviets*, которое позволит читателям иметь более четкое представление об исторических событиях.

Исторические реалии в романе *Алмас қылыш*

В оригинале романа описывается ритуал умерщвления, который автор относит к древней монгольской традиции. В описании даны детали обряда: *ақ кизге орап – завернув в белую кошму, аяғы мен басын артына қайырып, бел омыртқасын сындырып* [9]- дословно: *согнув руки и ноги назад и сломав позвоночник*. В русском переводе данные детали опущены и ритуал представлен в более иносказательной форме – *какая смерть наступает чингизидов, когда угодно становится богу*, т.е., переводчик прибег к описательному переводу или интерпретированию текста оригинала. Более того, сам отрывок представлен уже как диалог между палачом и ханом. Соответственно, английский перевод транспонирован прямо, что несомненно, ухудшило прагматическую ценность произведения. Стилистически, данный прием не умаляет достоинства художественного произведения, но если рассматривать

историческую подоплеку произведения, такое опущение деталей может сказаться на ценности исторического романа.

При переводе на английский язык сохранены и синтаксические структуры, что не характерно для первичного перевода с казахского на русский язык, например вопросительная форма исходного текста также транспонирована вопросом: *Помнишь какая смерть наступает чингизидов...*[10, с.20]- *Do you remember what kind of death awaits the genghizides...*[11, p.20]. Историческая культурема *чингизид* переведена через калькирование *genghizide, так же как и хан –khan*.

Также стоит отметить, что отдельные лексемы транспонированы через синонимичные эквиваленты: *палач* переведено как *hangman*, хотя в исторических произведениях чаще используется трактовка *executioner*. Еще одна культурема транспонирована через кальку: *ханская ставка –khan's headquarters* [11, с.9].

Обратимся к следующему отрывку, где представлена сцена выезда ханской свиты на охоту: все велиполепие, внутренний и внешний посыл данного мероприятия, образ его участников представляют интерес для читателя.

В оригинале произведения перечисляются титулы, существовавшие в казахской степи- *султан, эмир, батыр, би*, которые при переводе опущены за исключением лексемы *султан*. При переводе данные этнонимы генерализованы и представлены в русском переводе следующим образом: ко всем *султанам и приближенным*. Культуремы, которые были опущены, не несут большой смысловой нагрузки и при переводе выглядят вполне адекватно: *all the sultans and their retinue*, читатель видит общую картину описываемых событий. Но, тем не менее, для реальности изображаемых событий и поддержания жанровой стилистики произведения данные историзмы также следовало бы транспонировать посредством транслитерации: *amir или emir, batyr, biy* с постраничной ссылкой.

Обратный перевод данного словосочетания звучит, как *султан и его свита*. Лексема *свита* подразумевает группу сопровождающих лиц, тогда как би, эмиры и батыры могли играть ключевую роль в иерархии ханской ставки, поэтому, мы предлагаем следующий вариант: *all the sultans and their familiars, где familiar – один из круга высокопоставленной особы*.

В целом данный отрывок, где описывается ритуал приглашения на сезонную охоту переведен адекватно, сохранены многие лексемы, есть добавления, которые не нарушают целостность художественного произведения, а наоборот, улучшают ее восприятие с точки зрения культурного контента, например: словосочетание *хабар ежелгі салт – интерпретировано посредством описательного перевода существовала*

древняя традиция по которой хан перед охотой посылал специальных гонцов, чего нет в оригинале. Опущен перевод следующего предложения *сұлтан астартын тіл алып көрсе-* что дословно означает- *узнать что-либо через шпионов, исподтишка*. Также в оригинале упоминается такая деталь, где описывается приближенные хана Абылхайра – *қырғи қабақтана бастаған бекзадалар*.

Фразеологический оборот *қырғи қабақ* – букв.косой взгляд, натянутые отношения [12]; т.е. султаны с которыми у хана были натянутые отношения не были приглашены на охоту. Кроме того, нас заинтересовал перевод исторической реалии *бекзада*, которая в толковом словаре поясняется как *шыққан тегін, жаратылысын артық санайтын ақсүйек тұқымы*, т.е., знатного происхождения. Переводной словарь казахского языка дает следующее пояснение данной реалии – потомок знатного рода, аристократ. В русском переводе реалия транспонируется как *султан*, что считаем, вполне оправдано, так как, лексемы *бекзада* и *сұлтан* в казахском языке и традиции означали людей знатного происхождения [12].

В следующем отрывке описывается уже сама ханская охота в деталях, раскрывающих важность и значимость данного мероприятия в далекое историческое время. синтаксические трансформации, стараясь сохранить суть ханской охоты.

Охота являлась мерилем не только физической, но и политической зрелости правителей и воинов. В оригинале текста присутствует устаревшая реалия *жамбы* в сочетании *жарыста жамбыны бір атқан* – *серебряная монета, которая выплавливалась в разных формах, жамбы ату* означает спортивную игру, в которой стрелки состязались в меткости. Именно данное сочетание опущено при переводе, но сама атмосфера праздника передана адекватно при помощи языковых средств переводимого языка.

Обратим внимание на перевод культурему *кульсары*. В представленном отрывке описывается участница ханской охоты, четвертая жена хана Абульхайра, вернее ее образ на охоте: *Ортеке деп ат қойылған күлсары сәйгүлік мінген жас әйел*. Толковый словарь дает этой реалии такое пояснение – *сарысы басым күлгін түс (буквально - неяркий желтый цвет)* [12]. Культурема транслитерирована как *гульсары-ахалтекинец*, которая воспринимается в русском языке уже не как окрас, или масть, а название породы лошади, т.е., переводчик вводит новую культурему в переводящий язык. Вполне естественно, что в английском переводе данная реалия сохранена в транслитерированном варианте, не неся для читателя никакой смысловой нагрузки. При переводе на английский язык все предложение переведено дословно, и данная культурема транспонирована как *gulsary-akhalkin*, которая

не снабжена ни пояснительной сноской, ни описательным переводом в самом предложении, что, несомненно, снижает уровень восприятия языковой картины мира в данном контексте, где выбор данных языковых средств служит идентификатором социального статуса женщины. Порода и окрас имеют значение, и указывают высокое положение ее обладательницы.

Реалия *саят*, означающая соколиную охоту, генерализирована через словосочетание ярмарка мужества, т.е., в данном контексте автор перевода интерпретирует оригинал, и перевод репрезентирует собой самостоятельное произведение.

Историческая реалия, означавшая древнее государство под названием *Дэити Кытшақ* при переводе опущено, что по нашему мнению, неверно. В исторических документах реалия имеет и другие наименования, такие как *половецкая степь*, *Кумания*. Транслитерированная форма данной культуры – *Деит-и-кипчак*, тогда как английский эквивалент выглядит следующим образом: *Cumania*. Приставка *деит* в переводе с персидского языка означала *большой*.

Но, с другой стороны, учитывая, что это литературное произведение, а не документальное, обобщенное наименование государства как *steppes* вполне логично, ведь в отрывке автор акцентирует внимание на изяществе наездницы, спутницы хана, показывает атрибутику богатства и роскоши наших далеких предков, нежели представляет географическое расположение действия героев.

Исторические реалии в романе Kazakh Exodus

В оригинале повествования Г. Лайас имя главного героя, батыра представляет в английской транскрипции как *Osman*, при переводе же это имя транспонировано как *Оспан*, в последующих упоминаниях в тексте оригинала встречается добавление имени *Batur*- транслитерированная форма казахского слова *батыр*. Хотелось бы обратить внимание на способ транспонирования исторических имен и других наименований, так, например, имя отца *Оспана-батыра* в оригинале текста представлено как *Islam bai*- что можно было перевести как *Исламбай*, но, в казахском переводе имя транспонировано как *Слэм*. Другие примеры перевода имен собственных: *Abram* – *Ыбырам*, *Juddaea hills* – *Иудея қыраты*, *Ali beg-Қалибек*, *hamza*-*хамза*, *Karamullah*-*Қарамолда*, *Hussein tajji*-*Құсайын тәйжі*, *Sultan Sherif* - *Сұлтаншәріп*, *Mohammed Emin* - *Мехмет Әмин* [13]. Это имена представителей знатных казахских родов, с которыми удалось поговорить британскому журналисту Г.Лайасу.

Вот каким образом описывается ведение знаменательных дат в казахской традиции дореволюционных лет. В данном описании указывается приблизительная дата рождения *Оспан Батыра*:

Анг: ...no one among the Kazakh refugees in Turkey who could tell me

on what day, or month, Osman batur was born. All we know is that he was born in 1899, the year the Boer war started [14, с.15].

Каз: Осылайша қазақтың киіз үйлерінде жыл сайын өтетін тойлар мен Құрбан айт, рамазан сияқты діни мейрамдарды ғана сақтап отырады, ал туған күн сияқты оқиғалар тіптен еленбейді. Со себептен Түркиядағы қазақ босқындарының ішінде Оспан батырдың қай күні, тым болғанда қай айда туғанын айтып беретін ешкімді кездесіре алмадым. Біздің бар білетіміз, оның 1899 жылы, Бур соғысы басталған жылы дүниесігін ашқаны [13].

Перевод сделан адекватно, потерь ни в лексическом, ни в прагматическом плане не отмечено. При переводе, информация о дате рождения Оспан батыра, являющаяся для казахско-язычных читателей новой, снабжена пояснительной сноской: *Boer war-Бур соғысы -1899-1902 жылдары болған екінші ағылшын-бур соғысы*. Обратим внимание на перевод распространенных в казахско-русском, англо-казахском, русско-английском переводах культурем. В целом, если в переводах с казахского на английский язык, реалия *киіз үй* – переводится обычно как *yurt*, то в данном англо-казахском переводе мы встречаем уже описательное словосочетание *Kazakh tents*.

Festivals and fasts – дословно *праздники и посты* в казахском переводе транспонировано – *тойлар және діни мейрамдар*.

В оригинале текста описывается деятельность отца Оспана батыра Исалмбая: *Osman's father islam bai, was a dry farmer, as a dry farmer, Islam bai was free to go where he listed, while the crop was growingthe wet farmers in the plains who depended on irrigation [14]*. В данном описании нас привлекла внимание реалия – “*dry*” *farmer*, которая, скорее всего, подразумевала фермера, занимавшегося земледелием на неплодородных землях или же, обходившегося без полива своих посевов. Толковый словарь английского языка Merriam-Webster поясняет данное слово как земледелие, которое осуществляется на неорошаемых землях в местностях, где мало выпадает осадков [15]. В любом случае, перевод на казахском языке сделан дословно: «*құрғақ*» *фермер*, что, по нашему мнению, звучит, по крайней мере, некорректно. В противовес к данной реалии автор английского текста упоминает и другое понятие: *wet farmers*, которое на казахский язык также перевели дословно, как *сулы фермер*. Также неуместен перевод лексемы *farmer* как фермер, ведь в казахском языке есть эквивалент – *диқан, диқаншы, или егінші*.

Заключение

В современной интерпретации перевода как культурного феномена, в особенности в постколониальных литературах, особое значение приобретает культурно-историческая составляющая произведения, служащая своего рода индикатором взаимодействия языков и культур.

Адекватное отражение исторической правды в произведениях является одной из первостепенных задач литературного перевода. Исторические реалии следует переводить исходя не только с точки зрения степени эквивалентности или жанровой характеристики произведения, но и исторического фона произведения.

Вопрос репрезентации казахской национальной культуры все еще не теряет своей актуальности и требует дальнейшего изучения, как в лингвистическом, так и в прагматическом аспекте. Детальный компонентный, лингвистический и переводческий анализы переводов художественной литературы послужат улучшению качества и соответственно, увеличению интереса к национальной казахстанской литературе, в том числе, исторического жанра.

Анализ произведений, рассмотренных в данной работе, показал, что все еще остается актуальным перевод через язык посредник. Кроме того, при переводе исторического произведения, перевод может представлять собой самостоятельное произведение, значительно отличающееся от оригинала. В отдельных случаях такие отклонения не обоснованы и требуют пересмотра.

Спектр применяемых при переводе трансформаций варьирует в зависимости от смысловой и прагматической нагрузки языковых единиц исходного текста, но, как показывает анализ, превалируют транслитерация и экспликация.

Многие исторические реалии, в основном, устаревшие наименования, понятия, требуют пояснительного перевода.

ЛИТЕРАТУРА

[1] Пучкова Н. К вопросу о переводе историзмов в художественном тексте // Вестник ММА. – 2012. – №2. – С.59-62.

[2] Чепель Н.Л. Приемы воссоздания национально-исторического колорита оригинала в переводе (на материале перевода романа А.Толстого «Петр Первый» на английский язык) // Вестник ВолГУ Серия 2 Языкознание. – 2010. – № 2. – С.12-16.

[3] Wyatt Lucinda Translating a genre: Historical novel // Historical Novels Review. – 2013. Issue 65. – P.10-11.

[4] Юрина В.И. Жанро образующие признаки исторического романа // Молодой ученый. – 2020. – № 17(307). – С. 447-449.

[5] Елубай С. Ақ боз үй: роман-трилогия. – Алматы: Жазушы, 2005. – 525 б.

[6] Елубаев С. Одинокая юрта: роман-трилогия. – Алматы, 2005. – 175 с.

[7] Yelubay S. Lonely Yurt. – Brooklyn; NY: Metropolitan classics Press, 2016. – 294 p.

[8] Наурызбаева З. Бай и небесное изобилие. https://express-k.kz/news/kultura_expert/bay_i_nebesnoe_izobilie_t-128039 12.02.2023

[9] Есенберлин І. Көшпенділер. Алмас қылыш. Көшпенділер: роман-трилогия. / Ілияс Есенберлин. – Алматы: 1-кітап: Алмас қылыш. «БПКА «Баспагерлер, полиграфистер және кітап таратушылар Ассоциациясы», 2015. – 360 б.

[10] Есенберлин И. Кочевники. Заговоренный меч. – М.: Советский писатель, 1978. – 344 б.

[11] Yesenberlin I. The Charmed Sword. <https://adebiportal.kz/> 11.02.2023

[12] Қалиев Б. Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі. – Алматы: МТДИ, 2014. – 728 б.

[13] Lias G. Kazakh Exodus. – London Evans Brothers limited, 1956. – 157 p.

[14] Лайас Г. Аспантау асқан үркін көш. – Алматы: Amal Books, 2018. – 288 б.

[15] Merriam-Webster Online Dictionary. <https://www.merriam-webster.com/dictionary> 03.02.2022

REFERENCES

[1] Puchkova N. K voprosu o perevode istorizmov v hudojestvennom tekste [To the issue of translating historicisms in literary texts] // Vestnik MMA. – 2012. – №2. – P.59-62. [in Rus]

[2] Chepel N.L. Priemy vossozdania nasionälno-istoricheskogo kolorita originala v perevode (na materiale perevoda romana A.Tolstogo «Petr Pervyi» na angliski iazyk) [Techniques for Recreating the National-Historical Color of the Original in Translation (based on the translation of A. Tolstoy’s novel “Peter the Great” into English)] // Vestnik VolGU Seria 2 İazykznanie. – 2010. – № 2. – S.12-16. [in Rus]

[3] Byatt Lucinda Translating a genre: Historical novel // Historical Novels Review. –2013. Issue 65. – P.10-11.

[4] İurina V.İ. Janro obrazuiuşie priznaki istoricheskogo romana [Genre-forming features of historical novel] // Molodoi uchenyi. – 2020. – № 17(307). – S. 447-449. [in Rus]

[5] Elubai S. Aq boz üi: roman-trilogia [White Yurt: novel-trilogy]. – Almaty: Jazuşy, 2005. – 525 b. [in Kaz.]

[6] Elubaev S. Odinokaia iurta: roman-trilogia [Lonely Yurt: novel-trilogy]. – Almaty, 2005. – 175 s. [in Rus.]

[7] Yelubay S. Lonely Yurt. – Brooklyn; NY: Metropolitan classics Press, 2016. – 294 p.

[8] Nauryzbaeva Z. Bai i nebesnoe izobilie [Bay and heavenly abundance]. https://express-k.kz/news/kultura_expert/bay_i_nebesnoe_izobilie_t-128039 12.12.2020 [in Rus.]

[9] Esenberlin I. Köşpendiler. Almas qylyş. Köşpendiler: roman-trilogia [Nomads. Diamond Sword. Nomads: novel-trilogy]. – Almaty: 1-kitap: Almas qylyş “БPKA баспагерлер, полиграфистер және кітап таратушылар Ассоциациясы”, 2015. – 360 б. [in Kaz]

[10] Esenberlin İ. Kochevniki. Zagovorenniy mech [Nomads. Diamond Sword]. – M.: Sovetski pisatel, 1978, – 344 s. [in Rus]

[11] Yesenberlin I. The Charmed Sword. <https://adebiportal.kz/> 11.02.2023

[12] Qaliev B. Qazaq tiliniñ tüsındırme sözdıgı [Explanatory dictionary of Kazakh language]. – Almaty: MTDI, 2014. –728 b. [in Kaz]

[13] Lias G. Kazakh Exodus. – London Evans Brothers limited, 1956. – 157 p.

[14] Laias G. Aspantau asqan ürkin köş [The encampment escaping from the mountains]. – Almaty: Amal Books, 2018. – 288 b. [in Kaz]

[15] Merriam-Webster Online Dictionary. <https://www.merriam-webster.com/dictionary> 03.02.2022

ӘДЕБИ АУДАРМАДАҒЫ ТАРИХИ ШЫНДЫҚТЫҢ БЕЙНЕЛЕНУІ (ӘДЕБИ ШЫҒАРМАЛАРДЫҢ АҒЫЛШЫН/ҚАЗАҚ ТІЛДЕРІНЕ АУДАРМАЛАР НЕГІЗІНДЕ)

* Аққалиева А.Ф.¹, Амалбекова М.Б.², Джартыбаева А.Ш.³

^{1,3} КеАҚ «Семей қ. Шәкәрім атындағы Университеті», Қазақстан

² Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ, Астана қ., Қазақстан

Аңдатпа. Тарихи роман жанры аудармашылар үшін когнитивтік жағынан да, тілдік жағынан да ғылыми қызығушылық тудырады. Тарихи шығарманың жанр құрушы ерекшеліктерінің алуан түрлілігі, шығарманың ұлттық-мәдени сипаттамасымен қатар, шығарманың өзіндік ерекшелігі мен автордың ниеті, аудармашының алдына адекватты мазмұнды бейнелеу міндетін қояды.

Қазақтың ұлттық-тарихи әдебиет туындыларын әлем тілдеріне, атап айтқанда, ағылшын тіліне аудару мәселесі қазіргі жағдайда бірінші орында тұр, өйткені бұл мәселе отаршылдыққа қарсы әдебиет тақырыбын жаһандық ауқымда өзекті етіп отыр.

Осы зерттеу аясында авторлар көркем шығармадағы тарихи шындықты көрсететін тілдік құралдарды аударудың түрлі жолдарын қарастырады. Қазақтың белгілі жазушылары І.Есенберлиннің «Көшпенділер. Алмас Қылыш пен С.Елубайдың «Ақ боз үй» Қазақстан тарихындағы елеулі оқиғаларды баяндайтын тундылары олардың орыс және ағылшын тілдеріндегі аудармалары, сондай-ақ британ журналисі және жазушысы Г.Лайастың «Kazakh Exodus» атты Қазақстандағы 1920-1930 жылдардағы болған оқиғаларды туралы деректі әңгімесі және оның қазақ тіліндегі аудармасы зерттеудің нысаны ретінде қарастырылды.

Талдау барысында 100-ден астам лексикалық бірлік таңдалып алынып, лингвистикалық-мазмұндық талдау жүргізіліп, баяндалған оқиғалардың деректі және тарихи сипаты ашылды.

Бұл мақаланың мақсаты аударма процесіне қазіргі мәдени көзқарас тұрғысынан шығармалардың прагматикалық құндылығын сыни тұрғыдан бағалау, сонымен қатар аударматанудағы аударма трансформациясы, аударманың барабарлығы мен эквиваленттілігі сияқты өзекті ұғымдарды қарастыру болды.

Жұмыстың ғылыми маңыздылығы аударматану ғылымының бір саласы ретінде көркем аудармадағы мәдени бетбұрыс тұрғысынан тарихи шығармаларды аудару принциптерін өзектілендіруінде.

Шығармалардың аудармалық талдау материалы «Аударма ісі» мамандығының студенттері мен аудармашыларға көркем мәтіндерді аудару кезінде әдістемелік ұсыныс ретінде қолданылу мүмкінділігі зерттеудің практикалық құндылығы ретінде қарастырылуы мүмкін.

Тірек сөздер: көркем аударма, тарихи шығарма, І.Есенберлин, С.Елубай, Г.Лаяс, тарихи шындық, аударма трансформациясы, аударманың сәйкестігі, делдалдық аударма

REPRESENTATION OF HISTORICAL TRUTH IN LITERARY TRANSLATION (BASED ON TRANSLATIONS OF LITERARY WORKS INTO ENGLISH/KAZAKH)

* Akkaliyeva A.F.¹, Amalbekova M.B.², Jartybayeva A.Sh.³

^{1,3}NCJSC “Shakarim University of Semey city”, Semey, Kazakhstan

² Gumilyov ENU, Astana, Kazakhstan

Abstract. The historical genre presents a scientific interest in both cognitive and linguistic aspects for translators. The variety of genre-forming features of a historical work, along with the national and cultural specifics of the work itself and the author’s intention; pose a certain challenge to adequate content transposition.

Within the framework of this study, the authors consider various ways of translating language units that reflect historical truth in a literary work. The novels by Kazakh writers I. Yesenberlin and S. Yelubay telling about significant events in the history of Kazakhstan and their translations in Russian and English, and the novel *Kazakh Exodus* by British journalist and writer G. Lias about a significant period in the history of Kazakhstan and its Kazakh translation, were chosen as the objects of the research. In the course of the analysis, more than 100 lexical units were selected and subjected to linguistic and content analysis, revealing the documentary and historic nature of the narrated events.

The purpose of the study was to critically assess the pragmatic value of the fiction from the cultural approach to the translation process as well

as revisit relevant concepts in translation studies such as transformation, adequacy, and equivalence.

The scientific significance of the study implies actualizing the principles of translation of historical works from the point of view of the cultural turn in literary translation as one of the branches of translation studies.

The translation analysis material can be of practical value for students majoring in Translation Studies and translators as methodological recommendations in their work with literary texts.

Keywords: literary translation, historical novel, I. Yesenberlin, S. Yelubay, G.Laias, historical realia, translation technique, adequacy, mediating translation

Статья поступила: 30 марта 2023

Информация об авторах:

Аккалиева Айжан Файзрахмановна – PhD, и.о. ассоциированного профессора НАО Университет имени Шакарима, e-mail: akkali.aizhan@gcom.

Амалбекова Марал Бимендиевна – доктор филологических наук, профессор ЕНУ имени Л.Н. Гумилева, e-mail: maraluspen@mail.ru

Джартыбаева Асем Шаяхметовна – магистр филологических наук, старший преподаватель НАО Университет им.Шакарима e-mail: assema_dz@mail.ru

Авторлар туралы мәлімет:

Аққалиева Айжан Файзрахманқызы – PhD, қауымдастырылған профессор м.а., КеАҚ «Семей Шәкәрім атындағы Университеті», e-mail: akkali.aizhan@gcom.

Амалбекова Марал Бимендіқызы – филология ғылымдарының докторы, профессор, Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ, e-mail: maraluspen@mail.ru

Джартыбаева Әсем Шаяхметқызы – филология ғылымдарының магистрі, аға оқытушы, КеАҚ «Семей қ. Шәкәрім атындағы Университеті», e-mail: assema_dz@mail.ru

Information about the authors:

Akkaliyeva Aizhan Faizrahmanovna – PhD, Acting Associate Professor, NCJSC “Shakarim University of Semey city”, e-mail: akkali.aizhan@gcom.

Amalbekova Maral Bimendievna – Doctor of Philological Sciences, Professor, L.N. Gumilyov ENU, e-mail: maraluspen@mail.ru

Jartybayeva Assem Shayahmetovna – Master of Philological Sciences, Senior Teacher, NCJSC “Shakarim University of Semey city”, e-mail: assema_dz@mail.ru

ӘОЖ 81'25: 801.613:821.512.122

МРНТИ 17.07.61

<https://doi.org/10.48371/PHILS.2024.4.75.023>

АБАЙ ӨЛЕҢДЕРІНІҢ АУДАРМАДАҒЫ МЕТРОРИТМИКАЛЫҚ ҚҰРЫЛЫМЫНЫҢ СӘЙКЕСТІГІ

*Габдкаримова Г.С.¹, Оспанова Г.Т.², Рысбаева Г.К.³

^{*1,2}әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, Алматы, Қазақстан

³Нұр-Мубарак Египет ислам мәдениеті университеті,
Алматы, Қазақстан

Аңдатпа. Мақалада Абай Құнанбайұлының өлеңдерінің орыс және ағылшын тілдеріне аудармаларындағы метроритмикалық құрылымның сәйкестігі жан-жақты зерттеледі. Поэтикалық аударманың басты ерекшелігі — оның формалық еркіндігі мен аудармашының мағынаны дұрыс жеткізу қажеттілігі. Сонымен қатар, аудармада көркемдік мәнер, рифма және әуеннің сақталуы аудармашы үшін үлкен сын болып табылады. Мақалада поэтикалық аударманың көркем аудармадан айырмашылығы, әсіресе әр сөзге үлкен семантикалық және стилистикалық жүктеме түсетіндігі талқыланады. Зерттеу мақсаты — Абайдың «Ғылым таппай мақтанба» өлеңінің орыс және ағылшын тілдеріндегі аудармаларын салыстырмалы талдау арқылы түпнұсқа мен аудармалар арасындағы метроритмикалық және семантикалық ұқсастықтарды анықтау және олардың қалай жеткізілгенін көрсету. Бұл мақсатқа жету үшін, бастапқы және аударылған мәтіндер арасындағы ритм, рифма және семантикалық-стилистикалық сәйкестікті талдау әдістері қолданылды. Зерттеу барысында орыс және ағылшын тілдеріндегі аудармалардың әртүрлі ерекшеліктері айқындалып, олардың түпнұсқаға жақындық деңгейі бағаланды. Теориялық талдау аудармалардың ритмикалық құрылымы мен семантикалық үйлесімділігі, сондай-ақ олардың оқырманға әсері жөнінде түсінік береді. Орыс тіліндегі аудармаларда түпнұсқаға жақындық деңгейі жоғары болып, ритм мен рифма жақсы сақталғаны анықталды. Ағылшын тіліндегі аудармаларда верлибр (еркін өлең жолдары) көп қолданылып, ритмикалық құрылым біршама өзгеріске ұшырағанымен, мағыналық жүктемені жеткізу сақталған. Практикалық тұрғыдан алғанда, талдау нәтижелері аудармашылардың лексикалық таңдауында мұқияттылық танытып, түпнұсқаның негізгі идеясы мен эмоционалдық әсерін сақтау үшін стилистикалық тәсілдерді дұрыс пайдаланғанын көрсетеді. Аудармашылардың түпнұсқа мен аудармалар арасындағы тепе-теңдікті сақтай отырып, оқырманға қажетті әсерді жеткізе алғаны дәлелденді.

Тірек сөздер: поэзия аудармасы, метроритмикалық құрылым,

рифма, ритакты сурет, семантика, коммуникациялық интенция, реципиент, түпнұсқа

Кіріспе

Аударма – адам қызметінің ең көне түрлерінің бірі екені белгілі. Алғашқы кезеңдерден бастап аударма әртүрлі тілдерді қолданатын адамдардың өзара қарым-қатынас жасауына мүмкіндік беріп, маңызды әлеуметтік қызмет атқарды. Жазбаша аудармалардың кең таралуы халықтардың мәдениетімен танысуға, әдебиеттер мен мәдениеттердің өзара ықпалдасып, бір-бірін байытуына жағдай жасады.

Аударма ісі – теориялық негізі бар, әдеби және тілдік міндеттерді шешуге бағытталған ғылыми сала. Әсіресе көркем шығарманы аудару түпнұсқаның көркемдік рухын басқа тілде дәл, шынайы және сапалы жеткізе білу өнерін талап етеді, бұл шығармашылық шеберліктің маңызды көрінісі болып табылады.

Ақындар мен жазушылардың шығармашылығын қарастыру және салыстыру барысында дәстүр сабақтастығы мен оның тағылымын басты назарда ұстау қажет.

Поэзия – бұл өлең жолдарына негізделген, мағынасы мен эмоциялық әсері арқылы ерекшеленетін өнер түрі. Поэзияның интонациясы музыкалық сипатқа ие болып, ырғақ синтаксистік заңдылықтарға толық бағынбайды, керісінше, метр арқылы синтаксистік құрылымдарға әсер етеді. Сондықтан поэтикалық мәтіннің құрылымдық ерекшеліктері ерекше маңызға ие.

Поэзия тілін аударуда, толерантты болу да маңызды, осы жерде «Толеранттылық – адамның шынайы әлемді пассивті түзетусіз және өзінші қайта құрусыз белсенді қайта қабылдау қабілетін ашатын қасиет» [1, 8 б.].

Поэтикалық мәтін құрылымдалғанда мағынаны қалыптастыру тәсілі өзгереді: мәтіндегі әрбір элемент өзара тығыз байланыста болып, қосымша мағыналар береді. Поэтикалық контекст сөздердің көп мағыналылығын күшейтіп, олардың семантикалық реңктерін байытады. Осыған орай, поэтикалық аударманы талдаудың алдында оның мәтіндік ерекшеліктерін анықтау қажет.

Өнердің кез келген түрі өз материалдарымен шектелгенімен, поэзия – еркін, дыбыстық, бейнелік және нақты ойға негізделген сөз өнері болып табылады. Кейбір ғалымдар поэзияда барлық өнер түрлерінің элементтері бар деген ой түйіндейді және оның шексіз мүмкіндіктерін атап өткен.

И.Р. Гальпериннің терминологиясында семантикалық ақпарат екіге бөлінеді: нақты (фактуалды) және тұжырымдамалық [2, 27 б.]. Нақты (фактуалды) ақпарат белгілі бір оқиға аясында туындаған немесе ойдан шығарылған әлемде орын алған фактілер мен оқиғаларға қатысты мәліметтерді қамтиды. Ал тұжырымдамалық ақпарат автордың әлемге

деген көзқарасын, оның түсінігін көрсететін тұжырымдар жиынтығын білдіреді және бұл ақпарат мәтінде жасырын күйде қалады. Ол нақты мазмұнның көмегімен бейнеленіп, мәтін арқылы жеткізіледі. Осылайша, мағына мәтіннің мазмұнының формасына айналып, оның құрылымын айқындайды. С.Ф. Гончаренко поэтикалық мәтіннің беретін ақпаратын екі негізгі түрге жіктейді: семантикалық және эстетикалық ақпарат [3, 107 б.].

Л.Т. Идиатуллина поэтикалық шығармаларды элементтердің күрделі кешені ретінде сипаттайды: ритм, әуен, строфика және стилистика өзара әрекеттесіп, оқырманның санасында синтетикалық әсер тудырады [4, 46 б.].

К.И. Леонтьева поэтикалық мәтінді экстралингвистикалық, прагматикалық, әлеуметтік-мәдени, психологиялық және басқа факторлармен үйлесе отырып, жүзеге асатын көркем құрылымдық семантикалық тұтастық ретінде анықтайды. Нәтижесінде, поэтикалық мәтін таза лингвистикалық және мәдени аспектілерден бастап, бірегей субъективті мағыналарға дейін жинақтай алады [5, 100 б.]. Мәтіннің бұл сипаты ақпараттың жоғары деңгейде қолданылуын қамтамасыз етеді. Ақын өз идеясын поэтикалық мәтіннің күрделі ақпараттық жүйесінің барлық компоненттерінің бірлігі мен өзара әрекеттесуі арқылы жүзеге асырады.

Әдебиетке шолу

Поэтикалық аударма ең күрделі аударма түрлерінің бірі болып табылады, себебі оның өзіндік ерекшеліктері көптеген қиындықтар туғызады. Поэзияны аудару тек тілді жетік білуді ғана емес, сонымен қатар өлең жазудың белгілі бір дағдыларын меңгеруді қажет етеді. Поэтикалық аудармада кездесетін қиындықтарды шартты түрде екі негізгі топқа бөлуге болады: бірінші топқа оқытылатын тіл мен аударылатын тілге тән мәдени, ұлттық және әлеуметтік айырмашылықтар жатады. Екінші топқа тілдің құрылымына қатысты қиындықтар: өлең формасының ерекшеліктері, рифма, ырғақ, сондай-ақ дәстүрлі түрде қалыптасқан поэтикалық өлшемдер кіреді.

Поэтикалық аударма өзінің қарама-қайшылықты табиғатына байланысты көптеген жылдар бойы аудармашылардың назарында болып, кең талқылауға түсіп келеді. Поэтикалық аударма ұғымын қалыптастыру барысында екі негізгі бағытты ажыратуға болады: лингвистикалық және әдеби. Лингвистикалық бағыт аударманың тілдік ерекшеліктеріне баса назар аударса, әдеби бағыт түпнұсқа шығарманың көркемдік мазмұны мен поэтикалық мәнерін жеткізуді мақсат етеді.

Көптеген ақын-аудармашылар поэзия аудармасының мәселелеріне ерекше көңіл бөлуде. Бұл салаға И.Р. Галперин, М.М. Бахтин, Н.С. Гумилев, К.И. Чуковский, С.Я. Маршак, М.Л. Лозинский, В.В. Левик, С.Ф. Гончаренко, С.Л. Сухарев, Е.В. Витковский, Б.В. Дубин сияқты ғалымдар мен зерттеушілер өз үлестерін қосқан. Дегенмен, поэтикалық аударманы бағалауға арналған нақты, жалпыға ортақ критерийлер, сондай-ақ аударма үдерісінде қолданылатын әдіс-тәсілдер мен нұсқаулар жетіспейді. Қазіргі аударма теориясында поэзия

аудармасының мәселелеріне арналған теориялық зерттеулер жеткіліксіз болып отыр.

Аударма теориясында поэтикалық аударма жалпы аударманың бір түрі ретінде қарастырылады. В.Н. Комиссаров аударманы тілдік құралдардың көмегімен түпнұсқа мәтіннің мазмұнын басқа тілде коммуникативті эквивалентті мәтін құру арқылы жеткізу деп анықтайды [6, 253 б.]. Аударманың дамуы барысында поэтикалық аудармада адекваттылық пен эквиваленттілік ұғымдары басты назарда болды. А.Д. Швейцер поэтикалық эквиваленттілікті ерекше бөліп көрсетеді және оны аударманың шектеулігін сипаттау үшін қолдануға кеңес береді. Ол поэтикалық аударманың өзіндік ерекшеліктерін арнайы зерттемегенімен, бұл ұғымды аударманың жалпы заңдылықтарын көрсету үшін маңызды материал ретінде пайдаланады [7, 91 б.]. Аударманың арнайы теориясында поэтикалық аударма көркем аударманың жалпы тұжырымдамасына кіреді. И.С. Алексеевтің пікірінше, поэтикалық аударма көркем аударманың бір түрі ретінде қарастырылады және жанрлық-стистикалық классификацияға сәйкес, оның негізгі мақсаты — қабылдаушыға эстетикалық әсер ету [8, 288 б.]. Көптеген аудармашы ақындар поэтикалық аудармаға ортақ жол табуға тырысады. Мысалы, Н.С. Гумилевтің «Аудармашының тоғыз өсиеті» атты мақаласында поэтикалық көркемдіктің тоғыз қағидасы көрсетілген. Гумилевтің айтуынша, аудармашы ақын, зерттеуші және сыншы бола білуі керек. Ол түпнұсқаға аналитикалық және шығармашылық тұрғыдан қараудың маңыздылығын атап көрсетіп, әр автордың шығармасына үлкен жауапкершілікпен қарау қажеттігін айтады. Сонымен қатар, аудармашы аудару үдерісінде өз пікірін қоспай, поэзия авторының ойы мен сезімдерін дәл сезінуі тиіс [9, 383 б.]. Поэтикалық аударманың айрықша ерекшелігі оның салыстырмалы түрде еркін сипаты болып табылады. Өлеңнің қатаң құрылымы тікелей сәйкестіктерді немесе дәл аудармаларды табуды жиі қиындатады. Әсіресе, рифма поэтикалық аудармада ерекше қиындық туғызады, бұл классикалық поэзияға тән сипат. Мысалы, Абай Құнанбайұлының өлеңдерін аудару айтарлықтай қиындықтар тудырады, өйткені оның өлеңдеріндегі көркемдік құрылымдарды дәл жеткізу оңай емес. Ал қазіргі поэзияда нақты құрылымдар мен қатаң шектеулер аз, сондықтан аудармашыларға еркіндік көбірек беріледі.

Абай Құнанбайұлы – XIX ғасырдың екінші жартысындағы қазақтың ұлы ақыны, ағартушы, философ және қоғам қайраткері. Абайдың шығармашылық мұрасы көркемдік тұрғыдан ерекшеленіп, оның туындыларында көтерілген мәселелер өзекті болып қала береді. Ақынның шығармалары арқылы қазақ халқының ойлары мен ұмтылыстары, халықтар арасындағы бостандық пен достық, ағарту мен теңдік жолындағы күресі көрініс табады. Абай өз ойларын қазақ тіліндегі өлеңдері арқылы терең мазмұнда жеткізіп, ұлттық руханияттың негізгі тіректерінің бірі ретінде басқа халықтардың әдеби көкжиегін кеңейте түсті.

Поэтикалық аударма, ең алдымен, форманың еркіндігімен

ерекшеленеді, алайда оның басты мақсаты – түпнұсқаның мағынасын дәл жеткізу. Поэтикалық аударманың міндеттері жалпы көркем аударма міндеттерімен ұқсас болғанымен, онда көптеген бейнелі өрнектер мен әр сөздің семантикалық-стилистикалық жүктемесі үлкен маңызға ие. Сонымен қатар, өлеңнің формасы, рифмасы және әуені сияқты элементтерге ерекше назар аудару қажеттілігі поэтикалық аударманы көркем аудармадан әлдеқайда күрделі етеді.

Поэзия аудармасының кең таралған бірнеше түрлері бар:

1. Поэзияның прозалық аудармасы – бұл поэзия аудармасының ең қарапайым түрі. Мұндай аудармада түпнұсқа өлеңнің мағынасы прозалық мәтін ретінде беріледі. Бұл тәсіл арқылы аудармашы семантикалық, эстетикалық және акпараттық мазмұнды жеткізеді, бірақ түпнұсқа өлеңнің поэтикалық ерекшеліктері сақталмайды.

2. Өлеңдердің поэтикалық аудармасы – бұл аудармада түпнұсқа өлеңнің негізгі қасиеттері, соның ішінде құрылым мен мағына сақталады, бірақ рифма толық сақталмауы мүмкін. Мұндай аудармалар көбінесе «жалаң өлең» деп аталады, себебі түпнұсқаның рифмалық элементтері сақталмауы мүмкін.

3. Поэтикалық аударма – бұл түпнұсқаға барынша жақын аударма түрі, онда өлеңнің құрылымы, пішіні және рифмасы сақталып, мәтіннің мағынасы мен эстетикалық әсері жеткізіледі. Мұндай аудармада өлеңнің көркемдік элементтері мен мазмұнының үйлесімі маңызды рөл атқарады.

Осылайша, поэтикалық аударманың мақсаты – түпнұсқа мәтіннің поэтикасын бейнелейтін мәтін құру болып табылады. Аударма тек мазмұнның бір бөлігін ғана емес, сонымен қатар мазмұнның формасы арқылы берілетін әсерін де сақтауға тырысады. Л.Т. Идиатуллинаның пікірінше, поэзиядағы форма мағыналы рөл атқарады. Аударманың мақсаты тек форма мен мазмұнды жеткізу ғана емес, сонымен қатар оқырманның санасы мен эмоциялық күйіне әсер ету болып табылады. Бұл үшін аудармашы белгілі бір семантикалық функцияларды сақтай отырып, түпнұсқаның идеялық-эстетикалық мазмұнын жеткізуі тиіс [4, 48 б.].

Материалдар мен әдістердің сипаттамасы

Поэтикалық аудармадағы ритақ (ритм) мәселесінің маңыздылығы белгілі бір ритақпен сипатталатын поэтикалық мәтіннің ерекшеліктерінің салдары болып табылады.

Ритақ – бұл белгілі бір тәртіпте екпінді буындар және екпінді емес буындар орындарының ауысуы.

Метр – екпінді және екпінсіз буындардың кезектесу реттілігі, ол стоптағы буындардың санына байланысты өлшемдерді қамтиды (мысалы, екпінсіз буыннан кейін екпінді буынның келуі). Өлеңнің өлшемі мағынаны жеткізуге ықпал ете алады. Мысалы, екі буынды жолдар (хорей) жылдам қозғалысты білдіруі мүмкін, ал үш буынды жолдар (амфибрахий) баяу қозғалысты бейнелейді. Сонымен қатар, өлеңнің өлшемі автордың эмоционалдық жағдайын көрсетуге қабілетті.

Абайдың «Ғылым таппай мақтанба» өлеңі және оның орыс және

ағылшын тілдеріндегі аудармалары әрбір шумақ пен жол бойынша салыстырылып, аудармаларда түпнұсқаның эмоциялық және поэтикалық әсері сақталғанын бағалау үшін құрылымдық талдау жасалды. Бұл әдіс аудармалардағы метроритмикалық құрылымдардың сәйкестігін немесе ерекшеліктерін түсінуге көмектесті.

Зерттеу нәтижелері көрсеткендей, орыс тіліндегі аудармаларда ритм және рифмаға ерекше көңіл бөлініп, түпнұсқамен жақындық жоғары болды. Ал ағылшын тіліндегі аудармаларда верлибр тәсілі кең қолданылып, ритмикалық құрылым біршама өзгергенімен, өлеңнің негізгі идеясы мен әсерін жеткізу сақталған.

Поэтикалық аудармада рифманы сақтау мәселесіне тоқталсақ, рифма – бұл поэтикалық жолдардың соңындағы дыбыстық үйлесімдердің қайталануы, яғни екі немесе одан да көп поэтикалық жолдардың аяқталуын байланыстыратын дыбыстардың ұқсас тіркесімдері. Рифма өлеңнің ритмдік ұйымдастырылуына көмектеседі, жолдарды біріктіріп, шумақтарды құрайды. Сонымен қатар, рифма сөздерді семантикалық тұрғыдан ерекшелей отырып, жаңа мағыналар жасауға мүмкіндік береді.

Рифманы сақтау мәселесі, әсіресе қазақ немесе орыс поэтикалық шығармаларын ағылшын тіліне аудару кезінде өзекті болып табылады, өйткені қазақ және орыс поэзиясында рифма кең таралған. Ал ағылшын поэзиясында, әсіресе XIX ғасырдың аяғынан бері, верлибр (еркін өлең жолдары) жиі қолданылып келеді, бұл ағылшын поэзиясының және поэзия аудармаларының рифмалық формалардан алшақтағанын көрсетеді.

Зерттеу барысында поэтикалық жолдардың аяқталуын байланыстыратын дыбыстардың ұқсас тіркесімдерін қайталау әдісі қолданылды. Бұл әдіс шығарманың ритмдік ұйымдастырылуына көмектесіп, өлең жолдары мен шумақтарды біріктіру үшін қолданылады. Аударма поэтикалық өлшемнің сақталуын, яғни буындар мен екпіндердің санын және түпнұсқа мәтіндегі жолдар мен шумақтардың ретін сақтауды көздейді. Сондай-ақ, *верлибр (еркін өлең жолдары) әдісі* ағылшын тіліне аудару барысында қолданылды. Бұл әдіс қазақ тіліндегі шығарманың семантикасын бұзбай, реципиентке қажетті әсерді сақтап, коммуникациялық интенцияны сәтті жеткізу мақсатында пайдаланылды.

Ритмді синтаксис пен метрдің арақатынасы арқылы сипатталатын интонациялық ритм деп ажыратуға болады. Поэзиядағы интонациялық монотондылық әрқашан логикалық интонациялармен салыстырылады, бұл синтаксистік-интонациялық айырмашылықтардың айқын көрінісін жасайды. Мұндай фон аясында сөздердің лексикалық мағыналары өзара байланысып, салыстырылып, терең мағыналық мәндерге ие болады.

Зерттеудің негізгі әдіснамасы талдау мен талқылауға негізделген.

Талқылау

Абай Құнанбайұлының «Ғылым таппай мақтанба» өлеңі көлемді әрі көркемдік бейнелеу құралдарына бай, бұл оны аударудағы күрделілікті

арттырады. Кейбіреулер өлеңнің күрделілігі аудармашыларға көп қиындық тудырмайды деп ойлауы мүмкін, бірақ іс жүзінде бұл олай емес. Аудармашылар М. Петровых пен Ә. Қодардың орыс тіліне жасаған аудармаларында өлеңнің түрлі деңгейлерде және аспектіде интерпретацияланғаны байқалады. Бұл аудармалардың көркемдік-эстетикалық дәрежелері әртүрлі болып шықты және реципиентке жеткізілетін ойлардың да айырмашылығы болды. Бұл талдауда біз Абай Құнанбайұлының «Ғылым таппай мақтанба» өлеңін М. Петровыхтың орыс тіліне және Том Боттингтің ағылшын тіліне аударған кейбір өлең жолдарын салыстырып, олардың ерекшеліктерін талдап көрсетеміз.

Жоғарыда айтылған ғалым-зерттеушілердің поэзия аудармасына қатысты пікірлеріне сүйене отырып, поэзия аудармасы тек мазмұн мен мағынаны жеткізуге негізделуі мүмкін деген көзқарас қалыптасқан. Дегенмен, өлеңнің құрылымдық ерекшеліктерін, ритмикалық құрылымын (ритакты) аударудың маңыздылығы жиі ескерілмейді. Ритм мен мағынаны бір-бірінен бөліп қарастыру немесе ритақты тек мәтінді сипаттау құралы ретінде бағалау түпнұсқаның ритмикалық құрылымы мен мағыналық құндылығын төмендетуі мүмкін.

Шын мәнінде, поэтикалық шығарманың ритмикалық құрылымын түсінбеу және оны аударуда жеткілікті деңгейде ескермеу аударманың сапасына әсер етеді. Ритмді сақтаудың маңыздылығы поэзия аудармасының негізгі аспектілерінің бірі болып табылады, өйткені ол түпнұсқаның эмоционалдық және эстетикалық әсерін сақтауға көмектеседі. Осылайша, ритмді мағынаның ажырамас бөлігі ретінде қарастыру қажет.

Абай Құнанбайұлының *Ғылым таппай мақтанба* өлеңін М. Петровыхтың орыс тіліне тәржімелеген аудармаларымен салыстырып көрейік:

Кесте 1. Салыстырмалы нұсқа (түпнұсқа және орыс тілінде)

Түпнұсқа:	М. Петровыхтың аудармасы:
<i>Ғылым таппай мақтанба.</i>	<i>Пока не знаешь - молчи.</i>
<i>Орын таппай баптанба.</i>	<i>Пока блуждаешь - молчи.</i>
<i>Құмарланып шаттанба.</i>	<i>Не тешься блеском парчи,</i>
<i>Ойнап босқа күлуге.</i>	<i>Пустых забав не ищи.</i>
<i>Бес нәрседен қашық бол,</i>	<i>Чтоб человеком ты был,</i>
<i>Бес нәрсеге асық бол,</i>	<i>И вровень с веком ты был,</i>
<i>Адам болам десеңіз.</i>	<i>И не жил бы суетой,</i>
<i>Тілеуің, өмірің алдыңда,</i>	<i>Ты пять врагов покори</i>
<i>Оған қайғы жесеңіз.</i>	<i>И пять друзей избери.</i>
<i>Өсек, өтірік, мақтаншақ,</i>	<i>Злословье, ложь, хвастовство,</i>
<i>Еріншек, бекер мал шашпақ –</i>	<i>Тщету пустую и лень</i>
<i>Бес дұшпаның, білсеңіз.</i>	<i>Смети с пути своего.</i>
<i>Талап, еңбек, терең ой,</i>	<i>Правдивость, ясная мысль,</i>
<i>Қанағат, рақым, ойлап қой –</i>	<i>Упорство, скромность и труд -</i>
<i>Бес асыл іс, көнсеңіз [10,65].</i>	<i>Доверься - не предадут [10,57].</i>

Жоғарыда көрсетілген 1-ші кестеде Абай Құнанбайұлының *Ғылым таппай мақтанба* өлеңін М. Петровтың орыс тіліне аудармасы көрсетілген, Абай Құнанбайұлының «Ғылым таппай мақтанба» өлеңінде ақын айқын әрі ауызекі сөйлеу стилінде ой толғап отырғандай көрінгенімен, шығарманың рифмалық құрылымы ерекше назар аударады. Поэтикалық шығармада рифма, яғни өлең жолдарының соңындағы дыбыстық үйлесімдердің қайталануы арқылы екі немесе одан да көп жолдардың байланысы байқалады. Өлеңде рифма үнемі қайталанып, мысалы, «мақтанба – шаттанба,» «жесеңіз – білсеңіз,» «терең ой – ойлап қой» сияқты сөздер арқылы көрініс табады. Бұл рифмалық құрылым өлеңнің ритмдік ұйымдастырылуына көмектесіп, жолдар мен шумақтарды біріктіреді. Сонымен қатар, рифма арқылы сөздерді семантикалық түрде ерекшелеу өлеңге қосымша мағыналар беретінін байқауға болады.

Бұл шумақта *грамматикалық трансформациялар* қолданған, яғни аударма үдерісіндегі сөйлемнің құрылымының өзгеруін байқаймыз және лексикалық трансформацияның *қосу әдісін* қолданған, аудармашы *нақтылау* мақсатында қолданды деген ой түйеміз.

Поэзия аудармасы ұзақ уақыт бойы тек мазмұны мен мағынасын аударуға негізделген деп есептелді, ал өлеңнің құрылымдық ерекшеліктерін аудару мүмкін емес деген көзқарас басым болды. Дегенмен, поэзия аудармасы түпнұсқа шығарманың ритмикалық құрылымын сақтаудың маңыздылығын да қамтуы тиіс. Ритм мен мағынаны бір-бірінен бөлу, ритмді тек мәтінді сипаттау элементі деп қарастыру түпнұсқаның мәні мен ритмикалық құрылымының құнсыздануына әкелуі мүмкін.

Аудармада әдетте поэтикалық өлшем сақталады, яғни өлеңдегі буындар мен екпіндердің саны, шумақтардың және жолдардың реті түпнұсқаға сәйкес келеді. Мұндай жағдайда аудармада түпнұсқаның формасы мен құрылымын сақтай отырып, эстетикалық әсерге ие жаңа шығарма жасалады. Алайда, түпнұсқа мәтіннің формасын өзгерту ақынның ойы мен ниетін өзгертуге әкеліп, шығарманың бастапқы мағынасының жоғалуына және автор жасаған шындықтың бұрмалануына себеп болуы мүмкін.

Аудармаға кіріспес бұрын, ритм арқылы берілген мағынаны түсіну маңызды. Ақынның ойы ритмикалық құрылым арқылы көрініс тауып, оны сақтап аудару түпнұсқаның эстетикалық және семантикалық мәнін жеткізуде басты принцип болып табылады.

Абай Құнанбайұлының *Ғылым таппай мақтанба* өлеңін Том Боттинг ағылшын тіліне тәржімелеген аудармаларымен салыстырып көрейік:

Кесте 2. Салыстырмалы нұсқа (түпнұсқа және ағылшын тілінде)

Түпнұсқа:	Том Боттинг аудармасы:
<p><i>Ғылым таппай мақтанба. Орын таппай баптанба. Құмарланып шаттанба. Ойнап босқа күлуге. Бес нәрседен қашық бол, Бес нәрсеге асық бол, Адам болам десеңіз. Тілеуің, өмірің алдыңда, Оған қайғы жесеңіз. Өсек, өтірік, мақтаншақ, Еріншек, бекер мал шашпақ – Бес дұшпаның, білсеңіз. Талап, еңбек, терең ой, Қанағат, рақым, ойлап қой – Бес асыл іс, көнсеңіз [11,65].</i></p>	<p><i>You should not vaunt your knowledge while you're still untaught, Nor bask in rapture's bliss while you are immature, Nor boast of matchless skill at childish games and sport, For things that easy come were never yet secure. Five things in life there are that you should shun and ban. Five other things there are that you should strive to gain, If you have made your aim to be a worthy man. And know - if you try hard your goals you will attain. Look to the future, whatever you do! Bragging and slander, odious lies, Foul dissipation, laziness, too. These are five things a man should despise! [11,39].</i></p>

Жоғарыда көрсетілген 2-ші кестеде Абай Құнанбайұлының *Ғылым таппай мақтанба* өлеңін Том Боттинг ағылшын тіліне аудармасы көрсетілген, рифманы сақтау мәселесі, әсіресе, қазақ немесе орыс поэтикалық шығармаларын ағылшын тіліне аудару кезінде қиындық тудырады, себебі рифма қазақ және орыс тілдерінде кең таралған. Қазақ және орыс поэзиясына қарағанда, ағылшын поэзиясында верлибр (еркін өлең жолдары) жиі кездеседі, бұл тенденция ХІХ ғасырдың аяғынан бастап кеңінен қолданыла бастады. Осыған орай, ағылшын поэзиясы мен поэзия аудармалары көбінесе рифмалық формалардан алшақтайды.

Аудармада басты мағынаны жеткізуге тырысқан сонымен қатар лексикалық трансформацияның келесі түрі *жуық аударма (приближенный перевод)* қолданылған деп тұжырымдаймыз, жалпы *жуық аударма* дегеніміз ол – аударма тіліндегі ұқсас, бірақ бірдей емес мағынасы бар аналогтардың таңдауы болып табылады.

Абайдың поэтикалық шығармаларында рифма өлең жолдарының соңындағы дыбыстардың ұқсастығымен, яғни екі немесе одан да көп жолдардың аяқталуын байланыстыратын дыбыстық үйлесімдердің қайталануымен ерекшеленеді. Алайда, ағылшын тіліндегі аудармаларда бұл рифмалық ерекшеліктер сақталмағаны байқалады. Ағылшын аудармасында «youг» «that,» және «and» сияқты сөздердің жиі қолданылуы мәтіннің формасын өзгертіп, түпнұсқаның рифмалық құрылымын бұзады.

Поэтикалық шығармада рифма мен метр ұғымдары өлең жолдарының құрылымын айқындайды. Метр екпінді және екпінсіз буындардың белгілі бір реттілікпен кезектесуін білдіреді және өлең жолында кездесетін буындардың санына байланысты өлшемдерді қамтиды. Алайда, ағылшын тіліндегі аудармада бұл метрлік ерекшеліктер көп жағдайда ескерілмеген. Дегенмен, шығарманың негізгі ойы мен семантикалық мазмұны реципиентке жеткізілген деуге болады, өйткені өлеңнің өлшемі мағынаны жеткізудің бір құралы ретінде қарастырылған.

We centered our work on the *new literacies* framework, developed by scholar Donald J. Leu, which outlines a five-phase process: questioning, locating, evaluating, synthesizing, and communicating. We adapted this framework to guide our integration of AI tools into the academic writing curriculum, creating a structured yet flexible approach that allowed students to engage deeply with complex scholarly tasks. By aligning each phase of the process with specific AI tools, we aimed to provide a comprehensive learning experience that balanced both the theoretical and practical aspects of academic writing.

In this article, we share an in-depth analysis of the methodologies we employed, the AI tools we utilized, and the preliminary findings of our study. Through a mixed-methods approach, we observed significant improvements

in students' digital literacy, academic writing self-efficacy, and research attitudes. Our discussion not only highlights the transformative potential of AI in academic settings but also raises important questions about the ethical implications and long-term impact of these technologies on scholarly practices. As we reflect on our experience, we invite readers to consider how AI can be harnessed to support and enhance the future of academic writing.

To begin with, there is a question that is currently on the minds of many, particularly those involved in higher education who are engaged in publishing, conducting research, and seeking grant funding for both. The question is: how can we utilize a tool like AI—specifically generative AI—effectively and ethically in academic writing? This is indeed a pertinent question that occupies our thoughts and one that we must confront in the coming days.

To address this question, I spent six months in Türkiye, with generous support from TUBITAK, collaborating with colleagues at Gazi University. Together, we endeavored to design an initiative aimed at providing an initial answer to this complex question. In the following pages, I will organize my reflections into three main areas: first, I will discuss the context of the work we undertook; second, I will elaborate on the specific approach or intervention that we employed with graduate students; and finally, I will present some preliminary results. These three components will structure this discussion, offering insights into the work we accomplished. To describe it in a few words, the main work that we have been able to complete is creating a comprehensive scheme for using AI, a scheme that involves five consecutive stages organized in a linear way. That mental scheme will eventually allow the students to utilize AI effectively and, most importantly, in a proper way while doing their academic writing. The goal was to develop a scheme that would allow the students to become better academic writers, to organize their papers prominently, and to gain confidence in their respective fields.

Let us begin with the context. This project emerged as a result of collaboration with colleagues at Gazi University, located in Ankara, the capital of Türkiye. The project team, including myself, was composed of the following members:

- Prof. Dr. Douglas K. Hartman
- Prof. Dr. Hayati Akyol
- Prof. Dr. Mustafa Yıldız
- Doç. Serkan Düzgün

Although we come from diverse fields within education, we share a common interest in exploring how this new generative tool can be employed both ethically and effectively in academic writing. We worked with approximately 24 graduate students at Gazi University, meeting twice a week over a ten-week intervention. The students came from various regions across

Türkiye, as this map (Figure 1) indicates. This brief overview provides some context for our work.



Figure 1 – Participants of the project, regional dissemination

Methods and materials

In this study, a mixed-methods approach was employed to investigate the impact of AI tools on academic writing among graduate students. The intervention spanned ten weeks and involved 24 students from Gazi University in Türkiye. The new literacies framework, which includes phases of questioning, locating, evaluating, synthesizing, and communicating, served as the foundational structure for the intervention.

Throughout the process, specific AI tools were integrated into each phase: Stormboard and XMind for questioning, Google Scholar and ScholarAI for locating, Humata for evaluating, and various generative tools for synthesizing and communicating ideas. Data collection involved quantitative surveys assessing digital literacy and academic writing self-efficacy, as well as qualitative methods, including video recordings, interviews, and writing samples. Preliminary analysis indicates significant improvements in students’ research attitudes and skills, with data still being analyzed using hermeneutic and interpretive methodologies.

Results and discussion

Now, let us delve into the approach we used. While the details of this intervention are extensive, I will focus on one particular aspect. This aspect relates to the work of a scholar named Donald J. Leu, whose research centers

on a field known as new literacies [1]. I will explore this concept in greater depth.

In essence, the *new literacies* framework involves five phases. The first phase is *questioning*. When individuals engage in literate activities online, whether reading or writing, they often start with a question. We recognized this as analogous to the research process: developing, formulating, and pursuing evidence-based answers to questions. Once a question is posed, there is a process of *locating* or searching for relevant literature. This literature is then *evaluated*, and during the evaluation process, some degree of synthesizing or integration begins.

How does one transform this into a literature review? Finally, there is the *communication* of this work. Communication can occur through writing, but it can also involve speaking or presenting the findings. This simple cycle, derived from the literature, is referred to as the new literacies process. We drew upon this framework to inform our thinking on how to use AI effectively and ethically in academic writing. We adapted this cycle into a more linear format, progressing from questioning, to locating, evaluating, synthesizing, and communicating—allowing those new to the academic writing process to perceive it as a step-by-step procedure (Figure 2).




Figure 2 – The linear process of writing an academic work

However, this process was not strictly linear; it also involved iteration and recursion. In other words, while working on one phase of this five-phase process, participants might return to an earlier phase upon realizing the need for further learning or re-evaluating something previously understood. Thus, while the process was presented in a linear fashion, it was inherently recursive. At a general level, this process was quite detailed. While it may be challenging to visualize, I wish to convey that within each of these five phases, there was an underlying process, which we depicted visually.

We dedicated time not only to discussing the overall process in which the students were engaged but also to exploring what actions were necessary within each phase. Subsequently, we aligned each of the five phases of intellectual work with an AI tool. Below the five-phase process are examples of AI tools that we carefully examined, considering their utility and how to use them effectively and ethically. Although there were more tools than those depicted, this provides a conceptual understanding of our approach.

It is worthwhile to examine each of these phases in detail. For the questioning phase, we began by considering the students' lives, experiences, and expertise. This funnel-shaped diagram narrows down to the point where they develop a research question. Certainly, there is back-and-forth movement and recursion within this phase (Figure 3).




Figure 3 – The Questioning Phase

The questioning phase then transitions into the locating phase, characterized by a clockwise cycle in which students formulate questions, search, and archive relevant materials in EndNote. As they gain more knowledge, they generate different queries for further literature searches.

From the locating phase, students proceed to the evaluation phase, where they assess whether the material is relevant and rigorous (Figure 4). We provided extensive guidance on how this evaluation could be carried out.




Figure 4 – Evaluating Phase

Following the evaluation phase, the process moves to synthesizing, where students begin to construct an argument—not merely reporting on the literature but integrating it into a coherent argument. Finally, they consider how to communicate their findings, not only through writing but also through oral communication and presentations. Given time constraints, we focused primarily on oral communication of research and literature reviews.

This overview of the five-phase process and the associated details provides insight into our approach. I would now like to provide an example of some of the generative AI tools we utilized. For the questioning phase, we identified two particularly helpful tools: Stormboard and XMind. These tools proved invaluable for generating and refining scholarly ideas.

For the locating phase, we used several tools. Google Scholar was a central resource, as it has been indispensable in recent years. We also utilized databases available through our libraries, such as JSTOR. A newer tool we experimented with was ScholarAI, which was particularly useful because it avoids generating the kind of fabricated and phantom articles that other generative AI tools can produce. Another tool we employed was ResearchRabbit. All of this was connected to a tool for archiving articles and chapters, EndNote, which was provided by the university.

In the evaluation phase, we did not find an ideal generative AI tool for assisting students in critically engaging with the literature and identifying gaps. While tools like ChatGPT and Gemini can be somewhat useful, we aimed to help students visualize where absences in the literature might exist. However, we did find a powerful tool called Humata. This tool allows users to upload a PDF of an article and interact with it—asking questions, requesting more detail, or comparing it to other works. Although Humata comes with a cost, it is highly effective for engaging in dialogue with an article or set of articles, especially when seeking to identify gaps or areas of incongruence among studies.

In the synthesizing phase, we did not identify a particularly effective generative AI tool, though we anticipate that some may become available soon. We discussed the critical thinking required for synthesizing literature. It is not enough to simply report on the literature; one must construct an argument that demonstrates the significance and relevance of the research question and its potential to advance the field. We explored the concept of *intertextuality*, which involves weaving together resources into an argument. We also discussed the literature review as a “cento” or a patchwork of sources. The term “cento” originates from Latin, meaning patchwork, and a literature review is essentially a patchwork of ideas drawn from various sources.

I developed visuals to help the students understand that this patchwork is analogous to a literature review, which synthesizes ideas and resources from different sources. We then examined a literature review together, analyzing how it functions as a cento—an intertextual work that synthesizes other works.

We focused on how arguments are formed and the language that signals this process. This exercise was particularly valuable as it allowed students to see how argument building is achieved.

In the final phase, communicating, we concentrated on how to present this work at conferences or in other professional settings. I will highlight a few tools we used. PowerPoint, for instance, now integrates AI features, allowing presenters to place themselves on the slide rather than being confined to a small corner. This feature is known as Cameo. Another tool we discussed was Copilot. Copilot enables users to upload a paper, such as one intended for a conference, into PowerPoint, and it generates a draft presentation. While not perfect, it provides a solid starting point. If one's visual design skills require enhancement, this tool can assist in creating an initial draft of a presentation. This tool has recently become available, having only been released recently.

After discussing the context and approach, I would like to turn to the data we collected and discuss the preliminary results. Although we are still in the process of analyzing the data, I can share some early findings. This was a mixed-methods study, and we relied heavily on the work of Creswell to design the intervention [2].

Regarding our quantitative data, the analysis conducted thus far indicates that this AI-assisted academic writing intervention, structured around the five phases, had a significant impact on the research attitudes of the graduate students. It boosted their confidence, fostering a sense of “I can do this, and I want to do it.”

The students' digital literacy skills improved markedly, and their academic writing self-efficacy—the belief that “I am a scholar, and these tools assist me in the scholarly writing process”—also increased.

As for the qualitative data, we collected video recordings, interviews, student writing samples, and other artifacts, including several surveys. This data is yet to be fully analyzed, as it will be processed in three phases: transcription, digital preprocessing of all documentation and artifacts, and finally, the interpretive analysis. We plan to employ a hermeneutic analytic process for this analysis.

In summary, this narrative provides an overview of our work on academic writing. While this is a condensed version of a much more detailed account, I hope it offers some valuable insights.

Conclusion

In conclusion, this study demonstrates the profound impact that AI tools can have on the academic writing process within higher education. By integrating AI within the framework of new literacies, the project at Gazi University provided a structured yet adaptable approach to guide graduate students through the complexities of scholarly writing. The five-phase process—questioning, locating, evaluating, synthesizing, and

communicating—served as a foundational model that not only enhanced students' digital literacy and academic self-efficacy but also fostered a more confident and informed engagement with research practices.

The findings underscore the potential of AI to transform academic writing by offering tools that support each stage of the intellectual process. However, the study also highlights the importance of ethical considerations, particularly in ensuring that AI is used responsibly and does not undermine the integrity of scholarly work. While the initial results are promising, they also point to the need for further research, especially in understanding the long-term effects of AI integration on academic practices.

As AI continues to evolve, its role in academia will likely expand, making it imperative for educators and researchers to remain vigilant in balancing innovation with ethical stewardship. The insights gained from this project provide a valuable framework for future endeavors, emphasizing the importance of thoughtfully integrating AI into educational settings to enhance, rather than replace, the human elements of scholarship.

REFERENCES

[1] Leu, D. J., Kinzer, C. K., Coiro, J., and Cammack, D. Toward a Theory of New Literacies Emerging From the Internet and Other Information and Communication Technologies // R. B. Ruddell & N. J. Unrau (Eds.), *Theoretical models and processes of reading*. 5th ed. – 2004. – P. 1570-1613.

[2] Creswell, J. W., and Creswell, J. D. *Research Design: Qualitative, Quantitative, and Mixed Methods Approaches*. – SAGE Publications. – 2017. – 270 p.

[3] Stormboard. (n.d.). Retrieved from <https://stormboard.com>

[4] XMind. (n.d.). Retrieved from <https://www.xmind.net>

[5] Google Scholar. (n.d.). Retrieved from <https://scholar.google.com>

[6] JSTOR. (n.d.). Retrieved from <https://www.jstor.org>

[7] ScholarAI. (n.d.). Retrieved from <https://www.scholarai.com>

[8] ResearchRabbit. (n.d.). Retrieved from <https://www.researchrabbit.ai>

[9] Humata. (n.d.). Retrieved from <https://www.humata.ai>

[10] Copilot by Microsoft. (n.d.). Retrieved from <https://www.microsoft.com/en-us/microsoft-365/copilot>

АКАДЕМИЯЛЫҚ ЖАЗУ БАРЫСЫНДА ЖИ-ді ТИІМДІ ӘРІ ЭТИКАЛЫҚ ТҮРДЕ ҚОЛДАНУ ЖАЙЫНДА

*Хартман Дуглас К.¹

*¹PhD, Мичиган мемлекеттік университеті, Мичиган, АҚШ

e-mail: dhartman@msu.edu

Аңдатпа. Бұл мақала академиялық жазу саласында, әсіресе магистратурада оқыту контекстінде генеративті ЖИ құралдарын

этикалық және тиімді пайдалануды қарастырады. TUBITAK қолдауымен Түркияның Анкара қаласындағы Гази университетінде жүргізілген зерттеу он апталық кезеңді қамтыды. Жобаға 24 магистрант қатысты. Зерттеу құрылымы бес кезеңнен тұратын Жаңа сауаттылық моделіне негізделді: сұрақ қою, ақпарат іздеу, бағалау, синтездеу және қарым-қатынас. Әр кезеңде студенттерге академиялық жазу процесіне өтуге көмектесу үшін Stormboard, XMind, ScholarAI және Humata сияқты арнайы AI құралдары пайдаланылды.

Интервенцияның әсерін бағалау үшін сандық және сапалық деректерді қамтитын аралас әдіс тәсілі қолданылды. Сандық талдау студенттердің зерттеуге деген көзқарасының, цифрлық сауаттылығының және академиялық қабілеттерінен сенімділігінің айтарлықтай жақсарғанын көрсетті, бұл олардың зерттеу дағдыларына деген сенімінің артқанын көрсетеді. Сапалы деректер, соның ішінде бейнежазбалар, сұхбаттар мен қолжазбалар талдау сатысында, олар үшін тереңірек түсіндіру үшін меневтикалық тәсілді қолдану жоспарлануда.

Зерттеу нәтижелері ЖИ құралдарының академиялық жазу дағдыларын жақсарту және технологияны жоғары оқу орындарына интеграциялаудың жаңа перспективаларын ұсыну үшін әлеуетін көрсетеді. Бұл зерттеу ЖИ-ның білім беру контекстіндегі рөлі туралы жалғасып жатқан пікірталасқа үлес қосады және осы саладағы болашақ зерттеулерге негіз болады.

Тірек сөздер: жасанды интеллект, академиялық жазу, жаңа сауаттылықтар, сандық сауаттылық, әдебиетке шолу, интермәтінділік, білім беру, оқыту

ОБ ЭФФЕКТИВНОМ И ЭТИЧНОМ ИСПОЛЬЗОВАНИИ ИИ В АКАДЕМИЧЕСКОМ ПИСЬМЕ

*Хартман Дуглас К.¹

* PhD, Мичиганский государственный университет, Мичиган, США
e-mail: dhartman@msu.edu

Аннотация. В данной статье рассматривается этическое и эффективное применение инструментов генеративного ИИ в области академического письма, в частности в контексте обучения в магистратуре. Исследование, поддержанное TUBITAK, было проведено в университете Гази в Анкаре, Турция, и охватывало десятидневный период. В проекте приняли участие 24 обучающихся магистратуры. Исследовательская структура была основана на модели новой грамотности, включающей пять этапов: постановка вопросов, поиск информации, оценка, синтез и коммуникация. На каждом этапе использовались определенные инструменты ИИ, такие как Stormboard, XMind, ScholarAI и Humata,

которые помогали студентам ориентироваться в процессе академического письма.

Для оценки воздействия вмешательства был применен смешанный метод, включающий количественные и качественные данные. Количественный анализ показал значительное улучшение исследовательских установок студентов, их цифровой грамотности и уверенности в своих академических способностях, что свидетельствует о возросшей уверенности в их научных навыках. Качественные данные, включающие видеозаписи, интервью и рукописи, находятся на стадии анализа, для чего планируется использовать герменевтический подход для более глубокого толкования.

Результаты исследования подчеркивают потенциал инструментов ИИ в улучшении навыков академического письма и предлагают новые перспективы по интеграции технологий в высшее образование. Это исследование вносит вклад в продолжающуюся дискуссию о роли ИИ в образовательных контекстах и предоставляет основу для будущих исследований в данной области.

Ключевые слова: искусственный интеллект, академическое письмо, новая грамотность, цифровая грамотность, обзор литературы, интертекстуальность, образование, учение

Received: November 11, 2024

Information about authors:

Douglas K. Hartman – PhD, Michigan State University, Michigan, the USA e-mail: dhartman@msu.edu

Авторлар туралы мәлімет:

Дуглас К. Хартман – PhD, Мичиган мемлекеттік университеті, Мичиган, АҚШ e-mail: dhartman@msu.edu

Информация об авторах:

Дуглас К. Хартман – PhD, Мичиганский государственный университет, Мичиган, США e-mail: dhartman@msu.edu

4 БӨЛІМ.
ӘДЕБИЕТТАНУ: ДӘСТҮР МЕН ЖАҢАШЫЛДЫҚ
РАЗДЕЛ 4.
ЛИТЕРАТУРОВЕДЕНИЕ: ТРАДИЦИЯ И СОВРЕМЕННОСТЬ
PART 4.
LITERARY STUDIES: TRADITION AND MODERNITY

ӘОЖ 821.222.8.

ҒТАХР 17.07.29

<https://doi.org/10.48371/PHILS.2024.4.75.027>

**М. ӘУЕЗОВ ПЕН Д. РАДЖАБИ ШЫҒАРМАЛАРЫ: ӘДЕБИ
БАЙЛАНЫС, ЖАЛПЫ МӘДЕНИ МҰРА**

* Әмірбаева Ш.М.¹, Қонаев Д.А.², Пірәлі Г.Ж.³

*^{1,2,3} М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты
Алматы, Қазақстан

Аңдатпа. Мақалада Мұхтар Әуезов пен Доджон Раджабидің шығармаларында қамтылған әдеби байланыстар мен жалпы мәдени мұра қарастырылады. Олардың еңбектерінде көрініс тапқан тақырыптарға ерекше назар аударылады. Екі автор да халық тарихындағы қайғылы оқиғаларға, соның ішінде 30-50 жылдардағы қуғын-сүргінге ілінген, қайраткерлердің психологиялық қысымы мен азабына тоқталады. Зерттеуіміз Әуезов пен Раджабидің шығармашылығының өзара әрекеттесуін, оларды қандай ортақ тақырыптар мен мотивтер біріктіретінін және олардың өз халықтарының мәдени және әдеби дәстүрлерін сақтауға және дамытуға қалай ықпал ететінін талдайды.

Зерттеудің өзектілігі – ХХ ғасырдың аяғындағы Раджаби бет алысы 1937 жылы Тәжікстандағы қуғын-сүргінді терең зерттеуге және көркем түрде түсінуге алғашқы әрекет болды, осылайша тәжік әдебиетіне айтарлықтай үлес қосты. Әуезов пен Раджабидің шығармалары мәдени және тарихи мұралардың ортақ ерекшеліктерін бейнелейді, бұл олардың аймақ әдебиеті контекстінде маңыздылығын көруге мүмкіндік береді. Доджон Раджаби 30-шы жылдары жарияланған жүздеген мұрағат материалы мен мақалаларды, қудалау мен азаптау кешкен куәгерлер мен әдебиетшілердің, туыстарының әңгімелерін тыңдай, зерттей жүріп, оқиғаларды терең әрі шынайы жеткізе алғандығы жөнінен деректер келтірдік, жазушы замандастары шығармашылығына байланысты мәселелер де бой көтерді, оларға шолу жасалды.

Зерттеудің мақсаты – Әуезов пен Раджаби шығармашылығындағы

әдеби байланыстар мен жалпы тақырыптарды анықтау және талдау, олардың мәдени мұраны сақтауға және маңызды, мәнді тақырыптарды түсінуге қосқан үлестеріне баса назар аудару. Зерттеудің ғылыми маңыздылығы Орта Азия әдебиетіндегі рухани түсініктерді кеңейту, жалпы мотивтер мен тақырыптарды ашу, сондай-ақ тарихи оқиғалардың әдеби шығармашылыққа әсерін түсінуді тереңдете қарастыруда болып отыр. Зерттеудің практикалық маңыздылығы мынада: нәтижелер аймақ әдебиетіндегі мәдени байланыстар мен тарихи жадыны одан әрі зерттеу үшін, сондай-ақ Әуезов пен Раджаби шығармаларын оқытуда пайдаланылуы мүмкін.

Мақалада тақырыпты ашу үшін жалпылау, сипаттау, жүйелеу және әңгімелеу, шолу әдістері қолданылады. Зерттеу шығармашылықтың объективі арқылы тарихи оқиғаларға қайта оралудың маңыздылығын көрсетеді, Орта Азия халықтарының мәдени мұрасын тереңірек түсінуге ықпал етеді.

Тірек сөздер: Мұхтар Әуезов, тәжік әдебиеті, проза, Тәжікстан, шығармашылық, әдебиет, тарих, мәдени мұра

Кіріспе

Әдебиет тарихында маңызды орын алатын Мұхтар Әуезов пен Додожон Раджабидің шығармашылығы аясында прозаның даму жолдары қарастырылды. Мақалада тарихи оқиғалар мен мәдени дәстүрлерді бейнелейтін дәуір прозасының тақырыптары мен ерекшеліктеріне назар аударылады. Қуғын-сүргінге, жазушылардың шығармашылығына, сондай-ақ олардың шығармаларында көрсетілген әдеби және көркемдік ерекшеліктерге ерекше назар аударылды. Зерттеу Әуезов пен Раджабидің шығармашылығын біріктіретін жалпы тақырыптар мен мотивтерді, сондай-ақ Джалол Уикромиді, Масуд Расули, Абдурахмон Абдуманнонов, Хуршед Отахонов, Фируза Шахиди, Шохзамон Рахмонов т.б. сияқты замандастарының әдебиеттегі ерекше тақырыптардың дамуына қосқан үлестерін талдайды. Нәтижесінде, мақала осы көрнекті жазушылардың шығармашылығы аясында әдеби байланыс және жалпы мәдени мұра туралы түсініктерді кеңейтеді.

XX ғасырдың 80-ші жылдардың орта шенінен бастап, 90-шы жылдарының басында қайта құру кезеңінің басталуымен бұрын одақтас болған республикаларда түбегейлі өзгерістер болды, бұл әлеуметтік қана емес, қоғамның руханиятындағы революциялық өзгерістерге әкелді. Жаңаша ойлау, ең алдымен, бұрынғы одақтың орталық газеттерінде көрініс тауып, кейіннен баспасөздің еркін бағытта қалыптасуына әкелген болатын. Егемендік орнағаннан кейін Тәжікстанда мәдениет, саясат, ұлттық тіл мен сана мәселелері ерекше қызығушылық тудыра бастады.

Мұхтар Әуезовтің шығармашылығында қуғын-сүргін салдарын

қоса алғанда, Кеңес заманының саяси және әлеуметтік жағдайлардың шынайы көрінісін табуға болады.

Абай Құнанбаевтың өмір жолы қамтылған «Абай жолы» романы әлеуметтік және саяси қысым тақырыптарын жанама түрде қозғайды. Романда дәстүр мен жаңа қоғамдық өмір арасындағы қақтығыстар бейнеленген, оларды ой бостандығы мен кеңес дәуіріне тән идеологиялық шектеулер арасындағы күрестің көрінісі ретінде тануымызға болады [1, 47 б.]. Оны репрессия туралы аллегория ретінде қарастыруға болатындай, дегенмен репрессия тақырыбы тікелей ашылып суреттейлмейтінін тағы да атап өтеміз [2].

«Қараш-қараш оқиғасы» (1927) бұл повесте феодалдық жүйе мен әділетсіздікке қатысты сын бар, олар көбінесе кеңес дәуіріндегі әділетсіздік пен репрессиялық режимді сынға алды. Сталиндік қуғын-сүргінге тікелей сілтеме болмаса да, қоғамдық қысым мен оқиғалар трагедиясының атмосферасы қуғын-сүргіннің жалпы тақырыбымен байланысты болғандығын байқауымызға болады [3, 78 б.]. Повес қарапайым адамдардың әділетсіздігі мен сенімсіздігі туралы баяндайды, оны саяси қуғын-сүргінге жанама аллегория ретінде де қабылдауға болады. Айта кету керек, Әуезов өмір кешкен кезеңде сталиндік қуғын-сүргінге тікелей сын айту, ол тақырыпты көтеру қауіпті болғаны белгілі және көптеген жазушылар өз ойлары мен тәжірибелерін жанама түрде білдіру үшін аллегориялар мен метафораларды қолданды [4, 67 б.]. Осы тұрғыдан қарасақ жанама мағыналы дүниелерді Әуезов шығармаларынан да көре аламыз.

Жалпы екі қайраткердің шығармаларының байланысы, ұқсас тұстары туралы айтар болсақ, психологиялық қысым және әділеттілік үшін күрес: олардың еңбектерінде саяси қуғын-сүргін мен тоталитарлық режимнің салдары болған психологиялық қысым мен әлеуметтік әділетсіздікке қарсы күрес тақырыбы бар.

Екі жазушы да ұлттық бірегейлік пен рухани мұраның маңыздылығын көрсете отырып, өз халықтарының мәдени және әдеби дәстүрін сақтауға және дамытуға ұмтылды.

Жеке тұлғаға табынуды сынау: олардың еңбектерінде Кеңес дәуіріне тән жеке тұлғаға табынушылықты сынау және оның қоғамға жойқын әсері де байқалады. Әуезов пен Раджаби тарихи оқиғалар мен трагедияларды болашақ ұрпақ үшін маңызы мен мәнінің жоғары екендігін жеткізуге тырысты.

Тәжік әдебиетінде азаматтық соғыстың қайғылы оқиғаларын сипаттау, соғыс құрбандарының ащы тағдырын ашық көрсету көптеген роман мен повестердің, очерктер мен әңгімелердің басты тақырыбына айналды. Ол кездегі шығармалар қатарын реалистік прозаға жатқызар болсақ, сол заман өкілдерінің тағдырын неғұрлым терең, шынайы

сипаттаумен ерекшеленген-ді. Реалистік шығармалардың қатарына тәжік жазушылары Додожон Раджаби, Урун Кухзод, Саттор Турсун, Абдулхамид Самадов, Кароматулло Мирзоев, Пури Хамрох және т.б. прозаларын жатқызамыз. Аталған тұлғалардың шығармалары әлеуметтік шындықты көркем түрде сәтті бейнелейді. Халықтың бақыты үшін өз өмірін құрбан еткен тәжік ұлдарының өмірі мен қызметі лайық түрде бағаланбай, әділетсіз жала жабылып, оларға халық жауы деген атау таңылғаны белгілі. Осы және бірнеше тақырыптардың өзектілігін мақаламызда ашуға тырысамыз.

Материалдар мен әдістердің сипаттамасы

Айтып өткеніміздей, бұл тақырып қайта құру кезеңімен байланысты болды. Туындының басты тақырыбы – 37 жылдардағы қуғын-сүргін құрбаны болған әдебиетшілердің тағдыры болды. Додожон Раджабидің «Таза беттегі дақтар» [5], «Айрылысу түні» [6], «О, менің жанашыр әпкем» [7] және «Қисық аспан» [8] шығармалары астарлы тақырыптар аясында жазылған әрі тауарих үшін үлесі зор шығармалар болды. Осы шығармалардан кейін әдебиеттанушы Сохиб Табаровтың [9], Абдурахмон Абдуманноновтың және Фирза Шахидидің [10], Хуршед Отахоновтың [11], журналист Али Бободжонның [12], жазушы Заромның және т.б. жазушылардың еңбектері жарыққа шықты [13]. Додожон Раджаби кейінірек «Қисық аспан» кітабында жарияланған шығармалар циклінде алғаш рет фактілер мен нақты оқиғаларды, құжаттарды егжей-тегжейлі зерттей отырып, 1937 жылы орын алған қанды оқиға Сталиндік режимнің құрбаны болған зиялы қауымның қайғылы тағдыры туралы жазады.

Д.Раджабидің шығармалары зерттеуші-жазушылар Т.Бердиева, А.Абдуманнонов, А.Набави, С.Ағзамзода, С.Саидовтың назарын өзіне аударды. Әдебиеттанушы С.Ағзамзода осы тақырыпта Додожон Раджабидің ізденістері мен жазбалары ерекше назар аударуға тұрарлық екенін атап өтеді.

Сонымен қатар, қазақ әдебиетінде Мұхтар Омарханұлы Әуезов осы тақырып аясында, қазақ пен тәжік әдебиеті арасындағы байланыстарды терең зерттеді. Әуезовтің еңбектері қазақ-тәжік әдеби байланыстарының берік орныққанын дәлелдейді. Ол XIX ғасырдағы Абай Құнанбайұлының шығармашылығы арқылы қазақ-тәжік мәдени ықпалдастығын анықтап, әрі қарай дамытуға күш салды. Әуезов XX ғасырдың 50-ші жылдары қазақ жұртшылығын тәжік әдебиетінің құнды шығармаларымен таныстырып, ұлттық баспасөзде бұл туындылардың әлеуметтік және әдеби мәселелерді түсінуге ерекше септігін тигізгенін көрсетті.

Әуезов пен Раджабидің шығармалары өз заманының

ауыртпашылықтары мен қуғын-сүргін көрген зиялы қауымның тағдырын, сонымен бірге әдеби және мәдени байланысты сақтау үшін істелген еңбектерін жеткізу арқылы екі халықтың әдеби және мәдени мұраларын біріктіретін құнды зерттеу көзі ретінде маңыздылығын дәлелдейді.

Нәтижелер мен талқылау

Қазақ-тәжік әдеби байланыстарының тарихында Қазақстанның әлемнің көптеген халықтарымен әдеби байланыстарын зерттеу мен жолға қоюда шығармашылық еңбегімен қатар, қазақ жазушысы Мұхтар Әуезов үлкен рөл атқарады.

М. Әуезовтің ерекше тұлғасы мен жазушылық жолы Қазақстанда ғана емес, шетел асып өз бағасын алғаны белгілі. М. Әуезов туралы оның шығармашылығына арналған көптеген ғылыми еңбектер мен монографиялық зерттеулер жазылғанымен, ғылыми әдебиеттерде қамтылмаған бірқатар мәселелер бар. Осындай аз зерттелген мәселелердің бірі – оның тәжік әдебиетіне деген көзқарасы, оның шығармашылығының тәжік әдебиеті жазушыларына берген әсері, оның шығармаларын тәжік оқырмандарының қабылдауы сынды мәселелер болып отыр.

Тәжікстан мен Қазақстан әдебиетін салыстырмалы зерттеу ХХ ғасырдың ортасынан басталды. Екі ел компаративизмінің бастауында көрнекті жазушы, ғалым Садриддин Айни мен Мұхтар Әуезов тұрды. Кеңес дәуіріндегі әдебиеттану ғылымының, әсіресе ресейлік салыстырмалы әдебиеттанудың дамуына байланысты 60-жылдардың басынан бастап Орта Азиядағы әдеби байланыс бойынша зерттеулер қарқынды дамыды. Осы кезден бастап Алматы, Душанбе және Ташкентте салыстырмалы әдебиеттану мәселелеріне арналған түрлі өңірлік әрі халықаралық конференциялар өткізілді. Тәжікстан мен Қазақстанда көптеген жинақ, кітаптар, библиографиялық көрсеткіштер, ғылыми конференци мен симпозиумдар тезистері мен материалдары жарық көрді. Диссертациялық жұмыстар, зерттеу жұмыстары қорғалды.

Абай шығармашылығы жаңа заман әдебиеті қалыптаса бастаған кезеңде басталып, дамығаны белгілі. Ол Фирдоуси мен Низамиден бастап М. Ю. Лермонтов пен А. С. Пушкинге дейінгі әлемдік әдебиеттің көркем мұрасын игерді. Сондықтан оның шығармашылығындағы («Ескендір», «Масғұт», «Өзім әңгімесі» поэмалары) аудармалары мен шығармашылық стилизациясы соның айғағы. Осылайша Абай өзінің шығармашылық қызметінде шығыспен, ең алдымен тәжік классикалық әдебиетімен тығыз байланыста болғанын бағамдаймыз. Бұған оның гуманистік идеяларға толы моральдық-ағартушылық өлеңдері ғана емес, сонымен қатар Унсурулмаали Кей-кавустың «Қабуснама» және

Муслихиддин Сағидің «Гүлстан» сияқты парсы-тәжік классикалық әдебиетімен тығыз байланысты «Ғақлиялар» («Қара сөздер») прозалық шығармасы дәлел бола алады. Бұл туралы М. Әуезов, А. Жиреншин, Ш. Қ. Сәтпаева, М. Мырзахметов және т. б. зерттеушілер атап өтеді.

Абайдың бірқатар өлеңдерінде М. Әуезов тәжік классикалық поэзиясының жетекші жанрларының бірі – ғазал үлгісін көреді. Оларға «Қор болды жаным», «Сен мені не етесің?» және т.б. жатқызуға болады, онда махаббат тақырыбын сипаттаудың шығыс тәсілі көрініс береді. Бұл өлеңдерде, классиктер ғазалдарындағыдай, сағыныш, қызғаныш, үмітсіздік және махаббат сезімдері бейнеленген. Бұл өлеңде ғашықтық ғазалдарында үнемі кездесетін «бару» – рафтан, «бөтенді жолдас ету» – агер, «кел ертерек» зуд ой, «серт бұзған» – вадахилофи сияқты ұғымдар бар.

Абайдың рухани өлместігін түсіну оның этикалық мұратымен байланысты. Бұл Абайдың ұлы ұстазы Фирдоусидің сөздерін еске түсіреді.

Ерлер мен қариялар, жігіт-қыздар,

Бақытқа шақырар менің әуендерім.

Тіпті ғасырлар бойы ұйқыда жатсам да,

Мен өлмеймін: Мен тірімін! [14] (еркін аударма).

Абай Құнанбаевтың шығармашылығын зерделеу Кеңес өкіметі жылдарында ғана басталғаны, оны көлемді зерттеушілерінің бірі Мұхтар Әуезов болғаны белгілі. Қазақ классигінің өлеңдерін орыс тіліне аудару да кейінірек жүзеге асырылды. Сол себепті тәжік оқырмандары мен зиялы қауым 1950-ші жылдарға дейін Абай туралы аздаған ақпараттармен таныс болды. Ол туралы алғашқы ақпарат тәжік баспасөзі беттерінде пайда бола бастады. 1950 жылы 11 тамызда «Хакикати Ленинобод» («Ленинабадская правда») газетінде Абайдың туғанына 105 жыл толуына байланысты А.Мирпочаевтың «Великий друг русской культуры» атты қысқаша мақаласы жарияланды [15].

Әлемдік әдебиеттің ұлы ескерткіштерінің бірі – Фирдоусидің «Шахнама» кітабын қазақ тіліне аудару қазақ халқының өміріндегі маңызды, әдеби оқиға болды. Алғашқы араб аудармаларынан бастап (1218-1227) бұл монументалды шығарма әлемнің көптеген елдерінде түпнұсқада және әртүрлі аудармаларда таралды. «Шахнаманың» қазақ әдебиетіне әсері туралы әдебиеттанушылар М. Әуезов, М. Қаратаев, Ә. Сатыбалдиев, Т. Жүргенов, М. Байділдаев, Р. Бердібаев, Ә. Коңыратбаев және т. б. зерттеушілер сөз қозғады.

Қоғам қайраткері, тәжік жазушысы Атахон Сайфуллоев өзінің шығармаларын Орталық Азия жазушыларының ең танымал шығармаларын зерттеуге арнайды. Ол тәжік, өзбек және түркімен жазушыларының шығармашылығындағы прозаның дамуын Орта

Азиядағы реалистік проза дәстүрлерінің жалғасы екенін айтады. Сондай-ақ, Орта Азия жазушылары тарихты объективті түрде көрсетуімен қоса, халықтың жанашыр ұлдарының жарқын бейнелерін жасайтындығын атап өтеді. Ал, профессор М.Ходжаева көркем шығармадағы нақты оқиғаларды пайдалану турасында тақырып өрбітеді. А.Набавидің «Прозадағы ізденістер мен инновациялар» [15] және А.Сайфуллаевның еңбектерінде көркем прозаның дамуының әртүрлі аспектілері зерттелген. Бұл тақырып Ресей, Беларусь, Молдова, Грузия, Қазақстан, Қырғызстан, Өзбекстан және ТМД-ның басқа елдерінің ғалымдарының назарын аударған болатын.

Тәжік әдебиеттанушысы Абдухолик Набави тәжік әдебиетінің ерекшеліктері туралы көптеген өзгерістермен қатар, жазушылардың назарындағы революциялық ұмтылыстар мен көзқарастардың, соңғы 10-15 жылда жемісін берген мәселелер мен көркемдік ізденістердің қарастырылып жатқаны туралы пікірлері бар. Бұл пікірді негізге ала отырып, екінің бірі бара қоймайтын тақырыптарда сөз қозғаған тәжік жазушылар қатарын атап өтсек болады. Профессор Атахон Сайфуллоев 90-шы жылдардағы ғасыр трагедиясына арналған бірқатар тарихи шығармалар жасалғанын атап өтеді. Құтби Кирдің «Тугралды өлтіру» (1993) және Додожон Раджабидің «Қисық аспан» (1998) кітаптарында кеңестік саясаттың әкелген зардабы салдарынан ел қайраткерлерінің басына түскен трагедиялар көрсетілген. Аталмыш шығармада Додожон Раджаби тәжік халқының тамаша жазушылары Хаким Карим, Рашид және Гани Абдулло, Джалол Уикром, Рахим Хошим және т.б. ақын-жазушылардың сонау 1937 жылдары басынан өткерген оқиғаларын баян етеді.

Додожон Раджабидің ХХ ғасырдың 80-90-шы жылдар басындағы еңбектері 37-ші жылдар оқиғасын зерттеп, көркем публицистикалық тұрғыдан баяндауға, 30-50-ші жылдардағы жеке тұлғаға табынудың салдарын ашуға алғашқы әрекет ретінде көрініс алғаны бар. Ол уақыттарда бұл тақырып аса өзекті болмай, кеңестік кезеңдегі қиындықтар тарихи-көркемдік тұрғыдан зерттелмеген күйінде қала берді. Додожон Раджаби 30-шы жылдары жарияланған жүздеген мұрағат материалы мен мақалаларды, құдалау мен азап кешкен куәгерлер мен әдебиетшілердің туыс-туғандарынан есіткен әңгімелерін тыңдай, зерттей жүріп, оқиғаларды терең әрі шынайы жеткізе алды. Жазушы мұрағат материалдарына сүйеніп, тәжік халқының ұлы ұлдарының қайғылы тағдырын, замана әділетсіздігі мен сатқындығын, орынсыз шеккен азабын, олар көрген қысым мен 37-ші жыл тарихының қайғылы тұстарын ашып көрсетті.

Додожон Раджаби еңбектерінің қуғын-сүргін оқиғаларына, жазықсыз айыпталушыларды қатігез түрде азаптауға ғана емес, өлім

жазасына кесілген адамдар тағдырына деген аянышы оянып, елдің тарихын сақтап қалу жолында пайда болғанын бағамдауға болады. Соныменқатаротаршылдықжылдарындақуғын-сүргінгеұшырағандарды жаппай оналту, олардың тарихтағы рөлін қайта жаңғырту тақырыптары да ескерусіз қалмады. Айта кету керек, әдебиетте бұл тақырыптарды зерттеуді орыс жазушылары бастады, кейіннен ТМД-ның құрамындағы бұрынғы елдердің тарихы мен әдебиетінде өз жалғасын тапты.

Жазушының назары талантты жазушы Хаким Каримнің өмір трагедиясына ауды. Оның өмірінің зерттелмеген беттері «Хаким Каримро ки кушт?» еңбегінде жазылды. Жазушының әңгімесінің желісі негізінен Хакимнің жесір қалған әйелі Бонухон Максудованың естеліктеріне негізделген.

Бұл шығарма бастапқыда «Адабиет ва санъат» газетінде (1986, 27 наурыз) жарық көрді. Осы еңбек Додожон Раджабидың жауабы табылмаған сансыз сұрақтарымен басталады. Жазушының он төрт ай бойы, ал әйелі Бонухонның бір жыл он бес күн қамауда болғандығы, алты айлық балалары Абдухалимның ата-анасынан ажырап, балалар үйінде қайтыс болғандығы, сондай-ақ жазықсыз шарананың жан тапсыруына кінәлілерді іздеу сәті бейнеленген. Осы шағын ойдан қайғылы уақыттың құрбаны болған талантты тәжік жазушысының өмір тарихын ашуға ұмтылған жазушы идеясы қылаң беретіндей. Бонухонның әңгімелеріне негізделген бұл еңбек Хаким Каримнің өмірінен алынған эпизодтарды, оның көркем бейнесін жарыққа шығарып, оқырмандарды жауынгер жазушы өмірбаянымен толығырақ таныстыруға мүмкіндік берді.

Жазушы өміріндегі көп естеліктері – Бонухонмен өткен бақытты шақтары, олардың Сталинабадқа көшуі, Жазушылар Одағы ғимаратында тұрған кездері, сонымен қатар тәжік жазушылары Рахим Джалил, Мухиддин Аминзода, Қожа Содик, Абулкосим Лохутилармен шығармашылық байланыстары, жазушының аударма қызметі туралы әңгімелері аса маңызды. Бонухонның айтуынша, 1937 жылы 20 қыркүйекте олардың бақытты шақтарын «Ұлтшылдар тобы жойылсын» деген атпен жарияланған мақаласы бұзған. Аталмыш мақала Хаким Каримге халық жауы, Ходжент саудагерінің ұлы, буржуазияшыл, ұлтшыл деп айыпталуына себепші болды. Ал, Бонухон бұл оқиғадан екі апта өткен соң халық жауының әйелі ретінде қамауға алынып, ұлқыздары балалар үйіне жіберілгенін баяндайды. Көп ұзамай оны басқа да қылмыстары үшін айыптаған тағы бір мақала жарыққа шығады. Бонухон айтқандай, Хаким Карим өзін таңылған партия ісіндегі жала жабудан өмір бойы азап шекті.

Додожон Раджаби өз шығармасына Хаким Каримді кім өлтіргендігі туралы ізденістерін тақырып етіп алып және Хаким Каримнің фашистердің оғынан немесе басқалар қолынан қаза тапқан сәтте қапа

болған сәтін бейнелеп, ол қылмысты ешқашан да, ешкім де, жуып-шая алмайтындығын ызалана суреттейтін сәті бар. Бұл жолдардан сталиндік қуғын-сүргін трагедияларынан бөлек, қудалау мен азаптауға ұшыраған жазушылардың серіктері, әріптестері де айыпты болуы мүмкін деген қорытындыға келгенін байқауға болады. Жазушы үшін сталиндік режимнің қайғылы оқиғаларын сипаттап, қарапайым адамдардың бейбіт өмірі мен адамгершілік мәселелерін ой елегінен өткізіп, көркемдік тұрғыдан бейнелеу, әрине, оңай болмады.

Әдебиеттанушы Т.Бердиева Додожон стиліндегі шешендік үлгілерді қарастыра келіп, Додожон Раджабидің нағыз тарихшы іспетті, бұлтартпас фактілерге сүйеніп, ерік-жігері мықты жазушылар мен олардың өмірінен орын алған әділетсіздіктерге қатысты көркем шындықты ашатыны жөнінен пікір білдіреді [14]. Шынында да, жазушы туындыларын қарастырған сәтте оның айқын жазылған еңбек екенін бірден байқауға болады. Жазушының дәл осы стиль ерекшелігі тәжік әдебиеттанушысы Р.Тошматовтың да назарын аударды. Д.Раджаби сипаттап отырған оқиғаларын барынша шынайы беру мақсатында мәліметтерді негізге алатынын, материалдарды Фирдоуси республикалық кітапханасындағы газет-журналдар мен мемлекеттік мұрағат көздерінен алып, мұқият зерттегенін, сонымен қатар, 30-50 жылдардағы қуғын-сүргінге ұшыраған партиялық және мемлекеттік корреспондент, заңгер, ғалым, ақын-жазушылардың ресми мәліметтерін қолданғанын айтады.

XX ғасырдың 30-40-шы жыл әдебиетшілер өміріне арналған Додожон Раджабидің шығармалар жинағы ел басындағы мәселелерді көркемдік тұрғыдан шешу тұрғысынан 80-ші жылдардың аяғы мен 90-шы жылдардың басындағы әдебиетке жаңа леп ала келді. Тақырыпты зерттеу кезінде жазушы мұрағаттық құжаттарға, оқиға куәгерлерінің әңгімелеріне сүйене отырып, сталиндік қуғын-сүргіннің құрбаны болған жазушылардың бейнесін жарқын, сенімді түрде қайта жасайды. Додожон Раджаби бұл тақырыптар легіне кештеу болса да үніліп, ерек туындыларды жасауға кіріскен еді. Оның шығармашылығындағы тақырып жаңалығы, көркемдік зерттеу, жаңа мәселелерді шешу тұрғысындағы шеберлігі Тәжікстандағы көркем прозаның қалыптасуы мен дамуына үлкен әсер етті [9].

Тәжік әдебиеттанушысы С.Саидов болса, Додожон Раджаби шығармашылығының ерекшелігіне назар аудара отырып оның әңгімелерінің асыл, мейірімді, ақылды әрі білімді тәжік ұлдарының аяусыз тағдыры мен қиындықтары туралы көптеген деректер мен мәліметтерге толы екендігін, ол әңгімелерді жаның ашымай оқу мүмкін еместігін, Додожон Раджаби ащы шындық туралы көркем тілде айтатынын, оқырмандар алдында сол дәуірдің сұсты суреттерін айнытпай келтіргендігін атап өтеді [14].

Сонымен Додожон Раджабидің әр жылдары жарық көрген шығармалары, 80-ші жылдардың соңындағы тәжік баспасөзінде жарияланған еңбектері, ХХ ғасырдың 90-жылдарының басында Джалол Уикромидің «Бастан өткен» кітабы, Сохиб Табаровтың «Сағдулло Рабейдің ащы тағдыры», Абдурахмон Абдуманнонов пен Фируза Шахидидің «Жалғыздық», Хуршеда Отахонованың «Бақытсыз жазушы», Зариф Гуломның «Ақынның ұлы» және т.б. еңбектері тәжік еліндегі әлеуметтік-саяси тақырып аясында сөз қозғап, оның салдарын бағамдар тұста маңызды.

Қорытынды

Додожон Раджаби жазықсыз жала жабылып, халық жауы атанған барлық дерлік тәжік жазушыларының тағдырын параққа түсірген алғашқы жазушы. Көркем зерттеулерін шағын эссе жанрынан бастап, ірі шығармалар жинағымен жалғастырды. Шығармаларының әрқайсысы әр уақытта жазылғанымен оларды біріктіріп тұратын ортақ ерекшеліктер табылады. Әңгімелерінің сюжеті тәжік зиялылары мен олардың отбасысы көрген трагедиясын, кейбір жазушыларға жасалған сатқындықтар мен езгіні баяндаудан, азаптау және жазықсыз тұтқындарға тағылған айыптардан тұрды.

Жазушы шығармаларына көркемдік шеберлік тұрғысынан қарасақ реалистік стиль үлгілерін табамыз. Шынайы шығарма жазу жолында 30-шы жылдардағы мемлекеттік және отбасылық мұрағаттардың, газеттер мен журналдардың материалдарына, сталиндік қуғын-сүргін оқиғаларының куәгерлерінің әңгімелеріне сүйенді. 37-ші жыл әділетсіздігінің құрбаны болған жазушы-ақындардың, әдебиеттанушылардың өмірін зерттеу негізінде шығармаларды мүлдем жаңа стильде қозғайды. Жазушының шығармаларында тәжік халқының асыл ұлдарының басына түскен трагедия мен азап турасында тарихи мәліметтер жазылған.

Сталиндік қуғын-сүргін оқиғаларының көрінісі айтылмаған тақырыптар санатында екені даусыз. Елдің егемендік алғаннан кейін бұл тақырыпты зерттеу тәжік қайраткерлері ішінен атап өткеніміздей Додожон Раджаби еңбектерінен бастау алып, Абдурахмон Абдуманнонов, Хуршеда Отахонов, Зариф Гулом, Масуд Расули, Джалол Уикромидің прозаларының жалғасын тапты. Аталған жазушылардың әрқайсысы тақырыпты аша түсу үшін белгілі бір мақсатқа сүйенетіні сөзсіз. Абдурахмон Абдуманнонов пен Зариф Гуломның шығармалары сталиндік қуғын-сүргін оқиғалары мен ащы шындықты көрсету жолында көркем стильде жазылған. Джалол Уикромидің, Хуршеда Отахонованың және Масуд Расулидің шығармаларына мән берсек, ол еңбектердің мемуарлық сипатта жазылғанын байқаймыз. Әр түрлі стильдер мен жанрларда жазылғанымен, бұл жұмыстардың барлығы ортақ мүддеге,

тақырыптар мен идеялар жолында жазылған. Мұндай шығармалардың басты ерекшелігі – олардың кейіпкерлері жалған айып тағу мен жаланың құрбаны болуында, ал шығармалардың сюжетіндегі ерекшеліктерге келер болсақ материал құрылымдарының тыйым салынған мұрағаттан алынған мәліметтерге сүйене жазылуында болып отыр.

Мұхтар Әуезов пен Доджон Раджабидің шығармаларын талдау олардың шығармашылығының әдеби дәстүрдің қалыптасуына айтарлықтай әсерін көрсетеді. Екі жазушы да тарихи-мәдени контекстердің айырмашылығына қарамастан, әлеуметтік әділеттілік, қуғын-сүргін және психологиялық қысым сияқты ұқсас тақырыптар мен мотивтерді қарастырады. Олардың шығармалары Орта Азияның әртүрлі мәдениеттері арасындағы әдеби байланыстың маңызды буыны болып отыр.

Әуезов пен Раджабидің шығармашылығы өз халықтарының жалпы мәдени мұрасының маңызды элементін құрайды. Олар өз шығармалары арқылы мәдени дәстүрді сақтап дамытады, маңызды мәселелерді зерттейді және тарихи жадыны бейнелейді. Олардың жұмыстары аймақтың әдеби дамуына әсер еткен мәдени-тарихи бірегейліктің терең аспектілерін түсінуге көмектеседі. Зерттеу Раджабидің шығармашылығы Джалол Икромиді, Масуд Расули, Абдурахмон Абдуманнонов және т.б. авторлардың шығармаларымен байланысатын қазіргі тәжік әдеби контекстіне шолуды қамтиды. Жұмыс Әуезов пен Раджаби шығармашылығының объективі арқылы әдеби байланыстар мен мәдени мұраны одан әрі зерттеудің маңыздылығын көрсетеді. Зерттеу нәтижелері Орта Азияның мәдени және әдеби байланыстарына қызығушылық танытатын әдебиеттанушылар, тарихшылар мен мәдениеттанушылар үшін, сондай-ақ аймақ әдебиетін оқыту мен насихаттау үшін практикалық маңызға ие.

Жалпы, мақала Мұхтар Әуезов пен Доджон Раджабидің шығармашылығы Орта Азиядағы әдеби және мәдени байланыстың негізгі элементі ретінде көруімізге де болады, олардың постколониалдық әдебиеттің дамуына және мәдени мұраның сақталуына әсерін көрсетеді.

Қаржыландыру туралы ақпарат

Мақала ҚР ҒЖБМ Ғылым комитеті қаржыландырған BR20281009 – «Қазіргі әдебиеттану мен өнертанудың өзекті мәселелері» негізінде жазылды.

ӘДЕБИЕТ

Аңдатпа. Мақалада орыс жазушысы Д. Глуховскийдің антиутопиялық шығармаларындағы «бостандық» концепті талданады. Әр түрлі антиутопиялық мәтіндерге сілтеме жасай отырып, автор жазушылардың осы жанрды қазіргі қоғамның мәселелерін әшкерелеу және бостандық пен жеке құқыққа төнетін қауіптерді анықтау үшін қалай қолданатынын зерттейді. Жұмыстың мақсаты – Д.Глуховскийдің «Метро» және «Пост» антиутопиялық шығармаларындағы «бостандық» концептін талдау. Себебі бостандық тақырыбы антиутопиялық шығармалардағы басты тақырыптардың бірі болып табылады. Ғылыми зерттеудің негізгі бағыттары мен идеялары автордың антиутопиялық шығармаларындағы «бостандық» концептісіне бағытталған. Жұмыстың ғылыми және практикалық маңыздылығы – дәл қазір Ресейде болып жатқан тарихи оқиғалардың аясында ресейлік антиутопия өзекті болып отыр. Мақалада салыстырмалы-тарихи және лингвистикалық талдау әдістері қолданылады. Жұмыстың негізгі нәтижелері антиутопиялық зерттеулердегі «бостандық» концептісін зерттеудің маңыздылығын көрсетеді, өйткені қоғамда бостандық пен бостандық құқығы маңызды. Өзі үшін шешім қабылдау құқығынан айырылған адам өмірінен айырылады. Қазіргі Ресейдің жағдайы және адам құқықтары да Д.Глуховский үшін басты тақырып болып табылады. Антиутопияны зерттеу саласындағы зерттеудің мәні мынада: Д. Глуховскийдің жұмысын қазір уақытында талдау маңызды, өйткені автоды Ресейде иноагент қатарына кіргізген. Жұмыстың практикалық мәні материалды басқа зерттеулер үшін қолдануға болады. Антиутопиялық шығармаларда бостандық концепті әрқашан тоталитарлық билікке қарсы тұрады. Бұл сөз бостандығы, іс-әрекет бостандығы, таңдау еркіндігі, қозғалыс еркіндігі, сөз бостандығы және ең бастысы – ойлау еркіндігі. Классикалық антиутопиялық жазушыларға сүйене отырып, Д.Глуховский тоталитарлық режимдегі адамның бостандығына назар аударады.

Тірек сөздер: дистопия, орыс дистопиясы, Бостандық концепті, Глуховский, тоталитарлық режим, қоғам, сөз еркіндігі, диктатура

КОНЦЕПТ "СВОБОДА" В АНТИУТОПИЧЕСКИХ ПРОИЗВЕДЕНИЯХ Д.ГЛУХОВСКОГО "МЕТРО" И "ПОСТ"

* Баймусина З.Б.¹, Розиева Д.С.², Жапаркулова К.Ж.³, Хошаева Г.Б.⁴

*¹КазНУ им. аль-Фараби, Алматы, Казахстан

^{2,3}КазУМОиМЯ имени Абылай хана, Алматы, Казахстан

⁴КазГосЖенПУ, Алматы, Казахстан

Аннотация. В статье анализируется концепт "свобода" в антиутопических произведениях российского писателя Д.Глуховского. Обращаясь к различным антиутопическим текстам, автор исследует, как писатели используют этот жанр для обнажения проблем современного общества и выявления возможных угроз свободе и личным правам. Цель работы – проанализировать концепт "свобода" в антиутопических произведениях Д.Глуховского "Метро" и "Пост", поскольку тема свободы является одной из главных тем в антиутопических произведениях. Основные направления и идеи научного исследования фокусируются на анализе концепта "свобода" в антиутопических работах автора. Научная и практическая значимость работы состоит в том, что именно русская антиутопия сейчас становится актуальной на фоне исторических событий, происходящих в России. В статье используются сравнительно-исторический метод и лингвистический анализ. Основные результаты работы показывают важность исследования именно концепта "свобода" в антиутопических исследованиях, поскольку именно свобода и право на свободу важны в обществе. Человек лишенный прав решать за себя, лишается и жизни. Состояние нынешней России и права человека тоже является главной темой для Д.Глуховского. Ценность исследования в область изучения антиутопии состоит в том, что работы Д.Глуховского сейчас важно проанализировать вовремя, поскольку автор уже считается иноагентом в России. Практическая значимость работы сводится к использованию материала для других исследований. В антиутопических произведениях концепт свободы всегда противостоит тоталитарной власти. Это свобода слова, свобода действий, свобода выбора, свобода движений, свободы самовыражения и самое главное – свобода мыслить. Следуя за классическими антиутопистами Д.Глуховский обращает внимание на свободу человека при тоталитарном режиме.

Ключевые слова: антиутопия, русская антиутопия, концепт свободы, Глуховский, тоталитарный режим, общество, свобода слова, диктатура

Received: September 1, 2024

Information about authors:

Baimussina Zarina Baimussinovna – PhD student, al-Farabi KazNU,
e-mail: baimussina.zarina@gmail.com

Roziyeva Dilfuza Selmakhunovna – PhD, Associate Professor of the Department of Speech Practice of Foreign Philology, Ablai Khan KazUIR & WL, e-mail: rsdiluza@mail.ru

Zhaparkulova Kenzhe Zharkynbekovna – Candidate of Philological Sciences, Associate Professor, Ablai Khan KazUIR & WL, e-mail: kenjekey707@mail.ru

Khoshayeva Gulbakhram Bakhapovna – Candidate of Philological Sciences, Associate Professor, KNWTTU, e-mail: gulbakhram13@mail.ru

Авторлар туралы мәлімет:

Баймусина Зарина Баймусиновна – докторант, әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, e-mail: baimussina.zarina@gmail.com

Розиева Дилфуза Сельмахуновна. –PhD, шетел филологиясының сөйлеу практикасы кафедрасының қауымдастырылған профессоры, Абылай хан атындағы ҚазХҚ және ӘТУ, Алматы, Қазақстан email: rsdiluza@mail.ru

Жапарқұлова Кенже Жаркынбековна – филология ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор, Абылай хан атындағы ҚазХҚ және ӘТУ, e-mail: kenjekey707@mail.ru

Хошаева Гульбахрам Бахаповна – филология ғылымдарының кандидаты, доцент, ҚызПУ, e-mail: gulbakhram13@mail.ru

Информация об авторах:

Баймусина Зарина Баймусиновна – докторант, КазНУ им. аль-Фараби, e-mail: baimussina.zarina@gmail.com

Розиева Дилфуза Сельмахуновна–PhD, ассоциированный профессор кафедры практики речи иностранной филологии, КазУМОиМЯ имени Абылай хана, e-mail: rsdiluza@mail.ru

Жапаркулова Кенже Жаркынбековна– кандидат филологических наук, ассоциированный профессор, КазУМОиМЯ имени Абылай хана, e-mail: kenjekey707@mail.ru

Хошаева Гульбахрам Бахаповна – кандидат филологических наук, доцент, КазГосЖенПУ, e-mail: gulbakhram13@mail.ru

ӘӨЖ 81'42

ҒТАХР 16.01.11

<https://doi.org/10.48371/PHILS.2024.4.75.029>

ҚАБДЕШ ЖҰМАДІЛОВ ШЫҒАРМАЛАРЫНЫҢ КӨРКЕМДІК ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

* Досова А.Т.¹, Сегизбаева К.К.²

^{1,2} А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университеті
Қостанай, Қазақстан

Аңдатпа. Мақалада қазақ жазушысы Қабдеш Жұмаділов шығармаларының ерекшеліктеріне талдау жасалған. Зерттеудің нысанына «Прометей алауы», «Тағдыр» романдары алынған. Қазақ әлемі бейнесіндегі тарихи тамыр және тарихи сабақтастық, ұлт тағдыры және ұлттық мінез тақырыптары кеңінен қамтылған. Жұмыста сипаттамалы, салыстырмалы, түсіндірме, жүйелеу және ғылыми талдау сияқты дәстүрлі әдістер қолданылды. Жазушы шығармаларының тақырыптық ерекшеліктерін айқындау мақсатында тарихи кейіпкерлердің образдарын ашу үшін зерттеу жүргізілді. Қ.Жұмаділов шығармаларының тақырыбы, идеялық-көркемдік ерекшеліктер және жанрлық жүйесі анықталды. Жазушы шығармаларының басты ерекшелігі – тарихи деректердің шынайылығы мен нақтылығы, сонымен қатар ұлттық бояудың мол көрінісі автор стиліне тән, бірегей сипаты болып табылады. Жазушының қайталанбас түсінігі мен әлемді қабылдауы, оның көркемдік әдісі шығармаларда эпитеттер, метафоралар және т.б. көркемдегіш тәсілдер арқылы айқындалады. Автордың оқиғаны, құбылыстарды, кейіпкерді суреттеудегі өзіндік тіл ұстарту техникасы қалыптасқан.

Зерттеудің теориялық тұжырымдарын Қабдеш Жұмаділов шығармашылығына арналған арнайы курстарда пайдалануға болады. Сондай-ақ зерттеудің нәтижелерін жоғары оқу орындарында Қазіргі қазақ әдебиеті, Әдебиеттануға кіріспе, Әдебиет теориясы пәндері бойынша өткізілетін тәжірибелік сабақтарда көмекші құрал ретінде қолдануға болады деп санаймыз.

Мақала жазу барысында жазушының көркем прозасы ұлттың өткені мен бүгінін сабақтастыратын қазақ әдебиетінің бай мұрасы болып табылатынына көз жеткіздік. Себебі Қабдеш Жұмаділов шығармаларында ұлттың тарихы, тағдыры, мінезі, тұрмыс-тіршілігімен қатар, болашаққа деген сенімі, арманы көрініс тапқан. Ал көркем шығарма тілін талдау қазіргі тіл біліміндегі өзекті тақырыптардың бірі болып отыр.

Тірек сөздер: проза, Қабдеш Жұмаділов, Прометей алауы, образ, идея, тарихи сабақтастық, көркем әдіс, дүниенің ұлттық бейнесі

Кіріспе

Қабдеш Жұмаділов шығармаларының көркемдік ерекшелігін сипаттайтын бірнеше негізгі ережелерді атап өтуге болады. Бастысы, шығарма тақырыбының тарихилығы. Қ.Жұмаділов романдарында қазақ халқының тарихы, мәдениеті, салт-дәстүрлері, әлеуметтік мәселелері кеңінен қамтылған. Екіншіден, кейіпкерлердің психологиясы. Оқырманға кейіпкерлердің күрделі психологиялық жағдайларын, сезімдері мен ойларын терең ашады. Үшіншіден, поэтикалық элементтер мен сюжет. Шығармаларында көркем тілмен сомдалған образдар жиі кездеседі. Сюжеттік оқиғаның дамуы логикалық түрде өрбиді, өткен мен қазіргі уақытты байланыстырады.

Жазушы Қ.Жұмаділов шығармаларының негізгі ерекшелігі - шынайылығында, яғни ол жазған шығармаларының бәрі өмірде болған жайттар. Тарихи тақырыпқа арналған романдарындағы оқиғалар бұрмаланбай, шындыққа негізделген. Олардың тағы бір ерекшелігі - көтерген жүгінде. Жазушы шығармаларының көтерген жүгі - қоғамның әлеуметтік жағдайы. Адам тағдыры, ұлттың рухани дүниетанымы, әлеуметтік теңсіздік мәселелелері қаламгер көтерген басты тақырыптар болып табылады. Жазушының рухани мұрасы жайында ғылыми басылым беттерінде – жарық көрген сыни мақалаларда айтылғанмен, прозасының көркемдік қыры әлі де болса зерттелмеген. Зерттеуімізде алғаш рет жазушы шығармаларының әдеби-теориялық аспектіде айқындалуы тақырыбымыздың өзектілігін нақтылай түседі. Жазушының көркем шығармасындағы оқиғаны оқырманының жүрегіне жеткізудің басты жолы – ұлттық идеяны көркем тілмен шебер жеткізе білуінде. Автор өзінің шығармаларында өткен тарихты шынайы оқиғаларды суреттеу арқылы оқырманының дүниетанымына әсер ете білген деп ойлаймыз.

Материалдар мен әдістердің сипаттамасы

Мақалада ғылыми талдау (анализ), сипаттамалы, салыстырмалы, түсіндірме және жүйелеу әдістері қолданылды. Бұл әдістерді қолдану мақсаты - шығарманы әр қырынан алып қарастырып, оның өзгеше сипат белгілерін арнайы зерттеп, танып білу. Яғни, шығарманы идеялық мазмұн, тақырыпты баяндау ерекшеліктері тұрғысынан, немесе сюжеттік, композициялық құрылысы жағынан талдау. Жүйелеу әдісінің мақсаты – Қ.Жұмаділов «Прометей алауы» шығармасындағы көркемдік ерекшеліктерді эпитет, символ сөздер, метафоралар мен портреттерге жіктеу. Содан кейін, түсіндіру, сипаттау және салыстыру әдістерін қолдану арқылы жазушы шығармасынан жинақталған көркемдік ерекшеліктері бар мысалдарды оқырманға түсіндіру, салыстыру және сипаттау. Жазушы шығармаларының көркемдік ерекшеліктерін айқындау мақсатында тарихи кейіпкерлердің образдарын ашу үшін зерттеу жүргізілді.

Талқылау

Б.Майтанов «Сөз сыны» еңбегінде тарихи тамырластық, тарихи сабақтастық деген ұғымның маңызына тоқталып, дәуір кезеңдерін шығармаларында шынайы суреттеген жазушыларды тарихшылармен бір орынға қояды[1, 256 б.]. Тарихи сабақтастық жүгін арқалаған шығармаларға Қ.Жұмаділовтің «Прометей алауы» мен «Тағдыр» романдарын жатқызуға болады. Қабдеш Жұмаділов қазақ халқының өткен тарихы мен сол заманның қаһармандарының тағдырын шығармаларының басты тақырыбы ете отырып, елінің тыныс-тіршілігін шынайы суреттейді.

Т.Кәкішев өзінің зерттеуінде: «Жазушылардың шығармаларындағы даланың қайсар мінезді еркін перзенттерінің образдарынан қалың көпшілік өзін танып, тағылым алады», - дейді [2, 203 б.]. Көркем шығарманың көркемдік, идеалдық деңгейі жазушының шығармашылық ойлау табиғатымен, дүниетанымымен, көркемдік шеберлігімен тығыз байланыста айқындалады. «Тағдыр» романының кейіпкерлерінің әрқайсысының өз орны, мінез-құлқы мен іс-әрекеті бар, бірақ барлық кейіпкерлердің қарым-қатынасы Демежан төңірегінде шоғырланған. Қазақтың бейшара тұрмысына қынжылған Демежан қазақты өмірге бейімдеу үшін егін егіп, егіншілікке үйрететін арнайы маман шақырады. Егінге жарамды суармалы жерлердің барлығы халдайлардың қарамағында болғандықтан, Демежан көп ізденіс жүргізіп, Әбдіра мен Қараүңгір өзендерінің бойындағы өңделмеген тың егістікке қажет екі жаңа тоған салуға рұқсат алады. Халық Демежанға арқа сүйеп, ауыл шаруашылығымен айналысып, тұрмысын күннен-күнге өркендетіп, еңбекші ауылға береке келеді. Егіншілікпен айналысқан көшпелі қазақтардың тұрмыс-тіршілігіне онша мән бермеген халдайлар егіншілер тоғанның көзін таңдап, егінін күннен-күнге суарған кезде қазақтардың іс-әрекетіне қатты таң қалып, дау-дамайға кіріседі. Алайда, рудың ғана емес, бүкіл қазақтың қамын ойлайтын азаматтық биікке көтерілген Демежан туған халқына жасалып жатқан әділетсіздікке табандылығымен тойтарыс бере алады. Бұдан қазақ халқының ежелден келе жатқан ұлттық қасиеті мен ұстанымы, психологиялық ерекшеліктері қауым ішінде бұзылмағандығын көреміз.

«Прометей алауы» романындағы кейіпкерлер образын суреттеуде үлкен жауапкершілікті байқауға болады. З.Қабдоловтың айтуынша, ұлт тарихында болған тұлғалардың көркем шығармаларда суреттелуі жазушыдан үлкен жауапкершілікті талап етеді[3, 120 б.]. Жазушы шығармаларында ұлттық болмыс, мінезді ашуда үлкен жауапкершілікті көрсете алған. Қ.Жұмаділов тарихи шығармаларындағы кейіпкерлерін ұлттық идеяны насихаттау тұрғысынан суреттеген деп ойлаймыз. Қ.Жұмаділовтің «Прометей алауы» романы тәуелсіздіктен кейінгі

жазылған шығармасы. Негізгі ерекшелігі – тарихи дерек көздерінің дәлдігі мен оқиға орнының нақтылығы, ұлттық бояудың қанық болып көрініс табуында. Қ.Жұмаділов «Прометей алауы» романында тарихи тұлғаларды қазақы болмысқа тән шежірелік жолмен баяндайды. Оқиға қазақ хандығы тарағаннан кейінгі аға сұлтандар дәуірінде өтеді. Романның көтерген басты мәселесі – ұлт тағдыры. Мешіт орнына шіркеу салып, ата діннен алыстатып, мешелдікке жол сілтеген жат ділді өзге дін өкілдерімен рухани күрес кеңінен беріледі. Мұндағы қаһармандар қолына қару алып, жауға қарсы аттанбайды, бірақ олар бұдан әлдеқайда биік тұратын рухани шабуылға қарсы тұрады. Сол себепті де мұндағы кейіпкерлер өзгеден ерек, бұрынғыдан соны тұлғалар. Роман кейіпкері Ақтайлақ би жат ағымды уағыздаушылармен күресе отырып, шіркеу орнына мешіт салғызу арқылы елі үшін әділдікке қол жеткізеді.

Нәтижелер

«Прометей алауы» романы өмірде болған қазақтың соңғы ханы Кенесары қолына қару алып, күрескен ерлігі Ақтайлақ бидің баяндауымен айтылады. 18-ғасырдағы ел тағдыры баяндалады. Бұл романның негізгі мотиві – шын өмірдегі болған оқиғалар желісі арқылы отансүйгіштік пен туған жерге деген сүйіспеншілікті көрсету.

«Композиция (латынша *composito-* құрастыру, қиыстыру) бірер сөзбен айтқанда, көркем шығарманың құрылысы. Алайда мұны құрылыс деген сөзге қарап тек пішінге ғана байланысты ұғым деуге болмайды, композиция мазмұнмен тікелей байланысты нәрсе: ол - әдеби шығарманың сыртқы түрінің ғана симметриясы емес, сонымен қатар ішкі сырының да гармониясы [6, 172 б.]. Сыртқы пішін мен ішкі мазмұнның үндесіп келуі арқылы көркем шығара туады.

Туындының композициялық құрылымы мен сюжетін қарастырсақ:

Фабуласы: Жазушы Қ.Жұмаділовтың «Прометей алауы» атты романы қазақ хандығы тарағаннан кейінгі аға сұлтандар дәуіріндегі қақтығыстар баяндалады.

Романның көтерген басты мәселесі – ұлт тағдыры. Мешіт орнына шіркеу салып, ата діннен алыстатып, мешелдікке жол сілтеген жат ділді өзге дін өкілдерімен рухани күрес кеңінен беріледі. Кенесары хан отаршылдармен айқаста басын берді. Халықты құлақкесті құл етіп, аздырып-тоздырмау үшін, Ақтайлақ би ұсынған бір сенімді жолдың бар екендігін көрсетеді.

Жанры: эпостық жанр, кең көлемді роман

Тақырыбы: Отансүйгіштік

Идеясы: Жас ұрпаққа ата-баба өмірі мен ерлігін таныта отырып, ұлтжандылық, Отансүйгіштік рухын ояту, тарихта өткен елім деп, жерім деп жандарын аямаған азаматтардан үлгі алу. Осы идеяны жазушы басты

кейіпкерлердің портреті арқылы іске асырады. Ақтайлақ би, Қасым хан, Кенесары хан образдары арқылы оқырманға отансүйгіштік рухын насихаттайды.

Сюжеттің басталуы: Сексеннің сеңгіріне шыққан Ақтайлақ бидің ауыл молдасы, әрі бидің күтушісі Бәшер ноғайдың тамсануымен басталады. Ерте оянып, төбе басына шығып, ауылдың бар көрініс көріп, кімнің келгенін, кімнің кеткенін көмекшісі Бәшерден сұраумен болады.

Сюжеттің байланысы:

– Ақтайлақтың кенже ұлы - Сабырбайдың серілігі, жыр-толғауымен елге танымалдығы.

– Уәли өлгеннен соң, үлкен ұлы Ғұбайдолланың хандыққа отыруы, кейіннен орыс ұлықтары Ғұбайдолланы итжеккенге айдап жібереді.

– Ақтайлақ пен Қасым сұлтанның достығы.

– Орыс ұлықтарының бастығы, майор Сергей Нюхалов пен Ақтайлақтың кездесуі.

– Қазақтың басынан өткерген қилы кезеңі, жоңғар шапқыншылығындағы қанды оқиға.

– Кенесары көтерілісі.

– *Лаухұл-Махноз* аталатын жазмыш кітапшасында жазылған сыр.

– Шейхұл Сейіттің басты мұраты соғысу емес, мешіт-медіре салып, халықты дін жолына түсіру.

Сюжеттің дамуы: XIX ғасырдың басында Арқаға ауған қожалар көшінің көрсетуі. Түркістан жеріндегі қасиетті әулие кісілерге тағзым ету.

Сюжеттің шарықтау шегі: Ақтайлақ би басынан өткерген оқиғалар мен кезендерге шолу жасай отырып, шіркеу орнына мешіттің салынуына ат салысқан иман жүзді, әділ би екендігін көрсетеді.

Сюжет шешімі: Шейхұл Сейіттің басы арманының орындалуы. Ұлы – Құл-Мұхаммедтің әке аманатын орындап Қытай асып кетіп, кейіннен елге оралуымен аяқталады.

Жазушы шығармасында көбінесе әдеби қаһарман бейнесін жиі көре аламыз, романтикалық, лирикалық, реалистік, эпикалық образдардың барлығы дерлік қамтылып, Қасым хан, Шейхұл Сейт бейнесін аша отырып, шығарманың тарихи-идеялық тұсын айқындай аламыз. Мәселен, автор *«Қасымның ойы - ұрпаққа үлгі тастау, ел намысын қорлатпау. Ең бастысы, олар қазірдің өзінде-ақ қазаққа айбар болып отыр»* [5, 35 б.]. Қасым хан образын ел-жер көрген қайсар, ер мінезді, небір соғыс, ел арасындағы кейкілжіндерге қатысқан, білектің күшімен, ақылмен шешетін ел азаматы ретінде көрсетіп отыр. Сондай-ақ *«Тек қожаларға тән белгі де жоқ емес: кең маңдайлы, қошқар тұмсықты, сәл-пәл ерінділеу, әнтек мұрынылау. Көздері қиық емес, шаралы, сәл шүңеттеу»*[5, 6 б.]. Бұл мысалда реалистік образ ретінде Шейхұл

Сейтті оқыған дін жолындағы адам, араб елінен қазақ еліне келген кісі деп сипаттайды. Қаншама қан араласса да, арғы тектерінен араб екені көрініп тұр.

Шығарманың көркемдік сипаты кейіпкерлер образдарымен ашылады[4, 123 б.] Тарихи тақырыпқа жазылған шығарманың кейіпкерлері ұлттық келбетке ие. Мұндай кейіпкерлер көбінесе өз халқының мәдениетін, дәстүрлерін және тарихын бейнелейді. Олардың ұлттық келбеті, киімдері, сөйлеу мәнері және өмір сүру салты арқылы автор халықтың ерекшеліктерін көрсетеді.

Тура мінездеу деп автордың шығармасындағы кейіпкеріне тікелей мінездеме беруін айтамыз. Ал жанама мінездеу дегеніміз автор тарапынан кейіпкер тікелей мінезделмей, сол көркем бейненің өзіне емес, оның төңірегін, қоршаған ортасын, тұрмыс жайын, үй-мүлкін т.б. кейіпкерге қатысты жайларды сипаттау арқылы мінездеу [7, 65 б.].

Қабдеш Жұмаділов шығармаларында кейіпкерлерін тура және жанама мінездеуді қолданады. Шығармада кейіпкер бейнесін тура мінездеу Ақтайлақ, Қасым хан бейнелерін сомдауда көрініс тапқан.

Ақтайлақ. *Ақтайлақ би жасы ұлғайып кетсе де тым арсаланып жүдемеген, өң-шырайы бұзылмаған кісі. Тым ағарып, селеуше сұйылып кетпей бабымен бұрылданған сақал-мұрты да ақыл-ой қонақтаған аққұба жүзіне құп жарасып, көрік беріп тұрады* [8,5 б.]. Мысалда *тым арсаланып жүдемеген, өң-шырайы бұзылмаған* фразеологизмдері мен *бұрылданған сақал-мұрты, аққұба жүзі* эпитеттері дене-бітімі шымыр егде жастағы кейіпкердің портретін сомдау үшін тиімді пайдаланылған.

Қасым хан. *Қасымның ойы - ұрпаққа үлгі тастау, ел намысын қорлатпау. Ең бастысы, олар қазірдің өзінде-ақ қазаққа айбар болып отыр* [8,35 б.]. Қасым хан ел-жер көрген қайсар, ер мінезді, небір зұлматты еңсерген ел ағасы. Жоғарыдағы сөйлемде белгіленген тілдік бірліктер Қасым ханның дара мінезін айқындайды.

Шейхұл Сейт. *Иманды, дін жолындағы, бес уақыт намазын қалт жібермейтін кісі. Шейхұл Сейттің негізгі мақсаты – сауда емес, мешіт-медресе салу* [8,14 б.].

Кенжеғұл. Ата дәулетінің арқасында **бұла боп өскен, тілі удай ащы, әрі бет қаратпайтын шешен адам.** Мына бас еркінен айырылған кіріптар заманға өлердей қарсы [8,101 б.]. Мысалда кейіпкерге мінездеме берілген. Берілген фразеологизмдер мен эпитет арқылы Кенжеғұлдың сөзге шешен, бірбеткей адам екеніне көзімізді жеткіземіз.

Шығармада жанама мінездеу арқылы да кейіпкерлердің бейнесі ашылған. Бұған шығармадағы Ғұбайдолла кейіпкерге берілген мінездеме дәлел бола алады. Мысалы, *Уәли хан өлген соң, оның ұлкен ұлы Ғұбайдолла қазақ хандығын құлатпай сақтап қалуға күш салып-ақ көрді. Ол ел ішіндегі кейбір сұлтандар мен билерге арқа сүйесе,*

сыртта қытайдың Еженханынан көмек алуға талпынған [8,14 б.]. Жоғарыдағы мысалда кейіпкерге автор өзісуреттеу жасайды, оған қоршаған ортасындағы іс-әрекеттер арқылы баға беріледі.

Қабдеш Жұмаділов шығармасында кейіпкердің портретін шебер сомдай білген. Мысалы,

Шейхұл Сейт портреті. *Тек қожаларға тән белгі де жоқ емес: кең маңдайлы, қошқар тұмсықты, сәл-пәл ерінділеу, әнтек мұрынылау. Көздері қиық емес, шаралы, сәл шүңеттеу*[8,61 б.].

Қорытындыласақ, Шейхұл Сейт оқыған дін жолындағы адам, араб елінен қазақ еліне келген кісі. Қаншама қан араласса да, арғы тектерінен араб екені көрініп тұр. Мысалда қолданылған көріктеуіш құралдар кейіпкердің шынайы портретін беру үшін тиімді жұмсалған.

Айкүміс портретіне назар аударсақ, нағыз қазақ әйелінің бейнесін көреміз. *Сұңғақ бойлы, жұмыр денелі, омыраулы келген, кесек бітімді қыз екен Ақтайлақ: «Айкүміс – кілең ұл тапқалы тұрған қыз зой. Ұл болғанда, жай біреу емес, нағыз ат көтере алмайтын алыптарды туады!»- деген екен. Бидің сол айтқаны келді. Айкүміс кілең басы бақырдай ат көтермес ұлдар тапты* [8,44 б.]. Жазушы Айкүміс портреті арқылы сол замандағы әйелдің сыртқы келбет ерекшеліктері жайында ақпарат береді. Оқырман әйел портреті арқылы сол қоғамдағы әйел бейнесінің ерекшелігін көрсетеді. Жоғарыдағы мысалдан болашақ ұрпақтың қандай болатындығы әйелдің сыртқы бет-пішініне байланысты екендігін дәлелдейді. Жұмыр денелі әйелден алып ер балалар туатындығын көрсетеді.

Шығарма тарихи кезеңдерді шолуға негізделген. Яғни, Ақтайлақ бидің басынан өткерген кезеңдері мен тарихи кезеңдер суреттеледі. Шығарма басталғаннан соңына дейін, тіпті асқақтала суреттелген кейіпкер Ақтайлақ би болды. Оның батыр кезінен бастап, сексеннің сенгіре келген қарт кезеңіне дейін суреттеледі.

Дәл осы сарынмен жазушының келесі туындысын алып қарастырсақ, «Тағдыр» романы да тарихи өмір арнасын қозғайтын - отаршылдық биліктің байланысында ұлт тағдырын, азаттық күрестің қиын жолдарын байланыстыратын шығарма. Романда архивтің терең қоймаларында жасырылған осы уақытқа дейін көпшілікке белгілі болмаған қатыгездіктердің де беті ашылады. Мәселен, өткен ғасырдың алпысыншы жылдарында дүнген көтерілісіне қосылған қазақтар кейіннен үлкен шығынға ұшырайды, өз күштерімен халық қозғалысын баса алмайтындығына көз жеткізеді. Шыңжаң билеушілері патшалық Ресейден әскери көмек сұрайды. Жетісудан келген Колпаков құрамалары азат етуді сұрағандарды басып тастайды және бұл әскерлер көп уақыт осы аймақта тұрақтап қала отырып, Қытай империясына болысты. Дәмежан халық тағдырын тереңінен ойлайтын, өз мүддесінен

ел мүддесін жоғары қоятын тұлға ретінде ашылған, халқына адал қызмет еткен бұл бейненің өмірі трагедиямен аяқталады, бұл өз алдына бір заңдылық. Жазушы билеуші тапқа намысты, жігерлі тұлғалардың болмысынан гөрі, мансапқор, халық мүддесін сатып кететіндер оңтайлы боларын байқатады.

Жазушының шығармаларында көркемдегіш құралдар шығарманың көркемдік қырын арттыруға жұмсалған. Қаламгер өз шығармаларында заттың, яки құбылыстың ерекшелігін, сыр-сипатын бейнелі түрде танытатын поэтикалық ұғым, экспрессивті айқындауш сөзді, яғни эпитетті шебер қолданған. Мысалы: *Бір кездегі таң арайындай шапақ атып тұрған сұлу, нұрлы жүзіне ұсақ әжімдер түсе бастаған* [5, 618 б.]. *Бибі бүгін үстіне қоңырқай көйлек, қара қатипа камзол киіп, басына қара бөртпе шәлі жамылыпты* [5, 618 б.]. *Үстінде кең-мол тігілген жасыл жібек шапан, басында құндыз бөрік* [5, 397 б.].

Жоғарыдағы мысаладардағы эпитеттер кейіпкердің образын сомдауда қолданылған. *Сұлу, нұрлы жүз, ұсақ әжімдер, қоңырқай көйлек, қара бөртпе шәлі жасыл жібек шапан, құндыз бөрік* сөз тіркестері кейіпкер бейнесін дәл беріп қана қоймай, шығарма тіліне экспрессивтік реңк үстеген.

«Прометей алауы» романында метафоралар кездеседі. Мысалы: *Хан-қанаушы, би-кертартпа, ақындар – халық жаяуы* [5, 196 б.]. Оқиғаға қатысты астарлы ой айтылған. Символ да метафора сияқты тілдік тұлғаның тіліндегі ұлттық мәдениеттің көрсеткіші ретінде көрінеді. *Ақ, қара түстері символикалық мәнге ие болады. Қ.Жұмаділов екі шығармасында «ақ» пен «қара» символы көптеп кездеседі. Мысалы, Ақпатшаолардан да солдатқа жігіт жинай бастаса керек* [5, 5 б.]. *Сонан соң, күнкөрістен айрылған қара жаяу халықты қу тақырға иіріп қойып, қақ жарымын аштан өлтірді* [8, 189 б.]. *Былайғы қара халық соған кәдімгідей иланады* [5, 15 б.]. Қаламгер «ақпен» орыс патшасын, қарапайым халықты «қара» түспен таңбалайды. Себебі ақ түс байларды, ал қара түс қарапайым халықты сипаттайды деген түсінік мәдениетке, дәстүрге және символикаға байланысты. Ақ түс көбінесе тазалық, байлық, мәртебе, жарықтық және үмітпен байланыстырылады. Мысалы, ақ киімдер жиі салтанатты шараларда немесе маңызды оқиғаларда киіледі. Ал қара түс, керісінше, кейде ауыртпалық, кедейлік немесе қайғы-қасіретпен байланыстырылады. Бұл түс қарапайым халықтың өміріндегі қиындықтарды, ауыр еңбек пен кедейлікті білдіреді.

Қ.Жұмаділовтің ұлттық танымы, ұлттық азаматтық рухы қазақ тіліндегі бұрын қалыптасқан символдар мәнінен айқын байқалады. Бұрынғы әмбебаптық қасиетіне Қ.Жұмаділов шығармаларындағы сөз-символдар авторлық ерекшелік мән үстейді де, кең көлемді сипатта келеді.

Қорытынды

Брілген мақала қазақтың жазушысы Қабдеш Жұмаділовтің даралық сипаттарын айқындап, оның шығармаларының идеялық-тақырыптық ерекшелігін зерттеуге арналған. Қаламгердің жазушылық шеберлігі мен проза жанрындағы туындыларының көркемдік ерекшелігі кеңінен ашылып, авторлық қолтаңбасы айқындалды. Зерттеуде жазушы шығармаларының көркемдік ерекшелігі, құрылымы мен құндылығы айқындалды. Қ.Жұмаділов шығармаларының тілі, автордың негізгі айтпақ ойы, шығарманы жазудағы басты идея қандай екеніне назар аударылды. Жазушы шығармаларының көркемдік сипаты айқындалып, көркем әдебиетіміздің көріктеу құралдары қарастырылды.

Тілдік тұлғаның табиғатын ашып, суреткерлік шеберлігін тану үшін оның тілінде қолданылған көріктеу тәсілдеріне зер салдық. Жазушының дүниені ерекше көркем түсінуі, сезінуі үшін өркемдік әдістер міндетті түрде оның шығармасында көрініс табады. Қ.Жұмаділов тіліндегі эпитет, метафора, символдар әр кейіпкердің жеке басын, мінез-құлқын, адамгершілігін, наным-сенімін, парасатты санасын ұлттық өмір мәдениетінің дәстүрлеріне сай көркем бейнелеу үшін жұмсалған.

Қабдеш Жұмаділов қазақ әдебиетінің дамуына үлес қосқан заңғар жазушыларымыздың бірі. Шығармалары қазақ халқының шынайы болмысын танытуға қызмет еткен деген қорытындыға келіп отырмыз.

ӘДЕБИЕТ

[1] Майтанов Б. Сөз сыны (20-ғасыр әдебиеттерінің көріністері). Зерттеулер, мақалалар, портреттер. – Алматы: «Ғылым», 2002. – 344 б.

[2] Кәкішев Т. Қазақ әдеби сынының тарихы. – Алматы, «Санат», 1994. – 448 б.

[3]Қабдолов З. Сөз өнері. – Алматы: «Санат», 2006. – 369 б.

[4] Әбеуұлы А. Сын түзелмей, көркем әдебиет көтерілмейді // Әдебиет айдыны. – 2008. – № 1. – Б. 171-179

[5] Жұмаділов Қ. Прометей алауы. Роман және әңгімелер. – Алматы: «Атамұра», 2002. – 352 б.

[6] Серғалиев М. Сөз сарасы. – Алматы: «Жазушы», 2019. – 300 б.

[7] Шалабаев Б. Көркем проза тілі. – Алматы: Білім, 2021. – 128 б.

[8] Жұмаділов Қ. Шығармалары. – Алматы: «Жазушы», 1991. – 420 б.

REFERENCES

[1] Maitanov B. Söz syny (20-ğasyr ädebietteriniñ körinisteri). Zertteuler, maqalalar, portretter (Criticism of the word (reflections of 20th century literature). Research, articles, portraits). – Almaty: «Gylym», 2002. –344 p. [in Kaz.]

[2] Kākışev T. Qazaq ädebi synynyñ tarihy (History of Kazakh literary criticism). – Almaty, «Sanat», 1994. – 448 p. [in Kaz.]

[3] Qabdolov Z. Cözöneri (Own art). – Almaty: «Sanat», 2006. – 369 b. [in Kaz.]

[4] Äbeuily A. Syn tüzelmei körkem ädebiyet köterilmeidi (If criticism is not corrected, fiction will not rise) // Ädebiyet aidyny. – 2008. – № 1. – B. 171-179. [in Kaz.]

[5] Jūmadilov Q. Prometei alauy. Roman jāne äñgimeler (Torch of Prometheus. Novels and stories). – Almaty: «Atamūra», 2002. – 352 b. [in Kaz.]

[6] Serğaliev M. Sözsarasy (Word search). – Almaty: «Jazuşy», 2019. – 300 b. [in Kaz.]

[7] Şalabaev B. Körkemprozatılı (The language of artistic prose). – Almaty: Bılım, 2021. – 128 b. [in Kaz.]

[8] Jūmadilov Q. Şyğarmalary (Works). – Almaty: «Jazuşy», 1991. – 420 b. [in Kaz.]

ХУДОЖЕСТВЕННЫЕ ОСОБЕННОСТИ ПРОИЗВЕДЕНИЙ КАБДЕША ЖУМАДИЛОВА

* Досова А.Т.¹, Сегизбаева К.К.²

^{1,2} Костанайский региональный университет имени А.Байтурсынова
Костанай, Казахстан

Аннотация. Статья представляет анализ особенностей произведений казахского писателя Кабдеша Жумадилова. Объектом исследования являются романы «Факел Прометей», «Судьба». Широко освещается тема исторических корней и исторической преемственности в казахской картине мира, судьба нации и национальный характер. В работе использовались традиционные методы описательного, сравнительного, поясняющего, систематизирующего и научного анализа. С целью определения тематических особенностей произведений писателя было проведено исследование на примере раскрытия историко-героических образов. Определены тема, идейно-художественные особенности и жанровая система произведений К.Жумадилова. Главной особенностью произведений писателя является их аутентичность и точность исторических данных, а также богатое отражение национального колорита. Уникальное художественное понимание и восприятие мира писателем, его художественный метод отражаются в произведениях через использование эпитетов, метафор и других художественных средств. У автора сформирована собственная языковая техника в описании событий, явлений, персонажей.

Теоретические выводы исследования могут быть использованы в

специальных курсах, посвященных творчеству Кабдеша Жумадилова. Также мы считаем, что результаты исследования могут быть использованы в качестве вспомогательного средства на практических занятиях, проводимых в вузе по дисциплинам Современная казахская литература, Введение в литературоведение, Теория литературы.

В ходе написания статьи мы убедились, что художественная проза писателя – это богатое наследие казахской литературы, связывающее прошлое и настоящее народа. Потому что в произведениях К.Жумадилова, наряду с историей, судьбой, характером, бытом, отражена вера в будущее, мечта нации. А анализ языка художественного произведения является одной из актуальных тем в современной филологии.

Ключевые слова: проза, Кабдеш Жумадилов, Факел Прометея, образ, идея, историческая преемственность, художественный метод, национальная картина мира

ARTISTIC FEATURES OF KABDESH ZHUMADILOV'S WORKS

* Dossova A.T.¹, Segizbayeva K.K.²

^{*1,2} A.Baitursynov Kostanay Regional University,
Kostanay, Kazakhstan

Abstract. The article presents an analysis of the features of the works of the Kazakh writer Kabdesh Zhumadilov. The object of the study is the novels «Prometheus' Torch», «Destiny». The topic of historical roots and historical continuity in the Kazakh picture of the world, the fate of the nation and national character are widely covered. The work used traditional methods of descriptive, comparative, explanatory, systematizing and scientific analysis. In order to determine the thematic features of the writer's works, a study was conducted on the example of revealing historical and heroic images. The theme, ideological and artistic features and genre system of the works of K. Zhumadilov are determined. The main feature of the writer's works is their authenticity and accuracy of historical data, as well as a rich reflection of national color. The unique artistic understanding and perception of the world by the writer, his artistic method are reflected in the works through the use of epithets, metaphors and other artistic means. The author has formed his own language technique in describing events, phenomena, characters.

The theoretical conclusions of the study can be used in special courses devoted to the work of Kabdesh Zhumadilov. We also believe that the results of the study can be used as an auxiliary tool in practical classes held at the university in the disciplines of Modern Kazakh Literature, Introduction to Literary Criticism, Theory of Literature.

In the course of writing the article, we were convinced that the writer's fiction is a rich heritage of Kazakh literature, linking the past and present of

the people. Because in the works of K.Zhumadilov, along with history, fate, character, life, faith in the future, the dream of the nation are reflected. And the analysis of the language of a work of art is one of the topical topics in modern philology.

Keywords: prose, Kabdesh Zhumadilov, Prometheus' Torch, image, idea, historical continuity, artistic method, national picture of the world

Мақала түсті: 20 сәуір 2023

Авторлар туралы мәлімет:

Досова Алма Төлегенқызы – филология ғылымдарының кандидаты, Ахмет Байтұрсынұлы атындағы Қостанай өңірлік университетінің қауымдастырылған профессорының м.а., e-mail: almdosova@mail.ru

Сегизбаева Кенжегуль Кунусбаевна – филология ғылымдарының кандидаты, Ахмет Байтұрсынұлы атындағы Қостанай өңірлік университетінің қауымдастырылған профессорының м.а., e-mail: kenzheguldzama@mail.ru

Информация об авторах:

Досова Алма Тюлюгеновна – кандидат филологических наук, и.о. ассоциированного профессора Костанайского регионального университета имени Ахмет Байтұрсынұлы, e-mail: almdosova@mail.ru

Сегизбаева Кенжегуль Кунусбаевна – кандидат филологических наук, и.о. ассоциированного профессора Костанайского регионального университета имени Ахмет Байтұрсынұлы, e-mail: kenzheguldzama@mail.ru

Information about the authors:

Dossova Alma Tulegenovna – Candidate of Philological Sciences, Acting Associate Professor of Akhmet Baitursynuly Kostanay Regional University, e-mail: almdosova@mail.ru

Segizbayeva Kenzhegul Kunusbayevna – Candidate of Philological Sciences, Acting Associate Professor of Akhmet Baitursynuly Kostanay Regional University, e-mail: kenzheguldzama@mail.ru

UDC 821.512.122.09

IRSTI 17.07.41

<https://doi.org/10.48371/PHILS.2024.4.75.030>

LITERARY FEATURES OF KAJIKUMAR SHABDANULY'S PROSE STYLE

*Mursal A.¹, Dzhumabekova A.A.², Ermekova A.B.³

¹Abai Kazakh National Pedagogical University, Almaty, Kazakhstan

^{2,3}Center for the Development of Languages, Zhangir Khan West
Kazakhstan Agrarian Technical University, Uralsk, Kazakhstan

Abstract. The special consideration of works in the prose genre in literary studies is characterized by its relevance in the process of verbal art. The etymology of Kazakh prose works originates in Turkic literature, and later it was supplemented by the works of Kazakh writers. The novels of Kazhigumar Shabdanuly "Pana" and "Kylmys" are chosen as the form of this article.

The main purpose of the research is to analyze the specific prose of Kazhigumar Shabdanuly as a prison work. The value of the research is the writer, although forty years in prison as an enemy of the Chinese empire, acquires the character of a man who entered the history with his unusual prose works. The writer's works as a mirror of history have a special place in the field of literary in the artistic design of characters, combining them with history and unique linguistic character.

Analysis of the writer's style as a special concept of Kazakh prose, reveals the scientific value of research in Kazakh literary studies. Thematic, ideological specificity of author is scientifically defined, various events covered in it, the scale of the raised topics are relevant for today. The practical significance of the study is allows using the works of Kazakh literature that emerged in the prison in the course of literary studies. The study uses methods of scientific descriptive and style analysis, conceptual analysis, comparison.

In result, the author's artistic features of the prose of the writer, who exerted a lot to the Kazakh prose development have been revealed. It is also noted that the original writer in Kazakh literature has a separate signature. Artistic work helps the reader to enrich his spiritual world, filled with grief and sorrow from the painful life of Kazakh intelligentsia living in China.

Keywords: Kazhygumar Shabdanuly, literary studies, Chinese-Kazakh literature, genre of prose, artistic features, author's style, fiction text, sarcasm

Introduction

The multi-volume novel "Kylmys" is a singular piece of art with distinct stylistic elements. The author is Kazhygumar Shabdanuly. The piece quickly

ascended to prominence as one of the greatest pieces of Kazakh literature. Our study unequivocally reveals the author's viewpoint on the novel, methods of expressing life's realities, and, ultimately, the writing style of the piece. Because it wrote about those historical events, the work gained notoriety. Human virtue, the spirit of the high country, and patriotism are the concerns brought forth.

After receiving the independence of our country, the scholars started to make analysis of special literary sources in the country, which are more focused on national culture and literature. It is obvious that epic works on historical and life-giving topics are of great importance in the presentation of the facts of the life reality of the Kazakh people and outstanding personalities. Especially during the years of the independence declaration of the Republic of Kazakhstan and the beginning of its existence as an independent sovereign state, the national and patriotic consciousness of our people was awakened, and the self-awareness of our nation was enriched with modern views. These facts formed the classical trends in the history of Kazakh literature that are appreciated in the space of world civilization. The aim of the research is to consider one of the novels by the founder of Kazakh-Chinese literature Kajikumar. Kajikumar Shabdanuly's six-volume novel "Kylmys" is an epic novel of the prose genre.

Before starting our analysis, we want to introduce the content of the six-volume novel. Although little time has passed since the publication of this work, it has become one of the best works of Kazakh literature. It has become important work of art for various reasons. During the period of recession our compatriots left their native lands. The novels depict their difficulties, persecution in a foreign land, their pathetically difficult fate, trembling excitement in the writer's novels. In his novels, Kajikumar Shabdanuly talks about the events that happened to him in a foreign country – China through the image of the character of the novel Bigabyl. These stories become a legacy for future descendants. Especially striking is the mastery in the use of words, the composition of the novel, with the help of which the author seeks to reveal a gray life full of exhaustion and fear, the bitter truth that has become a victim of the wild society.

In this connection, we consider the main research questions:

Why do novels by Kajikumar Shabdanuly remain so important today?

How did the author reveal hardships of time?

What are the main peculiarities of the author's language style and composition of stories?

According to the composition and construction of the six-volume prose, the arrangement of its components, and the order of presentation of events. One of the main literary means by which the writer characterizes the actors and depicts the circle of life phenomena of interest to him as he understands

them. It is an indicator of the skill of the writer, using the symmetry of the various particles of the work, the stylistic means of conveying the author's idea. A successful interweaving of the plot or the location of the connection of plot units, the composition of the novel could not be attractive. In the novels of "Kylmys" these principles of the novels are fully reflected. The composition is connected with the plot. We have chosen the novels for analysis as one of the masterpieces which reveal historical and literary style.

Materials and methods

In the research we used theoretical analysis of literature and articles published during the time of independence. The research materials were six-volume novels by Kajikumar Shabdanuly. We used descriptive and stylistic analysis of the novels. The literature review assisted to define the importance of the novels of the author as historical and epical works.

The thematic and ideological features of Kajikumar Shabdanuly are determined through stylistic and thematic analysis. The linguo-stylistic analysis helped to reveal the individual style of the author.

Results

Through language style, the individual originality of writers is revealed in the description of a new theme and phenomena of life. The Kazakh writers' works can be characterized by polyphony of space and time at different periods. They are permeated with the sounds of nature and the city. Authors combine the replicas by several people in one paragraph, without specifying to whom they belong. As a result, the effect of a voice chorus is created (Abenova, Baybolova, Matkarimova, 2019: p.55) [1]. Toxambayeva A.O., Amangazykyzy M. (2022) also tried to consider the artistic essence of motives in modern Kazakh prose. It was clarified that the motives themselves are of different nature. Through analyzing the features of the themes, the use of most common motives are: loneliness, sorrow, were observed in Kazakh prose [13]. Mashakova A. (2017) stated that the foreign reception of Kazakh literature started during the years of independence [10, 396].

In addition to "Kylymys", another piece of work of the writer, born in prison, is the novel "refuge". In 2004, this novel was published in Almaty under the auspices of the World Association of Kazakhs. At the end of the novel "Urumqi Prison №1" was written during the time November 26, 1988y. to November 25, 1989y. where he lived for 15 years in prison. But there is no information about his other works written during that time [9].

These works has unique character written in Xinjiang. They were known as "literature born in prison" and specific style make them to be famous later. The first prison work was by the poet, Tanzharyk Zholdyuly who was imprisoned in Urumqi for 7 years and wrote his 70 percent of works

in a cage. The poems of Tanzharyk Zholdyuly were about the people's fate who imprisoned there. It wasn't a pleasant and good job to develop the works under prison, who faced very hard times.

Kazhigumar Shabdanovich followed him after 50 years. He mostly mentioned the times of XIXth century, when Russian conquering of Kazakhstan had been completed. There were two factors that influenced to the dramatic change in Kazakh prose and poetry. The Kazakh folklore and colloquial literature were developed under the influence of the West. Kazakh literary works of written styles began to emerge (Feldman, 2008). In this connection, G.A. Jakipova and Zh.S. Beissenova (2021) described the development of literary style and approaches to the styles in Kazakh literature. They highlighted its connection with national and world literary trends. The world literary traditions that epistemed the cultural and historical development in the literary textual structure, content were introduced in a new sense [8].

Most of the works devoted to repressin at that time. It is natural that the writers of that time were mostly people who suffered from the consequences of repressin. The cruel time had victims of people who enlighted the education and development of the coutry. Straugling against them they exerted a lot to the development of literature. They tried to depict the victim and unfair policy of conquerers. For example, Imanjusip and Madi's songs were devoted to to "prison works". They were a lot of questions, why that was happening with them, why Russian prisons were so full of Kazakhs and where the entrance and exit was to them. This situation required understanding in their minds and needed deep research.

